«І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ

ӘОЖ: 373.3.091.12 (043.3) Қолжазба құқығында

**АХМЕТСАПА АЙГҮЛ ЕСЕНКЕЛДЫҚЫЗЫ**

# Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау

8D01301 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
пед.ғыл.канд., қауымд.проф. доц.
Жолтаева Г.Н.

Шет елдік кеңесші
пед. ғыл. док., проф.
Хусейн Узунбойлу (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2025

## МАЗМҰНЫ


**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР** 3
**АНЫҚТАМАЛАР** 4
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР** 5
**КІРІСПЕ** 6
**1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ** 17
1.1 «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымының мәні мен құрылымы 17
1.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың қазіргі жайы 36
1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық тұғырлары 53
**2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫ МОДЕЛЬДЕУ** 67
2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мүмкіндіктері 67
2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауда білім беру технологияларын пайдалану 76
2.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі 91
**3 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС** 108
3.1 Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру 108
3.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау әдістемесі және оны жүзеге асыру 125
3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері 144
**ҚОРЫТЫНДЫ** 160
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ** 164
**ҚОСЫМШАЛАР** 177

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста мемлекеттік стандарттар мен құжаттарға сілтеме жасалды:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана-2007. (2023.21.07. №319-III берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурызындағы №248 Қаулысы.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2025 жылғы 24 ақпанындағы № 31 бұйрығы.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 Қаулысы.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-қосымша.

Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. - Алматы, 2024

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрнінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығына 1-қосымша

# АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертацияда келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

**Әдістемелік жүйе –** бұл оқу-тәрбие үдерісінің мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін өзара байланысты компоненттердің (мақсат, мазмұн, оқыту әдістері, құралдары мен формалары) жиынтығы. Ол болашақ мұғалімдерді кәсіби қызметке жүйелі және тиімді даярлауға бағытталған.

**Білім беру бағдарламасы** – білім беру мазмұны мен оқу үрдісін ұйымдастыру ерекшеліктерін сипаттайтын білім беру мекемелерінің нормативтік – басқару құжаттары.

**Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекеті** – оның педагогикалық үдерісте субьект-субьектілік өзара әрекеттесуінде оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеу, әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын атқарудағы әрекеттер жиынтығы.

**Даярлау** — тек білім беру емес, тұлғаны жан-жақты дамыту мен қоғамдық сұранысқа сай бейімдеу үдерісі.

**Кәсібилік** - бұл еңбекті табысты орындау үшін адамға қажетті тұлғалық қасиеттердің жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

**Кәсіби іс-әрекет** - бұл адамның белгілі бір мамандық аясында, кәсіби білім, білік және дағдыларға сүйене отырып, нақты еңбек міндеттерін орындауға бағытталған мақсатты және жүйелі қызметі.

**Кәсіби дайындық** – белгілі кәсіп бойынша арнаулы білім, дағды, шеберлік, еңбек тәжірибесін қалыптастыру. Кәсіби дайындық кәсіби біліктілігінің күрделілігі мен әзірлік деңгейіне қарай жоғары, арнайы, орта немесе төмен білім түрлеріне бөлінеді.

**Модельдеу** деп – тану обьектілерін модельдің көмегімен зерттеу, нақты өмірдегі заттар мен құбылыстардың моделін (химиялық, физикалық, экологиялық, социалды әр түрлі үдерістерді) құру және зерттеуді айтады.

**Оқу бағдарламасы** – белгілі бір оқу пәні бойынша міндетті түрде игерілетін білім, білік және дағдылардың мазмұны мен көлемін анықтайтын; оларды оқытудың тақырыптары, бөлімдері мен мерзімдері бойынша бөлетін оқыту жүйесі аясында дайындалған құжат.

**Оқу-әдістемелік кешен** – әр пән бойынша дайындалған оқу-әдістемелік құжаттардың, оқыту және бақылау құралдарының жиынтығы

**Педагогикалық іс-әрекет** – лауазымдық міндеттерін орындауда еңбек нәтижесіне қызмет құралдары арқылы қол жеткізу бағытындағы функциялардың, әрекеттердің, операциялардың жиынтығы

**Шығармашылық** — жаңа, құнды, қалыптан тыс және стереотипті емес нәрсе жасау, бар білім мен тәжірибені қолдану аясын кеңейту, ғылым мен өнерді түбегейлі өзгертетін жаңа тұжырымдамалар қалыптастыру.

**Шығармашылық іс-әрекет** - жаңа, ерекше, құнды нәрсені жасауды, идеяны шығаруды, ескіні жаңаша түрлендіруді қамтитын іс-әрекет түрі.

.

.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

БТ – Бақылау тобы
БӨЖ – Білім алушының өздік жұмысы
ЖОО – жоғары оқу орны
БТ- Блум таксономиясы
ЖУ – Жетісу университеті
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ОН – Оқыту нәтижелері
ОӘК – Оқу-әдістемелік кешен
ӨЕШТ - Өнертапқыштық есептерді шешу теориясы
ТБ - Тәуекелге бейімділік
ҰӘО - Ұйымдастырушылық-әрекеттік ойын
ЭЫДҰ – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ЭОӘК - Электрондық оқу-әдістемелік кешен
ЭТ – Эксперименттік топ

# КІРІСПЕ

**Зерттеудің өзектілігі.** Мемлекеттің қазіргі даму кезеңінде білім беру саласындағы саясат әлемдік білім беру кеңістігіне интеграцияланған және әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін білім берудің ұлттық моделін қалыптастыруға бағытталған. Себебі қазіргі жаһандану және цифрлық технологиялардың дамыған дәуірінде өмірдің барлық салаларында жаңашыл, бастамашыл, стандартты емес жағдайларда дұрыс шешім қабылдай алатын шығармашылық тұлғаға сұраныс артып келеді. Сондықтан қазіргі нормативтік-құқықтық актілерге негізделген білім беру мұғалімдердің әлеуметтік белсенділігін және шығармашылық іс-әрекетін талап етеді, ол болашаққа сәйкес келетін тұлғаға бағдарланған парадигмаға негізделуі керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 05 қазандағы Республикалық педагогтер съезінде «Педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру үдерісіндегі ең маңызды буын. Сондықтан білім беру жүйесін жоғары білікті мамандармен толық қамтамасыз ету өте маңызды» және «Жоғары оқу орындарындағы педагогикалық мамандықтарға қатысты бағдарламалардың басым бөлігі заман талабын ескермейтін бұрынғы әдістемелерге негізделген. Заманауи тәсілдер мен технологияны енгізе отырып, оқу бағдарламаларын қайта қарау, жаңғырту қажет» екенін атап өтті [1]. Сондай-ақ білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарында педагогикалық кадрларды қоғамның жаңа талаптарын ескере отырып даярлау маңыздылығына ерекше назар аударылған.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында жоғары білімнің білім беру бағдарламалары экономика салаларының қажеттіліктеріне сәйкес жоғары білікті кадрларды даярлауға бағытталуы тиіс (21-бап) делінген және білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидаттарының бірі «жеке тұлғаның білім алуын ынталандыру және дарындылықты дамыту» (3-бап) болып табылады деп көрсетілген [2]. Жалпы, мамандарды даярлау жүйесі жаңа буын мамандарын оқыту моделіне көшуге тиіс [3]. Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандартында көрсетілгендей, мектеп педагогы қызметінің негізгі мақсаты «білім алушының жеке басының білімін, білігін, дағдыларын және зияткерлік, адамгершілік, шығармашылық және физикалық дамуын қалыптастыру» болып табылады [4]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында [5] педагогтердің мәртебесін көтеруде олардың кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінде шешуші рөл атқаратын құзыреттілікті, эмоционалды интеллектті дамыту, іс-әрекеттегі зерттеу, сыни ойлау, тайм-менеджмент, т.б. бойынша біліктілігінің жеткіліксіз деңгейі мәселелерін шешу қажет делінген. Яғни Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік құжаттарда педагогтердің кәсіби-шығармашылық әлеуетін дамыту қажеттілігі атап көрсетілген. Осыларға байланысты жаңа буын педагогтерін даярлау моделін,

оның ішінде болашақ мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау моделін жетілдіру өзекті мәселе болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда қазіргі жағдайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық біліктері мен дағдыларын дамыту қажеттілігі туындайды, өйткені тұлғаның жан-жақты дамуының негізі бастауыш сыныптарда қаланады, бастауыш білім оқушылардың ғылыми білімнің негіздерін игеруін, жеке шығармашылық қабілеттерін, жеке тұлғаның мәдени деңгейін дамытуды, жалпы дамуын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, теориялық зерттеулерді, нақты білім беру тәжірибесін талдау педагогтердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру мен жүзеге асыруда едәуір қиыншылықтар сезінетіндігін көрсетті, бастауыш сынып мұғалімінің қазіргі дайындығы негізінен оның жалпы пәндік және дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған, ал мұғалімнің бастауыш мектепте кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыруы бойынша дайындығы жеткіліксіз, фрагменттік деп сипаттауға болады. Солай, біздің бастауыш сынып мұғалімдерімен жүргізген сауалнаманың нәтижелері бойынша олардың тек 47,4%-ы кәсіби-шығармашылық іс-әрекет қажет деп және оны жүзеге асыруға оң пікір білдірді мұғалімдердің басым бөлігі (86,4%) шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда белгілі бір қиындықтарға тап болатынын көрсетті (п.3.1). Бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық режимде жұмыс істеуге жеткіліксіз дайындығының себептерінің қатарына жоғары оқу орындарында мұғалім іс-әрекетінің қазіргі жағдайлардағы ерекшеліктеріне байланысты кәсіби-шығармашылық іс-әрекет бойынша білім мен біліктерін қалыптастыруға бағытталған арнайы курстардың болмауы деп аталды.

Қазіргі таңда орта мектепте кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру мәселелерін бағдарлай алатын педагогтер қажеттілігі туындап отыр. Бүгінгі күн кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастырудың теориялық мазмұнын, практикалық әдіс-тәсілдері мен технологияларын меңгеруді, тәжірибеде ұтымды пайдалануды талап етеді.

Болашақ мұғалімдерді шығармашылық іс-әрекетке даярлау негіздерінің жалпытеориялық базасы шығармашылық, шығармашылық іс-әрекет мәселелеріне арналған шетел және отандық философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектерде құрылған. Шығармашылық мәселесінің философиялық аспектілері И. Кант [6], Н.А. Бердяев [7], М. Хайдеггер [8], Г.С. Батищев [9] және т.б.; әлеуметтік аспектілері П. Бурдье [10], А. Маслоу [11], Т.А. Красило [12], Н.А. Аитов [13], және т.б. зерттеулерде қарастырылған.

Шығармашылық, шығармашылық іс-әрекеттің психологиялық мәселелері Ананьев [14], Дж. Гилфорд [15], А.Ф. Осборн [16], Э.П. Торранс [17], Д.Б. Богоявленская [18], А.М. Матюшкин [19], Я.А. Пономарев [20], Н.Ф. Талызина [21], И.С. Якиманская [22] және т.б. еңбектерде зерттелген.

Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде педагогтің тұлғасын қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін әзірлеуге Ю.К. Бабанский [23], В.П. Беспалько [24], Б.С. Гершунский [25], М.Н. Скаткин [26], Ш. Таубаева

[27], К.С. Құдайбергенева [28], Ж.Б. Коянбаев [29], Н.Д. Хмель [30], Н.Н. Хан [31], М.Н. Сарыбеков [32], М.М. Досанова [33] және т.б. еңбектері арналды. Педагог мамандарды даярлаудың мазмұны мен ұйымдастыру жолдарын жалпытеориялық тұрғыдан анықтау Н.В. Кузьмина [34], А.И. Пискунов [35], Т.С. Сабыров [36], У.Б Ахатаева [37], Ж.Қ. Стамбекова [38] және т.б. ғалымдардың жұмыстарында қарастырылды. Мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті мен кәсібилігінің мәні Р.М. Асадулин [39], В.А. Сластенин [40], Р.М. Коянбаев [41], Н. Нұрахметов [42], Б.А.Тұрғынбаева [43] және басқа ғалымдардың еңбектерінде ашылған.

Педагогтердің шығармашылығын қалыптастыру мен дамытудың теориясы мен тәжірибесі В.И. Загвязинский [44], В.А. Кан-Калик [45], Ю.Н. Кулюткин [46], З.С. Левчук [47], Н.Д. Никандров [48], В.И. Андреев [49] және т.б., отандық Н.А. Абишев [50], Б.Р. Айтмамбетова [51], Қ. Жаманбаева [52], Б.А. Тұрғынбаева [53], М.З.Джанбубекова [54], А.Қ. Мошқалов [55], Б.М. Баймуханбетов [56], А.А. Кдырбаева [57], Ш.Ибрагимқызы [58] және басқа да ғалымдар еңбектерінде зерделенген.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын қалыптастыру мен дамыту мәселелеріне А.С. Амирова [59], Ж.Е. Сарсекеева [60], A. Cristóvão [61], С.Қ. Әбілдина [62], Михайлова А.Ю. [63], П.Ф. Кравчук [64], J.J. Maulana [65], Newton D.P. [66], Mullet D.R., Willerson A. [67] және т.б. зерттеушілердің жұмыстары арналды. Аталмыш зерттеушілер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы мұғалімдердің рөлін ерекше атап, оқушылардың шығармашылық әлеуетін тиімді жүзеге асыруға мұғалімнің даярлығы тікелей әсер ететінін көрсетті.

Нақты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шығармашылық іс-әрекетке даярлауға арналған арнайы зерттеу жұмыстары С.М. Усова [68] (болашақ бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық тұрғыда өзін-өзі жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыру), Е.К. Строкова [69] (педагогикалық колледжде болашақ бастауыш сынып мұғалімін шығармашылық іс-әрекетке даярлау), Д.З. Рахманова [70] (болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық іс-тәжірибе процесінде шығармашылық қабілеттерін дамыту), Е.Л. Рукавишникова [71] (бастауыш сынып мұғалімін мектептен тыс жұмыстарда ауыл оқушысының өзін-өзі шығармашылықпен жүзеге асыруға даярлау); Henriksen D. мен Richardson C. [72], (мұғалімдердің шығармашылық қабілетін дамыту), Bereczki E. O., Karpati A. [73] (мектептегі білім беру жүйесінде шығармашылықты дамыту), Каратаева Т.О. [74] (болашақ мұғалімді бастауыш сынып оқушысының зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамытуға даярлау), т.б. болғанымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін қазіргі заманның талаптарына сәйкес кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауды әлі жетілдіру қажеттігі байқалды.

Педагогикалық ғылымның классиктері В.И. Загвязинский [75], М.М. Поташниктің [76] пікірінше, педагогикалық еңбек шығармашылықсыз болмайды және бола алмайды, өйткені үнемі балалар, жағдайлар өзгеріп отырады, мұғалім тұлғасы да қайталанбайды және жаңартылған жағдайлар

талабына сәйкес педагогикалық шешім сол кездегі стандартты емес факторларға негізделуі керек. Яғни бұл мәселе бүгінгі күні маңызды болып табылады.

Теориялық талдаулар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби шығармашылыққа даярлау мәселесі түрлі мамандар тарапынан айтарлықтай кең көлемде зерделенгенін көрсетеді. Алайда ғылыми еңбектер мен жинақталған тәжірибе қазіргі педагогикалық шындықпен толық сәйкес келе бермейтіні байқалады. Ал бұл қарастырылып отырған мәселені теориялық және практикалық тұрғыда шешуді әлі де талап ететіндігін айқындайды.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің нәтижесінде қазіргі білім беру жүйесі кешенді реформалануда, оның шеңберінде тұлғаны дамытуға, тәжірибеге негізделген оқыту моделі (оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен эмоционалдық интеллектін дамытуға назар аудару) сияқты заманауи бағыттар қалыптасуда [77]. Осы контексте білім берудің ішкі диалектикасы байқалады: ескі ғылыми парадигмалар өз тиімділігін жоғалта бастағанымен, жаңа теориялар әлі де қалыптасу кезеңінде. Бұл жағдай кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінің мазмұнын, формаларын, әдістерін қайта ойластыру қажеттілігін туындатады.

Сонымен, ғылыми әдебиеттерді, педагогикалық білім беру бағдарламаларын және қазіргі бастауыш сынып мұғалімдерінің жұмыс тәжірибесін зерделеу бізге:

- қазіргі талаптарға сай кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті сәтті жүзеге асыратын бастауыш сынып мұғалімініне қоғамның объективті сұранысы мен оған жоғары оқу орнында студенттерді психологиялық-педагогикалық және әдістемелік тұрғыда даярлаудың жеткіліксіздігі;

- жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға даярлау қажеттілігі мен оны іске асырудың сәйкес әдістемелік жүйесінің болмауы арасындағы **қарама-қайшылықтарды** анықтауға мүмкіндік берді.

Осы қарама-қайшылықтардан туындаған мәселелерді теориялық негіздеу мен оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тексеру **зерттеудің проблемасын** айқындады және бізге диссертациялық жұмыстың тақырыбын «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» деп таңдауға негіз болды.

**Зерттеудің мақсаты**: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың теориялық негіздемесін тұжырымдап, әдістемелік жүйесін жасау және оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеру.

**Зерттеу нысаны**: жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдеріс.

**Зерттеу пәні**: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау үдерісі.

**Зерттеу болжамы:** егер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мән-мағынасы нақтыланып, оның әдістемелік жүйесі жасалса, әзірленген әдістеменің құрылымдық-мазмұндық

моделі жүзеге асырылып, тәжірибеге ендірілсе, онда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың тиімділігі артады, өйткені кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға бағытталған оқу-әдістемелік кешен болашақ педагогтердің шығармашылық іс-әрекетін жетілдіруге ықпал етеді.

**Зерттеудің негізгі міндеттері**

1. «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымының мәні мен құрылымын нақтылау.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мүмкіндіктерін анықтау.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындау.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың жүйесін жасап, тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыста тексеру, ғылыми тұжырымдалған ұсыныстар беру.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даяр, практикаға бағдарланған, тұлғалық сапалары дамыған, бәсекеге қабілетті, әдістемелік сауатты педагогтерді даярлауға септігін тигізеді.

**Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі** шығармашылықтың философиялық және педагогикалық тұжырымдамасының, тұлғаның қалыптасуы мен дамуының әлеуметтік, белсенділік және шығармашылық детерминизмі мен заңдылықтары туралы ережелер; маман даярлау үдерісіне тұлғалық, іс-әрекеттік, жүйелік тұғырлар теориясы; танымды белсенді-шығармашылық үдеріс ретінде қарастыратын танымның диалектикалық теориясы; білім берудің заманауи тұжырымдамалары, Қазақстан Республикасының заңдары, қаулылары, Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің тұжырымдамалары, бағдарламалары, және т. б.

**Зерттеу көздері:** отандық және шет елдік ғалымдардың шығармашылық, кәсіби-шығармашылық іс-әрекет, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселелерін бойынша философиялық, педагогикалық, ғылыми-теориялық зерттеулері; Қазақстан Республикасы Үкіметінің білім беру саласына қатысты ұлттық және стратегиялық жоспарлары, бағдарламалары; Білім және ғылым министрлігінің орта негізгі білім беру, жоғары кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамалары, мемлекеттік бағдарламалары, нормативтік құжаттамалары; алыс және жақын шет елдік, қазақстандық педагог ғалымдардың ғылыми жетістіктеріне негізделген озық тәжірибелері; ғылыми-әдістемелік журналдар; докторанттың ғылыми-ізденушілік және практикалық тәжірибесі.

**Зерттеу әдістері:** теориялық (психологиялық, педагогикалық және ғылыми-теориялық әдебиеттерді, жоғары оқу орындарының тәжірибесін, нормативтік және оқу-әдістемелік құжаттаманы талдау, жинақтау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау, нәтижелерді жобалау); эмпирикалық (сауалнама жүргізу, бақылау, диагностика, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс);

статистикалық (алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық өңдеу, нәтижелерді графикалық түрде ұсыну, сараптау).

**Зерттеудің кезеңдері:** Зерттеу жұмысы үш кезеңмен жүргізілді.

I кезеңде (2021-2022 ж.) жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мәселесінің зерттелу жағдайы зерделенді; зерттеу тақырыбы бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерге, диссертациялық жұмыстарға, зерттеу мәселесіне байланысты білім саласындағы нормативті-құқықтық, бағдарламалық құжаттарға талдаулар жасалды; зерттеудің әдіснамалық аппараты анықталды, яғни жұмыстың мәселесі, мақсаты мен міндеттері, болжамы тұжырымдалды, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың жоспары дайындалды; эксперименттің анықтаушы кезеңі жүзеге асырылды, «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» арнайы курсының мазмұнын анықтау мақсатында бастауыш сынып мұғалімдерімен сауалнама жүргізіліп, қорытындысы шығарылды.

II кезеңде (2022-2024 ж.) – қалыптастыру кезеңі – зерттеу тақырыбы бойынша негізгі ұғымдардың мәні мен мазмұнына зерттеу жүргізілді; «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» арнайы курсы бойынша оқу-әдістемелік кешен (оқу құралы, дәрістер кешені, тәжірибелік сабақтарға әдістемелік ұсыныстар, бақылау-бағалау материалдары, т.б.) әзірленді, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың моделі әзірленді және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында сынақтан өткізілді.

III кезеңде (2023-2024 ж.) – жинақталған зерттеу нәтижелері талданды, жүйеленді және сол бойынша әзірленген құралдарға қажетті өзгертулер енгізілді. Соңғы нәтижелер бойынша статистикалық өңдеу жұмыстары жүргізілді, негізгі қорытындылар тұжырымдалды; «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» арнайы курсы жоғары оқу орны тәжірибесіне енгізілді. Диссертациялық жұмыс мазмұны талапқа сай рәсімделді.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы**

- «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымының мәні мен құрылымын айқындалып, нақтыланды;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мүмкіндіктері анықталды;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін дайындалды.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың жүйесін жасалды, және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға бағытталған «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-әдістемелік кешені мен «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-құралы, «Шығармашылық тапсырмалар жинағы» әзірленіп,

тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыста тексеріліп, ғылыми тұжырымдалған ұсыныстар берілді.

**Зерттеудің теориялық маңыздылығы:** диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен материалдары кәсіби білім берудің теориясы мен әдістемесін толықтырады және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау саласындағы зерттеулерге жаңа элементтер қосады. Жұмыста жоғары білім беру жүйесінде бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың қазіргі жағдайына талдау жасалды және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауды жетілдірудің орындылығы туралы пікір негізделді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы**

- «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» таңдау курсының әзірленген бағдарламасы тәжірибеге ендірілді;
- «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-әдістемелік кешені дайындалып, тәжірибеден өткізілді;
- зерттеу нәтижелерін педагог мамандар даярлайтын жоғары және орта кәсіптік оқу орындарының білім беру үдерісінде, сонымен қатар бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесінде де пайдалануға болады.

**Зерттеудің негізділігі мен сенімділігі.** Бастауыш сынып мұғалімдеріне кәсіби білім беру саласындағы философиялық, психологиялық-педагогикалық еңбектерді, нормативтік-құқықтық материалдарды қамтитын дереккөздер базасымен, педагогикалық зерттеулер әдіснамасын қолдану және зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес әдістерді пайдаланумен; зерттеу нәтижелерінің қайталануымен және қайта құрылуымен, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде докторант, педагогика және психология кафедрасының оқытушысы ретіндегі жұмыс тәжірибемен қамтамасыз етіледі.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа 114 бастауыш сынып мұғалімі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті педагогика және психология факультетінің 102 студенті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті педагогика және психология факультетінің 109 студенті қатысты.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар**

1. Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті - мақсаты бастауыш білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған объективті жаңалық пен қоғамдық маңыздылыққа ие рухани және материалдық объектілерді жасау болатын, сананың кең өрісімен, өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан көрсету мүмкіндіктерімен, басқару және өзін-өзі басқару қабілеттерімен, көлемді ақпаратты тез өңдеумен анықталатын, өзін-өзі жетілдіруге әкелетін мұғалімнің іс-әрекетінің бір түрі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау - бұл оларда тұлғалық шығармашылықты дамытуға және бастауыш білім сапасын арттыруға ықпал ететін педагогикалық жаңалықтар мен сәтті тәжірибелерді, заманауи технологияларды іздеумен және жүзеге асырумен байланысты білім мен дағдылардың барлық кешенін қалыптастырудың мақсатты үдерісі.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау келесі мүмкіндіктерді ескеріп, жүзеге асырумен қамтамасыздандырылады: 1) бастауыштың теориялық негіздерінен жоғары білімінің болуы; 2) педагогикалық іс-әрекеттегі шығармашылықтың жалпы теориялық негіздерін білуі; 3) мектепте шығармашылық үдерісті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың заманауи әдістемелері мен технологияларын игеруі; 4) кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жоспарлауды, жүзеге асыруды, бағалауды білу және тәжірибеде қолдана алуы.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі ақырғы нәтижеге жетудің теориялық-әдіснамалық негіздері; кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың компоненттері мен көрсеткіштері айқындалған, мотивациялық-тұлғалық, когнитивтік-мазмұндық, операционалдық-технологиялық, бағалаушылық-рефлексиялық компоненттерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық модель болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауда, жоғары педагогикалық оқу орындарының теориялық және практикалық міндеттерді шешудегі әрекеттерін жаңартуда басшылыққа алатын ғылыми негізделген әдістемелік нұсқаулық бола алады.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде білім беру технологияларын қолдана отырып «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-әдістемелік кешенін, «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу құралы, «Шығармашылық тапсырмалар жинағын» қамтитын әдістемелік жүйе енгізу арқылы жүзеге асырылады.

**Зерттеуді сынақтан өткізу мен ендіру:** Зерттеу нәтижелері І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің педагогика және психология факультеті докторанттарының ай сайынғы ғылыми семинарларында, оқыту және тәрбиелеу әдістемелері кафедрасының отырыстарында, жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференцияларда тыңдалып, талқыланды.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жинақтарында, «Хабаршы-Вестник» және тағы басқа журналдарда жарияланды. Зерттеу барысында 13 еңбек жарық көрді. Соның ішінде

1. Scopus деректер қорына енетін жарияланымда: 1. The Effect of Primary School Teachers Using Online Education on Their Professional Creativity// Review of Journal of Cognitive Research in Science, Engineering and Education (IJCRSEE). – 2024. - 12(1) – P. 19-29. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 75%-ды құрайды.(Co-authored by: Huseyin Uzunboylu - 10 %, Gulnar Zholtayeva - 10 %, Ulzharkyn Abdigapbarova - 5%)

2. ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 4 мақала жарияланды:

1) Бастауыш сынып мұғалімінің қашықтықтан оқыту жағдайындағы шығармашылық іс-әрекеті. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Педагогика және психология ғылымдары» сериясы. – 2023. - №1(54). - 224-236 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 35%-ды құрайды. (Қосалқы авторлар Сарсекулова Д.М. - 45%, Жолтаева Г.Н. - 10%, Майлыбаева Г.С. - 10%)

2) Creativity as a component of professional activity of elementary school teachers. - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Педагогика және психология ғылымдары» сериясы. – 2023. - №2(55). - 204-214 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 75%-ды құрайды. (Қосалқы авторлар Жолтаева Г.Н. - 10%, Uzunboylu H. - 10%, Сарсекулова Д.М. - 5%)

3) Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың алғышарттары. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы: Педагогика .Психология. Әлеуметтану сериясы. - 2023. - №3(144). -24-36 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 80%-ды құрайды (Қосалқы автор Г.Н. Жолтаева -15%, А.Б. Абуханова -5%)

4) «Contents and organization aspects of preparing future eiementary school teachers for professional-creative activities». . - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. «Педагогика және психология ғылымдары» сериясы. – 2024. - №2(59). - 115-125 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 70%-ды құрайды. (Қосалқы автор Huseyin Uzunboylu- 10%, Gulnar Zholtayeva - 10%, Ulzharkyn Abdigapbarova - 10%).

3. Оқу құралы: Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті. – Талдықорған, 2024. – 195 б. Оқу құралын жазудағы докторанттың үлесі 70%-ды құрайды. (Қосалқы автор: Жолтаева Г.Н. 70% - 30%)

4. Шет елдік және отандық басылымдарында 8 мақала жарық көрді:

1) «Сущность понятий «творчество» и «творческая деятельность учителя»: Вестник ЖУ. №3 (104). -2022. 209-215 бб.

2) «Стратегии подготовки профессионального творчества. //Материалы международного форума «Актуальные проблемы науки и образования», посвященного 300-летию Россиской академии наук. - Екатеринбург 2022 . - С. 469-478. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100 %-ды құрайды.

3) Педагогикалық шығармашылықтың маңызы – Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылымипрактикалық конференция. Астана, 7 қазан, 2022. 170-175 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100 %-ды құрайды.

4) Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби шығармашылығының ерекшеліктері. Университеттің 50 жылдығына арналған «Болашақ ұрпағы: ғылым мен білімнің тәжірибесі мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция.-Талдықорған, 21 қазан 2022 ж. 69-74 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100 %-ды құрайды.

5) The structure and formation of creative competence of an elementary school teacher 9-я Глобальная конференция по современным проблемам в образовании (GLOBE-EDU 2022) Алматы, 06 - 07 октября 2022 г. 13 -14 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100 %-ды құрайды.

6) Бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыруда жас ерекшелігінің маңызы. - Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай «Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұрасы, заманауи білім мәселелері: бүгіні мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 25 қараша 2022. 573-578 бб. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100 %-ды құрайды.

7) Развитие творческих способностей младших школьников на уроках музыки.- Материалы III Межнародной научно-практичной интернет-конференции «Проблеми та перспективи розвитку сучасної науки в країнах Євразії» // Збірник наукових праць. – Переяслав - С. 2023. – 28 -31. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100 %-ды құрайды.

8) «Characteristics of professional creativity of primary class teachers». - Innovative scientific research V international scientific conference. Toronto. Canada, 20-21.07.2023. – P 48-52. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 100 %-ды құрайды.

**Эксперименттік-тәжірибелік база:** І.Жансүгіров атындағы ЖУ, Абай атындағы ҚазҰПУ. Барлығы – 211студент қатысты.

**Диссертацияның құрылымы.** Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

**Кіріспе бөлімінде** зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, пәні, нысаны, болжамы мен міндеттері, әдіснамалық негізі, жетекші идеясы, зерттеу әдістері мен кезеңдері, ғылыми жаңалы-ғы, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижесінің дәлелділігі, оның мақұлдануы, тәжірибеге енгізілуі баяндалды.

**«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері»** деп аталатын бірінші бөлімде теориялық тұрғыда ғылыми еңбектерге жасалған талдаулар негізінде «шығармашылық», «кәсіби-шығармашылық іс-әрекет», «бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті», «бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» ұғымдарының психологиялық-педагогикалық категория ретіндегі мәні ашылып, зерттеу мәселесінің қазіргі жайы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары, мәселенің теориялық-әдіснамалық негіздері қарастырылады.

**«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауды модельдеу»** атты екінші бөлімде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мүмкіндіктері, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау технологиялары

қарастырылады, болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымы айқындалып, ЖОО оқыту үдерісінде білім алушылардың кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі сипатталады.

**«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау моделінің тиімділігін тексеру бойынша тәжірибелік-эксперимент жұмысы»** деп аталатын үшінші бөлімде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға бағытталған оқу-әдістемелік кешен мен оны жүргізу әдістемесі негізделіп, әзірленген құрылымдық-мазмұндық модельді жүзеге асыру бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысы мен олардың қорытындылары келтіріледі.

**Қорытындыда** зерттеу нәтижелері бойынша алынған тұжырымдар сипатталады. **Қосымшада** диссертацияға енбеген, зерттеу барысында пайдаланылған материалдар беріледі.

# 1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымының мәні мен құрылымы

Қазіргі қоғам тез өзгеретін жағдайларда дамуда. Бұл көптеген салалардағы мамандардың қызметіне жаңа талаптардың пайда болуына әкеледі, олардың арасында негізгілері: орындайтын жұмысқа шығармашылық көзқарастар болуы, шығармашылық тәсілдер қолдана білуі болып табылады. Қазіргі білім беру стратегиясы - кез-келген өзгерістерге шығармашылықпен қарауға, бар мәселелерді дәстүрлі емес жолмен, сапалы шешуге қабілетті адамдарды тәрбиелеу. Барлық білім алушыларға тұлғалық шығармашылығын дамыту және шығармашылық тәжірибесін қалыптастыру үшін өз әлеуетін көрсетуге мүмкіндік беру қажеттілігі болашақ маманды кәсіби даярлауды білім берудің гуманистік парадигмасы аясында жүзеге асыруға бағытталған. Бұл адамның құндылығына, оның шығармашылықта көрінетін бірегейлігіне баса назар аударуды көздейді. Шынайы шығармашылық ізгі іс, өйткені ол тұлғаның дамуына әкеледі.

«Шығармашылық» ұғымы философия, әлеуметтану, психология, педагогика сияқты ғылым салаларында зерделенеді және зерттеледі.

Зерттеліп отырған мәселе бойынша теориялық және ғылыми-тәжірибелік материалдарды оқып-талдау бұл мәселенің жаңа емес екенін көрсетті, бұл мәселені адам дамуының барлық салаларын қамтитын философия жүйесін құрған ежелгі грек философтары Сократ, Аристотель, Платон және т.б. қарастырғанын көрсетті [78]. Сондай-ақ, Шығыс ойшылдары Әбу Насыр Әл-Фараби, Әбу Райхан Беруни, Әбу Әли ибн Сина, Әлішер Науаи және т.б. шығармашылық пен адамның шығармашылық іс-әрекетін зерттеуге айтарлықтай үлес қосты. Олардың еңбектерінде шығармашылықтың философиялық, педагогикалық және мәдени аспектілері, сондай-ақ оның тұлға мен қоғамның дамуына әсері қарастырылды. Ғұламалардың ойлары шығармашылықты адамның интеллектуалды және рухани өсуіне ықпал ететін үдеріс ретінде түсінудің негізін қалады. Олардың идеялары бүгінгі күнге дейін ғылым мен өнердің әртүрлі салаларындағы зерттеушілер мен практиктерді шабыттандырып, өзекті болып отыр [78,с. 101].

«Шығармашылық» ұғымының генезисін зерделеу шығармашылықтың табиғатын түсіндіруге бағытталған түрлі философиялық тұжырымдамалар бар екенін көрсетті. Ежелгі философияда шығармашылық шектеулі, өтпелі және өзгермелі болмыс саласымен байланыстырылады, шығармашылық екі формада: Құдайдың жаратуы және адам ісі ретінде қарастырылады.

Қайта өрлеу дәуірінде адам шығармашылығына көбірек көңіл бөліне бастады. Шығармашылық мәні эстетикалық қабылдауда болатын көркем шығармашылық ретінде танылды. Ал Реформация дәуірінде шығармашылық эстетикалық мазмұн емес, әрекет ретінде түсінілді. Жаңа заман дәуірінде

шығармашылыққа танымен, табиғатты қабылдаумен салыстырғанда соншалық маңызды емес нәрсе ретінде көзқарас болды және шығармашылық дүниені қабылдау мен дүниеге қатынастың бұрыннан бар дәстүрлі элементтерінің үйлесімі ретінде түсіндірілді. Орта ғасырлар философиясында шығармашылық жаңа, ерекше және қайталанбас нәрсе жасау деп түсініледі. Онда шығармашылық аумағы алдымен моральдық және діни болып саналатын тарихи әрекет саласы болып табылады. Өз шығармашылығында адам үнемі Құдай құдыретіне сеніп, сонымен шектеледі деп түсінілгендіктен, көркем және ғылыми шығармашылық қосалқы нәрсе ретінде қарастырылады [78,с. 101].

Шығармашылықтың тұтас тұжырымдамасын XVIII ғасырдың аяғында неміс философы И. Кант жасады. Ол шығармашылық - әлемнің келбетін өзгертетін, жаңаны жасайтын заттық-түрлендіруші іс-әрекет деген ойды жалғастырып, шығармашылық үдерістің құрылымын сана құрылымының, түсіну мен қиялдаудың субъективтілігінің маңызды элементтерінің бірі ретінде талдады [6,с. 564].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы идеалистік философияда шығармашылық рационалды танымнан тыс, құдайшылықтан бастау алатын табиғаттан тыс көрініс ретінде қарастырылды. Осы тұрғыдан шығармашылық көбінесе интуициямен, шабытпен, дарындылықпен және жеке тұлғаның әлемді идеалды көзқарастарға сәйкес өзгерту қабілетімен байланыстырылды. А. Бергсон шығармашылық жаңаның үздіксіз тууы ретінде өмірдің мәнін құрайды, ол объективті түрде орындалатын нәрсе деп есептеген [79]. Табиғатта бұл туылу, өсу, жетілу үдерістері, ал санада - жаңа бейнелер мен сезімдер, эмоциялар пайда болуы.

Ал философиялық ағым ретінде пайда болған экзистенциализмде шығармашылық адам болмысының негізгі қыры, ол бастапқыда мағынасыз болып көрінетін әлемде мән-мағына табудың жолы ретінде қарастырылады. Шығармашылық — тек жаңа нәрсе жасау емес, бұл өзін-өзі жүзеге асырудың, өзін-өзі анықтаудың және өмірдің шектеулігін еңсерудің әрекеті; адам шығармашылық арқылы өзінің еркіндігін және өмірі үшін жауапкершілігін бекітеді, өзінің бірегей болмысын қалыптастырады деп түсіндіріледі. Осы ағымның өкілі М. Хайдеггер шығармашылықты адамның өзінің өткенін түсінуі және «иемденуі» арқылы болмыстың ашылуымен байланыстырады [8,б. 203]. Н. Бердяевтің пайымдаунша кез-келген шығармашылық әрекет — бұл болмысқа пайда әкелетін жаңа, бұрын-соңды болмаған нәрсе жасау. Н.Бердяевтің айтуынша, адам Құдайдың жаратушы істерін жалғастыруға шақырылған, ол өзінің шығармашылық әрекеттері арқылы дүниеге жаңалық енгізеді [7,с. 15].

XX ғасырда шығармашылық философиясы адамның белсенді, жасампаз әрекетіне назар аудара бастады. Осы кезеңдегі философия шығармашылықтың тұлғаны қалыптастырудағы, мәдениет пен қоғамды дамытудағы рөлін, сондай-ақ оның еркіндік, өмір мәні сияқты ұғымдармен байланысын қарастырды. Шығармашылық, алдымен, өнертабыс ретінде түсінілді. Өнертабудың мақсаты белгілі бір жағдайға байланысты мәселені шешу болды. Бұл шығармашылық

философиясының пайда болуында тікелей көрініс тапты. Бұл, біріншіден, жаһандану және интеграциялық үдерістер жүріп жатқан кезде жаңа әлемде субъектінің маңыздылығының артуын, екіншіден, оның өзгеріп жатқан әлеммен қарым-қатынасын қайта қарау қажеттілігін көрсетеді. Яғни философиялық тұрғыдан алғанда, шығармашылық әлеуметтік прогреске, адамның қадір-қасиеті мен еркіндігінің артуына, жеке тұлғаның жан-жақты және тұтас дамуына ықпал ететін әлеуметтік қатынастарды демократияландыру және ізгілендіру мүддесі үшін жаңа өнім шығару ретінде анықталады.

Сонымен, философтардың пайымдауынша, шығармашылық — бұл мақсатты іс-әрекет, оның нәтижесінде бұрын белгісіз болған немесе уақыт талаптарына сай келетін жаңа нәрсе ашылады, немесе мәдениеттің бұрыннан бар байлығын белсенді меңгеру жүзеге асады [80]. Шығармашылықтың мәні мен табиғатын анықтай отырып, ұлы философтар адам іс-әрекетінсіз шығармашылық болмайды, ал кез келген шығармашылықпен айналысу үшін адамдарда ғылым негіздері бойынша білімі болуы қажет дейді.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың тоғысында «шығармашылық психологиясы» деп аталатын арнайы зерттеу саласы қалыптасты, көптеген еңбектерде шығармашылықтың теориясы мен психологиясы қатар қарастырылды. Ғалымдар шығармашылық үдерісін зерттеуге кірісті, олар шығармашылықтың фазаларын, сатыларын, кезеңдерін, әрекеттерін, сәттерін және басқа да құрамдас бөліктерін анықтауға тырысты.

Шетелдік және отандық психологиялық-педагогикалық ғылымда зерттеулер шығармашылықтың әртүрлі аспектілеріне, негізінен шығармашылық ойлау, интеллект, шығармашылық тапсырмаларды ұжымдық түрде орындау, тұлғаның шығармашылық дамуы мәселелеріне бағыттала бастады (психологтар К. Дункер [81], Выготский [82], Д. Векслер [83], Д.Б. Богоявленская [18,с. 224], Г.Айзенк [84], А.М. Матюшкин [19,с. 274], Л.С. Я.А. Пономарев [20,с. 280], Н.Ф. Талызина [21,с. 368], И.С. Якиманская [22,с. 368], С.Л. Рубинштейн [85], В.И. Дружинин [86], В.А.Крутецкий [87], А.Н. Леонтьев [88], А.Р. Лурия [89], Б.М. Теплов [90], А.З. Рахимов [9,с. 288], Қ.Жарықбаев [91] және т.б.; педагогтер Л.К. Веретенникова [92], В.Д. Путилин [93], Г.П. Скамницкая [94], А.П. Тряпицына [95], Т.И. Шамова [96], К. Жаманбаева [97], К. Ж. Бұзаубақова [98] және т.б.).

К. Дункер және т.б. ғалымдар шығармашылықтың төменгі және жоғарғы деңгейі туралы айтады. Төменгі деңгей — бұл бұрыннан бар білімдерді пайдалану, олардың қолдану аясын кеңейту, ал «жоғары деңгейдегі» шығармашылық — бұл ғылымды белгілі бір дәрежеде түбегейлі өзгертетін мүлде жаңа тұжырымдаманы құрумен байланысты [82,с. 480].

Кеңес психологтарының мүдделері көбінесе қолданбалы мәселелерге, мысалы, шығармашылық пен дамудың байланысына (Л.С. Выготский [82,с. 480], Я.А. Пономарев [20,с. 280] және т.б.); шығармашылықтың тұлға құрылымымен байланысына (Б.Г. Ананьев [14,с. 287], С.Л. Рубинштейн [85,с. 104] және т.б.); шығармашылық қасиеттерді, атап айтқанда шығармашылық

ойлауды дамыту мүмкіндіктеріне (Д.Б. Богоявленская [18,с. 224], И.С. Якиманская [22,с. 368], А.М. Матюшкин [19,с. 274] және т.б.) бағытталды.

Мысалы, Я.А. Пономарев: шығармашылық өте алуан түрлі ұғым, - деп жазады. Оның анықтамаларының саны шамамен осы мәселені зерттейтін авторлардың санына тең – деген пікір айтты [20,с. 280].

Я.А. Пономарев алдыңғы ғылыми тәжірибелерді жинақтай отырып, шығармашылық ұдерісінің фазаларын жалпы түрде былайша жіктейді:

«Бірінші (саналы жұмыс) — дайындық: бұл жаңа идеяның интуитивті жарқ етіп пайда болуы үшін алғышарт болатын ерекше белсенді күй.

Екінші (санадан тыс жұмыс) — жетілу: мәселе бойынша бейсаналық деңгейде ой жүгірту, бағыттаушы идеяның инкубациясы.

Үшінші (бейсанадан санаға ауысу) — шабыт: бейсаналық жұмыстың нәтижесінде шешім идеясы санаға енеді, ол бастапқыда болжамдық түрде, принцип немесе ой ретінде көрінеді.

Төртінші (саналы жұмыс) — идеяны дамыту: алынған идеяны нақтылау, соңғы қалыпқа келтіру және тексеру [99].

Я.А. Пономарев осының негізінде «Шығармашылық үдеріс фазаларының мәселесі психикалық жүйенің құрылымдық-деңгейлік тұжырымдамасына сай келеді және психикалық жүйенің теориясының бір бөлігі ретінде қарастырылады: әр фаза, ең алдымен, шығармашылықты жүзеге асырушы психикалық механизмнің белгілі бір құрылымдық деңгейінің басым болуымен сипатталады... Бұл жерде әрбір деңгейдің өзі күрделі, яғни көптеген ұсақ деңгейлерге бөлінетінін ескеру қажет....» деген тұжырым жасайды [99,с. 3].

А.М. Матюшкиннің «шығармашылық ойлау — бұл дамыған ойлау деңгейінің жоғарғы сатысы, ол адамның жаңа өнімдер жасауды қамтамасыз ететін ерекше мінез-құлық формаларын таныту мүмкіндігіне сәйкес келеді. Шығармашылық, ойлау іс-әрекеттің бір түрі ретінде, үйрену нәтижесінде қалыптасады; тек жекелеген индивидтерде ғана шығармашылыққа бейімділік болады» - деп есептейді [100]. А.М. Матюшкиннің бұл көзқарасы біздің «шығармашылыққа үйретуге болады және шығармашылық «жоғары», «төменгі» деңгейде болады» деген пайымдауымызды растайтынын байқаймыз.

А.М. Матюшкин: «Топтағы шығармашылық үдерістің жалпы көрсеткіші — бұл ойлаудың тиімділігінің көрсеткіші болып табылатын шешімнің ерекшелігі. Топ ішінде шығармашылықты ұйымдастырудың негізгі ынталандырушысы — қатысушылардың шығармашылық күйін қамтамасыз ететін қолайлы жағдайларды жасау және шығармашылық өзара әрекет түрлерін қалыптастыру...», - деп бізге шығармашылық пен шығармашылық ойлауды топпен жұмыс істеу барысында ынталандыруға болатынын көрсетеді [100,с. 9]. Сонымен қатар, шығармашылық үдеріс топта жүзеге асса да, бұл үдерісте жеке тұлғалық сапаларда да көрініс табады: «Өнімді үдеріс ретінде топтық жұмыс жағдайында шығармашылық әрбір қатысушы үшін тұлғалық сипатқа ие болып, оқу қарым-қатынасы, топтық оқу түрлері, ойын және кәсіби іс-әрекет жағдайында шығармашылық ойлаудың дамуын қамтамасыз етеді» [100,с. 9].

Сонымен, психологияда шығармашылық психологиялық үдеріс және оны осы үдерісте қамтамасыз ететін жеке қасиеттердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Шығармашылық нәтижелерінің ерекшелігі олардың жаңашылдығында, өзіндік ерекшелігінде, сондай-ақ құбылыстардың, заттардың, болмыс үдерістерінің өзгеруінде болады [101].

Педагогикада шығармашылық өте кең және көпжақты ұғым болып табылады. Мысалы, В.Л. Иноземцев әртүрлі авторлардың ұсынған шығармашылықтың бес топ анықтамасын бөлді [102]:

1) шығармашылық – жаңаны жасау формасы;
2) шығармашылық – еңбек іс-әрекетінің формасы;
3) шығармашылық іс-әрекеттің ішкі мотивін жүзеге асыруды қарастырады;
4) шығармашылық – жалпы даму формасы;
5) шығармашылық - дүниетаным.

В.Л. Иноземцевтің өзі шығармашылықтың мән-мағынасын тұлға және оның сипаттамалары арқылы анықтау керек деген көзқарасты ұстанады. Сондықтан зерттеуші шығармашылықты іс-әрекет ретінде анықтайды және шығармашылық даралықпен ерекшеленеді дейді. Сонымен бірге В.Л. Иноземцев шығармашылық өзінің үдерісінде де, нәтижесінде де қайталанбайды деп ескертеді [102,с. 178].

В.И. Загвязинский: «Шығармашылық – әр уақытта зерттелгеннің негізінде жаңа нәрсені жасау: жаңа нәтиже немесе оны алудың ерекше жолдары мен әдістері. Жаңашылдығы мен түрленуі – шығармашылықтың екі ең маңызды сипаттамалары», - дейді [103].

В. И. Андреев «Шығармашылық – бұл адам іс-әрекетіне тән:

- қайшылық, проблемалық жағдай немесе шығармашылық мәселе болатын;
- қоғам мен тұлғаның дамуына қосылатын әлеуметтік үлес (қоғамға қарсы іс-әрекет шығармашылық болмайды);
- шығармашылық үшін объективті (әлеуметтік, материалдық) алғышарттар, жағдайлар болатын;
- шығармашылықтың үшін субъективті алғышарттар (тұлғалық сапалар, білім, білік, әсіресе оң мотивация, тұлғаның шығармашылық қабілеттері) болатын;
- үдеріс пен нәтиженің жаңалығы мен өзіндік ерекшелігі болатын іс-әрекет түрі», - деп есептейді [49,с. 566].

Басқаша айтқанда, В.И. Андреев шығармашылықты объективті (әлеуметтік, материалдық) және субъективті жеке жағдайлар (білім, білік, шығармашылық қабілеттер) қажет болатын қайшылықты (шығармашылық мәселені) шешуге бағытталған адам іс-әрекетінің бір түрі ретінде анықтайды, оның «нәтижесінде жаңалық пен өзіндік ерекшелік, жеке және әлеуметтік маңыздылық, прогрессивтілік болады» [49,с. 566].

Осылайша, зерттеулер [104] негізінде келесі қорытынды жасауға болады: шығармашылық құрылымында шығармашылықтың әртүрлі деңгейлері мен

олардың компоненттері арасында күрделі, көп қырлы байланыстар бар. Бұл байланыстар процессуалды тұрғыда да өте күрделі.

Ғалымдар адамның кез келген іс-әрекетінде шығармашылыққа орын бар екенін айтып, шығармашылықтың түрлерінің кең жіктемесін (ғылым мен техника салаларындағы, бейнелеу өнері, актерлік, музыкалық, әдебиеттік және басқа да көптеген шығармашылық түрлері) ұсынады. Біздің зерттеу жұмысымызда шығармашылық түрлерінің мазмұндық жіктелуін қарастыру көзделмейді.

Біз ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, шығармашылықтың құрылымдық сипаттамасын схема түрінде ұсынуға тырыстық (сурет 1):




Сурет 1 – Шығармашылықтың құрылымдық сипаттамасы

Өмірдің әртүрлі салалары мен іс-әрекет түрлерінде адамдар тек міндеттерін атқарып қана қоймай, жаңа нәрсе жасауға, бар үдерістерді жетілдіруге немесе инновациялық әдіс-тәсілдер әзірлеуге ұмтылған жағдайда — кәсіби шығармашылық көрініс табады. Кәсіби шығармашылықты «Кәсіптік білім беру энциклопедиясында» пәндік мазмұнына қарамастан кез-келген кәсіби іс-әрекет үдерісінде (ғалымның, дәрігердің, актердің, инженердің, тазалаушының, мүсіншінің, кітапханашының және т.б.) жаңалық жасау актісі – деп анықталған [105].

Е.Х. Маркова кәсіби шығармашылық кәсіби мәселелерді шешудің жаңа стандартты емес тәсілдерін табуды, кәсіби жағдайларды талдауды, кәсіби шешім қабылдауды қамтиды деген [106]. Н.Н. Нечаев: кәсіби шығармашылық — бұл тек міндеттерді орындау ғана емес, іс-әрекетті дамытудың ерекше, қалыптан тыс жолдарын іздеу, ол өз кезегінде кәсіби өсудің негізі болып табылады, - деп атап өткен [107]. Ал А.А. Вербицкийтің айтуынша: «Кәсіби шығармашылық маманның өз тәжірибесіне рефлексия жасау, оны қайта ой елегінен өткізу және жаңа іс-әрекет тәсілдерін құру қабілеті арқылы көрініс табады» [108].

Психология, педагогика, әлеуметтану саласындағы қазіргі зерттеулерде [109-110] кәсіби шығармашылықтың негізгі сипаттамалары анықталған (кесте 1).

Кесте 1 - Кәсіби шығармашылықтың негізгі сипаттамалары

| Сипаттама | Түсініктеме |
|---|---|
| Жаңалық | Бұрын болмаған, ерекше, стандартты емес идеялар, шешімдерін құру |
| Қолайлылық | Шығармашылықтың нәтижесі пайдалы және кәсіби ортада қолданылуы керек |
| Интегративтілік | Маманның білімі, тәжірибесі, интуициясы мен тұлғалық қасиеттерінің синтезі |
| Рефлексивтілік | Өзін-өзі талдауға, тәжірибесін қайта ой елегінен өткізіп, жаңа тәсілдер іздеуге қабілеттілік |
| Өзін-өзі жүзеге асыру | Шығармашылық даралықты және кәсіби өсуді көрсету тәсілі ретінде |
| Бейімділік | Ойлаудың икемділігі, өзгерістерге және белгісіздікке сәйкес әрекет ету қабілеті |
| Мотивациялық тұрақтылық | Ішкі мотивация, іске қызығушылық, жетілдіруге ұмтылу |

Ғалымдар еңбектерінде [111] кәсіби шығармашылықтың келесі белгілерін бөліп көрсетеді (кесте 2).

Кесте 2 - Кәсіби шығармашылықтың негізгі белгілері

| Белгісі | Ғылыми негіздемесі |
|---|---|
| Шешімдердің жаңалығы | Шығармашылық кәсіби міндеттерге өзіндік, стандартты емес көзқарастарды қажет етеді [108,с. 144] |
| Білім мен тәжірибенің интеграциясы | Кәсіби шығармашылық — бұл теориялық білім, тәжірибе және интуицияның синтезі (Н.Н. Нечаев бойынша) [107,с. 3] |
| Дербестік пен бастамашылық | Маман қалыптасқан шаблондардан тыс шығып, жұмыстың әдістерін, құралдарын және түрлерін таңдауда белсенділік ккрсетеді [108,с. 144] |
| Рефлексивтілік | Шығармашылық тәжірибені қайта ой елегінен өткізіп, әрекет етудің жаңа тәсілдерін қалыптастырумен тығыз байланысты (А.А. Вербицкий бойынша) [108,с. 144] |
| Әлеуметтік маңыздылығы | Кәсіби шығармашылық нәтижелері кәсіби ортада пайдалы және сұранысқа ие болуы керек [108,с. 144] |
| Бейімділік пен икемділік | Шығармашыл маман өзгерістерге бейімделуге және жаңа жағдайларда тиімді шешімдер табуға қабілетті [111,с. 5] |

Сонымен, біз *кәсіби шығармашылық* – белгілі бір қызмет немесе кәсіп шеңберінде нақты мақсаттарға жетуге бағытталған шығармашылық пен кәсібиліктің симбиозы; кәсіби білім мен тәжірибеге негізделген белгілі бір кәсіп шеңберінде жаңа, ерекше өнімдерді немесе шешімдерді жасауға бағытталған іс-әрекет деген пайыумдауды ұстанамыз.

Осылайша, адам шығармашылығы қандай да бір іс-әрекетте көрініс табады. Іс-әрекетсіз ешқандай шығармашылық болуы мүмкін емес.

Іс-әрекетті теориялық-әдіснамалық талдау бізге іс-әрекет жіктемесінің алуан түрі бар екенін көрсетті. Іс-әрекет рухани және материалдық, өндірістік, еңбек және еңбекке жатпайтын түрлерге бөлінеді.

Жалпы «іс-әрекет» ұғымы философиялық анықтамада ол «айналадағы дүниеге адамның ерекше адамгершілік түрдегі қарым-қатынасы» деп көрсетіледі [112]. Қазақ совет энциклопедиясында: «Іс-әрекет айналадағы дүниеге, қоршаған ортаға белсенді ықпал етіп, оны белгілі мақсатқа сай өзгертудің тек адамға ғана тән формасы. Іс-әрекеттің мазмұны мен нәтижесі бүкіл адамзат қоғамының тарихи қалыптасуы мен дамуы арқасында жүзеге асып отырған табиғаттағы өзгерістер мен өркениет, материалдық игіліктер дүниесі адамзаттың бүкіл мәдениеті мен рухани қазынасы» - делінген [113]. Педагогикалық энциклопедияда «Іс-әрекет адамдардың қоғамдық-тарихи болмысының ерекше түрі, олардың табиғи және әлеуметтік шындықты бағытты түрде өзгерту», - деп анықталған [114].

Белгілі психолог А.Н. Леонтьевтің іс-әрекет теориясы бойынша, іс-әрекет құрылымы үш негізгі компоненттен тұрады: іс-әрекет (мотивпен анықталады), әрекет (мақсатқа бағытталған), операция (шарттарға байланысты – әрекетті жүзеге асыру тәсілі, құралдар мен жағдайларға тәуелді). Және де ол мотив іс-әрекеттің негізгі мақсатына сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі мүмкін деп атап

өтті. Егер олар сәйкес келсе, іс-әрекет болады, сәйкес келмеген жағдайда әрекет болады [88,с. 304].

Іс-әрекетті қоғам дамуына шығармашылық әсері тұрғысынан қарастырғанда: репродуктивті (бұрыннан белгілі нәтижені белгілі құралдар арқылы алуға бағытталған іс-әрекет) және продуктивті, яғни шығармашылық іс-әрекет (жаңа мақсаттарды және сол мақсаттарға сәйкес келетін жаңа құралдарды әзірлеумен немесе белгілі мақсаттарға жетудің жаңа тәсілдерін табумен байланысты іс-әрекет) деп бөлінеді [112,с. 569]. Шығармашылық екі негізгі: материалдық және рухани формада көрініс табады. Материалдық шығармашылық — бұл адамның материалдық-өндірістік қызметінің барлық аясын және оның нәтижелерін қамтитын іс-әрекет. Рухани шығармашылық — бұл адамның рухани іс-әрекеті мен рухани өнім өндіру саласы және олардың нәтижелері, яғни адамның санасы мен адамдар арасындағы өзара қатынас саласындағы ерекше іс-әрекеті. Рухани шығармашылықтың нәтижесі — рухани «өнімдер»: жазушының шығармашылығы мен кітаптары, әдебиет; суретшінің шығармашылығы, суреттері және т.б.; педагогтің шығармашылығы мен тәрбиеленген, білімді адамдар және т.б. Шығармашылық іс-әрекетке философиялық сөздікте - бұл өзінің жеке тұлғалық қасиетін тереңірек, жаңа қырынан көрсете білу деп анықтама беріледі [112,с. 569].

Отандық және шетелдік ғалымдардың шығармашылық іс-әрекетке берген сипаттамалары 3-кестеде берілген.

Кесте 3 – «Шығармашылық іс-әрекет» ұғымының сипаттамалары

| Сипаттамалары | Авторлары |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Шығармашылық іс-әрекет - бірегей, өзіндік және әлеуметтік-тарихи маңызы бар сапалы жаңаны құруға бағытталған адам іс-әрекетінің ерекше түрі | Философский энциклопедический словарь [112,с. 569] |
| Шығармашылық іс-әрекет «объектілерде басқалар көре алмайтын жаңа нәрсені көру қабілеті» және шығармашылық тұлғаның танымдық мотивациялық сипаттамаларын көрсететін интеллектуалды белсенділік. | Богоявленская Д.Б. [18,с. 224] |
| Шығармашылық жаңа және ерекше нәрсені тудыратын іс-әрекет, шығармашылыққа үйрету қол жетпейтін мәселелердің шешімін өз бетінше іздеуге құрал береді және өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі тәрбиелеуді ынталандырады. | Лернер И.Я. [115] |
| Шығармашылық әрекеттің 5 белгілері: әрекетті өзгертуге нұсқаулар, саналы мақсатты жорамалдау, адамның күш-жігерінің мәнділігі, байқалатын мәдениет, адам жасайтын жасанды ортадағы делдал-құралдар, басқару мен өзін-өзі басқарудағы диалектикалық бірлестіктегі таңдау еркіндігі. | Дышлевый П.С, Яценко Л.В. [116] |

3 - кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Кез келген әрекеттің жоғары деңгейге көтерілуін шығармашылықпен ойлай білу қабілетімен байланысты. | Лук А.Н. [117] |
| Шығармашылық іс-әрекет алгоритмге, белгілі бір үлгіге, формализмге бағынбайтын эвристикалық іс-әрекет. Оның ерекшелігі негізгі идеяларды тез түсініп, ұғыну істің кенеттен шешу жолдарын таба білу. | Қоянбаев Ж.Б. [118] |
| Шығармашылық әрекет дегеніміз тұлғаның шығармашылық міндеттерді өз бетінше шешуі: білім, білік, дағдыны жаңа жағдайда тасымалдай алуы; субьектінің өзінің осы еңбегімен қанағаттануы, жағымды мотивация арқылы даралыққа ұмтылуы. | Тұрғынбаева Б.А. [119] |
| Шығармашылық іс-әрекетті 3 кезеңге бөледі: дайындық, ізденіс, орындау.<br>Дайындық кезеңінде студенттер қажет бағдарламаны алады, проблеманы анықтайды, сұрақтарды қояды, жоспар жасайды; ізденіс кезеңінде проблеманы шешу жолдарына сәйкес ақпараттар іздейді; орындау кезеңінде студент сабақ мазмұнын меңгеру үшін бағдарламаларды қолданады. | Бейсенова Г.И. [120] |

Жоғарыда айтылған ой-пікірлер негізінде біз «шығармашылық іс-әрекет» ұғымының мағынасын: жаңа, ерекше, құнды нәрсені жасауды, идеяны шығаруды, ескіні жаңаша түрлендіруді қамтитын іс-әрекет түрі, - деп түсінеміз.

Белгілі психолог А.Н. Лук өз еңбектерінде шығармашылық іс-әрекет құрылымындағы қажеттіліктер мен ұмтылыстың маңыздылығына назар аударды [117,с. 256]. Автордың пікірінше, шығармашылық іс-әрекет әлеуметтік қажеттіліктерден туындайды. Әлеуметтік әсерлер туа біткен ұмтылыстар мен бейімділіктерді шығармашылық қабілеттер жүйесіне айналдырады. Қажеттіліктер ұмтылыстар негізінде қалыптасады және әлеуметтік тәжірибені көрсетеді, бірақ қалыптасқаннан кейін адамға ұмтылыспен қатар әсер етеді, кейде тіпті басым болады. А.В. Матюшкин шығармашылық іс-әрекеттің келесі компоненттерін айқындады: 1) әрекеттің мақсаты; 2) әрекет ету тәсілдері; 3) әрекет шарттары [100,с. 9].

Біріншісі - адамның әрекет нәтижесі туралы түсініктері, екіншісі - адамның мақсатқа жету үшін әрекет субъектін түрлендіруді жүзеге асыратын операциялар жүйесі, ал үшіншісі - мақсатқа жетумен тікелей байланысты емес, бірақ осы іс-әрекеттің өрбіген жағдайы болатын субъектінің өзіне тән емес ерекшеліктері болып табылады.

Шығармашылық іс-әрекеттің құрылымы И.П. Калошинаның еңбектерінде ұсынылған [121]: мотивациялық-құндылықтық компонент; когнитивтік (танымдық) компонент; іс-әрекеттік компонент; рефлексивтік компонент.

Осылайша, зерттеушілер шығармашылық іс-әрекеттің құрылымында жүйе құраушы сипаттамалар ретінді оның мотивациясы мен мақсат қою үдерістеріне, сондай-ақ оның оңтайлы жүруіне қолайлы/қолайсыз болуы мүмкін бірқатар қосымша факторларға (құралдар, жағдайлар, әрекеттер мен операциялар) назар аударады.

Жүргізген талдаулар негізінде, шығармашылық іс-әрекеттің мазмұнын келесі 2 суретте түрінде бейнелеуге болады:

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мотив (ішкі және сыртқы, қызығушылық) | → | Мақсат (жаңа, ұнды, ерекше өнім жасау) | → | Құралдар (білім, дағды, ресурстар, аспаптар, қиял) | → | Үдеріс (идея іздеу, инкубация, кенеттен ой келу, жүзеге асыру) | → | Нәтиже (ерекше өнім) |

Сурет 2 - Шығармашылық іс-әрекеттің мазмұны

Біз жұмысымыздың контекстінде педагогикалық шығармашылықты қарастырамыз. Педагогикалық шығармашылық жөніндегі теориялық зерттеулердің бастамасын Қайта өрлеу дәуірінде Я. А. Коменский, кейінірек — И. Г. Песталоцци қалады. Олар педагогикалық шығармашылықты тәрбиенің түпкі нәтижесі арқылы бағалау және зерттеу қажет деп санаған [122,123]. XIX ғасырдың ортасында К.Д. Ушинский педагогиканы «ғылым және өнер» ретінде сипаттайтын теорияны ұсынды. Ол былай деп жазған: «…тәрбие шыдамдылықты талап етеді; шыдамдылықтан бөлек, туа біткен қабілет пен дағдыдан басқа, арнайы білім де қажет...» [124]. Қазақ ағартушылары Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Уәлиханов А. Байтурсынов, М. Дулатов және т.б. педагогикалық шығармашылықты жүзеге асыру үшін мұғалім үнемі өзін-өзі жетілдіруі, білімге ұмтылуы қажет деген ой-пікірлер айтқан [125].

Педагогикалық шығармашылықтың түрлі аспектілерімен философтар, психологтар, педагог-ғалымдар шұғылданған Н.Г. Алексеев [126], Г.С. Альтшуллер [127], М.М. Поташник [76,с. 187], В.А. Кан-Калик [45,с. 64], Н.В. Кузьмина [34,с. 119], А.К. Маркова [106,с. 192], А.М. Матюшкин [100,с. 9], Н.Д. Никандров [48,с. 140], Я.А. Пономарев [99,с. 3] және басқалар. Мұғалімнің педагогикалық шығармашылығының түрлері, деңгейлері мен шарттары В. И. Загвязинский [75,с. 174], В.А. Кан-Калик [45,с. 64], Н.Д. Никандров [48,с. 140], Н.В. Кузьмина [34,с. 119], А.К. Маркова [106,с. 192], И.П. Раченко [128], О.С. Булатова [129] тағы басқалардың еңбектерінде ашылған.

Педагогикалық шығармашылық жайында түсіндірме сөздіктерде: мұғалімнің оқу-тәрбие міндеттерін, жоғары тиімділікпен шешуі; тәрбие мен оқыту теориясы мен тәжірибесін байытуы, - деп жазылған.

О.С. Булатова педагогикалық шығармашылықты мұғалімінің жеке шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру әрекеті ретінде қарастырады.

Педагогикалық кәсіби-шығармашылық әр түрлі іс-әрекеттің субъектісі болғанымен, оны мұғалім мен оқушының бірлескен туындысы ретінде қарастыру керек деген [129,с. 192]. В.В. Краевский, В.П. Борисенков және т.б. пікірінше, педагогикалық шығармашылық екі түрлі формада жүзеге асырылады: білім беру үдерісіндегі педагогикалық жағдайларда белгілі тәсілдерді пайдалану және бұрын кездескен жағдайларда жаңа тәсілдерді қолдану [130,131].

А.В.Морозов пен Д.В.Чернилевский педагогикалық шығармашылықты бірнеше деңгейлерге топтастырады [132]:

1-деңгей: Оқытушының толыққанды өз бетінше әрекет етуі;

2-деңгей: Эвристикалық;

3-деңгей: Мақсатты түрде саналы таңдау жасай білу;

4-деңгей: Аудиториямен қарым-қатынас орнату.

Педагогикалық шығармашылық мәселесін отандық ғалымдар да Н.А. Абишев [50,с. 187], Б.А. Тұрғынбаева [53,б. 316], М.М.Досанова [33,с. 112], Б.Р. Айтмамбетова [51,б. 224], Ш. Ибрагимқызы [58,б. 228], Г.Т. Мусабекова, Н.С. Молдабекова [133] және т.б. зерттеген.

Б.А. Тұрғынбаева шығармашылыққа берілген көптеген тұжырымдарды жинақтай келе, педагогикалық шығармашылық іс-әрекетіне «білім алу үдерісін мағналы да мәнді, жарқын ету, таңдана, тамсана отырып тануға жағдай жасау, осы әрекет барысында болашақ мамандардың өз сұрақтарының пайда болып оларға жауап іздеулеріндегі шығармашылық белсенділігін тудыруға көмектесу», - деген анықтама береді [53,б. 316].

Ш. Ибрагимқызы өз дисертациялық еңбегінде «педагогикалық шығармашылық - белгісізді көру тәсілдері арқылы педагогикалық іс-әрекет өнімін болжауға, педагогикалық инновациялар мен технологияларды жасақтау мен қалыптасқан білім беру жүйесі аясынан шыға білуге, стандартсыз ситуацияларда ұтымды шешім қабылдауға бағытталған педагогтың іс- әрекеті», - деп анықтаған [58,б. 228].

Ғалымдар педагогикалық шығармашылықтың қиындықтарын да айтқан. Бұл тұрғыда П.Ф. Каптерев: «... оқыту іс-әрекеті — бұл күрделі іс-әрекет, оның құрамында таза объективті ғылыми элементтермен қатар, жеке, шығармашылық, педагогикалық өнер мен талант элементтері де бар. Мұғалім іс-әрекетінің негізі — ғылым, өзінің арнайы пәні, оған жақын салалар, оның әдістемесі және балалар туралы ғылыми білім болады. Мұғалімнің білімі неғұрлым кең әрі терең болса, оның іс-әрекеті соғұрлым жемісті болады. Осы объективті негізде мұғалім шебер болуы тиіс: әдістерді қайта өңдеп, оны өзінің меншігі мен құралына айналдырып, оны дайындықтары әртүрлі деңгейдегі және табиғи ерекшеліктері бар балаларға бейімдеп, шексіз өзгерте алуы қажет. Сондықтан шын мәнінде жақсы мұғалім ешқашан бағдарлама мен әдістемелердің құлы бола алмайды, ол әрдайым еркін және дербес тұлға ретінде әрекет етуі тиіс», - деп атап көрсетеді [134].

Басқа да бірқатар зерттеулерде мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті өнердің бір түрі ретінде қарастырылуы керек, ол мұғалімнің алдында туындайтын кәсіби міндеттерді қалай айқындап, шешетіндігінде көрініс табады делінген. Педагогикалық кәсіптің шығармашылық сипаты сонымен қатар мұғалімнің өзі оқушыларды ұйымдастырып, оларды оқыту мен дамыту үдерісін басқара отырып, өз іс-әрекетінің ортасын құратындығына байланысты. Сонымен қатар, білім беру мазмұнын үнемі жаңартып отыруға, жаңа идеялар мен әдістердің пайда болуына және оқыту формаларын жетілдіруге қатысты мұғалімнің өзінің іс-әрекеті де өзгеріп және дамып отырады.

Сонымен қазіргі педагогикалық теорияда: педагогикалық шығармашылықтың пайда болуы, қызмет етуі және дамуының міндетті шарты — бұл арнайы білім, дағдылар, педагогикалық қабілеттер, сондай-ақ мұғалімнің қазіргі шындықтың алға тартқан педагогикалық мәселелері мен қайшылықтарын шығармашылықпен шешуге деген ниеті мен ұмтылысы деген тұжырым жасалған. Педагогикалық шығармашылықтың көрініс табуы үшін мақсаттар, жағдайлар және идеалдар да қажет. Көп жағдайда шығармашылықтың көзі мен мақсаты — өмірдің өзі, сондай-ақ жұмыстың ерекшелігі.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, қысқаша қорытынды жасауға болады: а) педагогикалық шығармашылық – отандық және шетелдік зерттеушілер тарапынан жан-жақты зерттелген, бұл – адамға тән ерекше іс-әрекет түрі, ә) педагогикалық шығармашылықты әртүрлі құрамдас бөліктері өзара әрекеттесетін біртұтас үдеріс ретінде қарастыру қажет; б) «шығармашылық – мұғалімнің тұлға ретінде қалыптасуының, өзін-өзі тануының және ашылуының қажетті шарты. Шығармашылық қабілеттерді дамыта отырып, мұғалімнің педагогикалық дарындылығын қалыптастырады» [77,б. 10].

Ғалымдардың еңбектерін зерделеу нәтижелерін, жасалған қорытындыларды және білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттары [4,б. 2] белгіленген жоғары оқу орнын бітірген бастауыш мектеп мұғалімдеріне қойылатын талаптарды есепке ала отырып педагогикалық шығармашылықтың ерекшеліктерін тұжырымдайық:

1. Бастауыш мектеп мұғалімінің міндетті еңбек функциялары: 1) оқу процесін жүзеге асыру; 2) білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау; 3) білім алушыларды құндылықтар жүйесіне тарту; 4) оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру; 5) сынып жетекшілігін жүзеге асыру [4,б. 2]. Табиғаты мен мәні жағынан осы қызметтердің барлық түрлері шығармашылық сипатқа ие. Бұл тұжырымды отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері растайды.

2. Педагогикалық шығармашылық қоғамдық дамудың қажеттіліктері мен үрдістеріне сәйкес адамға қойылатын негізгі талаптарға сай тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. В.А. Кан-Калик: «Педагогтың шығармашылық үдерісі әрбір тәрбиеленушінің шығармашылық үдерісімен және бүкіл педагогикалық ұжымның шығармашылық үдерісімен тығыз байланыста болуы

тиіс» дейді [45,с. 64]. Сондықтан педагогикалық шығармашылықта - бірлескен шығармашылық та болады.

3. Қазіргі педагогикалық ғылым педагогикалық шығармашылықтың ерекшеліктері мен формаларының алуан түрлілігін ескере отырып, оны педагогикалық іс-әрекетке бейімдейді. Мұғалімнің шығармашылық үдерісіндегі кезеңдер келесі ретпен сипатталады: 1) белгілі бір педагогикалық мәселені шешуге бағытталған ойдың туындауы; 2) ойды пысықтау (мақсатын нақтылау, әдістер мен құралдарды таңдау, т.с.с.); 3) педагогикалық ойды іс-әрекетте және адамдармен қарым-қатынаста жүзеге асыру; 4) шығармашылық нәтижелерін талдау және бағалау. Бұл көзқарасты В.И. Загвязинский [75,с. 174], В.А. Кан-Калик [45,с. 64], А.К. Маркова [106,с. 192] және т.б. ғалымдар ұстанады.

4. Педагогикалық шығармашылық тиімділігіне мұғалімнің ғылыми-әдістемелік даярлығы мен тұлғалық шығармашылығының деңгейі әсер етеді. Педагогтың ғылыми-әдістемелік тұрғыдан даярлығы мен тұлғалық шығармашылығын дамыту — білім беруді жаңғыртудың қажетті және стратегиялық шарты болып табылады. Тек шығармашылықпен ойлайтын, әдістемелік тұрғыдан дайындалған педагог қана оқушылардың шығармашыл ойлауын, бейімделу қабілетін және инновациялық шешімдерге икемділігін қалыптастыра алады [135].

5. Шығармашылық тек мотивация болған жағдайда, ал мотивация мұғалімде идея туындаған кезде пайда болады. Жеке, өзіндік шығармашылық идея теориялық білім мен өзіндік және әріптестердің тәжірибесі негізінде туындайды [45,с. 64]. Демек, оқыту мен тәрбие беру барысында шығармашыл тұлға қалыптастыруға болады. Мұғалімнің кәсіби-шығармашылық бағыттылығын қалыптастырудың жалпы теориялық негіздері мен педагогикалық шығармашылыққа тұлғалық бағдарлы даярлау мәселелері И.С. Якиманская [136], және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Жоғарыда шығармашылықтың «жоғарғы» және «төмен» деңгейлері болатыны айтылған. Педагогикалық теорияда педагогикалық шығармашылықтың келесі деңгейлерін бөледі [106,с. 192]:

1-деңгей – бұл сыныппен қарапайым өзара әрекеттесу деңгейі. Мұғалім нұсқаулық бойынша, үлгіге сүйеніп, басқа мұғалімдердің тәжірибесін басшылыққа ала отырып жұмыс істейді.

2-деңгей – бұл сабақтағы іс-әрекетті оңтайландыру деңгейі. Бұл жерде мұғалім бұрыннан таныс оқу мазмұнын, әдістері мен формаларын шебер таңдап, орынды үйлестіре біледі.

3-деңгей – эвристикалық. Мұғалім оқушылармен тікелей және интербелсенді қарым-қатынас жасаудың шығармашылық мүмкіндіктерін іске асырады.

4-деңгей – мұғалім шығармашылығының ең жоғары деңгейі, толық дербестікпен сипатталады. Мұғалім дайын әдіс-тәсілдерді қолдануы мүмкін, бірақ өзінің инициативасын, жеке ерекшелігін пайдаланады [137].

Осыдан мынадай қорытынды жасауға болады: шығармашылықтың алғашқы деңгейінен келесі деңгейіне көтеріле отырып, педагог тәжірибе мен педагогикалық шеберлікті игереді. Ал шығармашылық пен шеберлік мұғалімді озат тәжірибеге, жаңашылдыққа және инновациялық іс-әрекетке жетелейді. Бұл «білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарында [4,б. 6] бастауыш мектеп мұғалімдердінің біліктіліктің салалық шеңбері бойынша біліктілік ішкі деңгейілеріне сәйкес келеді.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда мұғалім өз шығармашылық даралығын сезінбейінше, өзін тұлға әрі педагогикалық үдерістің субъектісі ретінде ұғынбайынша, өзінің барлық әрекеттері мен оның нәтижелерін талдап, бағаламағанша, нағыз шебер, шығармашыл ұстаз ретінде қалыптаса алмайтынын айтылады. Белгілі психолог Қ. Жарықбаев: «Басқалардан көмек күтпей, мәселені шешуде басқа біреудің әдісін қайталамай, қалайда өзі шешуге тырысатын адам - шығармашыл ойдың иесі», - дейді [92,б. 160]. Осыны түсіну арқылы ғана педагогикалық тәсіл мен педагогтің тұлғалық қасиеттерінің бірлігін қамтамасыз етуге болады, өйткені өзін-өзі ұғыну педагогикалық шығармашылықтың тұлғалық және кәсіби саласымен тығыз байланысты [138].

Педагогикалық шығармашылықты зерттеуге арналған психологиялық-педагогикалық еңбектерді (В.И. Загвязинский [75,с. 174], М.М. Поташник [76,с. 187], А.К. Маркова [106,с. 192], В.А. Кан-Калик [45,с. 64], Г.М. Коджаспирова [137,с. 344], Я.А. Пономарев [99,с. 3] және т.б) талдау бізге педагогикалық шығармашылықты анықтайтын сипаттамаларды нақтылап, өлшемдерді жалпылауға мүмкіндік берді (кесте 4). Соның негізінде бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық өлшемдері жасалды (п.2.3).

Кесте 4 - Педагогикалық шығармашылық өлшемдері

| Өлшемдер | | Жалпылама өлшем |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| - Үнемі жетілуге, өздігінен білім алуға ұмтылу;<br>- Дербес, стандартты емес ойлай білу;<br>- Білім мен интуицияға негізделген импровизация жасау қабілеті;<br>- Бастаған істі соңына дейін жеткізуге ұмтылыс. | ⇨ | Кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке бағыттылық |
| - Терең әрі жан-жақты білімнің болуы. Білімділік.<br>- Педагогтің, тұлғаның үлгілік және қайталанбас қасиеттерін үйлестіру және қалыптастыру негізінде кәсіби іс-әрекеттің жеке стилін құру;<br>- Теориялық және әдістемелік ережелерді педагогикалық әрекеттерге тиімді түрде айналдыра білу;<br>- Педагогикалық құбылыстар арасындағы сыртқы және ішкі байланыстарды көре білу. | ⇨ | Ғылыми-теориялық даярлық |

4– кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| - Идея мен ойды сызбаларға, ұғымдарға, нұсқаулықтарға бөліп жүйелеу қабілеті; жаңа әдістемелерді, нысандарды, тәсілдер мен құралдарды әзірлеу және оларды өзіндік, ерекше түрде үйлестіру;<br>- Іс-әрекет жүйесінің диалектикалығы, вариативтілігі, өзгергіштігі, шешілген педагогикалық мәселеден жаңа ізденістерге бер бұру, жаңа шешу жолдарын іздеуге икемді болу;<br>- Проблемалық педагогикалық міндеттерді шешуге ішкі энергияны бағыттау, жұмылдыру қабілеті;<br>- Бар тәжірибені жаңа жағдайларда тиімді қолдана білу. | ⇨ | Технологиялық даярлық |
| - Өз қызметі мен оның нәтижелерін объективті бағалай білу қабілеті;<br>- Өз шығармашылығының деңгейін анықтайтын критерийлерді таба білу;<br>- Білімін сыни тұрғыда қайта қарап, оны ұғыну қабілеті. | ⇨ | Рефлексивтілік |

Бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық шығармашылығын қарастыру барысында оның іс-әрекетінің өзіндік ерекшелігін - оқу-тәрбие үдерісінің негізгі қатысушысы – бастауыш сынып оқушысы, яғни оқу үдерісі осы жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылатынын - атап өткен жөн. Бастауыш сыныптарда оқу-тәрбие үдерісі жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастырудың негіздері қаланатындығымен сипатталады. Ал бастауыш сынып мұғалімі – білім мен тәрбиенің мазмұнын жеткізуші, танымдық және жан-жақты дамудың ұйымдастырушысы, тұлғаның қалыптасу үдерісінің жетекшісі болып табылады.

Бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық іс-әрекетінің мәні мен ерекшеліктерін зерттеуге арналған алыс шетел ғалымдары (Remedios González J. M., Calero Fernández N. [139], Torres Águila M. O., Veitía Arrieta I. J., González García [140], Zhurat Y., Doroshenko T. [141], Henriksen D. мен Richardson C. [72,p. 140], Bereczki E. O., Karpati A. [73,p. 25]), т.б. жұмыстарында мектептегі білім беру жүйесінде шығармашылықты, мұғалімдердің шығармашылық қабілетін дамыту мәселелері қарастырылған. Мысалы, Remedios González J. M. пен Calero Fernández N. [139,p. 29] бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекет ерекшелігі туралы айта отырып, оның: «білім беру, жоғары кәсіптік талаптарға сай өзіндік, дербес және икемді әрекеттерді орындау арқылы көрініс беретінін көрсетеді»; Torres Águila M. O., Veitía Arrieta I. J. пен González García [140,p. 6], қазіргі бастауыш мектептегі шығармашыл мұғалім тұлғасына қойылатын:

- оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін кез келген түрдегі олардың идеяларын, ұсыныстарын және сұрақтарын құрметпен, қамқорлықпен және сүйіспеншілікпен тыңдап, талқылай білу;

- оқушылардың жұмыстарын шығармашылықпен бағалау;

- ойлаудың икемділігі пен тәуелсіздігін, қиялдың дамуын қолдау, ынталандыру, рефлексияға үйрету;

- білім, білік, дағдыларды меңгеруде өзін-өзі бағалау және өзара бағалау үшін ақыл-ой еңбегінің дамуына ынталандыру;

- шығармашылыққа кедергі келтіретін қиындықтарды жеңу жолдарын іздеу;

- белгілі бір жағдайларда және мектептің күнделікті өмірінде қажет болғанда стратегияларды, балама нұсқаларды немесе ойындарды әзірлеу;

- шығармашылық ойлауды белсендіру, әрқашан сын мен өзін-өзі сынау арқылы ашық дәлелдермен айналыса алу сияқты талаптарды белгілейді.

Зерттеушілер: өз тұлғалық шығармашылығын дамыту үшін барлық идеялар мен шешімдерді тәжірибеде талқылау, дәстүрлі емес жолдарды қорғау және оларды сыни тұрғыда талқылай білу; белсенділікті және позитивті қатынасты ынталандыру; сәйкес өзіндік сана мен өзін-өзі бағалау қасиеттері де қажет, - деп жазады.

Жақын шетел ғалымдары С.М. Усова [68,с. 188], Е.К. Строкова [69,с. 211], Д.З. Рахманова [70,с. 114], Е.Л. Рукавишникова [71,с. 215]; Ю. Журат, Т.Дорошенко [141,р. 319] және т.б. болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби шығармашылыққа даярлаудың жекелеген аспектілерін қарастырған. Авторлар әртүрлі аспектілерді қарастырғанымен, олардың еңбектерінде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық тұлға ретінде қалыптастыруға байланысты бірнеше ортақ ұстанымдар мен бағыттар бар екенін және негізінен шығармашылықтың жалпы педагогикалық моделіне бағдарланғанын байқаймыз. Бұл зерттеулер педагогтерді шығармашылыққа даярлау — күрделі әрі көпқырлы үдеріс екенін көрсетеді.

Отандық зерттеушілер А.С. Амирова [142], Б.А. Тұрғынбаева [143], Т.О. Каратаева [74,с. 140], К.Т. Ыбыраимжанов, С.А. Фейзулдаева [144] және т.б. еңбектерінде бастауыш білім беру деңгейінде шығармашылықты дамыту мәселесі тұлғалық, әдістемелік және құзыреттілік тұрғыдан қарастырылған. А.С. Амирова мен Б.А. Тұрғынбаева еңбектерінде мұғалімдер шығармашылық қабілеттерді дамыту оқушының жеке ерекшеліктерін, қызығушылығын, қиялын, эмоциялық интеллектін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс екені көрсетіледі; Каратаева Т.О. болашақ мұғалімнің зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамытуға даярлығын кешенді модель арқылы сипаттайды; Қ.Т. Ыбыраимжанов пен С.А. Фейзулдаева шығармашылық қабілеттерді дамытуда зерттеушілік құзыреттіліктің маңызын алға тартады. Олар оқушы мен мұғалімнің тұлғалық дамуын, оқыту әдістерін, құзыреттілік пен мотивацияны біртұтас жүйе ретінде қарастырады. Осы зерттеулер негізінде бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін анықтауға қатысты келесі маңызды қорытынды жасауға болады: мұғалімнің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті - тұлғалық сапа және құзыреттілікке негізделген кешенді үдеріс (мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті тек пәндік біліммен шектелмейді, ол оқушының тұлғалық дамуына ықпал ететін факторларды қамтиды және

мұғалімнің өзі де шығармашылық тұлға болуы тиіс); мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті - білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған.

Бастауыш сынып мұғаліміне әлемде болып жатқан тарихи, әлеуметтік, мәдени жағдайларда білім беру мақсаттары, құндылықтары, педагог мамандығының идеалы мен беделі өзгеріп отыратын жағдайларда жұмыс істеуге және өзінің шығармашылық ынтасын сақтауға тура келеді. Соларға сәйкес, Сердюк Л.В. бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық шығармашылығы қалыптасатын аспектілерді көрсетеді [145]:

- дүниетанымдық. Мұғалімнің іс-әрекетінде әлеуметтік-саяси бағдарларды, дүниетанымды, шығармашылық даралықты қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

- кәсіби. Педагогикалық сананы (ғылыми-педагогикалық білім мен ұғымдар, педагогикалық көзқарастар) қамтамасыз етеді;

- этикалық. Педагог тұлғасының адамгершілік ұстанымдарының жүйесін (педагогикалық ойлау, педагогтың келбет, т.с.с) бейнелейді және қамтамасыз етеді;

- эстетикалық. Мақсаттар мен құралдардың үйлесімділігі мен пропорционалдығын қамтамасыз етеді және екіжақты педагогикалық үдерістің эстетикалық эмпатиялар жиынтығын (түйсік, шабыт, таңдану, шығармашылық тәжірибе және т.б.) қамтиды.

Біздің зерттеуіміздің контекстінде бұл көзқарас маңызды болды. Осылардан бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық шығармашылығы - бұл педагогикалық шығармашылықтың жалпы белгілерін біріктіретін кәсіби тұрғыда өзін-өзі жүзеге асырудың ерекше формасы екенін көреміз.

Сонымен, жоғарыда «шығармашылық», «кәсіби шығармашылық», «шығармашылық іс-әрекет», «педагогикалық шығармашылық» ұғымдарының мәні мен құрылымын зерделеу және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шығармашылыққа даярлау мәселесіне бағытталған зерттеулерді талдау негізінде біз ***бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті*** - мақсаты бастауыш білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған объективті жаңалық пен қоғамдық маңыздылыққа ие рухани және материалдық объектілерді жасауға болатын, сананың кең өрісімен, өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан көрсету мүмкіндіктерімен, басқару және өзін-өзі басқару қабілеттерімен, көлемді ақпаратты тез өңдеумен анықталатын, өзін-өзі жетілдіруге әкелетін мұғалімнің іс-әрекетінің бір түрі деп түсінеміз.

Ал болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін шығармашылық іс-әрекетке даярлау ұғымын анықтау мақсатында зерделенген ғылыми-зерттеу және әдістемелік әдебиеттерде «даярлау» ұғымы әртүрлі контексте кездеседі. «Кәсіптік білім беру энциклопедиясында» келтірілген анықтамасына сәйкес, «даярлау - бұл белгілі бір іс-әрекет түрімен байланысты тәжірибелік, танымдық немесе оқу жоспарының нақты міндеттерін орындау үшін оны кейіннен қолдану мақсатында әлеуметтік тәжірибені игеруге қатысты білім берудің қолданбалы міндеттеріне қатысты қолданылатын термин» [105,с. 566].

Философияда даярлау белгілі бір:

- кәсіби даярлау жүйесінің қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани даму қажеттіліктеріне, жеке тұлғаны қалыптастыру саласындағы міндеттерге байланыстылығы;

- даярлау мазмұнының, формалары мен әдістерінің педагогика ғылымы мен мектеп тәжірибесінің даму деңгейіне, педагогикалық еңбектің сипаты мен мазмұнына сәйкестігі;

- жалпы педагогикалық даярлау үдерісінде болашақ мұғалімдерді тәрбиелеу және дамыту;

- ЖОО-да педагогикалық мамандық студенттерін даярлау мақсаттары, функциялары, мазмұны, формалары мен әдістерінің өзара байланысы;

-жалпы педагогикалық білім, білік және дағды сапасының студенттердің оқу-танымдық, оқу-тәжірибелік және өздік-тәжірибелік іс-әрекетін ұйымдастырудың сипатына, мазмұнына, нысандары мен әдістеріне тәуелділігі;

- кәсіби даярлықтың мазмұны мен әдістерінің студенттердің жеке қабілеттеріне тәуелділігі сияқты заңдылықтарға негізделген объективті үдеріс ретінде қарастырылады [144,с. 173].

Болашақ педагогтерді даярлау мәселесі В.А. Сластенин [40,с. 25], П.Ф. Каптерев [134,с. 704], С.И. Архангельский [146], Ю.К. Бабанский [23,с. 192], А.И. Пискунов [35,с. 512], Н.В. Кузьмина [34,с. 119], Н.И. Бондаренко [147], М.Т. Громкова [148], А.А. Бейсенбаева [149], Ш.Т. Таубаева [27,б. 384], Н.Д. Хмель [30,б. 320], С.Ұзақбаева [150], Т.О. Каратаева [74,с. 140], С.А. Фейзулдаева [151], т.б. зерттеулерінде қарастырылған. Жоғарыда аталған ғалымдардың пікірінше кәсіби даярлық — белгілі бір мамандық бойынша табысты жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін арнайы білім, білік, дағдылардың, сапалардың, еңбек тәжірибесінің жиынтығы.

Көп авторлар (Н.И. Бондаренко [147,с. 50], М.Т. Громкова [148,с. 447], Н.В. Кузьмина [34,с. 119]) студенттерді кәсіби сапаларын қалыптастыруға даярлауды, оның ішінде әртүрлі іс-әрекет түрлеріне даярлығын өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтары бар үдеріс ретінде қарастыруға бейім. «Даярлау» термині қозғалмалы үдерісті білдіреді, оның түпкі мақсаты «даярлық» сияқты кәсіби сапаны қалыптастыру болып табылады. Кәсіби даярлық тек нәтиже ғана емес, сонымен қатар кәсіби даярлаудың мақсаты, әр адамның мүмкіндіктерін тиімді жүзеге асырудың бастапқы және негізгі шарты болып табылады. Бұл сапа ретінде де, жағдай ретінде де, қозғалмалы процесс ретінде де даярлықтың қозғалмалы сипатын көрсетеді. Мұндай бөлу кәсіби «даярлау» ұғымын талдауға және түсіндіруге мүмкіндік береді, терминолониялық мағынасы - бір нәрсеге алдын ала дайындық жүргізу, қажетті білім, дағды, қабілет қалыптастыру. Педагогикада бұл ұғым көбінесе маман даярлау, оқушыны оқуға даярлау, педагогты кәсіби қызметке даярлау сияқты контекстe қолданылады.

Ал кәсіби даярлау, педагогикалық тұрғыда, — болашақ маманның білім, білік, дағдысын қалыптастырумен қатар, құндылық бағдарын, мотивациясын, психологиялық тұрақтылығын дамыту деп түсіндіріледі [151,б. 157]. Яғни

«даярлау» ұғымы — тек білім беру емес, тұлғаны жан-жақты дамыту мен қоғамдық сұраныска сай бейімдеу үдерісі.

Жоғарыда айтылған, педагогтың шығармашылығының көрсеткіштерін және «даярлау» ұғымының мәнін ескере отырып, біз ***болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау*** - бұл оларда тұлғалық шығармашылықты дамытуға және бастауыш білім сапасын арттыруға ықпал ететін педагогикалық жаңалықтар мен сәтті тәжірибелерді, заманауи технологияларды іздеумен және жүзеге асырумен байланысты білім мен дағдылардың барлық кешенін қалыптастырудың мақсатты үдерісі деп түсінеміз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесінің қазіргі жайын келесі параграфта қарастырамыз.

## 1.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың қазіргі жайы

Қазіргі кезде кәсіби білім берудің маңызды мақсаты ретінде болашақ мамандарды дамып келе жатқан жаңа кәсіптер әлемінде еңбектенуге үйрету, сондай-ақ олардың шығармашылық, жасампаздық іс-әрекет жасауға әлеуетін дамыту мақсаты қойылып отыр. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (OECD) «Білім мен дағдылардың болашағы 2021» тақырыбындағы баяндамасында қазіргі жаһандану және жылдам прогресс тенденцияларына байланысты білім беруде «soft skills» деп аталатын «жұмсақ» дағдылар маңыздылығының өсіп келе жатқаны атап өтілді. Бұл мамандарға жаңа талаптар қояды: «бәсекеге қабілетті болу үшін қызметкерлер икемділікті, өмір бойы оқуға деген оң көзқарасты, сондай-ақ қызығушылықты қажет ететін жаңа дағдыларды үнемі игеріп отыруы керек», - деп көрсетілген [152]. Осыған орай Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ғалымдары әзірлеген Педагогикалық білім беруді дамытудың тұжырымдамасында (2024 ж.) педагогикалық білім беруді дамытудың басым бағыттарының бірі ретінде «педагогтың лидерлік қабілеттері мен басқарушылық құзыреттіліктерін күшейту (білім беру бағдарламаларының мазмұны мен іске асырылуында тек hard skills қана емес, сонымен қатар болашақ мұғалімдердің soft skills дағдыларын дамыту әдістемесі мен технологиясын оқу және оқу үдерісінен тыс іс-шаралардың бірлігі арқылы қарастыру қажет. Бұл арнайы жеке пәндерді енгізу, студенттік бастамаларды өзектендіру арқылы жүзеге асырылады)» делінген [153].

Қазіргі зерттеушілердің пікірінше, жұмсақ дағдыларды (soft skills) қалыптастыру заманауи білім беруде кәсіби-шығармашылық іс-әрекет барысында тиімді жүзеге асады [154,155]. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау олардың soft skills дағдыларын дамыту үдерісін жүзеге асыруға ықпал етеді. Ал болашақ мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде студенттердің дербес шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін жинақтауын көздейді. Шығармашылық іс-әрекет үдерісі қажетті нәтижеге жетудің жаңа жолдарын табу қабілетін дамытады, осылайша жұмсақ

дағдыларды қалыптастыру мен дамытуға серпін береді. Осы орайда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесін зерттеу және дамыту әлемде үлкен сұранысқа ие екені байқалады.

Қоғамның, еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне сәйкес келетін педагог кадрларды даярлауға және педагогтің кәсіби қасиеттеріне әлеуметтік-мемлекеттік тапсырыс базалық құжаттарда: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңында және білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарында [3,б. 5] көрсетілген.

«Білім туралы» Заңының (3-бап, п. 2) негізгі міндеттері арасында:

1) ұлттық және жалпы адамзатқа тән құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне тез бейімделуіне ықпал ететін ... технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

12) білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету» деп көрсетілген [2,б. 10].

Келесі бір құжатта, яғни «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 15 бабында берілген міндеттер келесідей көрсетіледі. Атап айтсақ: «...өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге; оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге; өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға» педагог міндетті деп беріліп отыр [3,б. 156]. Аталмыш құжатардан байқап отырғанымыздай, педагогке қойылатын талаптар біршама міндеттерді жүзеге асырудан тұратындығы негізделеді. Педагог өзінің кәсіби қызметінде түйінді құзыреттерді меңгерген, білімнің қағидаттары бойынша әрекет ететін, білім беру стандартына сай сапалы білім беретін, кәсіби шеберлігі мен педагогикалық техникасы жоғары қалыптасқан, шығармашылықты генерациялай алатын болуы қажеттігі айтылады.

Осы құжатқа сәйкес бастауыш мектеп мұғалімінің қызметтің негізгі мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленген бастауыш мектеп білім алушысын зияткер, иманды, шығармашыл тұлға ретінде дамыту және денесін шынықтыру, жобалық және зерттеу қызметін жүзеге асыру, тәлімгерлік, оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және сараптауды жүзеге асыруды қамтиды [4,б. 9].

Бастауыш мектеп мұғалімі келесі дағдыларды меңгерген болу керек:

- оқу процесін жоспарлау;
- оқу процесін ұйымдастыру;
- білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру процесі мен деңгейін бақылау;
- тәрбие қызметін жүзеге асыру;
- оқу-әдістемелік материалдарды даярлау және әзірлеу;
- кәсіби дамуды жүзеге асыру;
- өз тәжірибесіне және әріптестерінің тәжірибесіне рефлексия;
- білім беру процесін зерттеу;
- сынып ұжымымен жұмыс істеу;
- оқу-өндірістік процесін ұйымдастыру;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау және мониторингілеу;
- оқу процесін зерттеу;
- өндірістегі тағылымдама, біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау;
- оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу;
- білім алушылармен тәрбие жұмысын жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу.

Қазіргі Қазақстан қоғамының даму кезеңінде өмірдің әртүрлі салаларында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Бұл өзгерістер білім беру саласына да әсер етті. Атап айтқанда, бүгінгі таңда бастауыш сыныптар жаңа білім беру стандартына толығымен көшті және бұл үдеріс өз кезегінде бастауыш мектептегі педагогикалық үдерістің белгілі бір өзгеруіне әкелді. Ағымды жағдайда еңбек психологиясынан бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінің ерекшелігін білім беру кеңістігінің жаңа шындықтарын ескере отырып қарастыруды талап етіледі, өйткені бұл саладағы өзгерістер бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби саласының көптеген компоненттеріне, ең алдымен бастауыш сынып мұғалімі іс-әрекетінің мақсатына, жүзеге асыру жағдайларына әсер етті.

Қазіргі жағдайда білім беру білімді жай ғана жеткізу мен бекіту үдерісі бола алмайды, ол жеке тұлғаны дамытуға бағытталуы керек. Ең бастысы - оқу үдерісінің соңғы нәтижесі болу керек. Мәселен, жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Дескрипторлар студенттердің мынадай қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін:

1) осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету;

2) кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселелерді шешу; ...

4) оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану» және т.б. көрсетіледі [156,157].

Ал бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру мақсаты: мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін

меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу;

2) сын тұрғысынан ойлау;

3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу» және т.б. [77,б. 19].

«Білім туралы» Заңының 16-бабында (п. 1) «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған» деп белгіленген.

Осы құжаттардағы білім беру мақсат-міндеттерді талдай отырып, мұғалімнің іс-әрекетінің мақсаты оқушыға тек білім беру ғана емес, сонымен бірге білім алушыда танымның әмбебап әрекеттерін қалыптастыру арқылы оның тұлғасын дамыту деп айтуға болады. Мұғалім іс-әрекетінің жаңа мақсаттары осы іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа жағдайларына байланысты болады. «Психология труда: теория и практика» атты еңбегінде Н.С. Пряжников: жағдайлар еңбек іс-әрекетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және еңбек мазмұны, оның тиімділігі, еңбекке қанағаттану көбінесе сол жағдайларға байланысты болады - деп жазған [158].

«Іс-әрекет жағдайлары» терминін А.С. Поляков сыртқы және ішкі ортаның өзара байланысты факторларының әсерінен қалыптасатын және іс-әрекет субъектісіне де, еңбек үдерісінің тиімділігіне де әсер ететін кәсіби іс-әрекеттің маңызды элементі ретінде анықтайды [159].

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекеті жағдайының өзгеруіне себеп болған негізгі фактор әлеуметтік-экономикалық фактор болып табылады. Бұл өз кезегінде мұғалім іс-әрекетінің нормативтік-құқықтық негізінің өзгеруіне әсер етті. Осылайша, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда бастауыш сынып мұғалімі оқушыларда әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастыру арқылы нәтижелерге бағдарлануы және мектебінде қабылданған тиімділік көрсеткіштерін жақсартуға ұмтылуы керек.

Педагог іс-әрекетінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларының өзгеруі әлеуметтік-психологиялық жағдайлардың өзгеруіне себеп болды. Әлеуметтік-психологиялық жағдайларына мұғалім мен оқушының сабақтағы да, сабақтан тыс уақыттағы да қарым-қатынасы жатады. Бұл өзгерістер мұғалімнің әлеуметтік-экономикалық жағдайының өзгеруінен ғана емес, бүкіл қоғамның, мысалы, оқушылардың құндылық бағдарларының өзгеруінен де туындайды. «Соңғы он жыл ішінде оқушылардың құндылық бағдарлары прагматизмге, утилитаризмге, қалай да болса жеке жетістікке жетуге қарай өзгеруде; оқушылардың шамадан тыс нәтижелерді күтуі мен өзін-өзі жоғары бағалауы да қауіп төндіреді» - деп жазады Е.В. Пискунова [160]. Тағы бір жағынан, стандарттың талаптары бойынша сабақта қарым-қатынасты жаңаша құру қажет. Сабақтар ынтымақтастық пен өзара сыйластық принципіне негізделуі керек,

басқаша айтқанда, білім беру үдерісі субъект-субъектік түрде құрылуы керек. Бұл өзгерістердің барлығы мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жағдайына әсер етпей қоймады.

Өзгеріске ұшыраған жағдайлардың келесі элементі - психофизиологиялық жағдайлар, бірақ ол шамалы ғана өзгерді. Психофизиологиялық жағдайлардың жауапкершілік, жайлылық, қауіпсіздік сияқты компоненттері бұрынғы деңгейде қалды. Жаңа стандарт ол параметрлерге айтарлықтай талаптар қоймады. Ал сабақ уақытында мұғалімнің жағдайына жаңа талаптар туындады. Біріншіден, бастауыш сынып мұғалімдері жалпы білім беру үдерісінің және жеке сабақтың мақсаттары мен міндеттерін нақты түсініп, оқушыларды қандай әмбебап әрекеттерді қалыптастыру керектігін түйсінуі керек. Екіншіден, мұғалім сабақты іс-әрекет түрлерін жиі ауыстырып, ынтымақтастыққа бағытталып, белсенді әдіс-тәсілдерді пайдаланып өткізуі керек.

Ортаға байланысты жағдайдың тағы бір маңызды элементі - технологиялық. Педагог іс-әрекетінің әлеуметтік жағдайындағы өзгерістер бастауыш сынып мұғалімінің жұмыс тәсілдері мен құралдарына да әсер етті. Атап өтетін бірінші өзгеріс – бұл оқу үдерісін ұйымдастыру принциптері. Заманауи мектеп мұғалімдері МЖМБС талаптарына сәйкес оқушылардың жеке ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту бағдарламаларын, оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін әзірлеуі тиіс. Екінші өзгеріс - оқытуда өмірлік маңызды мәселелерді шешуді қарастыру. Бастауыш білім беру стандартында оқу мақсаттары мен оқытудың күтілетін нәтижелері иерархиялық тәртіпте орналасқан (Б. Блум таксономиясы бойынша). Білім беру үдерісі оқушылардың оқу материалын игеру үшін жекелеген саты немесе деңгейлерден өтуге бағытталған. Оқыту мазмұны, сайып келгенде, шығармашылыққа, шешім қабылдауға және өз көзқарасын қорғауға үйретуге бағытталған [77,б. 19]. Әр саты белгілі бір оқу мақсаты мен осы мақсатқа жетуге қажетті нақты әрекеттерді қамтиды. Барлық оқу мақсаттары иерархиялық тәртіпте орналасқан, яғни оларды қарапайымнан күрделіге қарай дәйекті түрде игеру керек. Мұндай көзқарас мақсаттарға жету арқылы нәтижелерді бақылауға көмектеседі және оқытуды белгілі бір міндеттерді кезегімен шешуге бағытталған үдеріске айналдырады.

Сондай-ақ, жаңа стандарттарда мұғалімнің оқушылармен сабақтан тыс жұмысына да көңіл бөлінеді. Бұл бастауыш сынып оқушысында қалыптасуы керек кейбір әмбебап оқу әрекеттерін сабақтан тыс уақытта қалыптастыруға болатындығына байланысты. Бастауыш сынып мұғалімі сыныптан тыс сабақтардың формалары мен әдістерін, оқушылардың тұлғасын қалай дамытуды ойластыруы керек [77,б. 19]. Технологиялық жағдайлардағы тағы бір маңызды өзгеріс - білім беруді цифрландыру және оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды міндетті түрде пайдалану. Қазіргі уақытта техника мен ақпараттық технологиялар бірінші орынға шығып отыр, сондықтан, қазіргі адамның дамуына бағытталған оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды (компьютер, интерактивті тақта, Интернет және

т.б.) қолданбау мүмкін емес. Қазіргі мұғалім бұл технологияларды өз жұмысында міндетті түрде қолдануы керек.

Сонымен, қазіргі мектептегі оқу ерекшеліктері көбінесе өмірдің жаңа талаптарына байланысты, яғни ақпараттың көлемінің өсуімен, оқу бағдарламаларының, оқулықтардың жаңаруымен және күрделенуімен анықталады. Оқу жағдайының мұндай күрделенуі кезінде бастауыш сынып оқушысы жоғары жүктемелерге ұшырайды. Сондықтан балалардың денсаулығына зиян келтірмей, олардың оқуға деген қызығушылығын және өз күштеріне сенімдерін жоғалтпай оқыту үшін мұғалімнің оқу-тәрбие үдерісін шығармашылық тұрғыдан ұйымдастыруы маңызды.

Бұлар ортаға байланысты жағдайлардың негізгі өзгерістері. Әрине, олар мұғалімнің субъективті (ішкі) жағдайларына әсер етпей қоймады. Субъективті жағдайлар екі - психикалық және психикалық емес жағдайлардан тұрады [159,с. 77]. Ең аз өзгеретін психикалық емес жағдайлар: жынысты, жасты, дене бітімін кез-келген сыртқы әсер өзгерте алмайды.

Әлеуметтік және материалдық жағдайлардағы өзгерістер субъективті жағдайлардың психикалық элементтеріне әсер етеді. Мысалы, бастауыш сынып мұғалімінің білім, білігін, сапаларын жаңа жағдайлар мен талаптарға сәйкес құзыреттілік көзқарас тұрғысынан бағалау керек. Яғни психикалық жағдайларды талдау кезінде бірінші орынға мұғалімнің құзыреттері қойылады.

Қорыта келе, бастауыш сынып мұғалімдерінің қазіргі іс-әрекет жағдайлары осыдан 10-15 жыл бұрынғыға қарағанда айтарлықтай өзгерген деп айтуға болады. Бүгінгі мектепте мұғалімнің іс-әрекеті білім берудің жаңа принциптеріне: нәтижеге бағдарлау, құзыреттілік тәсіл, субъект-субъектілік қатынастар, іс-әрекеттің тиімділігі, контекстік оқытуға сәйкес жүзеге асырылады.

Сондықтан педагогикалық кадрларды даярлаудың жаңа тәсілдерін іздеуді және іске асыруда қоғам мұғалімнің жеке басына, оның кәсіби-шығармашылық даярлық деңгейіне жоғары талаптар қояды [161]. Жоғарыда (п. 1.1) айтылғандай болашақ мұғалімдерді даярлаудың теориялық және әдіснамалық негіздері (С.И. Архангельский [146,с. 10], Ю.К. Бабанский [23,с. 192], В.В. Краевский [130,с. 180], Ю.Н. Кулюткин [46,с. 192], В.А. Сластенин [40,с. 25], Н.В.Кузьмина [34,с. 119] т.б.), болашақ мұғалімдерді даярлаудағы әдіснамалық көзқарастар мен кәсібилікті қалыптастыру мәселелері (В.В. Краевский [130,с. 180], Ю.Н. Кулюткин [46,с. 192], В.А. Сластенин [40,с. 25], Н.Д. Хмель [30,б. 320], К.М. Кертаева [162], М.Н. Сарыбеков [32,с. 504], М.З. Джанбубекова [54,с. 287] т.б.), болашақ мұғалімдерді педагогикалық шығармашылыққа даярлау мәселелері (Г.В. Абросимова [163], Л.Н Абдуллина, [164], М.А. Дадобоева [165], Б.А. Тұрғынбаева [43,б. 200], С.Н. Жиенбаева [166] және т.б.); С.Н. Усова [68,с. 188], Е.К. Строкова [69,с. 211], Д.З. Рахманова [70,с. 114], Е.Л.Рукавишникова [71,с. 215], С.П. Русское [104,с. 221], А.Ж. Құрақбаева [167], Т.О. Каратаева [74,с. 140], А.Б. Тасова [168], К.Т. Ыбраимжанов [161,б. 13] және т.б.) көптеген ғалымдардың еңбектерінде айтарлықтай ашылған. Сонымен қатар бұл жұмыстарда болашақ бастауыш

сынып мұғалімдерін даярлауда педагогикадағы заманауи талаптар мен өзгерістерге, жоғары оқу орындарында шығармашылықты бағалау әдістеріне және практикалық іске асыруға, шығармашылық іс-әрекетке пәндер арасындағы байланыс арқылы даярлауға, болашақ мұғалімдерге бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарының бірі ретінде мәдени-ұлттық кодтарды қолдануға үйретуге, мұғалімнің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін диагностикалау және сараптаудың ғылыми негізделген әдістемелері сияқты мәселелерге назардың жеткіліксіздігі байқалады.

Жүргізген эмпирикалық зерттеуге қатысқан «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының студенттері (>87%) мен түлектері (>86%) көбінесе шығармашылық психологиясы мен теориясы, шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру салаларында білімдерінің жетіспеушілігін сезінетінін, әлі де жетілдіру қажет ететінін көрсетті (п. 3.1). Мұндай олқылықтардың салдарынан олар мектепте кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыра алмауы мүмкін.Педагог кадрларды даярлау жоғары педагогикалық білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру бағдарламаларын іске асыру арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Білім беру бағдарламасы - оқу орнының Жарғысымен бірге лицензиялау, сертификаттау, білім алушылардың қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес білім беру қызметтерін енгізу үшін негіз болатын нормативтік-басқару құжат. I. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде болашақ педагогтерді тәжірибеге бағдарлап оқытуды күшейту бойынша мақсатты жұмыс жүргізілуде.

Болашақ мұғалімдерді шығармашылық іс-әрекетке даярлауда психологиялық-педагогикалық пәндер маңызды рөл атқарады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесін зерттеу мақсатында біз I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 6В01301 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 6В01303 – «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен» бастауыш білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың қамтамасыз етілуін талдадық (кесте 5).

Кесте 5 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың білім беру бағдарламарындағы белгіленген оқу нәтижелері

| I. Жансүгіров атындағы ЖУ | Абай атындағы ҚазҰПУ |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері (ОН) | |
| 6В01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» | 6В01303 – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен бастауыш білім беру |

5– кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| 1. Қазақстандық қоғамның әлеуметтік, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық стандарттарына сәйкес дүниетанымдық, тарихи және адамгершілікте даму үшін пәнаралық білім мен тәжірибені қолданады.<br>2. Тұлғааралық, әлеуметтік, кәсіби және ғылыми-зерттеу іс-әрекеті деңгейінде қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде конструктивті қарым-қатынас жасауға және өзара әрекеттесуге қабілетті болады.<br>3. Жұмыс ортасын ұйымдастыра алады, саналы түрде халықаралық және ұлттық құжаттарға, ұлттық білім беру жүйесінің қағидаларына, заңдарына және ережелеріне сәйкес өз ұйымының қызметімен және көпсалалы ынтымақтастықпен өзара байланыста жұмыс жасауға қабілетті болады.<br>4. Кәсіби дамуға және өмір бойы білім алуға; өз құндылықтарын, көзқарастарын, этикалық принциптерін, жұмыс әдістерін көрсетуге, ойластыруға және сыни тұрғыдан бағалауға, сондай-ақ тұрақты даму мүддесінде бастауыш білім беруді, өз ұйымының және кәсіби әл-ауқатының дамуын жетілдірудің жаңа мақсаттарын қоюға қабілетті болады.<br>5. Педагогика мен психологиядан алған білімдерін тұлғалық-бағдарлы, құзыреттілік, инклюзивті тәсілдер қағидаттарын ескере отырып, бастауыш мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу, дамыту, өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру үшін қолдана алады.<br>6. Барлық балалар, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қауіпсіз, кедергісіз заттық-кеңістіктік ортаны жобалауға қабілетті болады<br>7. Бастауыш мектеп пәндерінің теориясында дүниетанымға, хабардарлыққа, 1-4 сыныптарға арналған мектеп курсын құру логикасына байланысты кәсіби білімдерін қолданады.<br>8. Бастауыш мектепте оффлайн және онлайн режимінде, соның ішінде шағын жинақталған мектеп жағдайында жеке пәндерді оқыту және бағалау технологиясы мен әдістері бойынша дағдыларды | 1 Құқықтық және экологиялық білімді пайдаланады, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесіне олардың біртұтастығын көрсетеді; академиялық адалдық мәдениеті мен қағидаларын түсіне отырып сақтайды.<br>2 Білімін қазіргі заманғы лингвистика саласындағы теориялық негіздер мен ережелер тәжірибесінде қолданады, мақсатты тілдерде қарым-қатынас жасайды: қазақша Т1, орысша Т2, ағылшынша Т3, лингвистикалық мәдениет.<br>3. Психикалық, психофизиологиялық дамудың жалпы, спецификалық және жеке сипаттамаларын және инклюзивті білім беру құндылығын есепке алу құралдарын қолдана біледі.<br>4. Салауатты өмір салты технологиясын қолданады, студенттерді психологиялық қолдау негіздерін біледі, мәдени қажеттіліктерді жүзеге асыру үшін орындаушылық, вокалды-хор, көркем әрекет, эстетикалық, рухани сапалар негіздерін игереді<br>5. Кәсіпкерлік идеяны іске асыру формаларын қолданады: бизнес-жоспар және техникалық-экономикалық негіздеме; іскерлік шешімдер қабылдау үшін қажетті тез өзгеретін экономикалық ақпараттың рөлін түсінеді.<br>6. Оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі теорияларын қолданады, оқушылардың субъективтілігін, коммуникативтілігін, адамгершілік пен толеранттылықты, ынтымақтастық және сыни ойлау қабілетін дамыту үшін оқыту мен тәрбиелеуде әдіснамалық тәсілдемелерді қолданады; зерттеу әрекеті мен академиялық жазудың қолданбалы әдістерін көрсетеді.<br>7. Білім беру процесінде жас ерекшеліктеріне сәйкес әр түрлі іс-әрекеттерді, заманауи цифрлық, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды ұйымдастыру амалдарын қолданады.<br>8. Бастауыш мектеп пәндерінің мәнін, олардың теориялық, әдіснамалық және әдістемелік негіздерін бағалайды; оқушының жетістіктерін критериалды |

5– кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| көрсетеді.<br>9. Әр оқушының дамуы мен әл-ауқатына қолдау көрсете отырып, функционалдық сауаттылықты, зерттеу дағдыларын және шығармашылықты дамыту үшін белсенді және интеграцияланған оқытуды үлгілеуге және ұйымдастыруға қабілетті болады.<br>10. Ұлттық және аймақтық ерекшеліктер негізінде оқу-тәрбие үдерісін басқара алады, оқу үдерісінің мониторингісін жүргізуге, өзінің оқыту әрекетін жақсарту үшін оның нәтижелерін талдауға және қолдануға қабілетті болады.<br>11. Педагогикалық әдеп нормалары мен академиялық адалдық принциптерін сақтай отырып, жергілікті, аймақтық, республикалық немесе халықаралық деңгейде бастауыш білім беру саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын өз бетінше және ұжымда жүргізуге қабілетті болады.<br>12. Ата-аналармен және педагогикалық қауымдастықпен ынтымақтастықта бірлесіп жасалатын жұмыс аясында жағымды ортаны құру үшін эмоционалдық интеллект пен көшбасшылық дағдыларды дамытуға қабілетті болады. | бағалауды қолданады.<br>9. Оқу-тәрбие процесінің мазмұнын талдай алады, барлық субьектілердің әрекетін бағалай алады, заманауи әдістерді, оқыту технологияларын жобалайды, таңдайды және қолданады, бастауыш сынып пәндері бойынша оқу сабақтарын жоспарлайды және жүргізеді, кері байланыс алудың әдістері мен құралдарын игереді, рефлексия әдістері мен тәсілдерін қолданады; жобаны басқарудың теориялық негіздері мен базалық тұжырымдамалары туралы білімді меңгереді.<br>10. Теориялық білімді практикада қолданады, практикалық қызмет саласында педагогикалық шеберлік пен зерттеу дағдыларын дамытады; бастауыш білім беру АТ-өнімдерін жасауға қабілетті; әрі қарай оқуды өз бетінше жалғастыру дағдыларын меңгерген.<br>11. Пихологиялық-педагогикалық зерттеу әдістерін модульдейді, өнімді жасау үшін гипотезаны, құбылысты немесе оқиғаны жүйелі түрде түсіндіру үшін әртүрлі дереккөздерден ақпаратты талдайды, жинақтайды, шығармашылықпен түрлендіреді |

Яғни 6В01303 - Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен бастауыш білім беру бағдарламасында аталмыш мәселе тек мына нұсқада қарастырылған: «Оқыту нәтижелері» модулінде «ОН 11 - психологиялық-педагогикалық зерттеу әдістерін модулдейді, өнімді жасау үшін гипотезаны, құбылысты немесе оқиғаны жүйелі түрде түсіндіру үшін әртүрлі дереккөздерден ақпаратты талдайды, жинақтайды, шығармашылықпен түрлендіреді» делінген. Бұл жерден студенттердің оқу материалын шығармашылықпен түрлендіру біліктерін қалыптастыруға ғана назар аударылып, тұтастай алғанда кәсіби іс-әрекетке шығармашылық көзқарас қалыптастыру назардан тыс қалғанын байқаймыз. Демек, студенттердің кәсіби-шығармашылыққа бағыттылығын қалыптастыру мәселесіне жеткілікті назар аударылмағанын байқаймыз.

Зерттеу мәселемізге байланысты әрі қарай І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 6В01301 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 6В01303 – «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен» бастауыш білім беру

бағдарламалары бойынша студенттерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың психологиялық-педагогикалық пәндер мазмұнында қамтамасыз етілуін талдау мақсатында сол пәндер тізімін анықтадық (кесте 6).

Кесте 6 - Психологиялық-педагогикалық пәндер

| І.Жансүгіров атындағы ЖУ | Абай атындағы ҚазҰПУ |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Білім беру бағдарламасының атауы | |
| 6В01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» | 6В01303 – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен бастауыш білім беру |
| 1 | 2 |
| Білім беру бағдарламасының мақсаты | |
| Оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологияларын қолдана отырып, жүйелендірілген теориялық және практикалық білімді пайдаланып, өзінің кәсіби қызметінің нәтижелеріне жауап бере алатын, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, психологиялық-педагогикалық қызметті модельдеуге қабілетті бастауыш оқыту саласындағы білікті мамандарды даярлау | Бастауыш білім беру деңгейіне арналған педагогикалық кадрларды психологиялық және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, білім беру қызметін жүзеге асыру барысында өз мүмкіндіктерін іске асыруға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттерді меңгерген мамандар ретінде даярлау. |
| Пәндердің атауы | |
| Педагогика | Бастауыш мектеп педагогикасы |
| Психология | Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу |
| Бастауыш білім берудегі қазіргі педагогикалық технологиялар | Бастауыш сынып оқушыларының психологиясы |
| ТК 2.2.<br>1) Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту<br>2) Бастауыш мектептегі оқу пәндерінен сыныптан тыс жұмыстардың теориясы мен практикасы | Критериалды бағалау технологиялары |
| Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі | Инклюзивті білім беру |
| ТК 2.7<br>1) Ғылыми және педагогикалық зерттеулерді жобалау<br>Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі | |

Біз студенттерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мазмұнын қамтитын бірқатар психологиялық-педагогикалық пәндердің мазмұнын талдауды жүргіздік (кесте 7).

Кесте 7 - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «6В01303 - Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен» бастауыш білім

беру бағдарламасы бойынша психологиялық-педагогикалық пәндердің мақсаттары мен оқу нәтижелері

| 6B01303 - Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен бастауыш білім беру бағдарламасы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің | | |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Пәндердің атауы | Мақсаттары | Оқу нәтижелері |
| Бастауыш мектеп педагогикасы | Бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асырудағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру | Оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі теорияларын қолданады, оқушылардың субъективтілігін, коммуникативтілігін, адамгершілік пен толеранттылықты, ынтымақтастық және сыни ойлау қабілетін дамыту үшін оқыту мен тәрбиелеуде әдіснамалық тәсілдемелерді қолданады; зерттеу әрекеті мен академиялық жазудың қолданбалы әдістерін көрсетеді |
| Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу | Болашақ бастауыш сынып педагогтерін оқушыларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеудің теориялық және әдіснамалық негіздерімен қаруландыру. | Оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі теорияларын қолданады, оқушылардың субъективтілігін, коммуникативтілігін, адамгершілік пен толеранттылықты, ынтымақтастық және сыни ойлау қабілетін дамыту үшін оқыту мен тәрбиелеуде әдіснамалық тәсілдемелерді қолданады; зерттеу әрекеті мен академиялық жазудың қолданбалы әдістерін көрсетеді |
| Бастауыш сынып оқушыларының психологиясы | Кіші мектеп жасындағы оқушылар психологиясының базалық білімімен таныстыру | Психикалық, психофизиологиялық дамудың жалпы, спецификалық және жеке сипаттамаларын және инклюзивті білім беру құндылығын есепке алу құралдарын қолдана біледі |
| Критериалды бағалау технологиялары | Критериалды бағалау жүйесін тиімді игеруге және енгізуге ықпал ету | Бастауыш мектеп пәндерінің мәнін, олардың теориялық, әдіснамалық және әдістемелік негіздерін бағалайды; оқушының жетістіктерін критериалды бағалауды қолданады |
| Инклюзивті білім беру | Студенттерді инклюзивті және интеграцияланған оқыту теориясының негізгі ережелерімен, тұжырымдамалық аппаратпен, ғылыми және әдіснамалық ережелермен таныстыру, модельдеу сызбаларын бөліп көрсету, жалпы және арнайы білім берудің маңызды әлеуметтік-мәдени құбылысы ретінде интеграцияланған оқыту туралы түсінік беру. | Психикалық, психофизиологиялық дамудың жалпы, спецификалық және жеке сипаттамаларын және инклюзивті білім беру құндылығын есепке алу құралдарын қолдана біледі |

Алайда, аталмыш пәндердің мақсаттары мен оқыту нәтижелеріне назар аударсақ, кәсіби-шығармашылық іс-әрекет мәселесі қарастырылмағанын (кесте 6) көреміз.

Ал, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 6В01301 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламаласындағы кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлығын қамтамасыз етілуіне мүмкіндік беретін пәндердің мақсаттары мен оқу нәтижелері 8 –кестеге көрсетілген.

Кесте 8 - І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 6В01301 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша психологиялық-педагогикалық пәндердің мақсаттары мен оқу нәтижелері

| 6В01301 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы І.Жансүгіров атындағы ЖУ | | |
|---|---|---|
| Пәндердің атауы | Мақсаттары | Оқу нәтижелері |
| 1 | 2 | 3 |
| Педагогика | Жаңартылған білім беру мазмұны аясында орта білім беру жүйесіндегі оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын қарастыру, педагогика мен психологияның іргелі білім таныту; қашықтықтан, аралас және дәстүрлі оқытудың теориялық түсініктерін қалыптастыру | 1. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында орта білім беру жүйесіндегі оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын қарастыру:<br>2. Педагогикалық үрдісті ғылыми талдау;<br>3. Болжау, жоспарлау және басқару әдістерін зерттеу;<br>4. Балалар мен жасөспірімдердің өсуі және дамуындағы жас ерекшеліктерінің жалпы заңдылықтарын, олардың физиологиялық ерекшеліктерін қарастыру;<br>5. Инклюзивті білім берудің теориялық негіздерін, инклюзияның тарихи аспектілерін, инклюзивті білім беру моделін қарастыру;<br>6. Орта білім беру мекемелеріндегі тәрбие үрдісін ұйымдастыру;<br>7. Отбасының рөлі туралы түсінік қалыптастыру, отбасылық педагогиканың теориялық негіздерін білу, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың ата-аналарымен кешенді өзара қарым-қатынасты жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыру |
| Психология | Білім алушылардың психологиялық дүниетанымы мен көзқарастарын кеңейту және психологиялық таным бойынша білімдерін тереңдету. | 1.Білім беру процесінің субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру кезінде педагогика мен психологияның іргелі білім таныту.<br>2. Білім беру мекемелерінде отбасының көмегімен оқу-тәрбие жұмысын жүзеге асыру; |

8– кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | Білім саласында психика дамуының механизімдері мен заңдылықтарын білу, сондай-ақ қоғамның басқа да түрлі салаларында жұмыс атқаратын психологиялық практикалық іс-әрекетінің негізі болып табылады. | 3. Отбасының диагностикасын жүзеге асырып, оның дамуына болжам жасау;<br>4. Отбасы тәрбиесінің мақсаты мен міндеттерін жүйеге келтіру, оларға тән адекваттық іс-әрекетті, әдістерді, формаларды таңдау;<br>5. Жаңашыл отбасында кездесетін қиыншылықтарды түсіну, отбасы тәрбиесіндегі қатерлерін және олардың шешу жолдарын табу;<br>6. Отбасының тұлғалық қасиетіне ықпалы мен мінезіне талдау жасау;<br>7. Педагогикалық жағдаяттарды түсіну және шешу;<br>8. Мектеп пен отбасының бірлесе әрекетін жоспарлау. |
| Бастауыш білім берудегі қазіргі педагогикалық технологиялар | Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қазіргі педагогикалық технологиялар жөнінде білім беру. | 1. Жалпы бастауыш білім беру саласындағы білімдерді меңгеру, оқу үрдісінде білім сапасын арттыру мақсатында қазіргі педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану.<br>2. Ақпараттарды басқару дағдылары мен біліктерінің болуы, озық педагогикалық технологияларды пайдаланып, талдау және синтез негізінде кешенді мониторингті жүзеге асыру, зерттеу мәдениетін жетілдіруге ұмтылу |
| Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту | Студенттерге бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытудың теориялық негізідерін, психологиялық-педагогикалық шарттарын және әдістемесін меңгерту | 1. қарастырылып отырған пән мәтінінде базалық психологиялық-педагогикалық ұғымдар, категориялар және қағидаларды білуі тиіс;<br>2. қабілет түрлері және оның ғылымда алатын орнын білуі тиіс;<br>3. зияткерлік және шығармашылық қабілеттерді қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздерін білуі тиіс;<br>4. оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту технологиясының теориялық негіздерін білуі тиіс; |

8– кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | | 5. бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарын білуі және қолдана алуы тиіс;<br>оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту технологиясын жобалау және жүзеге асыра білуі тиіс. |
| Бастауыш мектептегі оқу пәндерінен сыныптан тыс жұмыстардың теориясы мен практикасы | Бастауыш мектептің оқу пәндері бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру түрлері мен тәсілдері туралы түсініктерді қалыптастыру бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызметін жандандыру құралдары | 1. Ғылыми-көпшілік және әдістемелік әдебиеттерді таңдау және талдай біледі;<br>2. Бастауыш сыныптарда сыныптан тыс жұмыстың озық тәжірибесін біледі;<br>3. Болашақ педагогикалық қызметке құндылық қатынасын меңгерген;<br>4. Меңгерілген әдісті, қабылдауды дұрыс қолдануды көрсетеді;<br>5. Тапсырманы орындаудың орынды кезектілігін таңдауды біледі;<br>6. Бастауыш білім беру педагогикасын, бастауыш мектеп оқушыларының психологиясын біледі;<br>7. Оқу-тәрбие процесін жобалау және ұйымдастыру негіздерін біледі;<br>8. Оқу-тәрбие процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін заманауи әдістемелер мен технологияларды, соның ішінде ақпараттық технологияларды қолданады. |
| Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі | Білімгерлердің мәдени тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, тәрбие процесінің негіздерін және тәрбиелік іс-әрекетінің әдістемесі мен технологиясын танып білуде болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру | 1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартын және оқу бағдарламаларын, кәсіптік міндеттерді шешуде бастауыш мектептің оқу пәндерін оқытудың теориялық негіздері мен әдістемесін түсінеді.<br>2. Тәрбиенің бағыттары мен мінездемесінің мәнін ұғынады;<br>3. Әртүрлі тәрбиенің моделін ұйымдастырудың мақсаты мен принціптері жағдайын ұйымдастырады;<br>4. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың әдістемесін меңгереді;<br>5. Бастауыш мектептерде тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың жолдарын біледі;<br>6. Тәрбие принціпі, әдістері, педагогикасының әдістері жайлы түсінігі, мәдени іс шаралар сценариін құру жайлы ұғымдарын, мерекелік іс-шараларды ұйымдастырудың әдістемелік талаптарын |

8– кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | | біледі,<br>7. Дарынды және қабілетті балаларға қолдау көрсетеді, тәрбие бағыттарына қарай тәрбие сабақтарының жоспарын құра алады. |
| Ғылыми және педагогикалық зерттеулерді жобалау | Білім беру жүйесінің дамуы жағдайында ғылыми және педагогикалық зерттеулерді жобалаудың пайда болуы мен дамуының алғы шарттары, маңызды сипаттамалары мен ерекшеліктері туралы теориялық идеялардың тұтас жүйесін қалыптастыру . | 1. Білім беру мен жалпы кәсіптік ғылымның дамуының негізгі бағыттары мен болашағын, педагогика ғылымындағы зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерін бағалай білу;<br>2. Бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарты мен білім беру бағдарламаларын, кәсіптік міндеттерді шешу кезінде бастауыш сынып пәндерін оқытудың теориялық негіздері мен әдістемесін түсіну;<br>3. Ақпараттық технологияның озық жетістіктеріне негізделген білімді пайдалану, ақпаратты жинау, сақтау және өңдеудің компьютерлік әдістерін меңгеру;<br>4. Жалпы білім беретін пәндер саласында жеткілікті ойлау қабілеті болуы және кәсіби қызметте шешім қабылдау кезінде оларды есепке ала білу;<br>5. Бастауыш білім беру саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ұсынудың түрлері мен нұсқаларын білу және бастауыш білім беру саласындағы жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістерін меңгеру;<br>6. Кіші мектеп оқушыларының оқу үрдісінің ерекшеліктерін, кіші мектеп оқушыларының жұмысын бақылаудың барлық түрлерін есепке алу , өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасау, оқу-тәрбие процесінің нәтижелерін мақсатқа сәйкес талдау;<br>7. Бастауыш мектепте оқытылатын пәндерді тану әдістемесін өзгерте білу, оқушыларды өз бетінше білім алуға бағыттау;<br>8. Зерттеу жоспарын құрыңыз, ұйымдастырушылық қабілетін, теориялық дереккөздерін, |

8– кестенің жалғасы

| 2 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | | әдебиеттермен және басқа ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерін талдаңыз. |
| Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі | Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық және әдістемелік негіздерімен танысу, ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын меңгеру. | 1. Білім беруді және жалпы кәсіптік ғылымды дамытудың негізгі бағыттары мен перспективаларына, педагогикалық ғылымды зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістеріне баға береді. Оқу-тәрбие процесінде педагогикалық технологиялар туралы алған білімін қолданады;<br>2. Бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартын және оқу бағдарламаларын, кәсіптік міндеттерді шешуде бастауыш мектептің оқу пәндерін оқытудың теориялық негіздері мен әдістемесін түсінеді;<br>3. Ақпараттық технологиялардың озық жетістіктеріне негізделген білімді пайдаланады, ақпаратты жинау, сақтау және өңдеудің компьютерлік әдістерін меңгерген;<br>4. Жалпы білім беру пәндері саласында жеткілікті ой-өрісі бар және кәсіби қызметте шешім қабылдау кезінде оларды ескеруге қабілетті;<br>5. Бастауыш білім білім беру саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін көрсету түрлері мен нұсқаларын біледі және бастауыш білім беру саласындағы жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістерін меңгереді;<br>6. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту процесінің ерекшеліктерін ескереді, бастауыш сынып оқушыларының жұмысын бақылаудың барлық түрлерін жүзеге асырады, өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай жасайды, оқыту процесінің нәтижелерін мақсатқа сай талдайды;<br>7. Бастауыш мектепте оқытылатын пәндерді тану әдістемесін өзгертуге қабілетті, оқушыларды өз бетінше білім алуға бағыттайды;<br>8. Зерттеу жоспарын жасау, ұйымдастыру дағдысын, теориялық дереккөздер, әдебиетпен және басқа да ақпараттық ресурстармен жұмыс жасау әдістеріне талдау жасайды. |

Бастауыш білім беру педагогтерін даярлау бойынша жоғары оқу орындарында ұсынылған «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламалары мен олардың модульдерін (8-кесте) талдау барысында жаңа жағдайларда кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау жеткілікті түрде ескерілмегені анықталды. Базалық пәндер циклындағы міндетті пәндер және болашақ мұғалімді даярлауға қолайлы жағдай жасайтын элективті курстарды оқу болашақ мұғалімдерге өз педагогикалық қызметінде педагогикалық технологиялардың түрлерін пайдалану, тұлғааралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіптік) қарым-қатынас міндеттерін шешуге мүмкіндік береді. Алайда, педагогикалық шығармашылықты жүзеге асырудың аспектілеріне жеткілікті назар аударылмаған. Демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесіне арналған сұрақтар жоқтың қасы, тек «Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту» пәні бойынша оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытудың теориялық негіздері мен әдістемесін меңгерту көзделген. Осыған байланысты жоғары оқу орындарының қолданыстағы білім беру бағдарламалары түлектерді – болашақ мұғалімдерді даярлауда белгілі бір қиындықтар туғызады.

Сонымен қатар қазіргі мұғалімдердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің ұйымдастырылуына көзқарасын, бағалауын айқындау мақсатында, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті іске асыруға даярлығының деңгейін анықтауға деректер алуға мүмкіндік беретін сауалнама нәтижелері педагогтердің кәсіби-шығышығармашылық саласында өз білім, біліктерін кеңейтуге мүдделілігін, оларды даярлауға айрықша мән беру керектігі, қазіргі заманғы мұғалімге өзінің кәсіби-шығармашылық әлеуетін жан-жақты арттыру қажеттілігін көрсетті (п. 3.1.).

Нормативтік бағдарламаларды, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау, бастауыш сынып мұғалімдерімен жүргіген сауалнаманың нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың қазіргі жайын және әлі де шешуді қажет ететін мәселелер бар екенін көрсетті.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесінің қазіргі жағдайын қарастыруда келесі тұрақты тәуелділіктер анықталды:

- болашақ мұғалімді кәсіби даярлаудың нәтижелілігінің әлеуметтік басымдықтарға тәуелділігі. Әлеуметтік басымдықтарға сәйкес қазіргі қоғамға белсенді, бастамашыл, іскер, шығармашылыққа қабілетті тұлғалар қажет;
- болашақ мұғалімнің тұлғалық-шығармашылық дамуының олардың болашақ әлеуеттік мүмкіндіктеріне тәуелділігі;
- кәсіби педагогикалық білім мазмұнының қоғам өмірінің нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, мәселеге әртүрлі көзқарастардың болуына тәуелділігі;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау тиімділігінің психологиялық тетіктер мен педагогикалық технологияларды ғылыми негіздеп пайдаланумен байланыстылығы.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың қазіргі жайын талдай келе, біз төмендегідей алғышарттарды анықтадық:

- әлеуметтік-экономикалық алғышарттар, яғни мемлекеттің білім беру саясатына әсер ететін қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдай кәсіби тұрғыдан шығармашыл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың қажеттілігін туғызады;

- педагогикалық алғышарттар, яғни кәсіби шығармашыл мамандардың көмегімен әлемдік білім кеңістігіне ену, жаңа интербелсенді әдістер мен технологияларды қолдана отырып, шығармашылық тұрғыдан білім мазмұнын тиімді жүзеге асыру, осылайша, бастауыш сынып оқушыларының дамуын арттыру;

- психологиялық алғышарттар, яғни қарқынды дамып және тез арада өзгеріске ұшырап отырған заманда кәсіби тұрғыда бағдарлай алатын жеке тұлға тәрбиелеу мен дамыту және болашақ маманға кәсіби тұрғыдан педагогикалық-психологиялық қолдау жасау.

Бастауыш сынып мұғалімінің әрекеті жан-жақты, олардың кәсіби шығармашыл болуы бастауыш сыныптардағы бірқатар мәселелерді шешеді. Жоғарыда аталған алғышарттар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауда тиімді тетік болып табылады және даярлау үдерісі осы алғышарттарды ескере отырып, жүзеге асырылуы тиіс.

### 1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық тұғырлары

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының [157,б. 6] 4-тарауында: Студенттерді даярлау деңгейіне қойылатын талаптарда студенттердің қабілеттерін сипаттайтын оқу нәтижелері арасында «кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселелерді шешу; оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану»; Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандартта [4,б. 3]: кәсіптер карточкасында мектеп педагогі қызметінің негізгі мақсаты: «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленген бастауыш мектеп білім алушысын зияткер, иманды, шығармашыл тұлға ретінде дамыту және денесін шынықтыру, жобалық және зерттеу қызметін жүзеге асыру, тәлімгерлік, оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және сараптау.» делінген, бұл мектеп мұғалімдерінен өзінің кәсіби қызметіне шығармашылық көзқарасты талап етеді. Сондықтан жоғары оқу орнында тек білім беріп қана қоймай, бұл білімді іздеуге, меңгеруге және тәжірибелік іс-әрекетте шығармашылықпен пайдалануға үйрету керек.

Кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық өздігінен пайда болмайды, болашақ мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау бойынша мақсатқа бағытталған әрекеттерді қажет етеді. Білім беру ұйымдары қызметінің жаңа жағдайларында оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуына өзгерістер енгізілуі тиіс. Бұл факторлар болашақ мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау үдерісін теориялық негіздеуге назар аудару қажеттілігін көрсетті. Зерттеліп отырған педагогикалық құбылыс өзінің күрделілігі мен көп қырлылығына байланысты бір жақты және бір көзқарастан ғана зерттелмеуі керек, сондықтан зерттеудің теориялық негіздеуіне әдіснамалық тұғырлар мен принциптер жиынтығы алынады.

«Тұғыр» терминінің бірнеше мағынасы бар. Педагогикалық зерттеулерде тұғыр:

- кейбір бастапқы принцип, бастапқы ұстаным, негізгі ереже немесе сенім [169];

- негізгі түсіндіру принципі; қарастырылатын үдерісті ашудың негізгі заңдылықтарын түсіндіру; үдерістегі құбылыстардың динамикасын қамтамасыз ететін негізгі тетіктердің сипаттамасы; өзара байланысты ұғымдар, идеялар мен педагогикалық іс-әрекет тәсілдерінің жиынтығы; күрделі мәселелерді шешуге арналған әдіснамалық құралдар жинағы [170] ретінде қарастырылады.

Ал «әдіснама» деп «теориялық және тәжірибелік іс-әрекетті ұйымдастыру мен құрудың принциптері мен тәсілдері» жүйесін, сондай-ақ осы жүйе туралы ілімді айтады. Яғни, әдіснама, бір жағынан, қандай да бір іс-әрекетті ұйымдастырудың принциптері мен тәсілдері (мысалы, педагогикалық іс-әрекеттің). Екінші жағынан, әдіснама - бұл ұйымдастырудың принциптері мен тәсілдері туралы ілім (яғни, белгілі бір іс-әрекеттің қалай ұйымдастырылғандығы туралы ғана емес, оны ұйымдастыруды ғылыми тұрғыдан қалай дұрыс жүргізу керек екендігі туралы ілім) [112,с. 569].

Әдіснамалық тұғыр зерттеуді жүргізудің немесе мәселені шешудің жүйелі және құрылымдық тәсіліне жатады. Ол деректерді жинау және талдау, сондай-ақ қорытынды жасау мен ұсыныстар беру үшін белгілі бір әдістер, тәсілдер және процедуралар қолдануды қамтиды.

Біз зерттеуімізде әдіснамалық тұғырды «зерттеудің принципті әдіснамалық бағыты, зерттеу нысанын қарастырудағы ұстаным (нысанды анықтау тәсілі), жалпы зерттеу стратегиясына жетекшілік жасайтын ұғым немесе принцип ретінде» анықтауға болады деген Э.Г.Юдиннің [126,с. 151]. көзқарасын ұстанамыз.

Педагогика ғылымындағы әдіснаманың негізгі ұстанымдарын, қағидаларын еліміздің классик ғалымдары анықтап ұсынды. Нақтырақ айтсақ, Н. Д. Хмельдің еңбектерінде әдіснамалық амалдарға сай оқыту қағидаларының түзілуі зерттеледі [30,б. 320], ал А.Қ. Құсайыновтың тұжырымында әдіснамалық тұғырлардың, қағидалардың барысы пәндік әдіснамалық нүктеге негізделетіні айтылады [171], әдіснамашы ғалым Ш. Т. Таубаеваның оқу құралы еңбегінде **педагогиканың философиясы және әдіснамасының мазмұны** *педагогика ғылымының философиялық және әдіснамалық негіздері,*

педагогика ғылымының *әдіснамалық қоры,* ғылыми-педагогикалық *таным әдіснамасы*, педагогикалық *зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі,* зерттеуші педагогтің *әдіснамалық мәдениеті* туралы *ғылыми-практикалық білімдерді* жүйелеп, сипаттаудан тұратындығы [27,б. 384] нақты баяндалған.

Педагогикалық зерттеуде әдіснамалық тұғырларға сүйену оның ғылыми-теориялық мәселелерін анықтауға, оларды шешудің негізгі жолдары мен тәсілдерін жасауға; педагогикалық практиканы жетілдіру моделін құруға және іске асыруға мүмкіндік береді.

Біз ғылыми әдебиеттерді [30,б. 320] талдау негізінде зерттеуіміздің мақсат-міндеттеріне сәйкес келетін студенттерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық тұғырлары ретінде жүйелік, іс-әрекеттік, құзыреттілік, тұлғалық, креативтілік, интегративтік, мәдениеттанушылық тұғырлар оңтайлы болып табылады деген қорытындыға келдік.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауда осы әдіснамалық тұғырларын таңдау XXI ғасырдың үшінші онжылдығындағы маңызды факторлар:

- технологиялар дамуының қарқыны;
- экономика, ғылым және мәдениеттің даму нәтижелеріне әсер ететін факторлардың маңыздылығы;
- адамға бағдарланған дүниетанымға көшу, ресурстарды басқару, адам мен оның мүдделерін бірінші орынға қою үрдісі;
- жаһандану құбылыстары, демек, адам өмірінің әртүрлі салаларында болып жатқан интеграциялық үдерістерге байланысты болды.

Жоғарыда аталған тұғырлар арасындағы ішкі байланыстар оларды бір-бірімен толықтыруға мүмкіндік береді. Аталған тұғырларды қарастырайық.

*Жүйелілік тұғыр* - бұл белгілі бір нысанды жүйе ретінде қарастыруға негізделген ғылыми таным әдіснамасының бағыты. Нысан өзара байланысты элементтердің тұтас кешені (И.В.Блауберг, В.Н.Садовский, Э.Г.Юдин, В.П.Беспалько және т.б.); өзара әрекеттесетін нысандардың жиынтығы (Л. Фон Берталанфи); субъектілер мен қатынастардың жиынтығы (А.Д.Холл, Р.И.Фейджин, Л. Фон Берталанфи) [171,б. 196] ретінде қарастырылады.

Қазақстандық ғалымдар М. Сарыбеков, М. Сыдықназаров: жүйені ортақ мақсат және басқару жұмысымен біріктірілген, қоршаған ортамен өзара әрекеттесетін өзара байланысты элементтерді біріктерген біртұтас, күрделі бірлік, - деп анықтайды [32,с. 504]. Исакова Г.О. өз диссертациясында: жүйені мақсатқа жетуді жобалайтын және өздері мен қоршаған ортамен өзара әрекеттесетін элементтердің жиынтығы, - дейді [172].

Кәсіптік оқу орнындағы оқу-тәрбие үдерісі – бұл біртұтас педагогикалық жүйе. Жоғары оқу орындарында мамандарды даярлауда жүйелілік тұғыр студенттің болашақ педагогикалық, оның ішінде шығармашылық, іс-әрекеті мен қарым-қатынасының тиімділігін анықтайтын қажетті кәсіби білім, білік, дағдыларды игеруін, сондай-ақ кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға қабілетті және дайын тұлғаны дамытуды көздейді [24,с. 304].

Жүйелілік тұғыр келесі негізгі принциптермен анықталады:

- жүйені бүтін бірлік ретінде және сонымен қатар жоғары деңгейлерге арналған ішкі жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін тұтастық. Сонымен бірге оның жеке тараптарын зерделеу қажеттігі де болады;

- жүйе құрылымының иерархиялығы, яғни төменгі деңгейдегі элементтердің жоғары деңгейдегі элементтерге бағынуы негізінде орналасқан екі және/немесе одан да көп элементтерінің болуы;

- белгілі бір ұйымдастырылған құрылым шеңберінде жүйенің элементтерін және олардың өзара байланысын талдауға мүмкіндік беретін құрылымдау. Өз кезегінде жүйенің әр элементінің өзіндік құрылымы болады және оны да жүйе ретінде қарастыруға болады;

- жеке элементтерді және жалпы жүйені сипаттау үшін әртүрлі модельдерді қолдануды қамтитын жиынтық;

- басқа принциптерді біріктіретін жүйелілік. Жүйелік принципіне сәйкес әр нысанда жүйенің барлық белгілері болады.

Олар келесі ерекшеліктермен:

- оқу материалын жүйелеумен;

- оқу ақпаратын пайдаланумен (тапсырмалар, кестелер, үлгілер және т. б.);

- оқу материалын іріктеумен, оны ұсыну тәсілдерімен;

- оқыту мен білім берудің инновациялық модельдерін енгізумен;

– оқу үдерісін ұтымды ұйымдастырумен (топтарды құрастыру, үйде және оқу орнында оқытуды ұйымдастыру және т.б.);

- оқыту формалары, әдістері және тәсілдерін үйлесімді біріктірумен;

- оқу іс-әрекетінің барысын талдаумен және т.б. сипатталады.

Бұл ерекшеліктер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға тән. Осылайша, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауды жүзеге асыру жүйелілік тұғырға негізделетіні анықталады.

Жүйелілік тұғыр іс-әрекетті жүйе тұрғысынан зерттейді, яғни оның элементтерін бөліп көрсетеді, сондықтан іс-әрекеттік тұғыры оның бөлігі болып табылады.

*Іс-әрекеттік тұғыр* тұлғаны өзінің өмірдегі қызметінің иесі болуға: мақсат қоя білуге, қойылған міндеттерді шеше білуге, алынған нәтижелерге жауап бере алуға тәрбиелеуге бағытталған. Оқытудағы іс-әрекеттік тұғырдың мәні барлық педагогикалық шараларды қарқынды, үнемі күрделене түсетін іс-әрекетті ұйымдастыруға бағыттау болып табылады, өйткені тек өзінің іс-әрекеті арқылы адам ғылым мен мәдениетті, дүниетану мен түрлендіру тәсілдерін меңгереді, өзінің жеке қасиеттерін қалыптастырып, жетілдіреді (А.Н.Леонтьев [88,с. 304], Л.С.Выготский [82,с. 480], М.Н.Скаткин [26,с. 95], В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин [173] және т.б.).

Оқыту тәжірибесінде іс-әрекеттік тұғырды жүзеге асыру дидактикалық принциптер жүйесімен қамтамасыз етіледі. Олардың қарастырылып отырған мәселе аясында өзекті болатын кейбіріне тоқталайық:

- іс-әрекет принципі - білім алушы білімді дайын түрде алмай, оны өзі ізденіп алу арқылы өзінің оқу іс-әрекетінің мазмұны мен түрлерін түсінеді, бұл

оның жалпы оқу дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін сәтті қалыптастыруға ықпал етеді;

- оқу үдерісінде стресс тудыратын барлық факторларды жоюды, сабақтарда мейірімді ортаны құруды көздейтін психологиялық ыңғайлылық принципі;

- шығармашылық принципі - білім беру үдерісінде барынша шығармашылыққа бағдарлануды, білім алушылардың шығармашылық іс-әрекеттің өзіндік тәжірибесін игеруін білдіреді.

Педагогикалық технологиялардың көбі іс-әрекеттік тұғырға негізделген. Студенттердің оқу үдерісін ұйымдастыруда бұл өте маңызды, өйткені олардың дербестігін, белсенділігін дамытуға, яғни еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік беретін сапалы білім алуға ықпал етеді. Осыған байланысты мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауда іс-әрекеттік тұғырдың айқын маңызды екенін көреміз.

Оқу топтарында студенттер бірдей болмайтыны және болашақ маманды кәсіпкер ретінде даярлау кезінде олардың тұлғасының бірегейлігі, интеллектуалдық және адамгершілік қасиеттері, еркіндігі; кәсіби дамуда жеке траекторияны таңдау құқығы; жеке тұлғасын дамыту мен кәсіби жетілдіру үдерістерінің өзара байланысы; дарындылығы пен қабілеттерін дамыту, студенттің шығармашылық әлеуетін өзектендіру есепке алынатыны белгілі. Осы тұрғыда *тұлғалық тұғыр* негізгі бағдар ретінде жеке тұлғалық қасиеттерді: бағыттылық, белсенділік, шығармашылық қабілеттер, мінез-құлық ерекшеліктерін қалыптастыруды болжайды. Біздің зерттеуімізде тұлғалық тұғыр студенттерді болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қалыптасуының ажырамас бөлігі ретінде кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке дярлауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Тұлғалық тұғыр негізінде құрылған оқыту әр студентке өзін кәсіби іс-әрекеттің әр түрлерінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мысалы, танымдық іс-әрекетте – ойлауын, дербестігін, тұлғалық шығармашылығын дамытады, кәсіби ойлауын, жауапкершілігін, жетістікке ұмтылысын қалыптастырады; коммуникативті іс-әрекетте – өз-өзін өнімді жүзеге асыруға, өзара әрекеттесуге, ынтымақтастыққа бағдарлайды; рефлексивті іс-әрекетте – талдауға, жинақтауға, модельдеуге, болжамдауға, кәсіби-тұлғалық дамуға үйретеді; квази-кәсіби іс-әрекетте – кәсіби бейімділікті, қызығушылықты, мүмкіндіктерді, қабілеттерді, құнды бағдарларды, жетістіктер мен болашақты мақсатты түрде қалыптастыруға және диагностикалауға мүмкіндік береді. Осылайша, тұлғалық тұғыр кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің жалпы стратегиясын әзірлеуді, болашақ мұғалімдердің практикалық біліктерін оқытушылардың қолдауымен қалыптастыруды, студенттердің шығармашылық дамыту технологияларын меңгеруін, студенттердің жеке тұлғалық әлеуетін анықтауды және ашуды қамтиды.

Тұлғаға бағдарланған тұғырдың принциптері:

- білім алушылардың табиғи және әлеуметтену барысында пайда болған өз мүмкіндіктерін көрсетуіне, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға, өз әлеуетін жүзеге асыруға деген ұмтылыстарын ояту мен қолдауға бағытталған принцип;

- білім алушы мен педагог тұлғасының даралығын қалыптастыру үшін жағдай жасауды ескеретін даралық принципі;

- білім алушыға жоғары оқу орнындағы іс-әрекеттің шынайы субъектісі болуға көмектесуді көздейтін, оның субъектілік тәжірибесін қалыптастыруға және байытуға ықпал ететін субъектілік принципі;

- даралық пен субъектілікті дамытуға, студенттің өзі қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға бағытталған таңдау принципі;

- студенттің жеке ерекшеліктерін және оқу тобының бірегейлігін анықтауға және дамытуға мүмкіндік беретін жеке және ұжымдық шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға бағытталған шығармашылық пен сәттілік принципі;

- артық талапшылдық пен бақылаудың орнына білім алушының өзін-өзі жүзеге асыруға және бекітуге деген ұмтылыстарына сенім білдіру мен қолдау принципі. Өйткені студенттің оқуы мен тәрбиесінің сәттілігін сыртқы әсерлер емес, ішкі мотивация анықтайды.

Тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясы оны пайдалану үшін оқу мәтінін, дидактикалық және әдістемелік материалдарды, оқу диалогының түрлерін, студенттің тұлғалық дамуын бақылаудың формаларын арнайы құрастыруды талап етеді. Сондықтан жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау барысында студенттің өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі ұйымдастыруына жағдай жасауға ықпал ететін, педагогикалық технологияларды қамтитын дидактикалық жүйе әзірлеу қажет болады.

Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бакалаврларда нақты жағдайларда әрекет етуге дайындықты білдіретін негізгі құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған. Болашақ маман ондай кәсіби құзыреттерді жоғары білім беру ұйымының қабырғасында тиімді оқыту технологияларын пайдалану арқылы меңгеруі мүмкін. Көптеген зерттеушілердің де пікірінше, құзыреттілік кәсібиліктің, біліктіліктің, адамның белгілі бір қызметке дайын екендігінің ең маңызды көрсеткіші болып табылады. Бұл жағдай құзыреттілік тұғырға жүгінуді қажет етеді. Құзыреттілік тұғырдың даусыз артықшылықтары экономикалық тұрғыда дамыған елдердің білім беру жүйелерінде танылған. Құзыретті адамның, мысалы, болашақ маманның, алған білімдерін іс жүзінде пайдалануына, өмір бойы және кәсіби іс-әрекетінде қолдануына мүмкіндігі жоғары болады.

Білім беру принципі ретінде құзыреттілік тұғырдың идеялары И.А. Зимняя [174], В.В. Краевский [130,с. 180], А.В. Хуторской [175], Г.И. Ибрагимов [176] және басқалардың еңбектерінде қарастырылған. Мысалы, Г.И. Ибрагимов: құзыреттілік тұғыр, ең алдымен, кәсіптік білім берудің мақсаттарына жаңаша карау мен нәтижелерін бағалауға бағытталған, білім беру үдерісінің компоненттеріне (мазмұны, педагогикалық технологиялары, бақылау мен

бағалау құралдары) өз талаптарын қояды және нарықтық экономика жағдайларына сәйкес келеді, - деген [176,с. 361].

Құзыреттілік тұғыр келесі принциптерге негізделген:

- пәнаралық принципі. Білім беру үдерісінде білім мен дағдылар оқшауланған түрде емес, кешенді түрде меңгерілуі тиіс. Бұл білім алушыларда әлемнің тұтас бейнесін түсінуге, жүйелі ойлауды қалыптастыруға ықпал етеді. Нәтижесінде болашақта студент стандартты емес жағдайлардан тиімді шығуды, құбылыстар арасындағы өзара байланыстарды анықтауды, мәселелерді шешудің түрлі құралдарымен жұмыс істеуді үйренеді;

- тұлғаның шығармашылық бастамасын қалыптастыру. Бұл дайын нұсқаулар болмаған жағдайда мәселені шешудің жаңа, ерекше жолдарын табу қабілетін қалыптастырумен байланысты;

- қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Бұл принцип жеке тұлғаның басқа адамдармен байланыс орнату, өзара түсіністікке қол жеткізу және даулы жағдайларды шешу қабілетін қалыптастырумен байланысты;

- үнемі өз білімін жетілдіру және кәсіби икемділік. Егер адам өзгермелі жағдайларға бейімделуге қажетті болатын жаңа білім мен дағдыларын меңгеруге, өзінің кәсіби деңгейін үнемі көтеруге дайын болса, онда ол мобильділікке, шығармашылыққа қабілетті болып, кез келген әлеуметтік-экономикалық жағдайда сұранысқа ие болады;

- шынайы тәжірибемен байланысты оқытуды білдіретін білім беру үдерісінің қолданбалы бағыттылығы. Жоғары оқу орнында пәндердің оқу бағдарламалары әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен еңбек нарығының қажеттіліктеріне бағытталуы тиіс;

- дараландыру. Білім беру үдерісі барынша білім аушының жеке ерекшеліктеріне, оның қабілеттері мен мүмкіндіктеріне бейімделуі керек. Сонымен қатар даярлау профиліне және кәсіби бағыттылық принципіне сәйкестікті ескеру керек;

- әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастыру принципі. Студент еңбек нарығындағы жағдай мен өзінің қалауларын ескере отырып, кәсіби даярлықты ары қарай жалғастыру үшін жеткілікті білім мен дағдыларды меңгеруі керек.

Қазіргі педагогтің гуманизмге бағытталған және технологияланған еңбегі педагогикалық іс-әрекетті құзыреттіліксіз және шығармашылықсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Сонымен қатар соңғы уақытта педагогикалық еңбектің шығармашылық бөлігі педагогикалық әрекеттердің тиімділігінің ең маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылуда. Өйткені шығармашылық құзыреттілігі дамымаған педагог өз кәсіби іс-әрекетінде айтарлықтай қиындықтарға тап болады. Ол бастамашылдыққа емес, қалыптасқан түсінікке сүйенеді, оның жұмысы формальды, дәстүрлі және қалыпты болып, жан-жақты дамып келе жатқан оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде сәтсіздіктерге әкеледі. Ал бұл, өз кезегінде, оқушылардың бастамашылдығын, өзіндік ойын, өзін-өзі дамытуын және табысты болуын қиындатады.

Өзінің зерттеуінде Пахтусова Н.А. педагогикалық іс-әрекеттің ерекшеліктерін және оның шығармашылық сипатын талдай отырып, педагогтің

кәсіби құзыреттілігінің құрамындағы шығармашылық құзыреттіліктің маңыздылығы туралы айтады [177]. Ол кәсіби-шығармашылық құзыреттілікті педагогтің шығармашылық деңгейде тиімді педагогикалық іс-әрекет атқаруға дайын болуын, тұлғалық және кәсіби өзін-өзі дамыту қабілетін көрсететін кешенді сипаттама деп анықтайды [177,с. 214].

Құзыреттілік тұғыр, алдымен, кәсіби білім берудің мақсаттарын және нәтижелерін бағалауға бағытталған жаңаша көзқарас болып, білім мазмұнына, педагогикалық технологияларға, бақылау және бағалау құралдарына өз талаптарын қояды. Құзыреттілік тұғырдың жүзеге асырудың бірнеше ерекшеліктері бар [172,б. 148]:

- кәсіби-тұлғалық жетілдірудің мақсаттарын нақты анықтау;
- арнайы тапсырмаларды пайдалану;
- білім алушылардың өздік танымдық іс-әрекетінің басым болуы;
- әр білім алушының жеке білім алу траекториясын жүзеге асыру;
- өзін-өзі бағалауын, толеранттылығын, эмпатиясын дамыту;
- ынтымақтастық дағдыларын дамыту және т.б.

Бұлардың бәрі шығармашылық үдерістің ішінде болатынын атап өту керек. Сондықтан, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауда, құзыреттілік тұғырмен қатар, креативтілік тұғыр да өзекті болып табылады.

Креативтілік тұғыр студенттің дербестігін, шығармашылық қабілеттерін, шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталған жеке қарым-қатынас жүйесін құруды көздейді. Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің көрсеткіштерінің бірі кәсіби міндеттерді шешуде шығармашылық идеяларға қабілетті болу. Шығармашыл тұлға сапаларын белгілі психологтар Дж. Гилфорд [15,с. 384], П. Торренс [17,с. 208], Я.А. Пономарев [20,с. 280], В.Н. Дружинин [86,с. 368], А.А. Альтшуллер [127,с. 172] және тағы басқалар зерттеген. Шығармашыл тұлға – бұл жаңа және шығармашылық идеяларды жүзеге асыруға, әлемді жаңаша қабылдауға, жасырын заңдылықтарды табуға, сырттай байланыссыз құбылыстар арасында байланыс орнатуға және шешімдер ұсынуға қабілетті тұлға [178].

Білім беру саласында шығармашылық көп жақтарда көрініс табады, мысалы, педагогикалық идеяның ерекшелігі, ойлаудың дербестігі, стандартты емес педагогикалық шешімдер табу қабілеті, т.с.с. Әр мұғалім жұмысында өз дүниетанымын, көзқарасын, кәсіби шеберлігін, қабілеттерін көрсетеді. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде креативтілік тұғырды қолдану студенттермен жеке-дара жұмыс жасауды болжайды. Бастысы болашақ кәсіби іс-әрекетінде олардың жаңа білім мен түсініктерді өздері қалыптастыра алу қабілеттерін дамыту маңызды. Шығармашылық білім беру үдерісінің негізгі факторы мен қозғаушы күші. Сондықтан оқу үдерісіі оқытушы мен студенттің бірлескен жұмысына айналып, оның барысында оңтайлы шығармашылық шешімдер ізделіп, зейін, есте сақтау, қиял, т.б. сапалар белсендіріледі. Мысалы, Н.В. Мартишина шығармашылық адамға жинақталған өмірлік тәжірибені шығармашылық тұрғыдан түсінуге мүмкіндік береді, әртүрлі тапсырмаларды нәтижелі шешуге көмектеседі,

кәсіби-тұлғалық мобильділікті дамытуға және болашақтағы жаңашылдықты болжауға ықпал етеді деп есептейді [179]. Сондықтан, оқытушы мен студенттер арасында шығармашылық тұрғыда құнды өзара әрекеттестікті туғызуға ықпал ететін сенімділікті қалыптастыру маңызды. Мұндай өзара әрекеттестікте білім беру үдерісінің әр субъектісінің жеке ерекшеліктері мен шығармашылық қабілеттері толық ашылады, ал ұжымдық іс-әрекет құндылықтармен, біліммен және тәжірибемен байиды, бұл шығармашылық өнімнің пайда болуына әкеледі. Мұндай жағдайда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби шығармашылық іс-әрекетке даярлығы моральдық құндылықтармен толықтырылып, байытылады.

Креативтілік тұғырды оқу үдерісіне қолдану студенттердің тұлғалық шығармашылығын дамыту үшін міндетті түрде күрделі құралдар мен технологиялық жаңалықтарды қолдануды қажет етпейді. Әлдеқайда адами ресурстарды, дара ерекшеліктері мен шығармашылық қабілеттері бар студенттер мен оқытушыларды барынша тиімді белсендіру маңызды. Креативтілік тұғырды қолдануда болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мазмұны аздап өзгереді, шығармашылыққа бағытталған жаңа компоненттер пайда болады.

Болашақ мұғалімдерді даярлаудағы креативтілік тұғырдың теориялық негіздерін зерттеушілер [180] креативтілік тұғыр дәстүрлі әдістеме мен дидактикаға негізделеді, сондықтан жалпы дидактикалық принциптерге (ғылымилық, көрнекілік, жүйелілік пен бірізділік, саналылық және белсенділік, білімнің беріктігі, түсініктілік, даралық, теория мен тәжірибенің байланысы) және жалпы әдістемелік принциптерге (кәсіби бағыттылық, вариативтілік, іргелілік, ғылыми және оқу іс-әрекетінің байланысы, кәсіби-тұлғалық даму, тәжірибеге бағдарлану) сүйенеді деп көрсетеді. Оларға ағылшын ғалымы S. Bowkett тұжырымдаған, оқытушы білім алушыларға іс-әрекеттің шығармашылық әдістерін оқытуда басшылыққа алатын принциптерді қосуға болады [181]:

- құндылық принципі: білім алушылар ұсынған кез келген идеяны оқытушы мұқият қабылдап, бағалауы керек;

- икемділік принципі: оқытушы білім беру үдерісін жоспарлап, оқу тапсырмаларын білім алушылардың дербес ойлау қабілеттерін дамыту мүмкіндігін ескере отырып құрастыруы тиіс, бірақ оқу тапсырмасын орындау тәсілдерін таңдауда оларға шектен тыс еркіндік бермеуі керек;

- шыдамдылық принципі: оқытушы білім алушыларға тапсырманың шарттарын талдау және оны шешу үдерісін жүзеге асыру үшін әртүрлі уақыт көлемі қажет болатынын ескере отырып, шешімге өздігінен келуге мүмкіндік беруі керек;

- «шеңберден шығу» принципі: мәселені талқылау үдерісі нақты пәннің шеңберінен шығуы мүмкін, бір пән аясында алынған дағдылар басқа пәндерді оқуда да қолданылуы мүмкін.

Сондықтан, шығармашылық тұрғыда оқыту үшін оқытушының да, студенттің де шығармашылығын дамытуға қолайлы жағдайлар жасау қажет:

- сынсыз еркін атмосфераны құру студенттерге қателіктер жіберемін деп алаңдамай, өздерін сенімді сезінуге мүмкіндік береді;

- студенттерге оқу материалының қажетті мазмұнына шоғырлануға мүмкіндік беретін іс-әрекет шекараларын анықтау;

- студенттерді топта бірге оқитын білім алушылардың жұмыстарына қатысты ашық, бірақ мейірімді түрде пікір айтуға ынталандыру. Сын жолдастардың сезімдеріне әсер етпейтіндей сындарлы болуы керек;

- студенттердің қызығушылығы мен зерттеушілік іс-әрекетін қолдау. Оқытушы студенттерді кейін пайдалы болуы мүмкін әртүрлі материалдарды (мақалалар, кітаптар, журналдар, веб-сайттар) жинауға ынталандыруына болады;

- өздік жұмыстың маңыздылығына назар аудару, өйткені аудиторияда оқыту жұмыстың бір бөлігі ғана болады, ал басым бөлігі аудиториядан тыс уақытта орындалады;

- шығармашылық тұрақтылық пен жүйелілікті болжайды [182].

Көптеген зерттеушілер «әлем бейнесінің тұтастығын» қамтамасыз ететін; «теориялық және тәжірибелік міндеттерді шешуде адамның жүйелік ойлау қабілетін дамытуға ықпал ететін» құрал интегративті тұғыр деп санайды [183]. осыдан жоғарыда аталған тұғырларды интегративті тұғырмен толықтырған орынды деп санаймыз. Студенттерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау үдерісін жүйе ретінде қарастырған кезде, оның дамуының бір аспектісі болып «ортақ әдіснама мен қазіргі жүйелі ойлаудың әмбебап логикалық тәсілдері арқылы әртүрлі жүйелердегі ғылыми білімдердің үйлесімділігін қамтамасыз ететін» интеграция табылады [184].

Л.А. Ермакова өз зерттеуінде [185] интегративті тұғыр оқу мотивациясын күшейту және жоғары оқу орнында сәтті оқу мен студенттердің кәсіби мотивациясының шарты ретінде қарастырады. Интегративті тұғыр негізінде қажетті құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған пәндердің жұмыс бағдарламалары мен оқу-әдістемелік құралдары құрастырылады.

Интегративті тұғыр жеке пәндер арасындағы (пәндераралық байланыс) және оқу пәнінің бөлімдері арасындағы байланыс ретінде қарастырылады. Біз білім беру бағдарламасының базалық және кәсіптендіруші циклдарындағы пәндерді оқытуға қатысты оның мазмұндық және әдістемелік аспектілер бөлеміз. Мысалы, педагогика және психология курстарының материалдары арасындағы байланыс педагогика бойынша «Педагог тұлғасы және оның кәсіби құзыреттілігі» тақырыбын және психология бойынша «Психологиядағы тұлға мәселесі» тақырыбын оқу кезінде жүзеге асырылуы мүмкін. Педагогикадағы тақырып «педагог тұлғасы мен оның бағыттылығының түрлері», «педагогикалық іс-әрекет және оның негізгі аспектілері», «жаңа формациядағы педагогтің негізгі құзыреттері», «педагогтің үздіксіз білім алу шарты ретінде өздігінен білім алу іс-әрекеті» сияқты сұрақтарды оқуды көздейді. Ал психология пәні бойынша аталған тақырыпта «адам - табиғаттағы кемелденіп жетілген ақыл-ой иесі және қоғамдық тұлға»; «жеке адамды зерттеудің мақсат – міндеттері және оның қоғамдық мәні»; «адам бойындағы даралық

қасиеттер» сияқты сұрақтар. қарастырылады. Пәнішілік байланыс біздің зерттеуіміз аясында, мысалы, «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» пәні бойынша «Шығармашылықтың психологиялық негіздері» және «Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары» тақырыптар материалдарын оқуда жүзеге асырылады.

Жоғарыда педагогтің кәсіби құзыреттілігі құрылымындағы шығармашылық құзыреттіліктің маңыздылығына тоқтала келе, Н.А. Пахтусова кәсіби-шығармашылық құзыреттілікті болашақ педагогтің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға дайындығын қамтамасыз ететін арнайы білім, білік, мотивтер жүйесі мен кәсіби маңызды қасиеттер жиынтығын қамтитын педагог тұлғасының интегративті қасиеті ретінде анықтағаны айтылған [177,с. 214]. Бұл педагогтің өз іс-әрекетін шығармашылық тұрғыдан жүзеге асыру мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Қарастырылып отырған мәселе аясында интегративті тұғырдың кейбір негізгі принциптеріне тоқталайық [183,с. 181]:

- субъектілік принципі - білім беру үдерісінде тең құқылы білім алушы бар болуын және оқу-тәрбие үдерісін адамның даралығын құрметтеуге, қандай болса да, оның құқығын қабылдауға бағыттап ұйымдастыруды, оған шығармашылық тұрғыда өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік беруді білдіреді;

- шығармашылық принципі – оқытушының білім алушыларда стандарттан тыс ойлау, алдыға қойылған міндеттерді шешудің өзіндік тәсілдерін табу және жаңа идеяларды ұсыну біліктерін қалыптастыруға бағытталған білім беру үдерісін жүзеге асыруын білдіреді;

- синергия - білім беру үдерісін белгілі бір факторларды біріктіруге, өзара әрекеттестіруге, ынтымақтастыққа, нәтижеге әкелетін қолдауға негіздеп құру принципі;

- өздігінен білім алу принципі - білім беру саласында жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді, кәсіби өзін-өзі жетілдірудің қайнар көзі болып табылады, еңбек жағдайларының, пәні мен құралдарының өзгеруіне сәйкес оқу-танымдық іс-әрекетті жаңғырту жөніндегі шаралар кешенін мақсатты түрде жүзеге асыру қажеттігін көрсетеді;

- вариативтілік принципі - білім беру үдерісі субъектілерінің өзара әрекеттесу құралдарын таңдаудан тұрады, білім алушыларда вариативті ойлауды дамытуды көздейді;

- кері байланыс принципі - білім беру үдерісін оқытушы мен білім алушылардың оқу мақсаттарына қол жеткізудегі бірлескен іс-әрекеттеріне бағыттауды білдіреді және нақты нәтижеге бағдарлайды.

Интегративті тұғыр ұйымдастыру-әдістемелік, іс-әрекеттік-тәжірибелік және ресурстық-мазмұндық компоненттерден тұрады [183,с. 181].

Ұйымдастыру-әдістемелік компонент оқыту әдістемелерін (жобалық әдіс, іскерлік ойындар, дөңгелек үстелдер, байқаулар, пікірталастар, конференциялар, кейс-технологиялар және т.б.). біріктіруді көздейді.

Іс-әрекеттік-тәжірибелік компонент оқыту формаларын біріктіруді қамтиды. Бұл сыни тұрғысынан ойлау мен шығармашылықты дамытуға, тұлғаның кәсіби және тұлғалық-маңызды қасиеттерін қалыптастыруға көмектесетін шығармашылық тапсырмаларды қолдануға ықпал етеді.

Ресурстық-мазмұндық компонент оқу-танымдық іс-әрекетке қажетті ресурстарды біріктіреді, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға ықпал ететін интегративті арнайы (элективті) курстың мазмұнын анықтайды. Бұл курс өзінің мазмұны, құралдары, әдістері мен тәсілдері арқылы студенттерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға көмектеседі.

Студенттерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауда интегративті тұғырдың сипаттамасы олардың:

1. педагогикалық іс-әрекеттегі шығармашылықтың жалпы теориялық негіздерін, шығармашылық іс-әрекетті жоспарлау және ұйымдастыру ерекшеліктерін білуінен;

2. бастауыш мектеп жасындағы балалардың шығармашылық іс-әрекетінің заңдылықтарын білуінен;

3. бастауыш білім берудің және бастауыш сынып оқушыларымен жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктерін білуінен;

4. бастауыш мектептің білім беру бағдарламаларының дамытушы әлеуетін анықтай және іске асыра білу, шығармашылық жұмыстың мақсатын, құралдарын, әдістері мен мазмұнын іріктеу үшін оқу-әдістемелік материалдарды талдай білуінен;

5. білім беру үдерісі жағдайында мотивациялық, диагностикалық, түзету, коммуникативтік және әдістемелік іс-әрекетті орындай ала білуінен;

6. шығармашылық іс-әрекетті жоспарлай, жүзеге асыра және бағалай білуінен;

7. шығармашылық ортаны құрудың әдістері мен тәсілдерін меңгеруінен;

8. бастауыш мектеп жасындағы балаларды оқыту және тәрбиелеу үдерісін шығармашылықпен құру технологияларын меңгеруінен көрінеді.

Келесі мәдениеттанушылық тұғыр. Кәсіби даярлауға мәдениеттанушылық көзқарас мұғалімнің алдында тұрған көптеген мәселелерді шешеді. Педагогикалық ізденісте мәдениеттанушылық тұғыр дидактикалық және тәрбиелік құралдар мен әдістердің кең ауқымын ашады. Мәдениеттанушылық тұғыр негізінде жоғары оқу орнында болашақ мұғалімді даярлауды оны жалпыадамзаттық мәдениетке тарту, оның мәдениетті өмір сүру қабілетін дамыту, мәдениет жетістіктерін қайта құру мен жаңа рухани және материалдық құндылықтарды құру үдерісі ретінде жүргізу қажет.

Мәдениеттанушылық тұғыры негізінде мұғалімнің кәсіби даярлау оқу пәндерінің материалы мәдени мазмұнға толы болуын болжайды. Жоғары оқу орнының оқытушылары студенттерге ғылыми фактілер мен заңдылықтардың белгілі бір жиынтығын жеткізіп қана қоймай, сонымен бірге ұсынылған материалға деген жеке-эмоционалды қатынасын көрсетіп, игерілген білімнің тууына әкелген оқиғалардың ажырамас байланысын ашуы керек. Оқытуды оқу ақпараты мәдени өмірдің ажырамас бөлігі ретінде қабылданатындай етіп құру

керек, осылайша ғылыми білімнің игерілген бөлігі білім алушының өмірінің мәдени құрылымына еніп, олардың жеке мағыналарын анықтауға және жүзеге асыруға жағдай жасайды. Мәдениеттанушылық тұғыр жеке тұлғаны шығармашылық және дамытушылық іс-әрекетке, өзінің оқуы мен дамуына саналы қарауына бағыттаушы болады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда мәдениеттанушылық тұғыр педагогикалық іс-әрекеттің мәдени құндылықтарын, дәстүрлері мен әдіснамалық принциптерін түсіну және игеру арқылы олардың кәсіби-шығармашылық сапаларын дамытуға бағытталған. Бұл тұғырдың негізгі принциптеріне:

- мәдени ерекшелік принципі - оқыту болашақ мұғалім жұмыс істейтін қоғамның мәдени дәстүрлеріне, құндылықтары мен ерекшеліктеріне негізделуі керек;

- мәдениеттер диалогының принципі - жаһандану жағдайында ерекше маңызды болып табылатын әртүрлі мәдени тұжырымдамаларды қабылдау, талдау және біріктіру қабілетін дамыту;

- өзін-өзі шығармашылық жүзеге асыру принципі - мұғалімнің шығармашылық әлеуетін ынталандыру, инновациялық ойлауды дамыту және педагогикалық тәжірибеде стандартты емес шешімдерге қабілетті болу;

- ізгілендіру принципі - білім алушының тұлғасына бағдарлану, оның даралығын құрметтеу, дербес ойлауы мен рефлексиясының дамуын қолдау;

- білімді интеграциялау принципі - кәсіби іс-әрекетке тұтас көзқарас қалыптастыру үшін әртүрлі ғылыми пәндер мен мәдени тәжірибелерді біріктіру;

- аксиологиялық бағыттылық принципі - болашақ мұғалімдерде этикалық нормалар мен мәдени дәстүрлер негізінде оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуға ықпал ететін құндылық бағдарларын қалыптастыру.

Бұл тұғыр болашақ мұғалімдерге оқыту әдістемесін меңгеруге, оқушыларды дамуға және өзін-өзі көрсетуге шабыттандыруға ықпал ететін мәдениеттің тасымалдаушысы және таратушысы болуға көмектеседі.

Педагогикалық шығармашылыққа дайындықты қалыптастырудағы мәдениеттанушылық тұғыр бірқатар ғалымдардың (И.Ф. Исаев [186], А.В. Мудрик [187], Л.С. Подымова [188], В. А. Сластенин [40,с. 25] және т. б.) жұмыстарында көрініс тапқан (сурет 3).




Сурет 3 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық тұғырлары

Бұл параграфта біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың негізіне салынған әдіснамалық тұғырлар мен принциптердің рөлі мен маңызына назар бөлдік. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау моделін жасауға мүмкіндік беретін әдіснамалық тұғырларды үйлестіру мәселелерін қарастырдық.

Студенттерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау кезінде жоғарыда сипатталған тұғырлар мен принциптерді пайдалану білім беру үдерісін жаңғыртудың тетіктерін негіздеуге және іске асыруға, болашақ мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауды жоспарлау және жобалауға мүмкіндік береді.

# 2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫ МОДЕЛЬДЕУ

## 2.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мүмкіндіктері

Болашақ мұғалімді өзінің кәсіби іс-әрекетіне шығармашылықпен қарауға бағыттау педагогикалық кадрларды даярлайтын ЖОО-ның басты міндеттерінің бірі. Бұл міндетті тек психологиялық-педагогикалық циклдің ғана емес, сонымен қатар негізгі/арнайы пәндер арқылы шешуге болады.

Педагогикалық мамандықтардың негізгі міндеті дерлік студенттерге педагогикалық технологияны, мектептегі оқу-тәрбие жұмысының түрлерін жүргізуге қажетті әдістемелік дағдылардың жиынтығын үйрету болып табылатын көзқарас кең тараған. Жалпы бұл оқытудың практикалық бағыты деп аталады. Педагогикалық мамандықта оқитын студент педагогикалық технологияның барлық элементтерін меңгеруі керек, сонымен бірге ол әр оқыту әдісі, құралын тиімділігі ұстаздың шеберлігіне байланысты екекін түсінуі керек. Педагогикалық жаңашылдық бұл мұғалімнің жеке педагогикалық шығармашылығының көрінісі. Шығармашылықпен ойлайтын, белгілі бір оқу пәнін оқытуда шығармашылық іс-әрекет түрлерін орындауға қабілетті маман даярлаудың маңыздыдылығын көптеген зерттеушілер атап өткен.

Болашақ мұғалімдерді даярлаудың нәтижесі педагогикалық мүмкіндіктерін айқындап алуға тікелей тәуелді екені педагогика ғылымы мен тәжірибеден белгілі. Біздің зерттеуімізде күтілетін педагогикалық нәтиже – жоғары оқу орны оқу-тәрбие үдерісінде тұлғалық шығармашылығы дамыған, бастауыш сыныптарда кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті іске асыру әдістемесін меңгерген және оны тиімді жүзеге асыратын маман даярлау. Ал педагогикалық мүмкіндіктерді іріктеудің тиімділігі мен қолайлылық өлшемдері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өзінің кәсіби іс-әрекетінің алғашқы қадамынан бастау алатын педагогикалық тұрғыдан сауатты, өзін-өзі дамытуға қабілетті және шығармашыл деңгейде тиімді педагогикалық еңбек етуді меңгергендігінің көрсеткіші – кәсіби-шығармашылық құзыреттілік сапасы болатын соңғы нәтиже болып табылады.

Студенттерді оқытудың нәтижелері көбінесе олардың мақсатқа жетуін тездететін немесе баяулататын, олардың тұлғалық шығармашылығын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін даярлауды ұйымдастыру жағдайларына байланысты. Демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби- шығармашылық іс-әрекетіне даярлау үдерісінің сәттілігі оның тиімділігіне әсер ететін мүмкіндіктерді пайдаланумен анықталады. Оларға шығармашылық білім беру ортасының ресурстарын құру және пайдалану, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету және диагностикалық сүйемелдеу жатады.

Педагогикалық білім беру үдерісінде шығармашылық тұрғыда дамытатын білім беру ортасын қалыптастырудың негізгі бағыттары оқыту мен тәрбиелеуді педагогикалық ұйымдастырумен қатар болашақ мұғалімнің өзін-өзі

шығармашылық дамытуын психологиялық-педагогикалық қолдау болуы керек. Ол үшін жеке тұлғаға бағытталған және құзыреттілік тұғырларға сүйене отырып, ынтымақтастық пен бірлескен шығармашылық еңбек жасауға бағытталған ізгілік атмосфера құру қажет [189].

Шығармашылық тұрғыда дамытатын білім беру ортасын құру білім беру бағдарламасының мазмұнын сәйкесінше жаңартуды, педагогикалық білім беру үдерісінде кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауды оқу-әдістемелік сүйемелдеуді, сондай-ақ кәсіптік білім берудің барлық қатысушыларын (білім беру мекемесінің басқару органы өкілдері, педагогтер, студенттер) инновациялық оқытуға бағдарлай отырып, педагогикалық үдерісті сапалы өзгертуді талап етеді. Біздің тәжірибемізде барлық педагогикалық ұжым мен қызметкерлердің мүмкіндіктерін үйлестіретін, оларды шығармашылық педагогика мен психологияның әдістерін, ерекше функцияларын игеру арқылы, студенттер оқитын кәсіптік білім берудің психологиялық-педагогикалық және әдістемелік циклдарының оқу пәндерін интеграциялау үшін жағдай жасау арқылы шығармашылық дамытушы білім беру ортасын құруға ынталандыратын орган педагогика және психология факультеті болып табылады.

Шығармашылық білім беру ортасының ресурстарын құру және пайдалану оқу үдерісін проблемалық, процессуалдық, шығармашылық мазмұнмен және шығармашылық атмосферамен толтырылған оқу іс-әрекетінің қолайлы микроклиматымен қамтамасыз етуді көздейді.

Білім беру ортасының проблемалық мазмұны оқу үдерісінде шешу жолын табу үшін талдаулар жасауды қажет ететін проблемалық жағдаяттарды оқу материалы мазмұнына енгізу арқылы құрастырылады. Оқу ортасының процессуалдылығы шығармашылық іс-әрекетті оның нәтижесіне емес, іс-әрекет үдерісіне баса назар аударумен қамтамасыз етіледі. Оқу іс-әрекетінің қолайлы микроклиматы оқу үдерісін психологиялық жайлылық және үйлесімдікпен, жағымды эмоционалды фонмен, адамгершілікпен, демократиялықпен, өзара түсіністікпен, өзара сыйластықпен, өзара көмекпен қамтамасыз ету арқылы құрылады. Бұлар сәттілік жағдайларын тудыруға, әр студенттің әлеуетті мүмкіндіктерін қолдауға, олардың қызығушылығын, белсенділігін, бастамаларын, ойлары мен идеяларының тәуелсіздігін ынталандыруға ықпал етеді. Шығармашылық мазмұн мен шығармашылық атмосфера оқу ортасын шығармашылық тапсырмалар жүйесімен толықтыру, шығармашылық жұмысқа бағытталған білім беру технологияларының кешенін пайдалану арқылы құрылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау үдерісін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету шығармашылық іс-әрекеттің педагогикалық теориясы мен тәжірибесі және оларды игеру тетіктері туралы білімді біріктіретін пәндер бағдарламаларын, оқу, оқу-әдістемелік құралдарын қамтитын дидактикалық кешен болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін ЖОО оқу үдерісінде оқыту бағдарламалары, типтік (үлгілік) оқу бағдарламалары мен оқу құралдарының мазмұны бойынша білім, білік және құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі болып табылады.

Болашақ мұғалімді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау толыққанды арнайы ұйымдастырылған білім беру жүйесі аясында жүзеге асырылады. Педагогикалық білім беруді басқару жүйесі болашақ мұғалімді даярлау үдерісін жоспарлауды, ұйымдастыруды, реттеуді және басқаруды көздейді және студенттерді пропедевтикалық, жүйелі, ғылыми курстарды бірізді оқытудан тұрады. Кәсіби даярлаудың әрбір оқу курсы шығармашылық тұрғыдан қарастырылып, соған сәйкес оқу іс-әрекеті кәсіби-шығармашылық міндеттерді шешуге бағытталуы керек. Ол өз кезегінде студенттің оқу іс-әрекетін оқу-шығармашылық, педагогикалық іс-әрекеттің жалпыланған тәсілдерін игеру және тұлғаның шығармашылық жағдайын өзін-өзі реттеу негізінде оқу іс-әрекетін оқу-зерттеу іс-әрекетіне ауыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Осыған орай, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мүмкіндіктерін қарастыру мақсатында І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының психологиялық-педагогикалық пәндерінің оқу бағдарламаларында белгіленген мазмұнына зерттеу мәселемізге байланысты талдау жасайық (сурет 4).




Сурет 4 – Шығармашылық іс-әрекетке даярлықты қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық пәндері

1) «Педагогика» пәні.

Қысқаша сипаттамасы: Жаңартылған білім беру мазмұны аясында орта білім беру жүйесіндегі оқытудың жаңа әдістері мен технологияларын қарастырады. Педагогикалық үрдісті ғылыми талдау, болжау, жоспарлау және

басқару әдістерін зерттейді. Гуманитарлық білім саласы ретінде педагогика мен білім беру үрдісі субъектілерінің өзара әркеттестігі туралы теориялық түсініктерін қалыптастырады.

Мазмұны: «Қазіргі жағдайдағы білім берудің басымдылық рөлі», «Педагогикалық кәсіп пен іс әрекеттің жалпы сипаттамасы», «Педагогтың тұлғасы және оның кәсіби құзыреттілігі», «Педогогтың үздіксіз кәсіби өсуінің факторлары», «Педагогика адам тәрбиесі туралы ғылым ретінде», «Жеке тұлға тәрбиенің объектісі, субъектісі ретінде және оның дамуы мен қалыптасуының факторы», «Тұтас педагогикалық үрдістің мәні және құрылымы», «Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбиенің мәні мен мазмұны», «Педагогикалық үдерістегі мұғалім мен балалар ұжымының өзара байланысы мен өзара іс-әрекеті», «Тәрбиенің әдістері», «Отбасы тәрбиесінің негіздері», «Оқыту үдерісінің маңызы», «Сабақ – оқытудың негізгі формасы», «Оқытудағы диагностика және бақылау», «Мұғалімнің кәсіби іс – әрекетіндегі оқыту технологиялары».

2) «Психология» пәні.

Қысқаша сипаттамасы: Бұл пән қоғам мен адам дамуының объективті және субъективті үдерістерінің тереңдігін тану үшін қажетті заңдылықтарды көрсететін психологиялық білімді қамтиды. Әлеуметтану, мәдениеттану, саясаттану, психологиялық - ғылыми пәндер арасындағы өзара іс-әрекет, ақпараттық интеграциялану және зерттеу тәсілдерінің әдістемелік тұтастығы принциптері негізінде жүзеге асырылады.

Мазмұны: «Психологияның пәні, міндеттері және әдістері», «Психика және сана», «Іс-әрекет психологиялық сипаттамасы», «Психологиядағы тұлға мәселесі», «Түйсік. Танымдық үдерістер жүйесінің жалпы сипаттамасы», «Қабылдау жөніндегі жалпы ұғым», «Зейін мен ес», «Ойлау және сөйлеу», «Қиял туралы жалпы ұғым», «Эмоциялар мен сезімдер», «Ерік туралы жалпы ұғым», «Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы», «Темперамент мәселелері», «Мінез туралы жалпы түсінік», «Қабілет туралы жалпы ұғым».

3) «Бастауыш білім берудегі қазіргі педагогикалық технологиялар» пәні.

Қысқаша сипаттамасы: Пәнді оқыту «білім беру технологиясы», «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» ұғымдарын және олардың түрлерін қарастыруға бағытталған.

Мазмұны: «Заманауи технологиялардың теориялық негіздері», «Педагогика методологиясының ерекшеліктері: қазіргі кезең», «Педагогикалық технологияның ерекшеліктері», «Педагогикалық технологияларды жобалау», «Зерттеу және іздеу технологиялары», «Модульдік және шоғырланған оқыту», «Саралап оқыту технологиясы», «Компьютерлік оқыту және бақылау технологиялары», «Диалогтық және пікірталас технологиялары», «Бастауыш оқытудың инновациялық әдістері мен технологиялары», «Педагогикалық технология түсінігі», «Дидактикалық ойындар технологиясы», «Сыни ойлауды дамыту технологиялары және қазіргі заманғы бастауыш сынып», «Білім берудегі ақпараттық технологиялар», «Білім беру жүйесіндегі жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялар».

4) «Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні.

Қысқаша сипаттамасы: Курс студенттерге уақыт талаптарына сәйкес бастауыш сынып оқушыларының оқыту және тәрбиелеу саласында педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті базалық құзыреттіліктерді меңгеруге, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі ретіндегі тәрбие жұмысының технологиясын теориялық түсінік және практикалық меңгеруіне мүмкіндік береді.

Мазмұны: «Тәрбие процесі - тұтас педагогикалық процестің құрамды бөлігі», «Тәрбие процесінің мәні және оның жеке тұлғаны қалыптастырудағы жалпы жүйесі», «Тәрбие жұмысының дәстүрлі және дәстүрлі емес формаларын ұйымдастыру әдістемесі», «Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру түрін таңдау әдістемесі», «Қазіргі мектептегі тәрбие жұмысының жүйесі», «Бастауыш сынып оқушыларымен тәрбие жұмысын жоспарлау әдістемесі», «Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың әдістері», «Бастауыш сынып оқушыларының ұжымын ұйымдастыру әдістемесі», «Сынып жетекшісінің қызметі мен қызметінің бағыттары», «Қазіргі оқу-тәрбие үрдісіндегі тәрбие технологиялары», «Балаларды тәрбиелеуде мектеп пен отбасының бірлескен қызметін ұйымдастыру әдістемесі», «Балалардың қоғамдық бірлестіктері жағдайында ұжымдық шығармашылық қызметті ұйымдастыру әдістемесі», «Бастауыш мектептің сыныптан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары бойынша факультативтік сабақтар», «Тәрбие жұмысының тиімділігі мен нәтижесінің диагностикасы», «Педагогикалық қарым-қатынас әдістері мен тәсілдері».

5) «Ғылыми және педагогикалық зерттеулерді жобалау» элективті пәні.

Қысқаша сипаттамасы: Бұл пән болашақ мамандарды ғылыми және педагогикалық зерттеулерді жобалаудың мазмұны мен ұйымдастыру принциптерімен таныстыруға, педагогикалық теориялар мен педагогикалық эксперименттердің өзекті мәселелерді жүзеге асырудағы рөлін анықтауға, теориялық және практикалық зерттеу дағдыларын меңгеруге бағытталған. Пән студенттердің педагогикалық жобалаудың теориялық негіздерін жоғары сапалы меңгеруін және педагогикалық процестің элементтерін жобалау кезінде олардың проективті ойлауын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін әдістемелік нұсқауларды белгілейді және олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге даярлығын қамтамасыз етеді.

Мазмұны: «Теориялық негіздері педагогикалық жобалау»; «Педагогикалық жобалаудың сипаттамасы»; «Ғылыми-педагогикалық зерттеу тұжырымдамасы»; «Педагогикалық зерттеу әдістемесі»; «Педагогикалық әдістеменің жалпы ғылыми деңгейі»; «Модельдеу жүйелік принцип және әдіс ретінде»; «Ғылыми-педагогикалық зерттеу кезеңдері»; «Мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті»; «Ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдістемелік аппараты»; «Ғылыми-педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру»; «Ғылыми зерттеу әдістерінің классификациясы»; «Педагогикалық зерттеудің теориялық

әдістері»; «Ғылыми қызметтің жалпы технологиялары»; «Ғылыми әдебиеттер»; «Зерттеу нәтижелерін талдау және оларды көрсету».

6) «Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі» элективті пәні.

Қысқаша сипаттамасы: Пән студенттердің әдістемелік бағдарларын белгілейді және олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру үшін дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Мазмұны: «Ғылыми-педагогикалық зерттеу пәні», «Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдіснамасы», «Ғылыми педагогикалық зерттеу негіздері», «Педагог-зерттеушінің әдіснамалық мәдениеті», «Ғылыми-зерттеу жұмысының дайындық кезеңі», «Ғылыми-педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру», «Зерттеудің теориялық әдістер», «Зерттеудің эмпирикалық әдістері», «Педагогикалық зерттеулердегі диагностикалық әдістер», «Эмпирикалық деректерді математикалық өңдеу әдістері», «Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу және талдау», «Ғылыми зерттеу жұмыстары», «Басылымның шығу ақпаратының міндетті элементтері», «Ғылыми қызмет нормалары және ғылым этикасы», «Ғылым этикасы және ғалымның жауапкершілігі».

7) «Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту» элективті пәні.

Қысқаша сипаттамасы: Пән қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушыларда сапалы және терең білім мен біліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті болуын қамтамасыз етуге бағытталған; мұғалімнің бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту білігін қалыптастырудың теориялық негіздері мен әдістемесінен оқу және кәсіби қызметке қажетті білім және білік дағдыларымен қамтамасыз етеді.

Мазмұны: «Қабілеттер» ұғымының теориялық негіздері», «Бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктері», «Бастауыш мектеп жасында танымдық дамудың ерекшеліктері», «Бастауыш мектеп жасындағы балалардың зияткерлік қабілеттерін дамытудың заманауи тұжырымдамалары мен әдістемелік жүйелері», «Шығармашылық қабілеттер туралы түсінік», «Балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы ойынның рөлі», «Сабақтарда балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту», «Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейін диагностикалау», «Бастауыш мектеп жасындағы балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту бағдарламаларын жобалау», «Бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған шығармашылық, әлеуметтік маңызы бар жобалар», «Сабақтан тыс уақытта бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық дамыту», «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу процесінде сынып жетекшісі мен ата-аналардың шығармашылық өзара әрекеті».

Қалыптастырылатын құзыреттіліктер: оқушылардың дамуын педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру, бастауыш сынып оқушыларының

зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін материалдарды, әдіс-тәсілдерді жинақтау, талдау, бағалауға және білім беру процесінде қолдану қабілеттілігі.

Білім беру бағдарламасындағы аталмыш пәннің мазмұнына қарасақ, «бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту» мәселесінің көзделгенін байқауға болады. Демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлау барысында ол оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту әрекеттерін жоспарлай, ұйымдастыра және тәжірибеде қолдана алу білім, білігін қалыптастыру жүзеге асырылады.

8) Осы пәнмен бір модульде «Бастауыш мектептегі оқу пәндерінен сыныптан тыс жұмыстардың теориясы мен практикасы» элективті пәні тұр.

Қысқаша сипаттамасы: Бұл пән сыныптан тыс сабақтарды ұйымдастыру бойынша білім, біліктерді меңгеруге, оқушылардың қызығушылығын дамыту, олардың ғылым негіздерін түсінуге саналы көзқарас қалыптастыруға, оқушылардың қабілеттерін зерттеу әдістерін қарастыруға бағытталған.

Мазмұны: «Сыныптан тыс жұмыс», «Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырушы – педагог», «Сыныптан тыс жұмыстар танымдық қабілеттерді дамыту құралы ретінде», «Үйірме жұмысы – сыныптан тыс жұмыстардың бір түрі», «Сыныптан тыс жұмыс тәрбие құралы ретінде», «Сыныптан тыс жұмыс эстетикалық мәдениетті қалыптастыру құралы ретінде», «Сыныптан тыс жұмыстар шығармашылық қабілеттерді дамыту құралы ретінде», «Әдебиеттік оқудан сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру принциптері», «Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстың теориясы мен әдістемесі», «Ағылшын тілінен сыныптан тыс жұмыстың мазмұны», «Бастауыш сыныптағы математика пәнінен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру ерекшеліктері», «Сыныптан тыс уақытта оқушының өзіндік іс-әрекеті», «Жобалық іс-әрекет», «Бастауыш мектептегі оқу пәндерінен сыныптан тыс жұмыстарда ойын түрлерін қолдану», «Дүниетану сабағында сыныптан тыс жұмыстарға көңіл аудару мәселесі».

Яғни бұл пәннің мазмұны бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда олардың болашақ кәсіби іс-әрекеттегі шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу білік, дағдыларын қарастыруға назар қойылмаған.

Студенттердің болашақ мамандықтың маңыздылығын түсінуі барлық пәндер бойынша әр сабақта қалыптасып, алған білімдерін бекітуге және кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттерін дамытуға ықпал етуі керек екені анық. Демек, студенттерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың тиімділігіне кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің мазмұны мен оны игеру тетіктерін көрсететін психологиялық-педагогикалық білімді пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру арқылы жаңадан қайта қарау үлкен әсер етеді. Зерттеу жұмысымыздың аясында осы тұрғыда қызығушылық тудыратын пән «Бастауыш білім берудегі қазіргі педагогикалық технологиялар». Пәннің мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қазіргі педагогикалық технологиялар жөнінде білім беру. Бұл пәннің мазмұны студенттерге бастауыш сыныптарда жеке пәндерді оқыту міндеттерін шешуде заманауи педагогикалық

технологиялардың рөлімен таныстыру және оларды пайдалану мүмкіндіктерін түсіндіру, қолдану біліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Сонымен, «Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту», «Бастауыш білім берудегі қазіргі педагогикалық технологиялар» пәндерін оқу болашақ мұғалімдерге бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуда білім беру технологияларын қолдануға мүмкіндік береді.

Ал бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін алдымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдері бастауыш білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған объективті жаңалық пен қоғамдық маңыздылыққа ие рухани және материалдық объектілерді жасау болатын, сананың кең өрісімен, өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан көрсету мүмкіндіктерімен, басқару және өзін-өзі басқару қабілеттерімен, көлемді ақпаратты тез өңдеумен анықталатын, өзін-өзі жетілдіруге әкелетін мұғалімнің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыра білуі қажет екені ескерілмеген.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде мектептер зерттеу дағдылары бар, ғылыми ойлау қабілетті, педагогикалық шеберлігі, мәдениеті жоғары, сыни тұрғысынан талдау мен рефлексия жасай алатын, бір уақытта бірнеше міндеттерді шешу өнері бар мұғалімдерді қажет етеді. ЖОО-ның білім беру үдерісінде кәсіби шығармашылыққа даярлықты қалыптастырудың сәттілігі оқылатын объектілерді түсінуге және болашақ маманның шығармашылығын дамытуға ықпал ететін интеграциялық үдерістермен қамтамасыз етілуі мүмкін. Танымдағы интеграция ЖОО-ның оқу үдерісінде ойлаудағы жүйелілікті, мәселеге стандартты емес көзқарасты, кәсіби түйсікті дамытуды ынталандырады. Бұл студенттердің оқу іс-әрекетінен шығармашылыққа көшуге мүмкіндік туғызады, оқыту мазмұнын және оны игеру жолдарын білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеуді көздейді, оқу ақпаратын құрылымдауды, оқытудың ұйымдастырушылық формаларын, құралдары мен әдістерін біріктіруді қамтамасыз етеді, болашақ мұғалімді кәсіби өсуіне бағыттайды. Ғалымдар өз зерттеулерінде пәнаралық интеграцияны - әртүрлі оқу пәндерінің мазмұнының өзара кіріктірілуі және оқытудың инновациялық педагогикалық әдістерін, құралдары мен ұйымдастырушылық формаларын қолдану арқылы бірыңғай білім беру әлеуетін құру деп түсіндіреді [190-196].

Психологиялық-педагогикалық курстарды пәнаралық байланыстар арқылы интеграциялау жеткіліксіз болған жағдайда пәннен жүйеге қарай тереңірек және жан-жақты білімге көшу толық қамтамасыз етіле алмайды. Сонымен қатар, білім беру стандарттарының міндетті және жоғары оқу орнының компоненттерінде шығармашылық әдістерін міндетті түрде оқуды көздейтін пәндер де жоқтың қасы. Шығармашылықтың үлесін арттыру және оны білім беруде қарқындату мәселесін шешу көптеген факторларды, адамдардың жеке ерекшеліктерін және бірқатар ұйымдастырушылық сәттерді жүйелі есепке алуды талап етеді. Сондықтан жоғары оқу орны компонентінің мазмұнын таңдау, арнайы курстардың тақырыбын таңдау өте маңызды. Таңдау курстары,

оқытудың белсенді формаларының бірі бола отырып, студенттің шығармашылық және жеке дамуына ықпал етеді.

Осыларға байланысты болашақ мұғалімді кәсіби шығармашылыққа даярлау міндетін шешу мүмкіндігі ретінде І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 6В01301- «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының мазмұнына психологиялық-педагогикалық ғылымдардың әртүрлі салаларындағы білім интеграцияланған және студенттердің оқып жатқан мамандық туралы тұтас көзқарасын, жалпыланған түсініктер, білім мен біліктерін, белсенді танымға ұмтылысын қалыптастыруға, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» пәні әзірлеп, енгізуді жөн көрдік (п. 3.2).

«Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша жоғары кәсіби білім берудегі және қазіргі бастауыш сыныптарда оқу-тәрбие үдерісінің тәжірибесі арасындағы қарама-қайшылықтың орын алып отырғанынан, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мүмкіндіктерін біз былайша айқындадық:

1) бастауыштың теориялық негіздерінен жоғары білімінің болуы;

2) педагогикалық іс-әрекеттегі шығармашылықтың жалпы теориялық негіздерін білуі;

3) мектепте шығармашылық үдерісті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың заманауи әдістемелері мен технологияларын игеруі;

4) кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жоспарлауды, жүзеге асыруды, бағалауды білу және тәжірибеде қолдана алу мүмкіндігі (кесте 9).

Кесте 9 – Кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мүмкіндіктері

| Даярлау мүмкіндігі | Мазмұны/ қысқаша сипаттамасы |
|---|---|
| Бастауыштың теориялық негіздерінен жоғары білім | Болашақ мұғалімнің кәсіби білім базасы қалыптасады |
| Педагогикалық шығармашылықтың теориясын білу | Мұғалімнің шығармашылық қабілеттерін саналы түрде дамытуы қамтамасыз етіледі |
| Заманауи әдістемелер мен технологияларды меңгеру | Мектеп жағдайында шығармашылық үдеріс ті тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді |
| Кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жоспарлау, жүзеге асыру және бағалау | Болашақ мұғалімнің теорияны практикамен ұштастыра алуы қамтамасыз етіледі |

Сонымен, болашақ мамандардың шығармашылық үдеріс туралы жүйелі білімді, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда және басқаруда шығармашылық тәсілдер қолдану білім, біліктерін игеріп, оларды кәсіби іс-әрекетте жүзеге асыру әдістемесін дұрыс ұйымдастыра алуға үйрету қажет.

Сонымен, болашақ мамандардың білім беру бағдарламасындағы психологиялық-педагогикалық міндетті және элективті пәндерді, оқу-әдістемелік құралдардағы сәйкес материалдарды өздерінің игеріп, солардың негізінде кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті тиімді ұйымдастыра алуға үйрету

қажет. Ол үшін келесі параграфта болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мүмкіндіктерін іске асыруды қамтамасыз ететін білім беру технологияларын түрлері мен оларды пайдалану мүмкіндіктеріне тоқталмақпыз.

## 2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауда білім беру технологияларын пайдалану

Жұмысымызда студенттер - болашақ мұғалімдердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті игеру үдерісінде кездесуі мүмкін психологиялық-дидактикалық қиындықтарға назар аударуды жөн көрдік.

О.Л. Никольская өзінің зерттеуінде [190,с. 97] бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық жұмысындағы психологиялық кедергілері мен қиындықтарының басым көпшілігі олардың іс-әрекетін дәстүрлі түрден кәсіби-шығармашылық түрге өзгерту үдерісімен байланыстырады. Кедергілер қатарына:

- қалыптасқан дұрыс емес ұстанымдар («үлгі бойынша» жұмыс жасау басымдылығы);

- мұғалімнің білімі мен оны қолдануының дұрыстығына сенімсіздігімен байланысты кәсіби қорқынышы;

- оқушылардың қабілеттерін мақсатты дамытумен айналысу үшін баланың даму психологиясы бойынша білім тапшылығын түсінуі;

- өз қабілеттеріне, білімді тасымалдауышы ғана емес, сонымен қатар баланың дамуында әртүрлі (психофизиологиялық, әлеуметтік және психологиялық) деңгейлерді ескере алатын зерттеуші бола алатынына сенімсіздік; зерттеу дағдыларының жетіспеушілігін түсінуі;

- оқу үдерісін жобалау, шығармашылық тапсырмалар әзірлеу қабілеттерінің төмендігі, психологиялық-педагогикалық заңдылықтарды түсініп, жоғары теориялық деңгейінде жұмыс істей алмауын жатқызады.

Сонымен қатар қазіргі мұғалімдермен жүргізілген сауалнама нәтижелері олардың кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруда шығармашылық іс-әрекет саласындағы құзыреттілікті кеңейтуді, оқу-әдістемелік ресурстарды әзірлеуде, оқушылардың жеке және білім алу қажеттіліктерінің ерекшеліктеріне байланысты шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыруда, тағы басқа әдістемелік көмек қажет ететінін көрсетті (п. 3.1).

Мұндай қиындықтарды жеңу үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда студенттердің жетіспейтін шығармашылық қабілеттері мен сапаларын талдауға, түзетуге және дамытуға, оқытудың белсенді әдістерін қолдануға, шығармашылық іс-әрекеттің психологиялық-педагогикалық аспектілерін талдау мен жалпылауға және соның негізінде шығармашылық үдерісті оңтайлы ұйымдастыруға бағытталған тәсілдерді қолдану қажет. Яғни оқыту барысында студенттердің тұлғалық шығармашылығын дамыту бойынша тапсырмалар орындауы, оқушыларға арналған шығармашылық тапсырмаларды әзірлеуі, тренинг түрінде сабақтар өткізу, психологиялық-дидактикалық қиындықтарды диагностикалау және талдау, т.б. көзделуі керек.

Болашақ мұғалімнің кәсіби-тұлғалық қалыптасу үдерісін жүзеге асыруда өзінің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінде креативтілік тұғырды жүзеге асыруға бағдарланған жағдайлар мен құралдарды іздеу маңызды. Оларға студенттердің оқу іс-әрекетінің шығармашылық сипатын, болашақ мұғалімнің танымдық іс-әрекетін «жақын даму аймағына» бағыттауды, студенттер мен оқытушылар арасындағы қатынастардың демократиялық, серіктестік, бірлескен шығармашылық сипатын, студенттің іс-әрекетін терең жағымды тәжірибелермен сүйемелдеуді, әр студенттің шығармашылық даралығын дамытуға бағытталған педагогикалық технологияларды кеңінен қолдануды, студенттердің шығармашылық қабілеттерінің деңгейін анықтау үшін диагностикалық тестілеуді қолдануды, технологиялық деңгейде студенттердің тұлғалық шығармашылығын жетілдіруге бағытталған жаттығулар жүйесін пайдалануды, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуын жатқызуға болады.

Кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің маңызды факторы болып тұлғаның жеке шығармашылығының жоғары деңгейі табылады. Шығармашыл тұлғаның ерекшеліктері (Е.Е. Туник бойынша): қызығушылық, қиял, күрделілікке бейімділік, тәуекелге бейімділік.

Қызығушылығы бар адамдар көп білу үшін түрлі мәселелерге көңіл бөледі, ойлаудың жаңа жолдарын іздейді, жаңа идеялар мен заттарды зерттейді, мәселелерді шешудің ерекше нұсқаларын іздейді, және т.б. Қиялы дамыған адамдар белгілі бір уақытта көрмей тұрған немесе жоқ заттар мен құбылыстардың бейнелерін елестете алды, оларды қайтадан жаңартып, өндеп ерекше түрде көре алады. Яғни студенттердің тұлғалық шығармашылығын дамыту олардың қиялдау, интуитивті ойлау, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуды көздейді. Студенттер қиялдауға, ойлау заңдары мен ережелерін меңгеруге бағытталған жаттығулар жиі орындаса, олар шығармашылық тәжірибені оңай игереді. Интуитивті ойлау жұмыс барысында алынған көптеген білім мен фактілерге сүйенеді, тәжірибелік іс-әрекет барысында қалыптасады.

Күрделілікке бейім адамдар күрделі идеялар мен нәрселерге қызығушылық танытады, маңызды мақсаттар қояды, өз бетінше зерттеу жүргізеді, мақсаттарға жетуде табандылық көрсетеді, күрделі мәселелерді шешу жолдарын табады, және т.б. Тәуекелге бейім адамдар әрқашан өз идеяларын қорғайды, үлкен мақсаттар қояды, жаңа идеялар мен заттарды зерттейді, бірақ сәтсіздіктер мен қателіктердің болуын жоққа шығармайды, нәтижеге жету үшін тәуекелге барады. Бұл қасиеттерді дамытуға білім берудің технологияларының әдістері мен стратегияларын пайдалану ықпал етеді.

Шығармашылық қиялды, интуитивті ойлауды дамыту, логикалық ойлауды жаттықтыруға әзірлеген «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» курсының «Шығармашылықтың психологиялық негіздері», «Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіндегі шығармашылық», «Бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық шығармашылығы», «Креативтілік тұлғаның шығармашылыққа қабілеті ретінде», «Педагогтің «креативті құзыреттілігі» және «шығармашылық әлеуеті» тақырыптары арналған, сонымен қатар ол

сұрақтар «Психология», «Бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту» пәндерін оқыту барысында қарастырылуына болады.Кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті сәтті жүзеге асыру үшін шығармашылық іс-әрекет стратегияларын (кездейсоқ қойылым, аналогтарды іздеу, комбинаторлық әрекеттер, қайта құру, әмбебап стратегия - аналогияны, комбинаторлық әрекеттер, қайта құру стратегиялары, оларды кешенді қолдану – әмбебап стратегиясы) меңгеруді қамтиды. Стратегия дегеніміз іс-әрекеттің басты бағдарламасы, барлық басқа әрекеттерді басқаратын іздеу мен әрекеттенудің негізгі бағыты. Жоғарғы оқу орнының білім беру үдерісінде аталған стратегиялар психологиялық-педагогикалық пәндерде оқытылады, және біз әзірлеген «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» курсын оқу кезінде жоспарланған.

Болашақ мұғалімді кәсіби даярлау жоғары оқу орнының тұтас педагогикалық үдерісінде түрлі құралдар арқылы жүзеге асырылады. Соңғы жылдары елімізде жаңа формациядағы болашақ мұғалімді даярлаудың мазмұны мен технологияларын жаңарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Қазақстанда білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде педагогтерді даярлауда инновациялық оқыту әдістерін қолдануға ерекше назар аударылуда [3,б. 11]. Болашақ мұғалімді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесі бойынша заманауи зерттеулерді зерделеу жоғары оқу орнында шығармашылық іс-әрекет стратегияларын оқытуда ең тиімді болатын белсенді оқыту әдістерін қамтитын білім беру технологиялары екенін түсінуге негіз болды. Сонымен, студенттердің шығармашылық іс-әрекетіне даярлау үдерісінде бағыттарды белгілеуге және оның өлшемдерін анықтауға мүмкіндік болды: 1) кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке бағыттылықты қалыптастыру; 2) ғылыми-теориялық даярлықты қалыптастыру (теориялық материалды әзірлеу); 3) технологиялық даярлықты қалыптастыру (технологияны іске асыру үшін технологиялық материалды әзірлеу).Зерттеушілер заманауи педагогикалық технологиялардың көптеген түрлерін ұсынады. Авторлардың пікірінше, олардың бірін қолдану басқа жүйелерді пайдалануға кедергі келтірмейді және педагогикалық технологиялар студенттердің дайындық деңгейіне, ақпараттық құзыреттілігіне, іс-әрекеттік дайындығына сай бейімделуі тиіс. Сонымен қатар, оқу үдерісінің нақты мақсаттары мен жағдайлары оқыту технологиясын таңдауға айтарлықтай әсер етеді.

«Технология» термині қазіргі таңда педагогикада кеңінен қолданылады. В.А. Сластенин технологияны тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамыту заңдылықтарын барынша іске асыратын және нәтижелілікті қамтамасыз ететін педагогикалық іс-әрекет ретінде анықтайды [191,с. 258]. Г.Е. Муравьева технологияны белгілі бір нысанды қайта түрлендіру үдерісінде оны өзгерту әдістерінің нақты жиынтығы ретінде анықтайды [192,с. 37]. Бұл жерде түрлендіру нысаны – студенттің тұлғасы, ал түрлендіру іс-әрекетінің субъектісі – технологиялық үдерісті жүзеге асыратын оқытушы болып табылады. Қазақстандық ғалымдар Ж.А. Қараевпен Ж.У. Кобдикаваның пікірінше технология - әдістемелік жүйемен сәйкес дидактикалық

үрдістер кешенінің тәжірибеде жүзеге асырылатын жобасы, ал оның құрамды бөліктері педагогикалық жағдаяттарға сай қолданылатын әдістер, тәсілдер болып табылады [193,б. 480].

Білім беру технологиясы дегеніміз – оқушылардың оқу-танымдық қызметінде мұғалімнің басшылығымен немесе өз бетінше әртүрлі оқу міндеттерін шешу барысында тұлғаның даму үдерісін алдын ала жобаланған және жан-жақты негізделген сипатта іске асыруды сипаттау [192,с. 37].

Жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде әртүрлі технологиялар қолданылады: психологиялық, ақпараттық, педагогикалық, эвристикалық, кешенді. Бұл технологиялар білім беру жүйесінде сапалы өзгерістерге, студенттердің кәсіби және коммуникативтік құзыреттерді меңгеруіне, сондай-ақ олардың оқу үдерісіне белсенді және шығармашыл қатысуына бағытталуы тиіс. Ең тиімді және болашағы бар технологиялар ретінде оқу үдерісін кәсіби бағыттылыққа сай, студенттердің тұлғалық ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, бейімділіктері мен қабілеттерін ескере отырып ұйымдастыруға мүмкіндік беретін технологиялар. Жоғары оқу орнында технологияларды таңдаудың негізі ең алдымен студенттердің оқу үдерісіндегі дербестік деңгейі болып табылады. Білім беру технологиялары арқылы студенттердің репродуктивті және шығармашылық әрекеттерінің дәрежесін алдын ала анықтауға болады. Студенттерде танымдық әрекеттің және кәсіби іс-әрекетінің толық циклі қалыптасуы қажет болғандықтан, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауда:

1) мәселені көруді, байланыстар мен қатынастарды түсінуді, мотивация қалыптастыру тәсілдерін, танымдық міндеттерді мақсат және нәтиже ретінде қоюды, таным үдерісі мен оның нәтижесінің жеке тұлғалық маңыздылығын ұғынуға байланысты іс-әрекеттің мағынасын білуді үйретуге (педагогикалық, психологиялық және эвристикалық технологиялар);

2) жоспарлау, жобалау, модельдеуді, оқу міндеттерін құрастыруды, гипотеза ұсыну және әзірлеуді, міндеттерді шешуді басқаруды, нормативтік-стандарттық және эвристикалық міндеттерді шешу тәсілдерін, сондай-ақ эвристикалық және логикалық процедураларды үйлестіруді оқытуға (эвристикалық және кешенді технологиялар);

3) нақты жағдайларда кәсіби міндеттерді шешуді, шешімнің дұрыстығы мен тиімділігін тексеруді, нәтижені бағалау және қажетті түзетулер енгізуді; педагогикалық жүйенің жайғдайын және студенттердің жаңа білімді қабылдауға дайындық деңгейін синтездеуді қарастыратын жайтты бағалауды оқытуға (кешенді технологиялар) бағытталған технологияларды дұрыс таңдау маңызды болады.

Жоғары оқу орнында оқу ұдерісін ұйымдастыру технологияларын таңдаудың негіздерін анықтауда біз іс-әрекет теориясына (Л.С. Выготский [82,с. 480], В.В. Давыдов [173,с. 200], А. Н. Леонтьев [88,с. 304] және т.б.) негізделген іс-әрекеттік тұғырдың ережелеріне сүйендік. Студенттерді оқытуда іс-әрекеттік тұғырды жүзеге асыру кезінде оқыту технологиялары мен әдістерін дұрыс таңдау аса маңызды. Таңдау кезінде неғұрлым көп аспектілер ескерілсе,

соғұрлым оқу нәтижелері жоғары болады. Тиімдісін таңдау үшін олар келесі сәйкестіктерді есепке алу керек:

1. оқытудың заңдылықтары мен солардан туындайтын принциптеріне сәйкестігі;

2. оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі;

3. пәннің мазмұны мен әдістеріне сәйкестігі;

4. білім аушылардың оқу мүмкіндіктеріне сәйкестігі:

а) жас ерекшеліктері (физиологиялық, психикалық);

ә) дайындық деңгейі (оқыту және тәрбиелеудегі);

б) оқыту жүргізілетін топ (ұжым) ерекшеліктері;

5. сыртқы жағдайлардың ерекшеліктеріне сәйкестігі (географиялық, қоршаған орта және т.б.);

6. оқытушылардың мүмкіндіктеріне сәйкестігі: олардың тәжірибесі, белгілі бір әдістер комбинациясы тиімді болатын оқу үдерісінің жағдайларын білуі, теориялық және практикалық дайындығының деңгейі; белгілі бір әдістер мен құралдарды қолдану қабілеттері; ең тиімді нұсқаны таңдай білуі; тұлғалық қасиеттері және т.б. [195,б. 162].

Технологиялардың түрлеріне тоқталайық.

Психологиялық технологиялар білім алушының жеке тұлғасын ашуға, жүзеге асыруға және дамытуға, сондай-ақ оның оқытушылармен және басқа адамдармен өзара қарым-қатынастарын оңтайландыруға бағытталған [197].Психологиялық технологияларды қолдану жоғары оқу орнының психологиялық қызметі аясында жүзеге асырылады. Бұл қызмет студенттерді кәсіби даярлау ұдерісінде психологиялық қолдау логикасымен біріктірілген психодиагностикалық, кеңес беру, түзету, тренингтік-дамыту жұмыстарының түрлі технологияларын қамтиды. Психологиялық технологияларды пайдалану студенттердің өзін-өзі дамытуға және оқытуда өзін-өзі жүзеге асыруға дайындығын арттыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық үдерісте қолданылатын психологиялық технологиялардың кең ауқымы оқу ұйымдарында оқыту әдістерін жетілдіруге көмектеседі.

Жоғары оқу орнындағы ақпараттық оқыту технологиялары - бұл ақпаратты өңдеумен байланысты [198]. Осы тұрғыдан алғанда, Д.Ш. Матрос кез келген оқыту әдістемесі немесе технологиясы ақпараттық технология болып табылады деп атап көрсетеді. Ол бұл қорытындыны оқыту әрқашан ақпаратты оқытушыдан білім алушыға, білім алушыдан басқа білім алушыға және т.б. жеткізу үдерісі екеніне сүйене отырып жасайды [199].

Сонымен қатар, педагог үшін ең бастысы — ақпаратты өңдеу және жеткізудің студенттер үшін барынша тиімді жолдарын табу болып табылады. Осыған байланысты білім беру міндеттерін шешуде компьютерлік (жаңа ақпараттық) технологиялардың маңыздылығы артуда. Болашақ мамандар жаңа ақпараттық технологияларды меңгеріп қана қоймай, оларды кәсіби қызметінде тиімді қолдана білуі, кәсіби міндеттерді шығармашылық тұрғыдан шеше алуы қажет. Компьютер білім беру саласында, оқу іс-әрекетінде және студенттердің шығармашылығында түбегейлі жаңа мүмкіндіктер ашады. Жасанды интеллект

саласындағы жұмыстарға негізделген интеллектуалдық оқыту жүйелері де қарқынды дамуда. Ақпараттық телекоммуникациялық желілердің дамуы қашықтықтан оқыту жүйелеріне жаңа серпін береді, планетамыздың әртүрлі бөліктерінде сақталған құнды ақпараттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Оқыту үдерісіне бір уақытта оқытушы мен компьютердің қатысуы білім беру сапасын айтарлықтай жақсартады.

Келесі педагогикалық технологиялар. Әдебиеттерде [200] «педагогикалық технология» ұғымы:

- дидактикалық тұжырымдама, педагогикалық ғылымның бір бөлігі ретінде (Б.Т. Лихачев, П.И. Пидкасистый, М.А. Чошанов және т.б.);
- педагогикалық жүйе ретінде (В.П. Беспалько, В.В. Гузеев және т.б.);
- педагогикалық үдеріс ретінде (В.С. Безрукова, М.М. Левина, В.Д. Симоненко және т.б.);
- мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетінің алгоритмі ретінде (В.М. Монахов, В.В. Сериков, В.А. Сластенин және т.б.) анықталады.

«Педагогикалық технологиялар» ұғымы басқа еңбектерде педагогтың өзі білетін және меңгерген қандай да бір педагогикалық үдерістің логикасын мақсатқа жету немесе қойылған міндетті орындау үдерісі ретінде жүйелі жүзеге асыруды көздейтін нақты кәсіби әрекеттерімен тығыз байланысты деп түсіндіріледі.

Жоғары кәсіптік білім беру стандарты білім алушылардың кәсіби іс-әрекеті тиімді орындауына қажетті құзыреттерін қалыптастыруға бағытталғандықтан, жоғары оқу орындарында технологиялық тәсілді жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Бірақ, зерттеушілердің атап өтуінше, бұл тұжырымды жүзеге асыру үшін қазіргі ғылым мен практика тұрғысынан жеткілікті түрде негізделген және сенімді жүйелі технология әзірше жоқ, сондықтан жоғары оқу орындарының тәжірибесінде қолдануға ең жақсы әзірленген әрі қолжетімді технологиялар пайдаланылады. Білім беру саласындағы ең кең таралған оқыту технологияларын жалпылама түрде «Современные образовательные технологии в учебном процессе вуза» атты әдістемелік құралының авторлары ұсынды [200,с. 237] (кесте 10).

Кесте 10 - Жалпыланған оқыту технологиялары

| Атауы | Мақсаты | Мәні | Механизмі |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Проблемалық оқыту технологиясы | Студенттердің танымдық белсенділігін, шығармашылық дербестігін дамыту | Студенттерге шешу барысында білімді белсенді түрде меңгеруіне мүмкіндік беретін танымдық міндеттерді дәйекті және мақсатты түрде ұсыну | Іздену әдістері; танымдық міндеттерді қою |

10– кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| Шоғырланған оқыту технологиясы | Оқу үдерісінің құрылымын адамның табиғи психологиялық қабылдау ерекшеліктеріне мүмкіндігінше жақын құру | Сабақтарды блоктарға біріктіру арқылы пәндерді терең оқу | Студенттердің жұмыс қарқынын ескеретін оқыту әдістері |
| Модульдік оқыту технологиясы | Оқытудың икемділігін қамтамасыз ету, оны жеке базалық даярлықтың жеке қажеттіліктеріне бейімдеу | Жеке оқу бағдарламасы бойынша студенттердің өздік жұмысы | Проблемалық тәсіл, оқудың жеке қарқыны |
| Дамыта оқыту технологиялары | Жеке тұлғаны және оның қабілеттерін дамыту | Оқу үдерісін адамның әлеуетті мүмкіндіктеріне және оларды іске асыруға бағыттау | Студенттерді әртүрлі іс-әрекет түрлеріне тарту |
| Саралап оқыту технологиясы | Бейімділіктерді анықтау, мүдделер мен қабілеттерді дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасау | Бағдарламалық материалды стандартта белгіленген міндетті деңгейден төмен емес әр түрлі жоспарланған деңгейлерде меңгеру | Жеке-дара оқыту әдістері |
| Белсенді (контексттік) оқыту технологиясы | Студенттердің белсенділігін ұйымдастыру | Болашақ кәсіби іс-әрекеттің пәндік және әлеуметтік мазмұнын модельдеу | Белсенді оқыту әдістері |
| Іскерлік ойын технологиясы | Білім, білік, дағдыларды игерудің жеке-іс-әрекеттік сипатын қамтамасыз ету | Оқу ақпаратын іздеуге, өңдеуге, игеруге бағытталған дербес танымдық іс-әрекет | Студенттерді шығармашылық іс-әрекетке тартудың ойын әдістері |

Түрлі педагогикалық технологиялардың ішінде кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мақсатына барынша сәйкес келетіні, біздің ойымызша: саралап оқыту технологиясы және онымен байланысты топтық технологиялар, модульдік оқыту, проблемалық оқыту технологиясы, контекстік оқыту технологиясы.

Бұл технологиялардың басты мәні — оқытудың мақсаттарын саралау, топтық оқыту және оның әртүрлі формалары арқылы білім алушылардың әртүрлі топтарына бейімделген оқу үдерісін ұйымдастыру.

Оқыту тәжірибесінде саралаудың екі түрі ажыратылады: 1) сыртқы саралау (белгілі бір қағидалар негізінде салыстырмалы тұрақты топтар құру, бұл топтарда білім мазмұны мен оқу әдебиеттеріне қойылатын талаптар ерекшеленеді). Сыртқы саралау студенттерге шығармашылық сипаттағы жеке қызығушылықтарына сай тапсырмалар беру арқылы да жүзеге асырылады; 2) ішкі (деңгейлік) саралау (студенттердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу талаптарының әртүрлі деңгейлерін бөліп көрсетуге негізделген оқытудың әдістері, формалары мен құралдарының жиынтығы). Ішкі саралау материалды меңгеру қарқынының әртүрлілігін, оқу тапсырмаларының саралануын, түрлі іс-әрекет түрлерін таңдауды, оқытушы тарапынан көрсетілетін көмектің сипаты мен деңгейін анықтауды көздейді.

Тиімді педагогикалық технологиялардың бірі – оқытудың ұжымдық тәсілі (А.Г. Ривин, В.К. Дьяченко) [200,с. 237]. Бұл – педагогикалық өзара әрекеттесудегі қиындықтарды шығармашылықпен және нәтижелі түрде еңсеруге мүмкіндік беретін тәсіл. Ұжымдық жұмыс барысында тұлғаның ұстанымдары түрлендіріледі, құндылықтары, мағыналық бағдарлары, оқыту мақсаттары және оқу үдерісіне қатысушылардың өзара әрекеттесуі өзгереді. Студенттердің педагогпен және бір-бірімен белсенді қарым-қатынасы оқу материалын меңгеруді жеңілдетеді.

Басқаларды оқыту арқылы студент өзін мұғалім, тәлімгер ретінде сынайды, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі таныту қажеттіліктерін қанағаттандырады. Микротопта тапсырмаларды орындай отырып, студент мәселені шешудің әртүрлі көзқарастары бар екенін түсінеді, ұжымдағы басқа мүшелердің қабілеттері мен таланттарын бағалауға және құрметтеуге, сондай-ақ өзінің қабілеттері мен таланттарын басқалардың артықшылықтарымен толықтыруға үйренеді.

Модульдік оқыту білім беру технологиясы ретінде тұлғаға бағытталған тұғыр идеясына негізделеді. Ол идеяға сәйкес педагогикалық жүйенің өзегі – білім алушы болады, ал басты мәні – білім алушылардың өздік жұмысы мен өзін-өзі бақылауы болады. Бұл технологияның әзірлеушілері (Дж. Дьюи, Дж. Кэррол, Б. Блум және т.б.) модульдік оқытуды «білімді толық меңгеру жүйесі» деп қарастырады [200,с. 237]. Оның бастапқы жағдайы бірдей оқу материалын меңгеру үшін әртүрлі білім алушыларға олардың интеллектуалдық қабілеттеріне байланысты әртүрлі уақыт қажет болады. Сондықтан, оқу үдерісін ұйымдастырудың ең тиімді формасы – әрбір студентке қажетті материалды меңгеруге жеткілікті уақыт беру.

Модульдік оқытудың басты сипаттамалары: әр оқу модулін оқуда диагностикаланатын мақсаттар қою, оқу мазмұны мен әдістерінің, бақылау және бағалау тәсілдерінің өзгермелілігі көрсететін икемділік, белгілі бір модульді оқудағы мақсаттар мен міндеттерді оқытушы мен студенттің түсінуі, нақты ойластырылған тапсырмалар жүйесі мен өзін-өзі бақылауды қамтамасыз ету арқылы басқа таным іс-әрекетінің түрлеріне қарағанда студенттердің өздік жұмысының басым болуы, оқытушының кеңес беру жқмысының

басымдылығы, оқу үдерісін үнемі бақылау арқылы студенттердің танымдық әрекетін рефлексиясы.

Проблемалық оқыту – бұл білім алушылардың алдына ретімен мәселелер қоюды, сол мәселелерді шешу барысында олардың тек кәсіби іс-әрекеттің білімдік компонентін ғана емес, сонымен бірге оны жүзеге асыру дағдыларын да меңгеруін көздейтін оқыту технологиясы. Бұл технологияда оқу үдерісін жобалаудың негізгі дидактикалық бірлігі – оқу мәселесі болып табылады және «міндет» пен «мәселе» ұғымдары ажыратылады. Дәстүрлі тәсілдегі студент әрекеттерінің реті: дайын тапсырма шарттарын талдау → шешу тәсілін еске түсіру → шешу → үлгілік (эталондық) жауаппен салыстыру болса, проблемалық тәсілді қолданғанда студент әрекеттерінің алгоритмі: мәселелік жағдайды талдау → мәселе қою → жетіспейтін ақпаратты іздеу және болжамдар ұсыну → болжамдарды тексеру және жаңа білім алу → мәселені тапсырмаға айналдыру → шешу жолдарын іздеу → шешу → шешімді тексеру → шешімнің дұрыстығын дәлелдеу болады.

Проблемалық оқыту технологиясы студенттерге тек жаңа білім, білік, дағдылар меңгеру ғана емес, сонымен қатар әртүрлі кәсіби мәселелерді шығармашылықпен шешу тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік береді. Оқу материалын проблемалық түсіндірудің мән-мағынасы – оқытушы білімді дайын күйінде бермейді, керісінше білім алушыларға танымдық тапсырмалар беріп, проблемалық жағдайлар туғызып, оларды шешудің жолдары мен құралдарын іздеуге итермелейді.

Теориялық және практикалық сипаттағы әртүрлі тапсырмаларды орындаудың тиімді жолдарын іздеу және таңдау арқылы студенттердің кәсіби ойлауы, кәсіби және шығармашылдық қабілеті дамиды.

Оқытуды дәстүрлі әдістен проблемалық оқытуға көшірудің табыстылығы оқытушының проблемалық оқыту теориясын білуіне, оның технологиясын, проблемалық әдістердің (ішінара-іздену, эвристикалық, зерттеушілік) ерекше тәсілдерін меңгеруіне, оқу үдерісін ұйымдастырудың түрлі формаларын өзгерте білуіне байланысты.

Контексттік оқыту технологиясын қолдану қажеттілігін А.А. Вербицкий негіздеген. Оның пікірінше, теорияның тәжірибеден алшақ болу қайшылығының мәні оқу іс-әрекеті (студенттің) мен болашақ кәсіби іс-әрекеттің (маманның) айырмашылығында [201]. Контекстік оқыту деп – маманның болашақ кәсіби іс-әрекетінің пәндік және әлеуметтік мазмұны бүкіл дидактикалық формалар, әдістер және құралдар жүйесі арқылы модельденетін, ал абстракті білімдерді меңгеру осы іс-әрекет негізіне салынған оқытудың түрі түсініледі [201,с. 208].

Контекстік оқытудың негізгі идеясы — студенттердің оқу іс-әрекеттері түрлерінде нақты өндірістік байланыстар мен қатынастарды модельдеу, бұл кәсіби даярлау мен нақты өндірістік іс-әрекет арасындағы алшақтықты жеңуге мүмкіндік береді. Модельдеу арқылы болашақ маманның жалпы мәдени дамуының мақсаттары да жүзеге асырылады. Оқу іс-әрекеті барысында жеке және ұжымдық, бірлескен іс-әрекетті өзі ұйымдастыру мүмкіндігі қамтамасыз

етіледі. Контекстік оқытуда белсенді оқыту формалары мен әдістері ерекше рөл атқарады. Контекстік оқыту технологиясы үш негізгі іс-әрекет түрінен тұрады: дәріс пен семинарлардың жетекші рөлімен жүзеге асатын оқу іс-әрекеті; ойындар, арнайы курстар, арнайы семинарлар арқылы іске асатын квазикәсіби іс-әрекет; оқу-кәсіби іс-әрекет (ғылыми-зерттеу жұмыстары, өндірістік практика, дипломдық және курстық жобалау) арқылы жүргізіледі. Осы технология аясында кейс-технология (практикалық бағыттағы құрылымданбаған оқу, ғылыми немесе кәсіби мәселелерді шешу тәсілдерін үйрету технологиясы) қолданылады

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, педагогикалық технологиялар практикалық педагогикалық міндеттерді шешуге оңтайлы жағдай жасауға бағытталғанын атап өткен жөн. Олар педагогикалық жаңашылдықтардың мол тәжірибесін, білім беру үдерістерін дамытудағы педагогикалық зерттеулер нәтижелерін жүйелеу және жинақтау үшін қолданылады.

Жоғары білім беру жүйесінде белсенді түрде жүзеге асырылатын келесі технологиялар тобы — эвристикалық технологиялар [201,с. 208]. Оқыту мен танымдық әрекетте қолдануға болатын, студенттердің ойлау қабілетін жандандыратын құрал ретіндегі кейбір эвристикалық технологияларға тоқталайық (мысалы: «миға шабуыл» (brainstorming), синектика, өнертапқыштық есептерді шешу теориясы (ӨЕШТ) ұйымдастырушылық-әрекеттік ойын) (кесте 11).

Кесте 11 – Эвристикалық технологиялардың түрлері

| Атауы | Мақсаты | Мәні |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Миға шабуыл (brainstorm) | Шектеулі уақытта стандартты емес және тиімді шешімдер қабылдау. Бұған командада бірлескен талқылау үдерісінде әртүрлі идеялардың максималды санын тудыру арқылы қол жеткізіледі. | Әр түрлі мәселелердің шешімдерін ұжыммен іздеу тәсілі. Ақпаратты талдау, жаңа өнімдер жасау, шығармашылық тұжырымдамалар жасауда қолданылады. |
| Синектика | Әмбебап жүйеленген заңдылықтарды іздеуге емес, нақты мәселелерді шешу. | Топта мәселелерді талданады. Сын айту қабылданады.<br>Талқылау төрт негізгі кезеңнен тұрады:<br>- тікелей ұқсастықтар;<br>- субъективті (жеке) ұқсастықтар;<br>- символдық ұқсастықтар;<br>- фантастикалық ұқсастықтар. |
| Өнертапқыштық есептерді шешу теориясы (ӨЕШТ – | Икемді ойлау мен қиялды, күрделі мәселелерді әдемі және тиімді тәсілдермен | Қарама-қайшылықтарды анықтауға және жоюға негізделіп мәселелерді шешуге және |

11– кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| ТРИЗ) | шешу қабілетін дамыту. | жүйелерді жетілдіруге жүйелі тәсіл. Әдіс шығармашылық ойлауды дамытуға және инновациялық шешімдерді табуға мүмкіндік береді. |
| Ұйымдастырушылық-әрекеттік ойын (ҰӘО) | Белгілі бір жағдай аясында берілген теориялық немесе практикалық мәселені шешу | Нақты іс-әрекетті модельдеу арқылы проблемалық жағдайларды шешуге бағытталған белсенді оқыту формасы. ҰӘО қатысушылары іс-әрекеттің әртүрлі аспектілерін модельдейді және нақты мәселелерді шешуді үйренеді. |

Кең таралған эвристикалық әдістердің бірі — «миға шабуыл» (А.Осборн). Бұл әдісті қолдану барысында қойылған міндетті шешу үдерісін жүргізуді жетекші басқарады. Ол «миға шабуыл» ережелерінің бәрін:

1. Міндеттің мазмұнын «шабуыл» басталар алдында жалпы түрде тұжырымдауды.
2. Идеялар ұсыну тобы белгіленген уақыт ішінде (20-40 минут) барынша көп болжамдар ұсынуды (түрлі идеялар үздіксіз айтылып, бірін-бірі толықтырып, дамытуы тиіс. Барлық идеялар жазылады. Бұл кезеңде қандайда бір сын айтуға тыйым салынады).
3. Сарапшылар тобы ұсынылған болжамдардың құндылығына баға беруді (болжамдарды сараптау және іріктеу мұқият жүргізілуі тиіс).
4. «Миға шабуыл» барысында шешілмеген мәселе сол топқа басқаша тұжырымдалған немесе өзгертілген түрде қайта ұсынылуы мүмкін.
5. Идеяларды ұсыну үдерісін белсендіру үшін инверсия, аналогия, эмпатия, фантазия тәсілдерін қолдануды ұсынуды.
6. Болжамдар 10 балдық жүйе бойынша бағалау және барлық сарапшылардың бағасының орташа балын шығаруды сақтауды қамтамасыз етеді.

Келесі — өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы (ӨТШТ).

Диалектиканың принциптеріне негізделген ӨТШТ кез келген адамды шығармашылық тапсырмалар орындауды үйретуге мүмкіндік туғызады және әрбір адамға өнімді ойлауға қабілетті шығармашыл тұлға болуға мүмкіндік береді. Студенттердің шығармашылық әлеуетін ашу ӨТШТ-де «үштік алгоритм арқылы жүзеге асады: проблемалық жағдайда қайшылықты табу, қайшылықты нақты тұжырымдау, өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясының белгілі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, қайшылықты шешу. Нәтижесінде студенттер жаңа сапаға ие болады, зерттелетін мәселеге ерекше, стандарттан тыс көзқарас табады, бұл оқытудың шығармашылық аспектісін жүзеге асыруға

ықпал етеді. Мұндай сабақтардың негізгі формалары: пресс-конференция, диспут, іскерлік ойын, және т.б. болады. Ондай сабақтар студенттердің қызығушылығы пен танымға ұмтыуын оятады. Проблемалардың шығармашылық шешімі жобалар түрінде рәсімделеді. Жобаны қорғау кезеңінде студенттің терең ойлай алатын ғылыми зерттеуші ретіндегі қабілеті ашылады, ал бұл жастардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы басты мақсат болып табылады.

Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік ойынның (ҰІӘО) басты ерекшелігі қойылған мәселені шешу үшін әртүрлі саладағы мамандардың өзара әрекеттесу тәсілін табу. ҰІӘО-ға қатысушы ойын барысында өзіне қажетті білімді өзі жасайды, ізденеді, шиеленісті шешеді, жаңалық ашады. ҰІӘО ойлау әрекетінің тиімді әдістерін міндетті түрде қолдануды көздейді. Ойын ережелері қатысушылардың ойлауын жүйелеуге, қателіктерін көруге және мәселені шешудің стандартты емес жолдарын іздеуге мәжбүр етеді. ҰІӘО-ның нысаны кез келген проблемалық жағдай болуы мүмкін. Ойын соңында қатысушы өзіне жаңа мүмкіндіктер ашады. Сонымен ҰІӘО жоғары оқу орындарында маман даярлаудың тиімді ұйымдастырушылық формасы, әдісі және құралы болып табылады.

Эвристикалық технологиялар студенттердің шығармашылық ойлауын дамытады, қиялы мен фантазиясын өрістетеді, стандартты емес ойлауға үйретеді, танымға деген қызығушылық пен ұмтылысты оятады, яғни тұлғалық шығармашылығын дамытуға ықпал етеді. Эвристикалық оқытудың негізгі түрлеріне эвристикалық дәрістер, эвристикалық семинарлар, шығармашылық апталар және т.б. жатады.

Дәстүрлі сабақтарға қарағанда эвристикалық сабақтарда студенттер ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік, когнитивті және шығармашылық типтегі жеке білім беру өнімдерін жасайды. Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік - мақсат қою, ереже шығару, жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу және қорғау, рецензиялау, өзін-өзі бағалау, рефлексия сабақтары. Когнитивтік типтегі сабақтар: объектіні зерттеу, ұғымдар (ережелер, заңдылықтар, болжамдар, теориялар) құрастыру, концепт-сабақтар. Шығармашылық типтегі сабақтар: қиял-сабақтар, ізденіс сабақтары, педагогикалық (ғылыми, қолданбалы, әлеуметтік және т.б.) шығармашылық сабақтары, эвристикалық жағдайят сабақтары, шығармашылық жұмыстарды қорғау.

Шығармашылық апталар студенттердің бір тақырып немесе мәселе бойынша шығармашылық жұмыстарын орындау уақыты мен сапасын арттырады. Жеке шығармашылық жұмыстар жүйесі білім алушылардың өзін-өздері кешенді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, өйткені ол оқытушыларды студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеретін сабақтардың жеке және эвристикалық-бағытталған бағдарламаларын дайындауға, өз пәнін шығармашыл түсінуіне бағдарлайды. Шығармашылық апталардың бір түрі — ғылыми апталар. Ғылыми апталар аясында студенттер педагогтермен, зертханалар мен кітапханаларда жұмыс жасайды, конференциялар, семинарлар өткізеді.

Білім берудегі кешенді технологиялар - оқытудың тиімділігі мен сапасын арттыру үшін әртүрлі әдістерді, құралдарды және тәсілдерді қолдану көздейді. Қызықты және бейімделген оқу үдерісін құру үшін цифрлық технологияларды, педагогикалық стратегияларды және басқа инновацияларды пайдалануды қамтиды және:

- жеке тұлғаның барынша мүмкін болатын ресурстарын пайдаланады;

- тұлғаның бір ғана емес, бірнеше психикалық сапаларының дамуын оңтайландырады;

- «оқытушы – білім алушы» жүйесіндегі қарым-қатынастардың ерекшеліктеріне сәйкестендірілген;

- оқыту жағдайларының нақты кәсіби өзін-өзі іске асыру жағдайларымен үйлесуін болжайды;

- шығармашылық іс-әрекетке апаратын жолды айқындайтын дербес шешімдер қабылдау субъектісі болу қабілетін қалыптастыруды қарастырады;

- кәсіби түсініктерді қалыптастырады (студенттерде сәтті іс-әрекетке қажетті кәсіби қасиеттердің нақты жиынтығына ие болатын педагог-маманның бейнесі қалыптасады);

- студенттердің тұлғалық және ойлау рефлексиясын арттыруға ықпал етеді [201,с. 208].

Кешенді технологияларға әртүрлі акмеологиялық технологиялар жатады: кәсіби іс-әрекетті ойын арқылы модельдеу технологиялары, рефлексивті-гуманистік бірлескен шығармашылық технологиялары және рефлексия мәдениеті мен өзіндік сананы дамыту технологиялары, педагогикалық жобалау және болжау технологиялары, модельдеу технологиялары, автоматтандырылған интенсивті оқыту технологиялары, кадрлардың психикалық тұрақтылығын өздігінен реттеу технологиялары және т.б.

Жоғары оқу орнында кәсіби-шығармашылықты дамытудағы маңызды болатын кейбіреулерін қарастырайық.

Педагогикалық болжау технологиясы [25,с. 768]. Болашақ мұғалімде бүгінгі күні жалпы мәдениет деңгейі, психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі, заманауи ақпарат көлемімен жұмыс істей білуі, түрлі жағдаяттарды шешуге дәстүрлі емес тәсілдер таба білуі ғана емес, сонымен қатар кәсіби іс-әрекетті болжау негізінде ұйымдастыра білуге тиіс. Болашақ мұғалімдердің болжау білігі мен дағдыларын қалыптастыру олардың кәсіби даярлығының тиімділігін арттырудың бір бағыты ретінде қарастырылады. Бұл болжау дағдысы мұғалімнің іс-әрекетінде алдын ала бағыт-бағдар беретін тәсілді қамтамасыз ететіндігімен байланысты, сол арқылы мұғалімдер мектеп өміріндегі күнделікті оқиғалардан оқушылардың болашаққа деген ұмтылысын көре алады және әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды мақсатты түрде қалыптастыра алады. Сонымен қатар, болжау мұғалім іс-әрекетінің барлық функцияларын (ақпараттық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, дамытушылық және т.б.) жүзеге асыруда көрініс табады. Сондықтан дәл осы дағды арқылы аталған әрбір функцияны меңгеру үдерісі жетілдіріледі.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі болжау субъектілері ретінде оқушы, оқушылар ұжымы танылады. Болжаудың нысандыры - білім беру үдерісінің барысы мен нәтижелері, педагогикалық жағдаяттардың дамуы болады.

Педагогикалық модельдеу технологиясы — бұл алгоритмдік және эвристикалық әрекеттердің үйлесімінен тұратын, «үйренуді үйренудің» әмбебап тәсілі [201,с. 208]. Модельдеу — бұл жобаланатын нысанның маңызды белгілерін бейнелейтін оның идеалдық бейнесін жасауға арналған шарттарды әзірлеу үдерісі. Модельдерде педагогикалық мақсаттар, міндеттер, тиімділік шарттары, нысанның құрылымдық компоненттері, оның жұмыс істеу тәсілдері көрініс табады.

Модельдеу әдісі интегративті сипатқа ие, ол педагогикалық зерттеуде эмпирикалық және теориялық бағыттарды біріктіруге, яғни педагогикалық нысанды зерттеу барысында эксперимент пен ғылыми абстракцияларды, логикалық құрылымдарды қатар қолдануға мүмкіндік береді. Модельдер жүйесін құруға арналған толыққанды педагогикалық зерттеу нәтижесінде жобалық шешім жасалады. Сондықтан педагогикалық жобалау мәселесін шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастырудың тиімді технологиясы ретінде қарастыру орынды.

Педагогикалық жобалау жоспарланған үдерістер мен құбылыстардың модельдерін жасауға бағытталған [201,с. 208]. Адамның жобалау іс-әрекеті оның санасында шынайылықты тек ішінара бейнелейтін, сонымен қатар адамның субъективті әлемін, оның құндылықтары мен мақсаттарын көрсететін идеалды модельдерді құра алу қабілетіне байланысты. Педагогикалық жобалау — бұл педагогикалық шындықты түрлендіру модельдерін жасауға бағытталған білім беру субъектілерінің іс-әрекеті. Педагогикалық жобалаудың мәні педагогикалық мәселелер мен олардың пайда болу себептерін анықтау және талдау, жобалаудың құндылықтық негіздері мен стратегияларын құру, мақсаттар мен міндеттерді айқындау, педагогикалық жобаны іске асырудың әдістері мен құралдарын іздестіруден тұрады.

Көптеген ғалымдардың еңбектерінде [202] жобалық іс-әрекет барысында студенттер шығармашылықпен ойлауға, өз әрекеттерін өз бетінше жоспарлауға, алдарында тұрған міндеттердің мүмкін шешімдерін болжауға және жобамен жұмыс істеу барысында меңгерген тәсілдерін қолдануға үйренетіні көрсетіледі.

Жобалау — түсінуді, бірлескен шығармашылықты, авторлар мен пайдаланушылардың ортақ мақсатқа, құндылықтарға бағытталған сезімталдықты талап ететін үдеріс. Жобалаудың негізінде жаңа ақпаратты меңгеру болады. Білім алушылар негізгі және аралық мақсаттар мен міндеттерді қоюда, оларды шешу жолдарын іздеуде, балама нұсқалар болған жағдайда ең тиімдісін таңдауда, таңдау жасау және оны негіздеуде, таңдау салдарын түсінуде, оқытушының көмегінсіз дербес әрекеттерді жетілдіруде, алынған нәтижелерді қойылған талаптармен салыстыруда, аралық нәтижелерді ескере отырып, әрекеттерді түзетуде, жобалау үдерісін және нәтижелерін бағалауда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Сондықтан оқытушы студенттердің жоба бойынша жұмысын дұрыс жоспарлап, олардың қызығушылығы мен

еңбекке уәжін қамтамасыз ете алуы маңызды. Тапсырма тым жеңіл де, тым күрделі де болмауы керек, әрбір студенттің жақын даму аймағына сай болуы қажет.

Жоғары оқу орнының оқытушылары тұлғаның шығармашылық қасиеттерін дамытуға бағытталған кешенді технологияларға ерекше назар аударуы қажет.

Жоғарыда айтылғандарға және «Современные образовательные технологии в учебном процесса вуза» атты құралы авторларының [200,с. 237] ұсыныстарына сүйене отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау міндеттерін шешу барысында біз жоғары оқу орны оқытушысына қойылатын келесі негізгі талаптарды айқындадық:

- өзі де шығармашыл тұлға болуы тиіс. Егер оқытушының өзі шығармашылықпен айналыспаса, тек шығармашылыққа шақыру білім алушыларды шабыттандыратын шығармашылық ортаны қалыптастыруға ықпал жасамайды;
- оқытатын пәні бойынша терең ғылыми білімге ие болуы қажет;
- әрбір студенттің шығармашылыққа қабілетті екеніне сенімді болуы тиіс;
- жоғары оқу орнында қолданылатын педагогикалық технологиялардың кешенін меңгеруі қажет.

Яғни, дәріс оқығанда мұғалім бір ойдан екіншісіне оңай ауысып, ұсынылған материал бойынша стандартты емес қорытынды жасап, студенттермен пікірталасқа түсіп, дәрісті сөйлеуші мен тыңдаушының үйлесімді бірлескен шығармашылығына айналдыруы керек. Сондай сабақта шығармашылық аурасы, оқытушыда да, білім алушыларда да айтылған ойларды тереңдетуге, тыңдаушыларда дәріс бойынша идеялар айтуға, оқытушымен пікірталасқа түсуге ұмтылыс пайда болады. Оқытушы әр түрлі студенттердің ойлау үдерістері әртүрлі жылдамдықпен жүзеге асырылатындығын ескеруі керек. Кейде олардың жауаптарында жіберген қателіктерін басқаша түсіндіріп, оларды кішкене жаңалықтарға айналдырып, ұсынылған мәселені жаңа қырынан көруге мүмкіндік беруге болады.

Сонымен жоғары оқу орны оқытушысының жетекші функциялары болып білім беру үдерісінің әртүрлі деңгейлерінде шығармашылық, ғылыми-педагогикалық ізденіс атмосферасын құру, педагогикалық қарым-қатынас үшін мүмкіндіктер туғызу; оқу-тәрбие үдерісінің әдістемелік қамтамасыз ету, әдістемелік жұмыстың сапалы жаңа жүйесін құру және т. б. табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінде білім беру технологияларын жүйелі қолдану оқу жоспарының белгілі бір курстары аясында, белгілі бір жағдайларда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық мамандыққа деген құндылық қатынасын және ондағы өзін-өзі шығармашылық тұрғыда жүзеге асыру мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған шығармашылық іс-әрекетінің тәжірибесін қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделін жасауға мүмкіндік береді.

## 2.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Нормативті құжаттарды, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді және педагогикалық тәжірибені талдау болашақ педагог тек пән бойынша білім мен дағдыға ие болуымен шектелмей, үнемі даму мен өзін-өзі жетілдіруге ынталы тұлға болуы қажет екенін көрсетеді. Осыған байланысты, кәсіптік оқудың алғашқы кезеңінен бастап студенттерді өзін өзі белсенді дамыту мен жетілдіруді мақсат тұтуға бағыттау маңызды. О.С. Тоистеваның пікірінше, болашақ педагогтің кәсіби іс-әрекетке дайын болуы үшін тек танымдық сапалары жеткіліксіз – олардың бойында кәсіби-шығармашылыққа бағытталған ішкі ұмтылыс болуы қажет [203].

Біздің зерттеуіміздің басты міндеттерінің бірі – бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мазмұндық-құрылымдық моделін әзірлеу. Н.В. Кузьминаның ғылыми тұжырымдамасына сәйкес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау моделін біз өзара байланысты құрылымдық және функционалдық компоненттерден тұратын, белгілі бір соңғы нәтижеге – бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық іс-әрекетіне жауап беретін тұлғалық жаңашылдыққа қол жеткізуге бағытталған жүйе ретінде қарастырамыз.

Біз модельді тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың жүйелі-құрылымдық негізі ретінде қарастырамыз. «Модельдеу – бұл құбылыстардың, үдерістердің немесе нысандар жүйесінің модельдерін құру арқылы оларды зерттеу, бұл жаңадан жасалатын нысандардың (модельдердің) сипаттамаларын анықтау немесе нақтылау және тәсілдерін оңтайландыру үшін модельдер қолдану» [34,с. 119]. Зерттеу жұмысымыздағы модельдеудің логикасы: теория мен бастапқы зерттеу зерттелетін құбылыс туралы түсінік беретін және өзіндік болжам ретінде болатын модель түрінде көрсетіледі. Бұл модель тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, нақтыланады, нәтижесінде модельді жетілдіруге мүмкіндік болады. Модель педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асырудың абстрактілі алгоритмі ретінде қарастырылады. Ол нақты мақсатты, бірізділікті, мазмұндық бағыттарды, нәтиже өлшемдері мен көрсеткіштерін қамтиды. Зерттеуде модельдеу тек құбылыстар мен үдерістерді көрсетудің бір тәсілі ғана емес, сонымен қатар зерттеліп отырған құбылыс туралы білімнің ақиқаттығын тексерудің объективті әдісі ретінде қарастырылады. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау үдерісін жетілдірудің инновациялық нұсқасын жасауға негіз болады.

«Модель» термині (французша modèle, латынша modulus – өлшем, үлгі) түрлі жағдайларда қолданылады: белгілі бір үлгі, стандарт; бейнелетін зат; құрылғы; нысанның, үдерістін, құбылыстың кез-келген бейнесі ретінде түсіндіріледі. Яғни, модель – белгілі бір нысанды немесе құбылысты тану, түсіндіру және көрсету үшін қолданылатын оның баламалы көрінісі [32,с. 504]. Модель ұғымының басқа да анықтамалары бар. Мысалы, кейбір дереккөздерде

модель – бұл зерттеу жүргізуге ыңғайлы болу үшін арнайы синтезделген, бастапқы зерттелетін жүйеге ұқсастығы жеткілікті дәрежеде сақталған және зерттеушінің тұжырымдаған зерттеу мақсатына сәйкес келетін нысан ретінде қарастырылады [105,с. 566]. Басқа бір дереккөзде [103,с. 352] модель үлгі; шынайы нысанның құрылымы мен қызметін көрсететін құрылғы; нақты зат туралы абстрактілі түсінітер жиынтығы, нысанның аналогы ретінде анықталады. Ғылым философиясы сөздігінде [112,с. 569] модель – зерттелетін нысанның бастапқы түпнұсқаны бейнелейтін тәжірибелік үлгісі немесе ақпараттық-таңбалық аналогы деп анықталған. Сонымен қатар модель – зерттелетін нысанды бейнелеп немесе көрсетіп, әрі сол нысанның орнына қолдануға болатын ойша ұсынылған немесе нақты жүзеге асырылған жүйе деп түсіндіріледі. Оның көмегімен объект туралы жаңа ақпарат алуға болады [112,с. 569]. Барлық түрлі көзқарастарға ортақ – модель ең алдымен таным құралы ретінде түсіндіріледі. Яғни модель – зерттелетін нысанның, құбылыстың немесе үдерістің белгілі бір қырларын сипаттайтын қатынастар жүйесі ретінде анықталады. Қазіргі зерттеушілердің [163,с. 120], еңбектерінде жаңа типтегі педагог іс-әрекетінің модельдері ұсынылған. Осы зерттеу аясында әзірленіп, қолданылып отырған модельдің маңызды танымдық функциясы – оның шығармашылық ізденіске бастау көзі бола алатындығында.

Жүйенің болуы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау үшін білім беру ортасын анықтайтын педагогикалық жүйені және одан туындайтын міндеттер, заңдылықтар, принциптер, жағдайлар, кезеңдер және т. б. құру мақсаты кіретін модельдің қажетті және жеткілікті құрылымдық элементтерінің өзара байланысын сипаттайды.

Білім беру бағдарламасының әлеуетін пайдаланатын білім беру ортасы болашақ педагогті оқыту кезеңінде практикалық кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке тартудың жаңа мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді, студенттің кәсіби-шығармашылық дамуының траекториясын жобалау және өту үдерісін жеңілдетеді, сондай-ақ студенттерге білім беру технологияларын қолдану, кәсіби шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыру арқылы кәсіби-шығармашылық іс-әрекет міндеттерін шешуге даярлығын көрсету тәсілдері мен формаларын ұсынады.

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесін зерттеу үшін белгілі бір теориялық алғышарттар қалыптасқан. Зерттеушілердің пікірінше, бастауыш сынып мұғалімінің іс-әрекеті әртүрлі жағдайларда жүзеге асырылады (1.2). Бастауыш сынып мұғалімнінің мақсаты – оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру және оларды интеллектуалдық, адамгершілік, шығармашылық, физикалық дамыту [3,б. 7].

Бастауыш сынып мұғалімінің іс-әрекетінің нысаны – бастауыш (1-4) сыныптарда оқитын 6(7) - 10(11) жастағы балалар. Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінің міндеттері кәсіби стандартта айқындалған.

Ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесіне қатысты түрлі әдіснамалық тұғырлардың бар екенін көрсетті (п. 1.3). Осылайша, болашақ педагогтің тұлғалық қасиеттерін дамыту қажеттілігі кәсіби-шығармашылық іс-әрекетте табысты болудың маңызды шарты ретінде тұлғалық тұғырда көрініс тапқан. Бұл тұғыр педагогикалық шығармашылыққа мотивациялық және тұлғалық даярлықтың бірлігін дәлелдейді. Педагогтың шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға бағытталған тұғыр бойынша шығармашылық іс-әрекет педагогикалық әдістерді, тәсілдер мен технологияларды терең меңгеруге және оларды нақты жағдайларға сәйкес тиімді қолдануға негізделеді (операционалдық-технологиялық даярлау). Педагогикалық шығармашылыққа дайындықты қалыптастырудағы мәдениеттанушылық тұғырға сәйкес шығармашылыққа даярлық – болашақ педагогтің кәсіби мәдениетін терең әрі жан-жақты дамыту нәтижесі болып табылады. Бұл болашақ маманның терең теориялық білімін (когнитивті-мазмұндық даярлық) және кәсіби іс-әрекетті сапалы меңгеруін (операционалдық-технологиялық даярлық) қамтиды. Шығармашылыққа даярлауда маңызды құралдары және әдістерімен педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыруды іс-әрекеттік, тұлғалық тұғырлар қамтамасыз етеді. Бұл тұғырларды болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде қолдану олардың шығармашылық іс-әрекетке қызығушылығын арттырып, болашақ педагогтің жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді (мотивациялық-тұлғалық даярлық).

Әртүрлі тұғырларды ұсынған ғалымдардың болашақ педагогтерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау компоненттерін салыстыра және жинақтай келе, олардың жалпы шығармашылық іс-әрекеттің құрамдас компонентеріне сай келетіні анықталды (п. 1.1). Шығармашылық іс-әрекетке даярлау үдерісі мынадай негізгі компоненттерді қамтиды: 1) мотивациялық-тұлғалық, 2) когнитивті-мазмұндық, 3) операцоналдық-технологиялық, 4) рефлексиялық-бағалаушылық. Аталған компоненттер бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға арналған теориялық модельдің негізін құрайды.

*Мотивациялық-тұлғалық компонент* студенттердің педагогикалық мамандықтың шығармашылық сипатына сенімін қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға деген ұмтылысын қалыптастыруға бағытталған. *Когнитивті-мазмұндық компонент* педагогтердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің теориялық негіздерімен, педагогикалық шығармашылықтың тарихымен, жаңашыл педагогтердің тәжірибесімен таныстырады, шығармашылықтың мәні, табиғаты мен түрлері, педагогикалық шығармашылықтың мән-мағынасы, бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымы, әдістемелік аспектілері туралы түсінік береді. *Операционалдық-технологиялық компонент* педагогикалық әдістер мен технологияларды меңгеруге, оларды шығармашылықпен қолдану мүмкіндіктерімен танысуға бағытталған. Р*ефлексиялық-бағалаушылық компонент* педагогикалық іс-әрекеттің

шығармашылық сипатта жүзеге асырылуын бағалауды, студенттердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлығының нәтижелілігін талдауды, жасалған жұмысқа түзету енгізуді қарастырады.

Әртүрлі зерттеулердің деректерін салыстырмалы талдау жүргізу негізінде кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың компоненттерімен (мотивациялық-тұлғалық, когнитивтік-мазмұндық, операционалдық-технологиялық, рефлексиялық-бағалаушылық) өзара байланысты міндеттерді шартты түрде топтастыруға мүмкіндік берді.

Мотивациялық-тұлғалық компоненттің міндеттері:

- студенттердің кәсіби-шығармашылық мотивациясын арттыру;
- болашақ педагогтердің шығармашылықтың маңыздылығын түсінуін, шығармашылық іс-әрекетке оң көзқарасы мен ынтасын қалыптастыру;
- кәсіби іс-әрекетті шығармашылық деңгейде жүзеге асыруға қажетті тұлғалық қасиеттер мен біліктерді қалыптастыру;
- шығармашылық тапсырмаларды орындауда қызығушылықты, дербестікті, табандылықты ынталандыру.

Когнитивтік-мазмұндық компоненттің міндеттері:

- студенттердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға қолайлы білім беру ортасын құру;
- студенттерді педагогикалық шығармашылық пен шығармашылық іс-әрекет тетіктері туралы біліммен қаруландыру;
- терең кәсіби білімдерді меңгерту;
- шығармашылық ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Операционалдық-технологиялық компоненттің міндеттері:

- кәсіби іс-әрекетте қажет шығармашылық біліктер мен дағдылар қалыптастыру;
- шығармашылық іс-әрекеттің шығармашылық сипаттын қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдерді, зерттеу біліктері мен әрекеттерді меңгерту;
- негізгі педагогикалық әдістер мен технологияларды шығармашылықпен қолдану жолдарын игеру;
- оқу-шығармашылық іс-әрекетке тарту.

Рефлексиялық-бағалаушылық компоненттің міндеттері:

- мұғалімнің бағалау әрекетін меңгерту;
- педагогикалық іс-әрекеттегі өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі талдау мәселелерін оқыту;
- өз шығармашылық мүмкіндіктеріне рефлексия жасау;
- оңтайландыру мақсатымен шығармашылық педагогикалық іс-әрекет үдерісі мен нәтижелерін бағалау және өзін-өзі бағалау.

Шығармашылыққа даярлауға бағытталған [53,б. 316] зерттеулерге сүйене отырып, оларды бастауыш сынып мұғалімдерін шығармашылық іс-әрекетке даярлау тәжірибесімен салыстыра отырып, осы үдерістің заңдылықтарын айқындауға талпындық. Студенттерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау үдерісі тиімді болуы үшін оқу үдерісінде мынадай заңдылықтар сақталғаны жөн:

1) теориялық және практикалық даярлаудың бірлігі мен өзара толықтырылуы;

2) кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке тиімді даярлауға ықпал ететін білім беру технологияларын пайдалану;

3) теориялық және практикалық шығармашылық сипаттағы тапсырмалардың проблемалық және біртіндеп күрделеніп отыратын сипаты;

4) тұлғаның шығармашылық бағдарын қамтамасыз ететін арнайы қабілеттер мен жеке қасиеттерді дамыту;

5) кәсіби-шығармашылыққа даярлау жағдайының салыстырмалы түрде еркін және белсенді болуы.

Көптеген зерттеулер шеңберінде анықталған кәсіби-шығармашылыққа даярлау принциптерін салыстырмалы талдау және оларды теориялық модельмен сәйкестендіру болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың төмендегідей *принциптерді* тұжырымдауға мүмкіндік берді:

- *білім беруді ізгілендіру* (студентке үнемі өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі бағалау, шығармашылық белсендігін, дербестігін, саналылығын, өзін-өзі шығармашылық дамытуға деген қажеттілігін ынталандыру мүмкіндіктерін беру);

- *кәсіби-шығармашылық бағыттылық* (теориялық білім мен практикалық біліктерді және оларды іс-әрекетте шығармашылықпен қолданылуын біріктіретін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау үдерісінің кешенді және жүйелі сипаты. Ол тұтас және әртүрлі білім беру ортасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді);

- студенттердің шығармашылық іс-әрекетінде қажетті тұлғалық және кәсіби сапаларын дамытуға ықпал ететін *жайлы білім беру ортасын ұйымдастыру* (ынтымақтастықты ұйымдастыру, шығармашылық серіктестік жағдайларын жасау, даярлау мазмұнының пәнаралық ұйымдастырылуы, студент тұлғасының шығармашылық дамуына бағытталған инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану, шығармашылық іс-әрекетті эмоциялық және рационалдық ынталандыру жолдарын үйлестіру және т.б.);

- құрылымдық-мазмұндық модельді, арнайы оқу-әдістемелік құралдар жүйесін және даярлық деңгейін анықтау өлшемдерін біріктіретін *даярлау үдерісінің технологиялық қамтамасыз етілуі*;

- *инновациялылық* (болашақ мұғалімдерді даярлау мазмұнын педагогикалық ғылым мен практика жетістіктерімен, педагогикалық шығармашылық нәтижелерімен үздіксіз жаңарту, ақпараттықтан гөрі іс-әрекеттік мазмұнның басымдығы);

- *даярлау үдерісі мен нәтижелілігінің рефлексивтік сипаты* (студенттің шығармашылық іс-әрекеттегі мүмкіндіктері мен жетістіктерін диагностикалау, бағалау және болжау, нәтижелерін жақсартатын іс-әрекеттің жаңа нұсқаларын жобалау).

Студенттердің тұлғасы мен іс-әрекетін, сондай-ақ кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық деңгейін диагностикалау және мониторинг жүргізу оқу

үдерісін жобалауда жетекші рөл атқарады. Студенттерді дамыту олардың кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық деңгейін диагностикалаудан басталуы керек.

Біздің зерттеуімізде диагностика мақсаты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеткке жоғары деңгейде даяр болуын қалыптастыру міндетіне сәйкес айқындалды.

Диагностикалау міндеттері:

- кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық деңгейін талдау және бағалау;
- оқыту барысындағы олқылықтарды анықтау;
- оқыту нәтижелерінің табыстылығы немесе табыссыздығын растау;
- оқу үдерісінің келесі кезеңдерін жоспарлау;
- зерттеу жұмысын орындау жағдайларын жақсарту.

Теориялық материалды сәтті игеру және алған білімдерін практикалық жағдайда пайдалану үшін студентке рефлексиялық біліктер қажет. Сонымен қатар, сол жағдайды түсіну және онда өзін көру өте маңызды, өйткені рефлексиялық біліктердің даму деңгейі адамның күнделікті өмірінің сапасын анықтайды. Сондықтан рефлексиялық біліктерді қалыптастыру жоғары білім берудің міндеттерінің бірі, оның мазмұнының компоненттерінің бірі болып табылады. Оқыту барысында студент рефлексиялық біліктерді меңгеріп, оларды сыни тұрғысынан талдай алу, ойлану, бағалау, ерекше шешімдер қабылдау және шығармашылық іс-әрекеттің жеке стилін қалыптастыру қабілетіне ие болуы тиіс.

Сондықтан, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға, жеке тұлғалық сапаларын дамытуға қажетті теориялық және ғылыми ақпарат мазмұнымен сипатталады және диагностикалық, конструктивтік және рефлексивтік кезеңдерден тұрады.

Диагностикалық кезеңнің мақсаты: шығармашылық іс-әрекетті дамыту қажеттілігін қалыптастыру; міндеттері: шығармашылық іс-әрекеттің мәнін түсінуге бағытталған жұмыс ұйымдастыру; кәсіби іс-әрекетке шығармашылық көзқарастың маңыздылығын түсіну; педагогикалық іс-әрекеттегі стереотиптерді жеңу.

Конструктивтік кезеңнің мақсаты – белсенділікті шығармашылық танымды қалыптастыру; міндеттері: педагогикалық шығармашылықты теориясы мен тәжірибесін оқу және түсіну; өзгерістер енгізу.

Рефлексивтік кезеңнің мақсаты: шығармашылық іс-әрекетінің жеке стилін қалыптастыру; міндеттері: шығармашылық табыстылықты өздік бағалау және шығармашылық іс-әрекетінде өзін көрсету.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың тиімділігі арнайы педагогикалық шарттарды анықтау және сақтауға байланысты. «Шарт» ұғымы философиялық категория ретінде субъектінің оны қоршаған ортадағы құбылыстарға қатынасын білдіреді. Субъект өздігінен шартталған нысан ретінде көрінеді, ал шарттар – объективті әлемнің

салыстырмалы түрде сыртқы алуан түрлігігі болады. Құбылысты немесе үдерісті тікелей тудыратын себептердге қарағанда шарт құбылыс немесе үдеріс пайда болатын, бар болатын және он жерде дамитын ортаны, жағдайды құрайды [204].

Педагогикада «шарттарды» педагогикалық жүйенің қызметінің тиімділігіне әсер ететін факторлар, жағдайлар ретінде анықталады [205]. Н.В. Бордовская, А.А. Реан «шарттар» ұғымын оқытудың сәттілігін қамтамасыз ететін факторлардың, оқу үдерісінің компоненттерінің жиынтығы ретінде түсіндіреді [206].

Біздің түсінуіміз бойынша, шарт – бұл зерттеліп отырған сапаға әсер ететін ғана емес, сонымен қатар ол сапаның бар болуы үшін міндетті түрде қажетті алғышарт, оның пайда болуына негіз болатын жағдай. Яғни, шартты «белгілі бір нәрсе тәуелді болатын жағдай; бір нәрсе жүзеге асатын немесе орындалатын жағдай» деп түсінуге болады [207].

Түрлі зерттеулерде шығармашылық іс-әрекетке даярлау шарттарын жалпылау, оларды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мазмұнымен сәйкес айқындауға мүмкіндік берді. Шарттар:

- болашақ мұғалімнің қажеттіліктеріне әсер ететін құндылықтық-мағыналық ақпараттық кеңістік қалыптастыру;
- болашақ мұғалімдердің құндылықтық-мағыналық басымдықтарын өзектендіріп, шығармашылық дамуын ынталандыру үшін тұлғалық-кәсіби қызығушылықтар негізінде ұйымдастырылатын шығармашылық топтар көмегімен кәсіби өзара әрекеттесудің қарқынды тұлғааралық кеңістігін құру;
- студенттердің өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі дамыту мотивтерін табысты іске асыруға мүмкіндік беретін ерекше ұжымдық атмосфера қалыптастыру;
- педагогикалық пәндерді оқыту үдерісінде кәсіби-шығармашылық іс-әрекет мазмұнын және оны меңгеру тетіктерін бейнелейтін аксиологиялық және психологиялық-педагогикалық білімдерді өзектендіру арқылы пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыруға бағытталған тұлғаға бағдарланған оқытуды қамтамасыз ететін икемді білім беру технологияларын қолдану;
- әрбір студенттің әлеуетті мүмкіндіктерін дамытуға, олардың танымға деген қызығушылығын, белсенділігін, бастамашылдығын, идеялары мен ойларының дербестігін ынталандыратын шығармашылық білім беру ортасын қалыптастыру;
- бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету (бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті туралы білімді тереңдетіп, біріктіретін элективті курсты даярлау мазмұнына енгізу және т.б.);
- болашақ мұғалімдердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті білім, білік, дағдыларының қалыптасуын диагностикалау, өзін-

өзі бақылау және өзін-өзі талдау үдерістерін ұйымдастыру. Бұл студенттердің рефлексиялық тәжірибесін байытып, объективті ақпаратты субъектілік деңгейге көшіруге мүмкіндік береді.

Зерттеушілердің [208] пікірлеріне сүйене отырып, мұндай шарттар:

- студенттің мотивациялық сферасын қалыптастыруды (мақсатқа жетудің маңызды шарттары болып табылатын түсіну мен рефлексияның пайда болуына ықпал етеді. Бұл болашақ мұғалімді өзінің кәсіби жолында қолдана алатын тиімді стратегиялар мен технологияларды, жұмыс формалары мен тәсілдерді іздеуге жетелейді. Осы бағытта студент кәсіби-шығармашылық әрекеттің мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік беретін тақырыптық мазмұндарды, жағдаяттарды, фактілер мен оқиғаларды таңдай алатын болады);
- оқу үдерісінің әр кезеңінде студентке кәсіби-шығармашылық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған түрлі ұйымдастырушылық, мазмұндық, оперционалдық мүмкіндіктерді беруді;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімінің практикалық іс-әрекетінің нақты жағдайлары үшін оңтайлы шешімдерді шығармашылықпен әзірлеу қабілетінің пайда болуына ықпал ететін жағдай жасауды;
- оқытудың ұжымдық сипатын жүзеге асыруды;
- болашақ мұғалімдерді өзін-өзі және өзара талдау мен бағалау мәдениетіне үйретуді, оқу барысында туындайтын мәселелер мен қиындықтарды шешуде жеке көмек көрсету мен кеңес беруді ынталадырады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық әрекетке даярлау міндеттерді шешуге оқу үдерісінде белсенді және интербелсенді әдістерімен толықтырылатын білім беру технологиялары кешенін (п. 2.2) пайдалану ықпал етеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі педагогикалық тәжірибе мен оның меңгерлу тетіктері туралы білімді біріктіретін міндетті және таңдау пәндерінің оқу бағдарламаларын, оқу және әдістемелік құралдарды қамтитын дидактикалық кешен болып табылады. Бұл шарт болашақ мұғалімдердің міндетті оқуының ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуінің инвариантты бөлігін жүзеге асыруды көздейді. Міндетті бөліктің негізгілері педагогика және психология кафедрасының ғалымдары әзірлеген «педагогика» және «психология» пәндерінің оқу бағдарламалары мен оқу және әдістемелік құралдар болып табылады. Даярлаудың вариативті бөлігінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі оқыту және тәрбиелеу әдістемелері кафедрасының ғалымдарымен бірлесе әзірленген 2 курс студенттеріне арналған «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» элективті пәнінің оқу-әдістемелік кешені болып табылады.

Диагностикалық сүйемелдеу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық әс-әрекетке даярлаудың объективті бағасын беру үшін маңызды. Бағалау белгілі бір өлшемдер мен көрсеткіштерге негізделуі қажет. Бағалау өлшемдері мен көрсеткіштері болашақ мұғалімдердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық деңгейінің компоненттеріне саяды.

Маңыздысы тұлғалық шығармашылықты диагностикалау әдістемесін (Е.Е.Туник), студенттердің оқу мотивациясын диагностикалу әдістемесін (А.А. Реан мен В.А. Якуниннің, Н.Ц. Бадмаеваның модификациясы), жазбаша бақылау-диагностикалық жұмыстарға арналған тапсырмаларды, Т.Элерстің «Табысқа жетуге қажеттілік» тестін, рефлексивтілік деңгейін бағалау әдістемесін (А.В. Карповтың сауалнамасы) және кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке дайындық деңгейін анықтайтын авторлық сауалнаманы қамтитын диагностикалық процедуралар кешенін дайындап, іске асыру.

П.К. Анохиннің [209] функционалдық жүйелер теориясына сәйкес, акмеологиялық жүйедегі құраушы факторлардың бірі мұғалімнің тұлғасы мен шығармашылық іс-әрекетінде пайда болатын жаңа құрылымдардан тұратын нәтиже. Бұл жаңа құрылымдар педагогтің шығармашылығының, өнімділігінің, кәсіби іс-әрекеттен және оның нәтижелерінен қанағаттануының жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Солай, жоғарыда көрсетілген шарттарды құру нәтижелері:

- студенттердің педагогикалық мамандықтың мән-мағынасын кәсіби шығармашылықтың мәнін түсінуі;
- кәсіби іс-әрекетінде шығармашылыққа қызығушылығы мен қажеттілігінің пайда болуы;
- өздерінің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ұмтылысы,
- шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға ықпал ететін қабілеттерінің жеткілікті деңгейде дамуы және т.б.;
- мұғалімнің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің теориялық негіздерін терең білуі;
- педагогикалық шығармашылықтың ғылыми негізделуі және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі,
- типтік педагогикалық жағдайларды білу және оларды шығармашылықпен шешу білігі;
- жетекші педагогикалық әрекеттерді, әдістерді, технологияларды терең меңгеру және оларды нақты педагогикалық жағдайларда шығармашылық деңгейде пайдалану білігі;
- кәсіби әрекеттер мен жеке шығармашылық қабілеттерге рефлексия жасауы болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың ең маңызды жолы – оқу үдерісі. Міндеттерге байланысты алынған ғылыми білімдерді шығармашылықпен пайдалану, маңызды педагогикалық әдістерді, технологияларды, әрекеттерді шығармашылық тұрғыда интерпретациялау қамтамасыз етіледі.

Ю.В. Воронинаның пікірінше, «мотивациялық-тұлғалық компонент – бұл педагогтің кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға деген жеке қатынасы...» [210]. Біздің зерттеуіміздің контекстінде, қарастырылып отырған компоненттің қалыптасуы болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке деген жеке тұлғалық позициясында, қызығушылығында, қажеттілік

пен ұмтылысында; тұлғалық шығармашылығында, шығармашылық іс-әрекетті меңгеруге жеке мотивациясынде көрініс табады.

Когнитивті-мазмұндық компонент кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің теориялық-әдіснамалық негіздерін, психологиялық-педагогикалық аспектілерін, әдістемелік және оқу материалдарын, әдістерді, құралдарды, т.б. меңгеруді қамтиды.Операционалдық-технологиялық компонент болашақ мұғалімдердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің қолданбалы аспектісін анықтайды және қажетті білік пен дағдылар игеру деңгейін көрсетеді. Бұл компонент жобалау мен ұйымдастыру білік, дағдыларының қалыптасуын, өзгерген жағдайларға бейімделіп әрекет ету қабілетін, шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамытуға ұмтылысын және бақылау-диагностикалық білік, дағдылары қалыптасуын қамтиды.

Рефлексиялық-бағалаушылық компонент өзінің маңыздылығын және өз іс-әрекетінің нәтижелерін түсінуіне, іс-әрекет нәтижелері үшін жауапкершілік сезінуіне, өзін-өзі тану, жетілдіру және кәсіби-шығармашылық іс-әрекетте өзін-өзі жүзеге асыруына бағытталған. Осы компоненттің көрсеткіштерін айқындау іс-әрекет нәтижелерін бағалау студенттің өзін-өзі бағалауының және оның жеке тұлғасының қалыптасуына маңызды әсерімен (болашақ мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамытуы, кәсіби жетілуі, өзінің және басқалардың іс-әрекеттерін талдау, бағалау біліктерінің қалыптасуы) түсіндіріледі (кесте 12).

Кесте 12– Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық деңгейінің компоненттері мен көрсеткіштері

| Компоненттері | Қалыптасу деңгейінің көрсеткіштері |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Мотивациялық-тұлғалық | - болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке деген жеке тұлғалық позициясы;<br>- шығармашылық іс-әрекетке қызығушылығы, қажеттілігі және ұмтылысы;<br>- шығармашылық іс-әрекетті меңгеруге ішкі және сыртқы мотивтері;<br>- шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыруға қызығушылығы мен қажеттілігі;<br>- тұлғалық шығармашылығы. |
| Когнитивті-мазмұндық | - бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің мәні туралы білімдер жиынтығының болуы;<br>- кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке қажетті психологиялық-педагогикалық білімдер қорының болуы;<br>- бастауыш сыныптардың оқу-әдістемелік құралдар мазмұнының дамытушы әлеуетін құрылымдық-жүйелі түрде көру қабілеті;<br>- кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру тетіктерін білуі. |
| Операцоналдық-технологиялық | - қалыптасқан жобалау, ұйымдастыру білігі мен дағдыларының болуы;<br>- өзгертілген жағдайларда шығармашылық тұрғыда әрекет жасау білігінің болуы;<br>- шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамытуға ұмтылысы болуы;<br>- қалыптасқан бақылау-диагностикалық білігі мен дағдыларының болуы. |

12– кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Рефлексиялық-бағалаушылық | - педагогикалық іс-әрекеттегі шығармашылық үдерісті және оның нәтижелерін талдай білу;<br>- шығармашылық жұмыстың тиімділігін анықтай білуі;<br>- өзінің және басқалардың іс-әрекетінің нәтижелерін бағалай білу қабілеті;<br>- қолданылатын құралдар, әдістер мен жұмыс формаларын белгіленген мақсатқа сәйкестігін бағалай білуі;<br>- өзінің әлеуетті мүмкіндіктерін түсінуі және оларды дамытуға ұмтылуы. |

Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау нәтижелерін бағалау мен өлшеу үшін «бір альтернативаны таңдау немесе қандай да бір нәрсенің белгілі бір нысанға сәйкестігін анықтау» ретінде пайдаланылатын сәйкес өлшемдерді әзірлеу қажет [211]. Өлшем (критерий) «мөлшерлік бағаның өлшеуін таңдайтын белгі» деп анықталады Бізде өлшемді - негізінде бағалау жүргізілетін белгі ретінде қарастырамыз.

Бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау өлшемдерін анықтауда біз бұл іс-әрекеттің сипаттамаларын, даярлау ерекшеліктерін, бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінің мазмұнын, мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетке даярлығын бағалау мәселесіне қатысты зерттеушілердің әртүрлі көзқарастарын ескердік [44,с. 253] (п. 1.1).

Өлшемдер мен олардың көрсеткіштері болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың айқындалған құрылымдық компоненттеріне сәйкес анықталды (кесте 13).

Кесте 13 – Студенттердің даярлығын диагностикалау өлшемдері, көрсеткіштері мен әдістері

| Компоненттер | Өлшемдер | Көрсеткіштер | Әдістер |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Мотивациялық-тұлғалық | Кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке бағыттылық | - тұлғаның шығармашылық бағыттылығы;<br>- құндылықтық бағдарлары;<br>- тұлғалық шығармашылығы. | Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі (А.А. Реан мен В.А. Якуниннің, Н.Ц. Бадмаевтың модификациялары);<br>Тұлғалық креативтілікті диагностикалау әдістемесі (Е.Е. Туник). |
| Когнитивті-мазмұндық | Ғылыми-теориялық даярлық | - кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің теориялық-әдіснамалық | Студенттердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің мәнін, оның жүзеге асыру тетіктерін, білім беру ортасының жабдықталуы туралы білімдерін |

13– кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | | - негіздерін білуі;<br>- бастауыш сыныптарға арналған оқу-әдістемелік құралдардың мазмұнындағы дамытушы әлеуетті білу және түсінуі;<br>- кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру тетіктерін білу және қолдануы. | анықтаудың авторлық сауалнамасы және тесттер. |
| Операционал дық-технология лық | Технология лық даярлық | - шығармашылық іс-әрекеттің мазмұны мен ұйымдастырылуын жобалау және құрастыру білігі мен дағдыларының болуы;<br>- бақылау-диагностикалық құралдарды әзірлеу білігі мен дағдыларының болуы;<br>- оқу үдерісіндегі шығармашылық іс-әрекеттің өнімділігі. | Студенттердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке әдістемелік даярлық деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар;<br>Т.Элерстің «Табысқа жетуге қажеттілік» тесті. |
| Рефлексиялық-бағалаушы лық | Рефлексив тілік | - шығармашылық үдеріс пен оның нәтижелерін талдай білуі;<br>- өзінің және өзгенің іс-әрекет нәтижелерін объективті бағалай білуі, ұсынылған тұжырымдар мен қорытындыларды жан-жақты және мұқият тексеруі;<br>- өз мүмкіндіктерін сезіну және оларды арттыруға ұмтылуы. | А.В. Карповтың «Рефлексивтіліктің даму деңгейін диагностикалау» әдістемесі. |

Айқындалған өлшемдер мен көрсеткіштер бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық деңгейлерін зерделеуге негіз болады. Бұл өлшемдер мен көрсеткіштерге сәйкес, мұғалімнің даярлығы үш деңгей бойынша анықталады: төменгі, орташа және жоғары. Өлшемдер, көрсеткіштер және деңгейлердің өзара байланысы 14-кестеде көрсетілген.

Кесте 14 – Өлшемдер, көрсеткіштер мен бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлығының деңгейлері

| Өлшемдер | Төменгі | Орташа | Жоғары |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке бағыттылық | - шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға ішкі және сыртқы мотивацияның, өзін-өзі шығармашылық | - ішкі және сыртқы мотивация аздап көрінеді, шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға ұмтылыс | - шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыруға сыртқы және ішкі мотивация бар, шығармашылық іс-әрекетті жүзеге |

14– кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | дамытуға қызығушылық пен қажеттіліктің болмауы, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыруға қызығушылықтың аздығы;<br>- шығармашылық жұмысқа деген шағын ұмтылыс байқалады, жұмыстағы белсенділік төмен;<br>- коммуникативтік қабілеттері аз көрінеді;<br>-шығармашылық жұмыста жаңа идеялар мен ерекшеліктердің аз көрінуі, бай шығармашылық әлеуеттің болмауы;<br>- стереотиптер мен қалыптасқан үлгілерге үнемі сүйену, жаңа жағдайда және әрекетте стандарттан тыс шешімдер қабылдау қабілеті жоқты қасы. | ішінара байқалады, өзін-өзі шығармашылық дамытуға қызығушылығы мен қажеттілігі әлсіз, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыруға қызығушылығы орташа;<br>- еңбекқорлық бар, бірақ шығармашылық жұмысқа белсенділік жеткіліксіз;<br>- коммуникативтік қабілеттер айқын көрінбейді;<br>- шығармашылық әлеует бар, бірақ шығармашылық жұмыста ерекшеліктер әрқашан байқала бермейді;<br>- стереотиптер сирек қолданылады, жаңаны жасауға ұмтылыс бар, бірақ стандарттан тыс шешімдер қабылдау қабілеті әрдайым көрінбейді. | асыруға тұрақты ұмтылыс байқалады, өзін-өзі шығармашылық дамытуға қызығушылығы мен қажеттілігі бар, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыруға деген ынта көрінеді;<br>- еңбекқорлық пен шығармашылық жұмыста белсенділік көрсетеді;<br>- коммуникативтік қабілеттер айқын көрінеді;<br>- шығармашылық әлеуеті бай, шығармашылық жұмыстары жарқын, ерекше;<br>- стереотиптердің болмауы, жаңаны жылдам жасайды, стандарттан тыс шешімдер қабылдау қабілетті. |
| Ғылыми-теориялық даярлық | - шығармашылық іс-әрекеттің мазмұны мен ұйымдастыру негізін бойынша білімі жүйеленбеген;<br>- психологиялық-педагогикалық білімдер кәсіби шығармашылық даму үшін қолданылмайды;<br>- бастауыш сыныптардың оқу-әдістемелік | - шығармашылық іс-әрекеттің мазмұны мен ұйымдастыру негізі бойынша білімі таяз, терең емес;<br>- психологиялық-педагогикалық білімдер кәсіби шығармашылық дамуда толыққанды қолданылмайды;<br>- бастауыш сыныптар оқу-әдістемелік | - шығармашылық іс-әрекеттің мазмұны мен ұйымдастырлу негіздері бойынша терең, жүйелі білімі бар;<br>- психологиялық-педагогикалық білімдер кәсіби шығармашылық дамуда толыққанды қолданылады;<br>- бастауыш сыныптар оқу-әдістемелік |

14– кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | - құралдарының дамытушы әлеуеті туралы білімдер тек үзінді, үстірт түрде;<br>- кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру тетіктері тек жалпы тұрмыстық деңгейде. | - құралдардарының дамытушы әлеуеті туралы білімдер таяз;<br>- кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру тетіктері біледі, бірақ олар жүйеленбеген. | құралдардарының дамытушы әлеуеті мен кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру тетіктерін толық және жүйелі біледі. |
| Технологиялық даярлық | - шығармашылық іс-әрекеттің мазмұнын жобалауға және құрастыруға байланысты негізгі біліктер дамымаған;<br>- оқу үдерісінде шығармашылық іс-әрекет аз өнімді;<br>- шешімдердің әртүрлі нұсқаларының саны минималды. | - шығармашылық іс-әрекеттің мазмұнын жобалауға және құрастыруға байланысты негізгі дағдылар толық дамымаған;<br>- оқу үдерісінде шығармашылық іс-әрекеттің өнімділігі орташа (қалыпты);<br>- шешімдердің әртүрлі нұсқаларының айтарлықтай саны бар. | - шығармашылық іс-әрекеттің мазмұнын жобалау және құрастырудың негізгі біліктері бар;<br>- оқу үдерісіндегі педагогикалық іс-әрекеттің өнімділігі жоғары;<br>- шешімдердің әртүрлі нұсқаларының максималды саны бар. |
| Рефлексивтілік | - рефлексивті-талдау қасиеттері мен тұлғалық шығармашылығы төмен;<br>- іс-әрекеттегі реакциясы баяу, қызығушылық пен байқағыштық | - рефлексивті-талдау қасиеттері мен шығармашылығы орташа;<br>- оқиғаларға реакция жылдам, қызығушылығы мен байқағыштығы сирек көрінеді; | - рефлексивті-талдау қасиеттері мен шығармашылығы айқын көрінеді;<br>- реакциясы тым жылдам, қызығушылығы мен байқағыштығы жарқын көрінеді; |
| | - жоқтың қасы;<br>- ойлауы дербес емес;<br>- өзінің және басқа адамдардың ойларын, әрекеттерін объективті бағалау, ұсынылған тұжырымдар мен қорытындыларды мұқият және жан-жақты тексеру біліктері қалыптаспаған;<br>өз мүмкіндіктерін | - байқағыштық тек таңдамалы;<br>- ойлауы әрдайым дербес емес;<br>- өзінің және басқа адамдардың ойларын, әрекеттерін объективті бағалау, ұсынылған тұжырымдар мен қорытындыларды мұқият және жан-жақты тексеру | - ойлауы дербес және тәуелсіз;<br>- өзінің және басқа адамдардың ойларын, әрекеттерін объективті бағалау біліктері бар, ұсынылған тұжырымдар мен қорытындыларды мұқият және жан-жақты тексереді;<br>өз мүмкіндіктерін айқын түсінеді және |

14– кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | толық түсінбейді және оларды арттыруға деген ұмтылыс жеткіліксіз. | - дағдылары толық қалыптаспаған;<br>өз мүмкіндіктерін түсінеді және оларды арттыруға деген ұмтылыстың толық жетіспейді. | оларды арттыруға деген ұмтылыс жоғары. |

Осылайша, біз кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру әдістемесін меңгерген, оны іске асыру жолдары мен тәсілдері туралы қажетті білімді, білік, дағдылары қалыптасқан түлек дайындалады деп болжаймыз (сурет 5).




Сурет 5 - Бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау моделі

Нәтижеде: тұлғалық шығармашылығы дамыған, бастауыш сыныптарда кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті іске асыру әдістемесін меңгерген және оны тиімді жүзеге асыратын маман қалыптасады деп күтіледі.

Ұсынылған жүйе күтілетін нәтижені, оның өлшемдерін модельдеу бойынша кейінгі жұмысты ұйымдастыру және студенттерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға тиімді даярлауға мүмкіндік береді:

- кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға бағытталған нәтижелерге жетуге бағдарлайды;
- кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыра алатын білікті маман қалыптастырады.

Жүйенің барлық құраушы компоненттері бір-бірімен тығыз байланыста болып, өзара әрекеттесудің күрделі құрылымын құрайды, әр компонент өз функциясын атқарып, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауды қамтамасыз етеді.

Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау моделін жүзеге асыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмысы келесі тарауда сипатталған.

# 3 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІН КӘСІБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС

## 3.1 Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру

Педагогикалық эксперименттің мән-мағынасы, негізгі мақсаттары мен оған қойылатын талаптар В.И. Загвязинский [75,с. 174], М.М. Поташник [76,с. 187], А.А. Вербицкий [201,с. 208] және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде айқындалып, бұл ретте педагогикалық эксперимент жүргізудің құбылыстары мен заңдылықтарын анықтауды, оның жүзеге асырылу кезеңдерін реттеуді, даярлаудың педагогикалық шарттарын модельдеуді, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарға қатысушы субъектілердің, соның ішінде респонденттердің педагогикалық құбылыстағы өзгеріске түсу мәндерін табуды, нәтижелерді өлшеуді, динамикалық байланыстарды зерттеуді және ұсынылатын ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеу негізінде ұйымдастырылатын әрекеттің бір түрі екендігі айтылады.

Осы қағидаттарға сүйене отырып, зерттеу жұмысымыздың болжамын тексеру үшін жүргізілген эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың мақсатын: «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке дайындық деңгейін анықтау», - деп тұжырымдадық.

Эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың міндеттерін:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың нақты деңгейін анықтау және белгілі бір уақыт ішіндегі (курсты оқыту барысындағы) даму динамикасымен салыстыру, даму бағытын анықтау;

2. «Бастауыш мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» арнайы курсын оқыту және сәйкес жұмыс түрлерін жүргізу.

3. Болашақ педагогтің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыруға бағытталған жаттығу түрлерін Блум таксономиясына сай дайындау, жазбаша жұмыс мазмұны, дескрипторы мен бағалау өлшемдерін анықтау.

4. Жазбаша диагностикалық жұмыс алу, оның нәтижелерін өңдеу.

5. Эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың қорытындыларын шығару – деп тұжырымдадық.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары төмендегідей жоспарланды:

I. Анықтаушы кезеңінің мақсаты теориялық және эмпирикалық зерттеу негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау үдерісінің нақты жағдайын анықтау және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық компоненттері мен мазмұнын іздеу:

- болашақ және тәжірибесі бар бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке дайындығын анықтау бойынша сауалнама жүргізу;
- жоғары оқу орнында оқытуға, бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың заманауи талаптарына, студенттерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға арналған «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» атты элективті пәннің оқу бағдарламасы және оны

әдістемелік қамтамасыз ету үшін «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу құралын, «Шығармалық тапсырмалар жинағын» қамтитын оқу-әдістемелік кешен дайындау.

II. Қалыптастырушы кезеңнің мәні болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау моделін әзірлеу және жүзеге асыру:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға бағдарлана әзірленген элективті пән мен оны әдістемелік қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік кешеннің тиімділігін екі бағытта тексеру: 1) студенттердің шығармашылық әлеуетіне ықпалын анықтау; 2) бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлығының әсерін бағамдау.

III. Бақылау-бағалау кезеңінің мақсаты тәжірибелік жұмыс нәтижесі бойынша қорытынды шығару және соған сәйкес құралдарды жетілдіру жолдарын айқындау және оларға өзгерістер енгізу:

- зерттеудің анықтаушы кезеңіндегі қатысушылармен қайта тестілеу жүргізу;

- қалыптастырушы кезеңге дейінгі және кейінгі көрсеткіштерге салыстырмалы талдау жасау және бағалау, қорытынды шығару, ұсыныстар дайындау.

Экспериментке Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің (ҚазҰПУ) «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 2 және 3 курсынан 102 студент, сондай-ақ І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 2 және 3 курсынан 109 студент қатысты.

Анықтаушы эксперимент 2021–2022 оқу жылының ақпан айында басталды. Бұл кезеңде педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттері арасында кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке дайындықтың жай-күйін зерделеу мақсатында авторлық сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға студенттермен қоса, Алматы облысының әр түрлі мектептерінде жұмыс жасап жатқан еңбек өтілі 1-ден 30 жылдан жоғарыға дейінгі 114 бастауыш және мектепалды даярлық сыныптары мұғалімдері қатысты. Мұғалімдерден сауал алу мақсаты — тәжірибесі бар мұғалімдердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық деңгейін анықтау және осы саладағы негізгі проблемалар мен мұқтаждықтарды зерделеу болды. Сауалнаманың толық нұсқасы А қосымшасында берілген.

Сауалнама нәтижелері мұғалімдердің басым бөлігінің (86,4%) шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда белгілі бір қиындықтар сезінетіндерін атап көрсетті. Олардың ішінде 27,3%-ы жиі көмек қажет ететінін, ал 59,1%-ы жекелеген сұрақтар бойынша көмекке мұқтаж екенін атап өтті. Мұғалімдердің 38,6%-ы шығармашылық іс-әрекет дағдыларының немесе тәжірибесінің жоқтығын негізгі проблема ретінде көрсетті, ал 27,3%-ы шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыруда едәуір қиындықтар сезінетінін атап өтті. Сонымен бірге, тек 34,1% мұғалім ғана бұл бағытта айтарлықтай қиындық көрмейтінін білдірді.

Сауалнама барысында мұғалімдерден шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда қандай көмек қажет екенін көрсету сұралды. Жауаптардың ішінде 50%-ы әдістемелік көмек қажет, 29,5%-ы ресурстарды (оқу-әдістемелік материалдар, бақылау құралдары және т.б.) әзірлеуге көмек қажет, 5,5%-ы тек ішінара көмекке мұқтаж екенін, ал 15%-ы көмек қажет емес екенін айтты. Сонымен қатар, шығармашылыққа дайын емес мұғалімдерге арналған нақты қолдау шаралары ретінде респонденттердің 47,4%-ы әдістемелік қолдауды, 37,7%-ы шығармашылық құзыреттілікті кеңейтуді, 10,5%-ы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен шығармашылық іс-әрекет ұйымдастыруды атап өтті.

Жоғарыда келтірілген нәтижелер шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда әдістемелік көмектің аса өзекті екенін, сондай-ақ болашақ мұғалімдердің осы бағыттағы құзыреттілігін мақсатты түрде арттыру қажеттігін айқын көрсетті.

Алынған эмпирикалық деректер және алдын ала жүргізілген теориялық материалдарды талдаудың мәліметтері студенттерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға арналған «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» атты элективті пәннің мазмұнын және оны әдістемелік қамтамасыз етуге бағытталған «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу құралын, «Шығармалық тапсырмалар жинағын» қамтитын оқу-әдістемелік кешен дайындауға негіз болды.

Студенттермен жүргізген сауалнама нәтижелерін талдау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлығының әртүрлі деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Сауалнама нәтижелері негізінде төмендегі негізгі қорытындылар алынды:

«Шығармашылық» және «креативтілік» ұғымдарын түсіну: Студенттердің көпшілігі шығармашылық пен креативтілікті жаңа идеялар ұсыну, жаңашыл шешімдер табу, стандарттан тыс ойлау қабілеті ретінде түсінеді. Алайда жауаптардың бір бөлігінде бұл ұғымдарға үстірт қарау байқалды, яғни нақты кәсіби контексте қолданысын толық білмейтіні байқалды.

Шығармашылық іс-әрекет туралы түсінік: Студенттердің басым бөлігі шығармашылық іс-әрекетті жаңа тәсілдермен сабақ өткізу, балалардың танымдық қызығушылығын арттыру ретінде сипаттады. Мұғалімдердің жауаптарында шығармашылық іс-әрекетті оқыту әдістерін түрлендіру, дамытушы тапсырмаларды қолдану арқылы жүзеге асыру маңыздылығына мән берілді, бірақ шығармашылық іс-әрекеттің мән-мағынасын толық түсінбегені аталды.

Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда қолданылатын ресурстар мен технологиялар: Екі топ да ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жобалық әдістер, интерактивті оқыту тәсілдері сияқты құралдарды атады. Дегенмен, көптеген студенттер бұл технологияларды шығармашылық тұрғыда қолдану әдістемесін толық меңгермегендерін мойындады.

Шығармашылық іс-әрекетке дайындық деңгейін бағалау: Жетісу университетінің студенттері (эксперименттік топ) өздерінің шығармашылық іс-әрекетке дайындығын орташа деңгейде бағалады (68%-ы «орташа дайынмын»

деп көрсетті, қалған 32%-ы төмен деңгейде бағалады, толық дайынмын деген жауап болмады); Абай атындағы ҚазҰПУ студенттерінің (бақылау тобы) арасында шығармашылыққа дайынмын деген жауаптар аз болды (12,5%), «дайындығым нашар, әлі жетілдіру қажет» деген пікірді 87,5% респондеттер білдірді), мектеп мұғалімдері 13,6%-ы ғана «толық дайынмын» деген жауап берді.

Студенттер шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру барысында негізгі қиындық ретінде тәжірибе жетіспеушілігін, әдістемелік қолдау аздығын атады. Олар арнайы пәндер, шығармашылық шеберханалар ұйымдастыру қажеттігін айтты.

Жоғарыда аталған сауалнама жауаптарын Блум таксономиясы бойынша біз жасаған талдаудың қорытынды нәтижесі төмендегі 15 кестеде көрсетілген.

Кесте 15 – Сауалнаманың нәтижелері (пайыздық көрсеткіші)

| Блум таксономиясының кезеңдері | Сауалнама нәтижесі: жетістіктер мен пайыздық көрсеткіш | Сауалнама нәтижесі: кемшіліктер мен пайыздық көрсеткіш |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Білу (ақпаратты есте сақтау) | - «шығармашылық» және «креативтілік» ұғымдарының анықтамаларын біледі;<br>- Ұғымдардың мағынасын ашады.<br>Нәтиже: 64% | - ұғымдардың анықтамасын білмейді,<br>- ұғымдарды ажырата алмайды,<br>- ұғымдардың мағынасын толық аша алмайды.<br>Нәтижесі: 36% |
| Түсіну (мәліметтерді түсіндіру) | - шығармашылық іс-әрекеттің мән-мағынасын түсінеді;<br>- шығармашылық іс-әрекеттің түрлерін ажырата алады.<br>Нәтиже: 47,4% | - шығармашылық іс-әрекеттің мазмұнын үстірт біледі;<br>- шығармашылық іс-әрекеттің түрлерін үстірт біледі;<br>- шығармашылық іс-әрекеттің маңызын толық түсінбейді.<br>Нәтиже: 52,6% |
| Қолдану | - шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда ресурстар қолдану;<br>- шығармашылық іс-әрекетті тиімді жүзеге асырудың тәсілдерін қолдану.<br>Нәтиже: 38% | - шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру ресурстарын толық білмейді;<br>- шығармашылық іс-әрекетті тиімді жүзеге асырудың тәсілдерін нақты білмейді.<br>Нәтиже: 62% |
| Талдау | - шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда қиындықтарды анықтау;<br>- шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда қажет көмекті анықтау.<br>Нәтиже: 25% | - шығармашылық іс-әрекеттің жүзеге асырудың кезеңдерін көрсете алмайды;<br>- кездесетін қиындықтарды талдай алмайды;<br>- қандай көмек қажет екенін анықтай алмайды.<br>Нәтижесі: 75% |

15 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Бағалау | - шығармашылық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыру бойынша өзіндік пікірлерін білдіреді Нәтиже: 19% | - шығармашылық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыру бойынша өзіндік пікірлерін білдіре алмайды Нәтиже: 81% |
| Жасау | - шығармашылық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыру бойынша жаңа ұсыныстар береді Нәтиже: 25% | - шығармашылық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыру бойынша жаңа идеялар ұсына алмайды Нәтиже: 75% |

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, болашақ мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетке деген қызығушылығы жоғары, бірақ оны жүзеге асыруға практикалық дайындық жеткіліксіз, шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін мақсатты бағытталған арнайы бағдарламалар мен әдістемелік қолдау қажет, респонденттердің көпшілігі шығармашылық іс-әрекетті жүргізу үдерісіне дайындалу қажет деп санайды. Осыған байланысты біз студенттердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке бағыттылығын (тұлғаның шығармашылық бағыттылығын, құндылықтық бағдарын, тұлғалық шығармашылығын), яғни мотивациялық-тұлғалық компонентін анықтауды жөн көрдік. Эксперимент барысында студенттердің тұлғалық шығармашылығы деңгейін диагностикалау үшін Е.Е.Туник әзірлеген «Жеке тұлғаның шығармашылығын диагностикалау» әдістемесі қолданылды (Ә қосымшасында келтірілген).

Бұл әдістемені қолданудың мақсаты:

- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық ерекшеліктерінің даму деңгейін анықтау;
- Шығармашылық ерекшеліктерін (қызығушылық, қиял, күрделілікке ұмтылу, тәуекелге бейімділік) әрқайсысы бойынша студенттердің көрсеткіштерін өлшеу;
- Студенттердің шығармашылық әлеуетінің кәсіби педагогикалық іс-әрекетке дайындығы тұрғысынан қаншалықты жоғары екенін бағалау.

Студенттерге арнайы сауалнама ұсынылды, онда олардың шығармашылыққа қатысты мінез-құлықтары мен ойлау ерекшеліктерін сипаттайтын сұрақтар берілді. Әр сұраққа жауап беру үш нұсқамен («иә», «жоқ», «білмеймін») жүзеге асырылды.

Жинақталған балдар арқылы әр студенттің шығармашылық қасиеттері төрт негізгі көрсеткіш бойынша (қызығушылық, қиял, күрделілікке ұмтылу, тәуекелге бейімділік) және жалпы шығармашылық индекстері есептелді (кесте 16).

Кесте 16 - Е. Туниктің әдістемесі бойынша диагностика нәтижелері (бақылау тобы)

| Көрсеткіштер | Деңгейлер | | |
|---|---|---|---|
| | Жоғары (%) | Орташа (%) | Төмен (%) |
| Қызығушылық | 34,3% | 25,5% | 40,2% |
| Қиял | 32,3% | 27,4% | 40,3% |
| Күрделілікке бейімділік | 29,4% | 29,4% | 41,2% |
| Тәуекелге бейімділік | 28% | 25,4% | 46,6% |

Кесте 17 - Е. Туниктің әдістемесі бойынша диагностика нәтижелері (эксперименттік топ)

| Көрсеткіштер | Деңгейлер | | |
|---|---|---|---|
| | Жоғары (%) | Орташа (%) | Төмен (%) |
| Қызығушылық | 33% | 26,6% | 40,4% |
| Қиял | 31,2% | 28,4% | 40,4% |
| Күрделілікке бейімділік | 29,4% | 27,5% | 43,1% |
| Тәуекелге бейімділік | 27,9% | 25,05% | 47,05% |

Талдау нәтижесінде келесідей қорытындылар шығарылды:

*Қызығушылық* көрсеткіші бойынша: ҚазҰПУ студенттері жаңа білім алуға деген *орташа деңгейдегі* қызығушылық танытты. Олар жаңашылдыққа ашық және жаңа ақпаратты игеруге ниетті екенін көрсетті. Жетісу университетінің студенттері де жаңа білімге қызығушылық танытқанымен, олардың жауаптарында *аздап сақтық* байқалды. Бұл олардың жаңашылдыққа бейімделуі сәл баяу жүретінін көрсетеді.

*Қиял* деңгейі бойынша: ҚазҰПУ студенттері *орташа деңгейде* шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Олар көркем және бейнелі ойлау арқылы жаңа идеяларды ұсынуға бейім. Ал Жетісу университеті студенттері бұл көрсеткіште *орташа деңгейде* нәтиже көрсетті. Бұл олардың шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілеттерінің жеткілікті болғанымен, оны толықтай белсенді қолданбайтындығын аңғартады.

*Күрделілікке бейімділік* көрсеткіші бойынша: ҚазҰПУ студенттері *орташа деңгейде* қиындықтарға бейімделу қабілетін көрсетті, яғни қиын мәселелерді шешуге деген дайындықтары жақсы деңгейде. Жетісу университетінің студенттері де *орташа деңгейде* нәтижеге ие болды, бірақ олардың қиындықтарға бейімделуі ҚазҰПУ студенттеріне қарағанда *біршама төмен* екені байқалды.

*Тәуекелге бейімділік* көрсеткіші бойынша: ҚазҰПУ студенттері *орташа деңгейде* жаңа тәсілдерді сынауға және жаңаша ойлауға бейім екенін көрсетті. Олар өз идеяларын жүзеге асыруға деген ниеттерін білдірді.

Жетісу университеті студенттері бұл көрсеткіш бойынша *орташа* деңгейде нәтиже көрсетті. Олар тәуекелге баруда *сәл сақтық* танытып, көбінесе дәстүрлі әдістерге жүгінуді жөн көрді.

Е.Е.Туник әдістемесі бойынша алынған нәтижелерге қарайтын болсақ, қызығушылық көрсеткіші бойынша бақылау тобында (102 студент) 35 студент (34,3%) жоғары деңгей көрсетті, 26 студент (25,5%) орташа деңгей танытты, ал 41 студент (40,2%) төмен деңгей көрсетті. Эксперименттік топта (109 студент) 36 студент (33%) жоғары деңгей көрсетті, 29 студент (26,6%) орташа деңгей, 44 студент (40,4%) төмен деңгей танытты.Қиял көрсеткіші бойынша бақылау тобында (102 студент) 33 студент (32,3%) жоғары деңгей байқатты, 28 студент (27,4%) орташа деңгей көрсетті, 41 студент (40,3%) төмен деңгей көрсетті. Эксперименттік топта (109 студент) 34 студент (31,2%) жоғары деңгей көрсетті, 31 студент (28,4%) орташа деңгей көрсетті, 44 студент (40,4%) төмен деңгей байқатты.Күрделілікке бейімділік көрсеткіші бойынша бақылау тобында (102 студент) 30 студент (29,4%) жоғары деңгей көрсетті, 30 студент (29,4%) орташа деңгей көрсетті, 42 студент (41,2%) төмен деңгей байқалды. Эксперименттік топта (109 студент) 32 студент (29,4%) жоғары деңгей танытты, 30 студент (27,5%) орташа деңгейді көрсетті, 47 студент (43,1%) төмен деңгейді көрсетті.Тәуекелге бейімділік (ТЕБ) көрсеткіші бойынша бақылау тобында (102 студент) 31 студент (28%) жоғары деңгей көрсетті, 24 студент (25,4%) орташа деңгей көрсетті, 47 студент (46,6%) төмен деңгей байқалды. Эксперименттік топта (109 студент) 29 студент (27,9%) жоғары деңгей көрсетті, 27 студент (25,05%) орташа деңгей көрсетті, 53 студент (47,05%) төмен деңгей байқалды.

Алынған нәтижелер диаграмма түрінде төмендегі суретте айқын көрсетілген (сурет 6).




Сурет 6 – Эксперименттік топ студенттерінің тұлғалық шығармашылықтарының көрсеткіштері

Анықтаушы экспериментінің көрсеткіштерін жоғары, төмен, орта деңгейлері негізінде өлшемдері алынып, екі зерттелуші топтардың салыстырмалы диаграммалары келтірілген (сурет 7). Онда байқағанымыздай, бақылау және эксперименттік топтарындағы айырмашылықтар көп емес.




Сурет 7 – Бақылау тобы студенттерінің тұлғалық шығармашылықтарының көрсеткіштері

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарға қатысушы респонденттердің мотивациялық компонентте көрсетілген шығармашылық бағыттылығын, құндылықтық бағдарын анықтауда А.А.Реан және В.А.Якунин, Н.Ц.Бадмаевтардың әдістемелерін қолдандық. Мұндағы берілген сұрақтардың мазмұнына білім алушылардың оқуға деген мотивацияларын анықтау, оны талдау жұмыстарына негіз болады. Сонымен қатар, зерттеу жұмысымыздың диагностикалық кезеңі беріліп отыр.

А.А.Реан және В.А.Якунин, Н.Ц.Бадмаевтардың әдістемелерін жүзеге асырудың мақсаты анықталды. Бұл ретте білім алушылардың кәсіби іс-әрекетке даярлық өлшемі, кәсібилікке ұмтылысы, әдістемені үйрену барысында шығармашылық өсу, біліктілігін арттыру және басқа да қызығушылықтары бойынша деңгейін анықтау болып табылады.

Біздің тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бастапқы кезеңінде келесідей бірнеше оқу мотивтері қолданылып, аталмыш мотивтер бойынша талдау жасалады. 18-кестеде көрсетіледі.

Кесте 18 – Анықтау эксперименті кезеңінде білім алушылардың бақылау және эксперимент топтары бойынша оқу мотивациясын диагностикалаудың нәтижелері

| | Кәсіби іс-әрекетке даярлығы | Кәсібилікке ұмтылыс жасауы | Шығармашылық өсу | Оқуға деген мотивация | Біліктілігін арттыру | Әлеу меттік |
|---|---|---|---|---|---|---|
| БТ (109) | 10,5 | 12,5 | 11,5 | 21,5 | 18,5 | 25,5 |
| ЭТ(102) | 14,5 | 11,5 | 12,5 | 20,5 | 19,5 | 21,5 |

18-кестедегі нәтижелерден байқағанымыздай, білім алушылардың кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке ұмтылыс жасауынан бөлек, олардағы оқу мотивтері жоғары тұрғандығы анықталып отыр. Бұл ретте бақылау және эксперименттік топтағы білім алушылардың әлеуметтік деп көрсетілетін мотивтерінің жоғары тұруы көрініс тапқан. Білім алушылардың болашақ кәсіби іс-әрекетіне деген ұмтылысы мен дайындығын арттыруда арнайы дайындалған әдістемелердің түзілуі маңызды болады.




Сурет 8 – Анықтау эксперименті кезеңінде білім алушылардың бақылау және эксперимент топтары бойынша оқу мотивациясын диагностикалаудың нәтижелерінің диаграммасы

Кесте 19 – Анықтау эксперименті кезеңінде бақылау және эксперимент топтарындағы білім алушылардағы мотивациялық-тұлғалық компоненттің нәтижелері

| Деңгей | Топтар | |
|---|---|---|
| | Бақылау тобы (%) | Эксперименттік топ (%) |
| Жоғары | 25(%) | 16(%) |
| Орташа | 32(%) | 37(%) |
| Төмен | 43(%) | 47(%) |

18-кестеде көрсетілгендей, біз тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңінде ұсынылған мотивтердің қайсыбірін алсақ та, бақылау және эксперименттік топтардағы репсонденттерден алынған нәтижелер барысы екі топта да сандық, пайыздық көрсеткіштерде шамалас келді. Алайда бұл ретте студенттердің біліктілігін арттыру мотивтеріне аса көңіл бөлуді қажет етеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда білімдері мен біліктерінің қалыптасқандығын тиімді бақылау мен түзетуді жүзеге асыру және модельдің когнитивті-мазмұндық және операционалдық-технологиялық компонентін тексеру үшін біз жазбаша диагностикалық бақылау жұмысы тапсырмаларын орындаттық.

Тапсырмалар Блум таксономиясына (БТ) сай 6 жаттығудан тұрады. Студенттерге ұсынылған жазбаша диагностикалық бақылау жұмысы 20 кестеде берілді.

Кесте 20 – Жазбаша диагностикалық бақылау жұмысының мазмұны

| Блум таксономиясы деңгейлері | Тапсырма | Тексерілетін көрсеткіш |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Білу (ақпаратты есте сақтау) | «Шығармашылық» пен «креативтілік» ұғымдарын ажыратыңыз. | Мұғалімнің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің теориялық-әдіснамалық негіздерін білу |
| Түсіну (мәліметтерді түсіндіру) | Оқулықтан (сынып және пән өз таңдауыңыз бойынша) оқушылардың шығармашылық дамуына ықпал ететін тапсырма мысалын келтіріңіз. | Бастауыш сыныптарға арналған оқу-әдістемелік құралдардың мазмұнындағы дамытушы әлеуетін түсіну |
| Қолдану | Сабақта сізге жауап беру қиынға соғатын сұрақ қойылды. Сіз бұл жағдайдан қалай шығасыз? | Кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру тетіктерін білу және қолдану |
| Талдау | Оқушылардың оқу нәтижелерін бақылау мен есепке алудың инновациялық әдістері мен формаларын сипаттаңыз. | Бақылау-диагностикалық құралдарды әзірлеу білігі мен дағдыларының болуы |
| Бағалау | Оқушылардың шығармашылығын дамытуда мұғалімнің рөлін қалай бағалайсыз? | Оқу үдерісіндегі шығармашылық іс-әрекеттің өнімділігі |

20 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Жасау | Мұғалімдер күні жақындап қалды. Сізді теледидарға «Мұғалім мамандығы» тақырыбына баяндама жасауға шақырды. Көрермендерге не айтар едіңіз? | Шығармашылық іс-әрекет мазмұны мен оны ұйымдастыруды жобалау білігі мен дағдылары |

Жоғарыда ұсынылған жазбаша диагностикалық бақылау тапсырмаларының дескрипторлары анықталып, сол бойынша студенттердің білім, білік, дағдылары анықталды.

Кесте 21 – Жазбаша диагностикалық бағалау жұмыс тапсырмаларының дескрипторы

| Жаттығу № | Дескрипторлар | Балл саны | Макс. балл |
|---|---|---|---|
| 1 | - «шығармашылық», «креативтілік» категорияларының анықтамаларын біледі;<br>- шығармашылық» пен «креативтіліктің айырмашылығын біледі;<br>- шығармашылық пен креативтіліктің оқу-тәрбие үдерісіндегі маңызын біледі. | 1<br>1<br>1 | 3 |
| 2 | - оқулықтардағы тапсырмалар түрлерін біледі;<br>- шығармашылық тапсырмалардың ерекшеліктерін түсінеді. | 2<br>2 | 4 |
| 3 | - Қиыншылықты жеңу жолын ойластыра алады.<br>- Жағдаятты шешу жоспарын құрастыра алады.<br>- Оқушымен дұрыс қарым-қатынас орната алады.<br>- Жоспарды жүзеге асыра алады. | 1<br>2<br>2<br>2 | 7 |
| 4 | - Оқу нәтижелерін біледі;<br>- Бақылаудың инновациялық әдістері мен формаларын біледі;<br>- оқушылардың оқу нәтижелері мен оларды бақылау және есепке алудың инновациялық әдістерін сәкестендіреді. | 2<br>2<br>2 | 6 |
| 5 | - қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі талаптарды бағалайды;<br>- қазіргі кезеңіндегі мұғалімнің рөлін дәлелдейді. | 2<br>2 | 4 |
| 6 | - мұғалім мамандығы туралы білімін жинақтайды;<br>- мұғалімнің психологиялық-педагогикалық портретін құрастырады;<br>- баяндама мазмұнын жазады. | 2<br>2<br>2 | 6 |
| Жалпы балл | | | 30 балл |

Болашақ мамандардың жазбаша диагностикалық бақылау жұмыстары бойынша бағалау механизмі төмендегідей:

- 21-30 балл – жоғары деңгей;
- 10-20 балл – орташа деңгей;
- 0-9 балл – төмен деңгей.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыруға даярлығын бағалау мақсатында жазбаша диагностикалық бақылау жұмыстарының нәтижелері баллдық көрсеткіштер негізінде деңгейлік сараптаудан өтті. Бағалау механизмі келесі шкалаға сәйкес жүргізілді:

Жоғары деңгей: 21–30 балл аралығында нәтиже көрсеткен студенттер шығармашылық іс-әрекеттің мазмұны мен ұйымдастыру негіздерін біледі, психологиялық-педагогикалық білімдерін қолданады оқу-әдістемелік құралдардың дамытушы әлеуетін, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру тетіктерін түсінеді және қолдана алады, шығармашылық іс-әрекеттің мазмұнын жобалау және құрастырудың негізгі дағдыларына ие, оқу үдерісіндегі мәселелер шешімдерінің әртүрлі нұсқаларын ұсынады.

Орташа деңгей: 10–20 балл аралығында балл жинаған студенттердің шығармашылық іс-әрекеттің мазмұны мен ұйымдастыру туралы білімдер таяз, психологиялық-педагогикалық білімдер толыққанды қолдана алмайды, оқу-әдістемелік құралдардың дамытушы әлеуеті, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру тетіктерін түсінеді, бірақ білімдері жүйелі емес, шығармашылық іс-әрекеттің мазмұнын жобалау және құрастырудың негізгі дағдылар толық дамымаған, оқу үдерісіндегі мәселелер шешімдерінің ішінара нұсқаларын ұсынады.

Төмен деңгей: 0–9 балл аралығында нәтиже көрсеткен студенттердің шығармашылық іс-әрекеттің мазмұны мен ұйымдастыру туралы білімі жүйесіз, психологиялық-педагогикалық білімдерін қолданбайды, оқу-әдістемелік құралдардың дамытушы әлеуеті, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру тетіктерін қарапайым деңгейде түсінеді, білімдері аз, шығармашылық іс-әрекеттің мазмұнын жобалау және құрастырудың негізгі дағдылар дамымаған, оқу үдерісіндегі мәселелер шешімдерінің нұсқалар саны минималды, шығармашылық іс-әрекет аз нәтижелі (кесте 22).

Кесте 22 – Эксперимент жұмысының басында жүргізілген бақылау жұмысының нәтижесі (когнитивті-мазмұндық)

| Деңгейлер | Бақылау тобы (102 ) | Эксперимент тобы (109) |
|---|---|---|
| Жоғары | 12% | 13% |
| Орташа | 18% | 17% |
| Төмен | 70% | 70% |

Диаграмма сурет 9 ретінде көрсетейік:




Сурет 9 – Эксперимент басында жүргізілген диагностикалық бақылау жұмысын орындау нәтижелері

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мазмұндық-құрылымдық моделінің операционалдық-технологиялық компонентін анықтау үшін біз Т.Элерстың «Табысқа жетуге қажеттілік» тестін қолдандық (В қосымшасында). Аталмыш тесттің мақсаты – мамандардың болашақ кәсібіне қажетті білім алуға, оған дайын болуға, біліммен табысты болуға қажеттігін анықтау. Әдістемеде 41 сұрақ бар. Тестте бірнеше тұжырымдар келтіріледі. Егер студент ол оймен келіссе «+» белгісін, егер келіспесе «-» белгісін қоюлары тиіс.

Т.Элерс әдістемесінің интерпретациясына сәйкес біз болашақ мамандардың операционалдық-технологиялық компонентін, табысқа ұмтылу деңгейін анықтадық. Табысқа жету мотивациясының тұлғалық диагностика әдістері туралы деректерді зерттеу нәтижелері 23-кестеде көрсетілген.

Кесте 23 – Табысқа жетуге қажеттілік деңгейі

| Топтар | Деңгейлер (%) | | |
|---|---|---|---|
| | төмен деңгей | орташа деңгей | жоғары деңгей |
| Бақылау тобы | 60% | 31% | 9% |
| Эксперименттік топ | 59% | 28% | 13% |

Алынған мәліметтерге сәйкес, бақылау тобындағы студенттердің басым бөлігі (60%) табысқа қажеттіліктің төмен деңгейін көрсетті. Орташа деңгейдегі білім алушылар 31%-ды, ал жоғары деңгейге ие студенттер тек 9%-ды құрады. Өте жоғары деңгейдегі нәтиже тіркелген жоқ.

Эксперименттік топта да ұқсас жағдай байқалды: студенттердің 59%-ы төмен деңгейде, 28%-ы орташа деңгейде, 13%-ы жоғары деңгейде нәтижелер көрсетті. Өте жоғары деңгейдегі студенттер бұл топта да анықталмады (19-кесте). Екі топтағы студенттер шамамен бірдей деңгейде (сурет 10).




Сурет 10 – Т.Элерстың «Табысқа жетуге қажеттілік» тестінің нәтижелері

Кесте мен диаграммадағы нәтижелер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің университет қабырғасында білім алуда табысқа ұмтылу деңгейінің жеткілікті деңгейде дамымағанын көрсетеді. Бұл жағдай болашақ мамандардың кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыруға ғана емес, нақтырақ айтқанда, студенттердің шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, кәсіби міндеттерді шешуде белсенді әрекет етуге ынталандыру, түрлі шығармашылық тапсырмалар мен жағдаяттық жаттығулар арқылы кәсіби дайындықты арттыру қажеттігі туындайды. Сонымен қатар, студенттердің өз кәсібіне деген жауапкершілігін, болашақ кәсіби қызметіне деген қызығушылық пен ұмтылысын жүйелі түрде қалыптастыру керек екендігі байқалады.

Университеттік білім беру үдерісінде болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын арттыру үшін проблемалық оқыту әдістері, жобалық тапсырмалар, тренингтер мен шығармашылық шеберханалар сияқты белсенді оқыту технологияларын қолдану маңызды. Бұл өз кезегінде студенттердің табысқа ұмтылу мотивациясын күшейтіп, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті нәтижелі жүзеге асыруына жағдай жасайды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мазмұндық-құрылымдық моделінің рефлексиялық-бағалаушылық компонентін анықтау үшін А.В. Карповтың «Рефлексивтіліктің даму деңгейін диагностикалау» әдістемесін (Қосымша Г) қолдандық. Әдістеме 27 тұжырымнан тұрады, олардың әрқайсысына студенттер 7 балдық шкала бойынша жауап берді:

1. Мүлдем дұрыс емес
2. Дұрыс емес
3. Дұрыс емес сияқты
4. Білмеймін
5. Дұрыс сияқты
6. Дұрыс
7. Өте дұрыс

Тестілеуде берілген 27 тұжырымның 15-і тікелей (1, 3, 4, 5, 9, 10, 11, 14, 15, 19, 20, 22, 24, 25 нөмірлі сұрақтар) және 12-і кері тұжырымдар болып табылады. Кері тұжырымдарға жауап бергенде жауаптар шкаласын инверсиялау принципі қолданылды: 1=7, 2=6, 3=5, 4=4, 5=3, 6=2, 7=1.

Тестілеу нәтижелерін өңдеу кезінде барлық жауаптар бойынша алынған балдар жинақталып, арнайы стена жүйесіне ауыстырылды. Трансформация шкаласы төмендегідей:(кесте 24).

Кесте 24 – Стеналар мен балдар кестесі

| Стена | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тест балдары | 80 және одан төмен | 81–100 | 101–107 | 108–113 | 114–122 | 123–130 | 131–139 | 140–147 | 148–156 | 157–171 | 172 және одан жоғары |

Нәтижелерді интерпретациялау кезінде студенттердің рефлексивтілік деңгейі үш негізгі категорияға бөлінді:

Жоғары рефлексивтілік – 7 стена және одан жоғары көрсеткіштер;

Орташа рефлексивтілік – 4–7 стена аралығындағы көрсеткіштер;

Төмен рефлексивтілік – 4 стенадан төмен көрсеткіштер.

Бұл әдістеме болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті рефлексивті қабілеттерінің даму деңгейін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Нәтижелер 25-кестеде көрсетілген.

Кесте 25 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексивтілік деңгейі бойынша анықтаушы эксперимент нәтижелері (А.В. Карпов әдістемесі бойынша)

| Топтар | Студенттер саны | Деңгейлер | | |
|---|---|---|---|---|
| | | Жоғары | Орташа | Төмен |
| Бақылау тобы | 102 | 23,5% | 28,4% | 48,1% |
| Эксперименттік топ | 109 | 23% | 31% | 46% |

Диаграмма сурет 11 түрінде:




Сурет 11 - А.В. Карповтың «Рефлексивтіліктің даму деңгейін диагностикалау» әдістемесі бойынша алынған нәтижелер

А.В. Карповтың «Рефлексивтіліктің даму деңгейін диагностикалау» әдістемесі бойынша алынған нәтижелер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексиялық деңгейінің әртүрлі екенін көрсетті.

Бақылау тобында (Абай атындағы ҚазҰПУ) студенттердің: 23,5%-ы жоғары (шығармашыл) рефлексивтілік деңгейінде, 28,4%-ы орташа (міндетті) деңгейде, 48,1%-ы төмен (бастапқы) деңгейде екені анықталды.Эксперимент тобында (І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті) студенттердің: 23%-ы жоғары рефлексивтілік деңгейінде, 31%-ы орташа деңгейде, 46%-ы төмен деңгейде нәтиже көрсетті.

Жалпы нәтижелерді салыстырғанда, екі топ арасында рефлексиялық деңгейінің айырмашылығы елеусіз екенін байқауға болады. Алайда эксперимент тобының студенттері арасында орташа деңгейдің пайыздық көрсеткіші бақылау тобына қарағанда сәл жоғары (31% қарсы 28,4%), бұл олардың рефлексивтілік қасиеттерінің дамуына біршама алғышарттардың бар екенін көрсетеді. Екі топта да төмен деңгейде рефлексивтілік көрсеткен студенттер үлесі басым болғандықтан, болашақ мамандардың рефлексивті қабілеттерін дамыту қажеттігі анықталды. Бұл кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыру үшін рефлексияға үйрету бағытында арнайы жұмыстарды талап етеді.

Қорыта келе, эксперименттік және бақылау топтарының жоғарыдағы мәліметтерін бір кестеге (кесте 26, сурет 12) жинақтадық.

Кесте 26 – Эксперименттік және бақылау топтарының экспериментің анықтаушы кезеңінде жинақталған мәліметтері

| Компоненттер | Бақылау тобы (102) | | | Эксперименттік топ (109) | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жоғары | Орташа | Төмен | Жоғары | Орташа | Төмен |
| Мотивациялық-тұлғалық | 25% | 32% | 43% | 16 % | 37 % | 47 % |
| Когнитивті-мазмұндық | 12% | 18% | 70% | 13% | 17% | 70% |
| Операционалдық-технологиялық | 9% | 31% | 60% | 13% | 28% | 59% |
| Рефлексиялық-бағалаушылық | 23,5% | 28,4% | 48,1% | 23% | 31% | 46% |

Диаграмма сурет 12 түрінде:




Сурет 12 - Анықтаушы экспериментте жинақталған мәліметтері

Анықтаушы эксперимент барысында болашақ мамандарды даярлаудағы мотивациялық-тұлғалық, когнитивті-мазмұндық, операционалдық-технологиялық және рефлексиялық-бағалаушылық компоненттердің деңгейлік көрсеткіштері бақылау және эксперименттік топтарда салыстырылды. Бұл деректер негізінде екі топтың бастапқы айырмашылықтарын бағалау мақсатында хи-квадрат ($\chi^2$) сәйкестік критерийі қолданылды.

Хи-квадрат критерийі мына формула бойынша есептелді:

$$\chi^2 = \sum \frac{(O_i - E_i)^2}{E_i} \qquad (1)$$

мұндағы:

- $O_i$ – эмпирикалық (бақылау және эксперименттік топтағы) жиіліктер,

- Ei – күтілетін жиіліктер, яғни нөлдік гипотезаның орындалуы жағдайындағы мәндер.

Кесте 27 - Зерттеу нәтижелері

| Компонент | $\chi^2$ мәні | df | p-мәні | Қорытынды |
|---|---|---|---|---|
| Мотивациялық-тұлғалық | 2.954 | 2 | 0.2283 | Айырмашылық статистикалық тұрғыдан маңызды емес |
| Когнитивті-мазмұндық | 0.046 | 2 | 0.9771 | Айырмашылық жоқ |
| Операционалдық-технологиялық | 0.944 | 2 | 0.6239 | Айырмашылық жоқ |
| Рефлексиялық-бағалаушылық | 0.195 | 2 | 0.9070 | Айырмашылық жоқ |

Алынған нәтижелер бойынша барлық компоненттерде $p > 0,05$, яғни эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы көрсеткіштері арасында сенімді айырмашылық анықталған жоқ. Бұл зерттеу үшін әдіснамалық тұрғыдан маңызды, себебі екі топтың бастапқы шарттары бірдей екендігін көрсетеді.

Жоғарыда қарастырылған мәселелерді ескере отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға даярлығын дамыту қажеттігі анықталды. Бастауыш білім берудің мемлекеттік стандартының, «Педагог» кәсіптік стандартының талаптарына сәйкес педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық құраушысына (әдіс-тәсілдері, шығармашыл ойлау, рефлексивті іс-әрекет, т.б.) баса назар аударылатын болғандықтан, болашақ бастауыш мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін арттырудың, оларды кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға даярлаудың жолдарын анықтау және арнайы әдістемесін әзірлеу қажеттігі туындады.

### 3.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау әдістемесі және оны жүзеге асыру

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауды жүзеге асырудың маңызды қадамы ретінде «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» пәні 6В01301 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша оқу үдерісіне енгізілді (Қосымша Ғ).

Пәнді оқыту мақсаты - шығармашылық үдеріс туралы жүйелі білім, психологиялық-педагогикалық білік пен дағдылар, ұжымды ұйымдастыру мен басқарудың шығармашылық тәсілдерін қалыптастыру, сондай-ақ кәсіби іс-әрекетте шығармашылық мүмкіндіктерді пайдалану және дамыту тәсілдерін меңгерту.

Пәннің құрылымы мен мазмұнын анықтау мақсатында білім беру үдерісінде білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің теориясы мен тәжірибесін дамытуға үлес қосқан ғалымдардың еңбектеріне сүйендік. Сонымен қатар бастауыш сынып мұғалімдерімен жүргізген сауалнаманың нәтижелері пайдаланылды (Қосымша А ).

Пәнді оқуға оқу бағдарламасы бойынша 5 кредит (150 сағат: дәріс – 30 сағ., практикалық сабақ – 15 сағ., ОБӨЖ – 30 САҒ., БӨЖ – 75 сағ.) бөлінген.

Пәнді оқу үдерісі келесі құзыреттерді дамытуға бағытталған:

- педагогикалық іс-әрекетте жаңа кәсіби шығармашылық білік пен дағдыларды өз бетінше игеруге, дамытуға және пайдалануға қабілетті;

- кәсіби-шығармашылық практика міндеттерін шешу үшін білім беру ортасын қалыптастыруға қабілетті;

- мектепте шығармашылық үдерісті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың заманауи әдістемелері мен технологияларын қолдануға дайын;

- шығармашылық іс-әрекет модельдерін әзірлеуге, оларды жүзеге асыру нәтижелерін талдауға дайын.

Курстың мазмұнын жүзеге асыру студенттердің кәсіби-шығармашылық білімдерін, білік және практикалық дағдыларын кезең-кезеңімен қалыптастыруға негізделген.

І кезең - ақпараттық-бағыттаушы. Мақсаты - студенттердің жеке тұлғаның шығармашылық дамуы туралы педагогикалық білім саласы ретінде шығармашылық педагогикасы мен психологиясының заңдары мен заңдылықтары туралы, бастауыш сыныптарға арналған оқу-әдістемелік құралдар мазмұнының дамытушылық әлеуетін туралы хабардар болуын қамтамасыз ету.

ІІ кезең – мазмұндық-іс-әрекеттік. Мақсаты - студенттердің жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыту, өзін-өзі шығармашылық дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тәрбиелеу, шығармашылық іс-әрекеттің мазмұнын, ұйымдастыруын жобалау, диагностикалық құралдар әзірлеу технологияларын игеруі; оқушылардың шығармашылық дамуы үшін қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдайларды жоспарлау, ұйымдастыру және құрудың практикалық дағдыларын бекіту.

ІІІ кезең – рефлексивтік-бақылаушылық. Мақсаты - студенттердің педагогикалық шығармашылыққа даярлық деңгейін бақылау, жалпылау, бағалау.

Пән 2023-2024 оқу жылының 1-ші жартыжылдығында оқытыла бастады. Білім алушылар бастауыш сыныптарда кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттерін сәтті жүзеге асыруға қажетті теориялық білім, практикалық білік, дағдыларды меңгеруі керек. Аталмыш пәнді оқыту барысында білім беру бағдарламасының оқу пәндерінің арасында байланыстардың болуы баяндау үшін материалды

жоспарлауға, оқыту әдістерін шығармашылықпен қолдануға және де оқытудың перспективасын көруге мүмкіндік береді. Бұл ретте оқытудың дәрістік формаларына маңызды рөл беріледі. Дәрістердің негізгі мақсаты студенттердің кейінгі өздік жұмысы үшін әдіснамалық және ғылыми негіздерді құру болып табылады, дәрістерде кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау үдерісін қамтамасыз етудің негізгі мәселелерін тұтас түсінуді қамтамасыз ететін жалпы теориялық мәселелер қарастырылады.

Практикалық сабақтардың мақсаты студенттердің теориялық материалды бекітуі және кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің дербес практикалық дағдыларын дамыту болып табылады. Сабақтарда оқытудың инновациялық және дәстүрлі формалары үйлестіріледі. Әрбір практикалық сабақтың мазмұны оқу пәнінің нақты тақырыбы бойынша білім, білік және практикалық тәжірибе кешенімен, болашақ мұғалімдердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің сипаттамасымен және жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптармен анықталады.

«Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» пәні бойынша студенттердің өздік жұмысы негізгі құзыреттілікті қалыптастыруды, кәсіби-шығармашылық іс-әрекет саласындағы нақты практикалық мәселелерді сәтті шешуді анықтайтын оқу үдерісінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Студенттердің өздік жұмыстары интербелсенді тәсілдер негізінде қойылған міндеттерді шешудің ең жақсы әдістерін таңдауды және сол әдістерді жүзеге асыруды түсіну, рәсімдеу үшін пәнаралық байланыстарды пайдалана білуіне, жүйелілік тұғырды қолдана білуіне негізделген. Өздік жұмыстар студенттердің танымдық қабілеттері мен белсенділігін: шығармашылық бастамашылдығын, дербестігін, жауапкершілік пен жинақылығын дамытуға; кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің практикалық міндеттерін шешу дағдыларын игеруге; ойлау дербестігін қалыптастыруға, өзін-өзі шығармашылық дамыту, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі жүзеге асыруға; жобалау, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Әзірленген элективті курс бойынша студенттердің өздік жұмыстарында қолдануға болатын немесе практикалық сабақтарда студенттердің педагогикалық білімін бақылауға, логикалық ойлауын жаттықтыруға бағытталған шығармашылық тапсырмалар үлгілері Е-қосымшада берілген.

Пәнді оқу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлығын объективті бағалау үшін диагностикалық қолдау қажет. Бағалау белгіленген өлшемдер мен көрсеткіштер негізінде жүргізіледі (п.2.3). Мұндай мүмкіндіктерді пайдалану студенттерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру бойынша білім мен дағдыларды меңгеруге тиімді даярлауға ықпал етеді. Мұның бәрі:

– кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің мән-мағынасын түсіндіру болып табылатын мақсатқа жетудің маңызды шарттары - түсіну мен рефлексияның пайда болуына ықпал ететін студент тұлғасының мотивациялық саласын қалыптастыруды;

- студенттің оқу іс-әрекетінің әртүрлі кезеңдерінде кәсіби-шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әртүрлі ұйымдастырушылық, мазмұндық, операционалдық мүмкіндіктер беруді;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімінің практикалық іс-әрекетінің нақты жағдайлары үшін оңтайлы шешімдерді шығармашылықпен әзірлеу қабілетінің пайда болуына ықпал ететін жағдай жасауды;

- педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімді ұжымдық ойлаудың маңыздылығын түсінуге және функционалдық-рөлдік болжамдарын үйлестіруге итермелейтін маңызды ынталандырушы жағдай ретінде ұжымдық оқытуды;

- студенттерді өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалау мәдениетіне, сондай-ақ өзара талдау мен өзара бағалауға үйрету, оларға жеке көмек көрсету және туындаған мәселелер мен қиындықтар бойынша кеңестер өткізуді белсендіреді деп болжауға болады.

Арнайы енгізілген пәнді әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу құралы [212] және «Шығармашылық тапсырмалар жинағы» әзірленді (Қосымшалар Д, Е).

Оқу құралының мақсаты – кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау үдерісін ұйымдастырудың теориялық негіздері, шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру технологиялары туралы білім, бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру білік, дағдылары мен тәжірибесін қалыптастыру (Қосымша Д ).

Студенттер әр тараудың соңында берілген өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауап беру үшін және тапсырмаларды орындау үшін ұсынылған әдебиеттер тізімінен қажеттілерін оқып, «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» курсы бойынша меңгерілген теориялық және практикалық материалды қайталап, қажетті материалды таңдап, жауаптың құрылымы мен мазмұнын ойластырады.

Мысалы, «Рухани шығармашылық іс-әрекет пен практикалық шығармашылық іс-әрекетке салыстырмалы талдау жасаңыздар» деген тапсырма беріледі. Студенттер берілген тапсырманы орындауда алдымен рухани шығармашылық пен практикалық шығармашылықтың мәніне тоқталып, өз ойларын жеткізуі тиіс.

Топқа бөлініп, төмендегі кестеде берілгендей рухани және практикалық шығармашылық іс-әрекеттің салыстырмалы сипаттамасына талдау жасалады (кесте 28).

Кесте 28 - Рухани және практикалық шығармашылық іс-әрекеттің салыстырмалы сипаттамасы

| Критерийлер | Рухани шығармашылық іс-әрекет | Практикалық шығармашылық іс-әрекет |
|---|---|---|
| Мақсаты | Оқушылардың рухани дамуын қамтамасыз ету, эстетикалық талғамын қалыптастыру | Оқыту үдерісін жетілдіру, дидактикалық материалдар мен әдістерді әзірлеу |
| Нәтижесі | Құндылықтық бағдарлар, шығармашылық ойлау, мәдениетке деген қызығушылықтың қалыптасуы | Оқу құралдары, көрнекілік материалдар, инновациялық педагогикалық әдістер |
| Тәсілдері | Әңгімелеу, метафора, әдеби шығармалармен жұмыс, бейнелеу өнері, театрландырылған көріністер | Дидактикалық ойындар, жобалық әдістер, көрнекіліктер мен техникалық құралдарды пайдалану |
| Қолдану саласы | Эстетикалық, моральдық және интеллектуалдық тәрбие | Практикалық оқыту, әдістемелік жұмысты жетілдіру |

Студенттер берілген тапсырманы орындау барысында әртүрлі әдістемелік тәсілдерді қолданады. Талдау нәтижесінде олардың келесі ерекшеліктері анықталды:

- Теориялық негіздеме сапасы – студенттердің көпшілігі рухани және практикалық шығармашылық ұғымдарын нақты анықтап, ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып дәлелдейді.

- Мысалдар келтіру деңгейі – кейбір студенттер нақты педагогикалық тәжірибеден алынған мысалдар келтірсе, басқалары жалпы сипаттағы мысалдармен шектелуі мүмкін.

Тапсырманы орындау нәтижелерін талдау студенттердің шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмысты жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. Әсіресе, болашақ мұғалімдердің практикалық шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға көбірек көңіл бөлу қажет екені нақтыланады.

Тағы бір мысал қарастырайық: «Бастауыш сынып оқушыларына шығармашылық қиялды қалыптастыруға бағытталған дамытушылық сипаттағы ойындар мен тапсырмаларды таңдаңыздар». Сабақта студенттер ұсынған ойындарды келтірейік: «Керемет өнертабыс» тапсырмасы – оқушылар өздері ойлап тапқан ерекше құрылғы немесе зат туралы айтып, оның қандай пайдасы барын түсіндіруі керек; «Ғажайып оқиға» ойыны – оқушыларға таңғажайып оқиғаға тап болған кейіпкер беріліп, олар оқиғаның жалғасын өздері ойлап табуы керек, «Фантастикалық әлем құру» тапсырмасы – балалар өз қиялдарында ерекше әлем құрып, оның заңдары, тіршілік иелері, табиғаты туралы сипаттама беруі керек.

Студенттер осы тапсымалардың мақсат-міндеттерін, кезеңдерін, негізгі идеясын хабарлап, қандай нәтижелер күтілетінін талқылады. Тапсырманы орындау кезінде студенттер тапсырмалар түрлерінің теориялық негізін анықтап,

олардың педагогикалық маңызын сипаттады, өздері ойындар мен тапсырмалардың құрылымын жасап, оларды сабақ барысында қолдану мысалдарын ұсынды.

Студенттерге мұндай тапсырмаларды орындату білімді жаңа жағдайларға мағыналы түрде көшіруіне, оқиғаларды, құбылыстарды, фактілерді талдауды үйренуіне, олардың ақыл-ой белсенділігінің дамуына, жаңа шешімдер іздеуіне, алынған білімді жалпылау және жүйелеу, оларды стандартты емес жағдайларға көшіруіне ықпал етеді.

Кітаптың қосымшасында берілген анықтамалық-ілеспе материалды үй тапсырмаларын, студенттердің өздік жұмыстарының тапсырмаларын және/немесе практикалық сабақтардағы жұмыстарды орындауда пайдалана алады. Пәннің кейбір тақырыптарын оқу барысында басқа да оқу құралдарын оқып зерделеу ұсынылады.

«Шығармашылық тапсырмалар жинағы» білім беру бағдарламасына енгізілген «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» пәні аясында студенттердің өздік жұмыстары мен практикалық сабақтарына қосымша материал ретінде әзірленген. Шығармашылық жаттығулар практикалық сабақтарда студенттердің теориялық білімдерін өз бетінше талдау, типтік және стандарттан тыс шығармашылық тапсырмаларды орындау дағдыларын, педагогикалық білімін, логикалық және интуитивтік ойлауын, қиялын дамытуға бағытталып жинақталған. Бұл тапсырмаларды дәрістерде, ғылыми-зерттеу жұмыстарында, тренингтерде, педагогикалық байқаулар мен олимпиадаларда қолдануға болады.

Пәнді оқыту кезінде әрбір дәрістің басында студенттермен танымдық-шығармашылық жаттығулар жүргізіліп отырды. Өткен тақырып материалдары бойынша студенттер (мұғалім рөлінде) өз беттерінше әңгіме-сұхбаттар, викториналар ұйымдастырды. Бастапқыда бұл «жаттығуларды» әр студент проблемалық сұрақтар түрінде өз бетімен дайындайды. Біраз тәжірибе жинақтаған соң, бірнеше дәрістерден кейін әр студент кроссворд, ребус, пиктограмма, түрлі дидактикалық ойындар түрінде қызықты материал әзірлеуге тырысты.

Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлығын арттыру мақсатында пәнді оқыту барысында дәстүрлі әдістермен шектелмей, білім беру технологияларының арнайы кешені жинақталды (2.2 бөлімде сипатталған) және мақсатты түрде қолданылды. Әр технологияның таңдалуы тақырып мазмұнының ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылды және студенттердің жеке шығармашылығын дамытудың тиімді құралы ретінде қызмет атқарды. Төменде пәнің тақырыптарын оқытуда пайдалануға ұсынылатын технологиялар көрсетілген (кесте 29).

Кесте 29 – Тақырыптарды оқытуда ұсынылатын технологиялар

| Дәріс тақырыбы | Білім беру технологиялары |
|---|---|
| Шығармашылық. Шығармашылықтың табиғаты | Кешенді технология |
| Шығармашылықтың психологиялық негіздері | Дамыта оқыту технологиясы |
| Шығармашылық іс-әрекет | Проблемалық оқыту технологиясы |
| Әр түрлі іс-әрекет түрлеріндегі шығармашылық | Шоғырланған оқыту технологиясы |
| Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіндегі шығармашылық. | Педагогикалық модельдеу технологиясы, Контексттік оқыту технологиясы |
| Бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық шығармашылығы | Шоғырланған оқыту технологиясы, Іскерлік ойын технологиясы |
| Креативтілік тұлғаның шығармашылыққа қабілеті ретінде | Модульдік оқыту технологиясы Педагогикалық жобалау |
| Педагогтің «креативті құзыреттілігі» және «шығармашылық әлеуеті» | Модульдік оқыту технологиясы Синектика |
| Кәсіби-шығармашылық іс-әрекет және педагог тұлғасы | Модульдік оқыту технологиясы ғ контексттік оқыту технологиясы |
| Педагогтің шығармашылық әлеуетін дамыту | Проблемалық оқыту технологиясы Синектика, миға шабуыл |
| Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары | Дамыта оқыту технологиялары , Іскерлік ойын технологиясы |
| Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру | Дамыта оқыту технологиялары Синектика |
| Оқу үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының креативтілік қабілеттерін дамыту | Саралап оқыту технологиясы Миға шабуыл |
| Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамытудың мониторингі | Саралап оқыту технологиясы Ұйымдастырушылық-әрекеттік ойын |
| Мұғалімнің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін диагностикалау және сараптау | Контексттік оқыту технологиясы, Іскерлік ойын технологиясы |

Мысалы, «Шығармашылықтың табиғаты» тақырыбында студенттерге шығармашылық ұғымының мәні мен белгілеріне қатысты проблемалық сұрақтар ұсынылып, олардың өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып шығармашылықтың негізгі заңдылықтары талданды. Бұл жұмыстың нәтижесінде студенттердің проблемалық жағдаяттарды шығармашылықпен шешу дағдылары дамып, ойлау белсенділігі мен теориялық ұғымдарды өздігінен талдау қабілеті артты.

Шоғырланған оқыту технологиясы арқылы 4-ші және 6-шы тақырыптар бойынша әр түрлі кәсіби салалардағы шығармашылық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған тереңдетілген топтық жұмыстар ұйымдастырылды. Нәтижесінде студенттердің зейінін шоғырландыру және кәсіби шығармашылық құрылымын көпқырлы түсіну қабілеттерін дамыту ж.зеге асырылды.

Мысалы, «Креативтілік тұлғаның шығармашылық қабілеті ретінде» модулі аясында модульдік оқыту технологиясы пайдалану арқылы студенттер өздерінің шығармашылық жобаларын әзірлеп, ұсынды. Бұл олардың дербес ізденіс жүргізу, шығармашылық жобалау және нәтижеге бағытталған жұмыс дағдыларын едәуір жетілдірді.

Дамыта оқыту технологиялары шығармашылық қабілеттерді дамытудың әдіс-тәсілдерін, шығармашылық педагогикалық жағдаяттарды шешуде, мұғалімнің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыру жолдарын қарастыруда пайдаланылды. Дамыта оқыту технологияларын пайдалану студенттердің ойлау белсенділігі арттыруға, шығармашылық бастамаларын таныту және педагогикалық жағдаяттарды шығармашылықпен шешу дағдылары қалыптасуына ықпал етті.

Мысалы, «Оқу процесінде бастауыш сынып оқушыларының креативтілік қабілеттерін дамыту» тақырыбын түсіндіруде тапсырмалар студенттердің қабілет деңгейіне сай сараланып ұсынылды. Бұл студенттердің дара шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасап, олардың шығармашылық бастамашылық деңгейін арттырды.

Контексттік оқыту технологиясы қолдану арқылы «Мұғалімнің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін диагностикалау» тақырыбы бойынша сабақта студенттер нақты кәсіби жағдаяттар негізінде шығармашылық шешімдер қабылдады. Нәтижесінде олардың практикалық шешім қабылдау дағдылары мен шығармашыл ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік туды.

«Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары» тақырыбы бойынша сабақта студенттер бастауыш сыныпқа арналған шығармашылық сабақ құрастырып, оны іскерлік ойын арқылы жүргізді. Бұл олардың кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті модельдеу, өз идеяларын нақты және сенімді жеткізу қабілеттерін қалыптастыруға септігін тигізді.

Мысал ретінде БОПжӘқ-211, БПҚк-211, 222 топтарында «Педагогтің шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбы бойынша проблемалық оқыту технологиясы мен интербелсенді әдістер ұштастыра пайдаланып өткізілген дәріс сабағына тоқталайық. Бұл дәріс болашақ мамандардың шығармашылық ойлау қабілеттерін, педагогикалық рефлексиясын дамытуға, инновациялық тәсілдерге бейімділігін қалыптастыруға бағытталды.

Дәрістің мақсаты – студенттерге педагогтің шығармашылық әлеуеті ұғымының мәнін, оның құрылымдық компоненттерін, даму шарттарын түсіндіру және кәсіби қызметте шығармашылық әлеуетті іске асырудың қажеттілігін көрсету.

Дәріс мазмұны келесі сұрақтарды қамтыды:

1) Шығармашылық әлеует ұғымы және оның компоненттері.
2) Шығармашылық әлеуетті дамыту шарттары мен әдістері.
3) Бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық әлеутін дамыту ерекшеліктері.

Сабақтың түрі: проблемалық дәріс + интербелсенді әдістерді қолдану

Қолданылатын әдістер мен тәсілдер: Проблемалық сұрақтар қою, «миға шабуыл» әдісі, топтық пікірталас, рефлексиялық тапсырмалар орындау.

Проблемалық дәрістің барысы:

1. Проблеманы қою (*оқытушы тақырыпты хабарлап, өзектілігін баяндады*)

Қоғамның өзгерістер оқытудың стандартты емес әдістері мен шығармашылық тәсілді қажет етеді; білім беру сапасын арттыру міндеттері оқуды қызықты, тиімді және оқушылардың жеке құзыреттілігін дамытуда шығармашылық тәсілді қолдануды қажет етеді. Әлеуметтік тұрғыда - қоғамға оқушыларды ынталандыратын, сыни ойлауын дамытатын және шығармашылық ұрпақты қалыптастыратын педагогтер қажет. Осылайша, мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамыту - бұл жеке тиімділікті арттыру тәсілі ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды бағыты.

1) Қызығушылықты тудыратын проблемалық сұрақтар қою (*топтық жұмыс*):

- Мұғалімді шығармашылыққа үйретуге бола ма, әлде бұл туа біткен қасиет пе?
- Неліктен көптеген педагогтер жаңа әдістерді енгізуден қорқады, тіпті олардың пайдасын түсінеді?
- Сіз қай оқыту әдісін ең қызықсыз деп санайсыз? Сіз оны қызықты ете аласыз ба?
- Жасанды интеллект педагогтің шығармашылығын ауыстыра ала ма?
- Шығармашылық әлеуетті дамыту әдістерді таңдау еркіндігі немесе белгілі стандарт бойынша жұмыс тиімді ма?
- Егер сіз оқулықтарсыз және бар оқу материалдарын қолданбай сабақ беруге мәжбүр болсаңыз, сабақты қалай ұйымдастырар едіңіз?

2) Талқылауды қажет ететін проблемалық жағдай (*оқытушы тұжырымдады*):

Қазіргі білім беру ортасында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көбірек көңіл бөлінеді. Алайда, мұғалімнің өзі бірқатар қиындықтарға тап болады: уақыттың жетіспеушілігі, әдістемелік материалдардың жетіспеушілігі, өзін-өзі жүзеге асырудың шектеулі мүмкіндіктері. Нәтижесінде көптеген оқытушылар білім беру бағдарламаларын жасауда креативті болмай, ескірген оқыту әдістерін қолданады. Оқытудың жаңа тәсілдерін қолдануға ынталандыра отырып, мұғалімнің шығармашылық әлеуетін ашуға қалай жағдай жасауға болады?

Бұл мәселені әдістемелік инновациялар, білім беру ортасын өзгерту немесе мұғалімдерді қолдаудың арнайы бағдарламаларын құру арқылы шешуге бола ма?

2. Мәселені талдау

1) Педагогтің шығармашылық әлеуетін дамытудың тарихи контексті және ғылыми тұғырлар (*топтық жұмыс*):

а) Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамытудың терең тарихи тамыры бар. XX ғасырда В.И. Загзвягинский, В.А. Сластенин, т.б. идеялары

педагогикалық шығармашылықты түсінуге айтарлықтай үлес қосты, оны кәсіби шеберліктің негізгі элементі ретінде қарастырды. Заманауи зерттеулер мұғалімнің шығармашылық әлеуеті жеке қасиеттер, кәсіби құзыреттілік және білім беру ортасы негізінде қалыптасады деп көрсетеді. Соңғы жылдары инновациялық әдістерді, цифрлық технологияларды және оқытудағы пәнаралық тәсілді дамытуға баса назар аударылды.

ә) Педагогтің шығармашылық әлеуетін дамыту ғылыми тұғырлар сүйенеді (мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары қарастырылады). Бұл тұғырлар педагогтардың шығармашылық әлеуетін ашуға және оқыту сапасын арттыруға ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2) Әртүрлі көзқарастар мен ықтимал даулы мәселелер талқыланды (*дебат*).

- Шығармашылық туа біткен немесе пайда болған қабілет пе?
- Шығармашылық еркіндігі немесе білім беруді стандарттау?
- Шығармашылықты дамытудағы цифрлық технологиялардың рөлі қандай?
- Әкімшілік шектеулердің әсері бола ма?

Қорытынды: Бұл даулы мәселелер мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамыту шығармашылық еркіндігі, білім беру стандарттары мен білім беру жүйесінің қолдауы арасындағы тепе – теңдікті қажет ететін күрделі үдеріс екенін көрсетеді.

3) Проблемаға әсер ететін негізгі факторларды анықтау (*миға шабуыл*).

- Ішкі факторлар (мұғалімнің тұлғалық қасиеттері)
- Сыртқы факторлар (білім беру ортасы және қолдау жүйесі)
- Әдістемелік және технологиялық факторлар

Қорытынды: мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамыту білім беру ортасын қолдауды, әдістемелік инновацияларды, жеке мотивацияны және кәсіби өсу үшін қолайлы жағдайларды қамтитын кешенді тәсілді қажет етеді.

3. Гипотезаны тұжырымдау және ізденіс іс-әрекеті

1) Болжамдарды тұжырымдау (*пікірталас*).

Педагогикалық шығармашылықтың дамуын басқа үдеріспен салыстырыңыздар, мысалы, бизнестегі инновациялардың дамуымен (*синектика - аналогия әдісі*).

2) Мүмкін болатын шешу жолдарын анықтау (*топтық талқылау және рефлексия*):

- Мотивациялық орта құру.
- Инновациялық әдістемелерді енгізу.
- Цифрлық құралдарды дамыту.
- Білім беру ортасының өзгеруі
- Педагогтердің біліктілігін арттыру.

Қорытынды: бұл шешімдер мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін ашуға жағдай жасауға, олардың инновациялық әдістерге деген ынтасын арттыруға және білім сапасын жақсартуға көмектеседі.

Талқылауды алты аспектке бөлінді: фактілер, эмоциялар, сын, оптимизм, шығармашылық және басқару.

4. Қорытындылар мен ұсыныстарды қалыптастыру

Студенттер мұғалімнің шығармашылық әлеуетін дамыту бойынша идеяларды еркін ұсынады. Барлық нұсқалар жазылады, содан кейін ең шынайы және тиімді нұсқалар таңдалады (*«Алты ойлау шляпасы» әдісі*).

Проблемалық дәріс тек ақпаратты жеткізіп қана қоймай, тыңдаушылардың интеллектуалды белсенділігін ынталандыратын, оларды талдау және шешім іздеу үдерісіне тартатын етіп құрылды, студенттердің белсенді танымдық іс-әрекетін, сыни тұрғысынан ойлауын, кәсіби шығармашылыққа ұмтылысын дамытуға ықпал етті.

Білім алушылардың белсенділігін бағалауда:

- Проблемалық сұрақтарға жауап сапасы;

- Интерактивті бөлімде ұсынылған идеялардың түпнұсқалығы мен маңыздылығы;

- Рефлексиялық тапсырмаларды орындау тереңдігі ескерілді.

Жалпы алғанда, «Педагогтің шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбындағы дәріс құрылымы мен мазмұны болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлығын мақсатты және жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік берді. Бұл дәрісте қолданылған әдістер мен тәсілдер әзірленген моделінің тиімділігін тәжірибе жүзінде жүзеге асырудың маңызды элементтерінің бірі болды.

Бұл сабақты өткізу барысында білім алушылармен топтық, жеке жұмыстар жүргізілді. Сабаққа қатысқан студенттер саны - 48 болды.

Сабақ соңында студенттерге Quizizz платформасы арқылы өткен теориялық материал бойынша тест сұрақтарына жауап беру ұсынылды. Нәтижесінде: 41 студент (85,4%) тест сұрақтарына толық және дұрыс жауап берді, 7 студент (14,6%) кейбір сұрақтарда қателіктер жіберді.

Бұл көрсеткіш студенттердің тақырыпты негізінен дұрыс меңгергендігін және материалды қабылдағандығын айғақтады.

Жалпы, дәріс барысында студенттердің белсенділігі жоғары болды. Олардың кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке деген қызығушылығы мен рефлексивтік ойлау дағдыларының қалыптаса бастағаны байқалды. Бұл сабақ болашақ мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін тиімді педагогикалық іс-шаралардың бірі ретінде танылды.

Пән бойынша практикалық сабақтар қарастырылған. Практикалық сабақтар студенттердің теориялық білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын жетілдіруге, шығармашылық ойлау қабілеттерін қалыптастыруға, кәсіби рефлексия жүргізу біліктілігін дамыту жүзеге асырылды. Әрбір практикалық сабақ накты оқу мақсаттарына және күтілетін нәтижелерге бағдарланған түрде құрылды.

Практикалық сабақтардың жоспары, қысқаша мазмұны университеттің Smart Jetysu платформасында ЭОӘК бөлімінде берілген, қарастырылатын сұрақтар мен тапсырмалар пән бойынша силлабуста берілген.

«Оқу процесінде бастауыш сынып оқушыларының креативтілік қабілеттерін дамыту» тақырыбы бойынша өткізілген 13-ші практикалық сабақ мазмұнын қарастырайық.

Сабақтың мақсаты: арнайы әдістемелер арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту шарттарын зерделеу, оларды тиімді жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру.

Жоспары:

1) Бастауыш сыны оқушыларының шығармашылық қабілеттерінің жас ерекшеліктері.

2) Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдіс-тәсілдері.

1-ші сұрақ бойынша оқушылардың жас ерекшеліктеріне шығармашылық қабілеттерін дамыту шарттарының, әдістерінің, құралдарының сәйкестігін анықтау мәселесі; 2-ші сұрақ бойынша кіші жастағы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың қолданыстағы әдістерін талдау және оларды педагогикалық іс-әрекетте қолдану қарастырылды.

Сабақтың негізгі кезеңдері төмендегідей ұйымдастырылды:

Ұйымдастыру кезеңінде студенттердің аудиторияға қатысуы тексеріліп, тренинг арқылы жағымды психологиялық ахуал қалыптастырылды («Кезекпен ойды аяқта» әдісі қолданылды).

Қызығушылықты ояту кезеңінде сабақтың мақсаты мен міндеттері түсіндіріліп, сабақ ережелері анықталды.

Алдын ала студенттерге осы қарастырылып отырған мәселе бойынша оқу және ғылыми әдебиеттерін зерделеу және үш топқа бөлініп, 4-сыныптың әртүрлі сабақтарына қатысып, қатысқан сабақты бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту шарттары мен әдістерінің сәйкестігін талдау жасау ұсынылды.

Сабаққа теориялық тұрғыда дайындықтарын тексеруде "Random Name Picker" платформасы пайдаланылды, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерінің мазмұны мен құрылымы, оқу үдерісінде олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мүмкіндіктері, ерекшеліктері, әдіс-тәсілдерін білуі анықталды.

Студенттер QR код арқылы үш топқа бөлінді, өздері қатысқан сабақтардан алған әсерлерімен бөлісті.

Орындалған тапсырманы талқылау нәтижесінде келесі қорытындылар жасалды:

- студенттер қатысқан сабақтарда бастауыш сынып оқушыларын оқыту үдерісінде шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдерімен танысты;

- оқушылардың сабақтың әртүрлі кезеңдерінде шығармашылық тапсырмаларды орындау тәсілдерін көрді;

- оқушылардың сабақта әртүрлі шығармашылық жаттығулар орындау барысында әртүрлі дидактикалық материалдарды, көрнекі құралдарды қалай жасағанын көрді.

Бекіту кезеңінде «Киндер аршу» әдісі арқылы студенттер шығармашылық әлеуетті дамытуға байланысты сұрақтарға жауап берді.

Сауалнама нәтижесінде болашақ педагогтер келесі қорытындылар жасады:

- бастауыш сынып оқушысының интеллектуалды дамуында ең бастысы - рефлексивті ойлауын дамыту - осы кезеңінде проблемаларды іздеудегі қырағылық және ойлаудың икемділігі, тәжірибені тасымалдау қабілеті, ұғымдарды біріктіру сияқты шығармашылық қабілеттерін дамытудың ерекше табыстылығын анықтайды;

- осы жаста қиял дамудың жаңа деңгейіне шығады, ол мектепке дейінгі жастағыға қарағанда өнімдірек болады;

- осы жастағы негізгі жаңа құраушылары болып оқушының «Мен-концепциясының» қалыптасуы, рефлексияның пайда болуы және олардың осы жаста пайда болатын сезімдерінен туындайтын өз даралығын түсінуі табылады. Бұл жаңа құраушылардың қалыптасу және даму ерекшеліктері шығармашылық үдерістің ерекшеліктерін: бағыттылығын, тиімділігін, өнімділігі және баланың шығармашылыққа қатынасын анықтайды;

- осы жастағы жетекші іс-әрекеттің түрі баланың жеке шығармашылығының сипатын, шығармашылықтың нәтижеге бағытталуын анықтайды;

- бастауыш мектеп жасы танымдық белсенділіктің артуымен, танымдық қызығушылықтардың кеңеюімен сипатталады, баланың интеллектуалды үдерістері белсенді түрде жетіледі;

- 10 жасқа қарай әр түрлі іс-әрекет түрлеріне қабілеттері белсенді қалыптаса және айқын көріне бастайды, өйткені бұл жаста терең, тиімді, тұрақты мүдделер пайда болады;

- дамудың жас ерекшеліктеріне байланысты бастауыш мектеп жасы шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең қолайлы кезең болып табылады;

- бастауыш сынып оқушыларына оқу үдерісінде олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесу керек, ол үшін мұғалім шығармашылық қабілеттерді дамытудың әдістері мен тәсілдерін білуі, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін диагностикалау әдістемелерін білуі және қолдануы қажет.

2-ші сұрақ бойынша студенттер шығармашылық қабілеттерді дамытудың қолданыстағы әдістері мен тәсілдеріне талдау жүргізіп, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін бірқатар әдістерді таңдады (*топтық жұмыс*).

Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асырудың практикалық дағдыларын қалыптастыру үшін студенттерге өздерінің оң ұнаған кейбір әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, шығармашылық тапсырмаларды орындау ұсынылды.

*Синквейн* – бұл 5 жолдан тұратын рифмаланбаған өлең. Бұл дидактикалық тәсілді ұғыммен танысу кезеңінде де, рефлексия кезеңінде де қолдануға болады. Бұл оқушыларға оқиғаға деген жеке көзқарасын, фактіге немесе құбылысқа

қатысты жеке сезімдерін айтуға, мәселе бойынша рефлексияны қорытындылауға үйретуге мүмкіндік береді.

Синквейн құрылымы:

1 жол – синквейн мазмұнын анықтайтын бір түйін сөз;

2 жол – түйін сөзді сипаттайтын 2 сын есім;

3 жол – ұғымның әрекеттерін көрсететін 3 етістік;

4 жол – ұғымға авторлық қатынасты көрсететін қысқа сөйлем;

5 жол – бұл ұғымға байланысты адамның өз сезімдері мен ассоциацияларын білдіретін бір сөз.

Студенттерге синквейндерді өздері құрастыру ұсынылды. Студенттер «Табиғат» тақырыбы бойынша құрастырған синквейндердің мысалдары:

1) Табиғат ғажайып, шексіз.

Көркейеді, гүлдейді, тыныстайды.

Адамзатқа өмір сыйлайтын әлем.

Жер.

2) Күн жарқыраған, жылы.

Жылытады, қуантады, энергия береді.

Жерге сәуле шашатын шұғылалы жарық.

Нұр.

*Кластер* – белгілі бір ұғымның мазмұндық өрістерін көрсететін материалдың графикалық көрінісі. Кластерді құру студенттерге кез-келген тақырып бойынша еркін және ашық ойлауға мүмкіндік береді. Оқушы парақтың ортасына түйін сөзді жазады, ал одан әр түрлі бағытта бұл сөзді басқалармен байланыстыратын сәулелер сызады. Олардан өз кезегінде сәулелер одан әрі таратылып басқа сөздермен байланыстырылады. Кластерді сабақтың әртүрлі кезеңдерінде қолдануға болады. Қызығушылықты ояту кезеңінде – ақыл-ой белсенділігін ынталандыру үшін, мағынаны ашу кезеңінде – материалды құрылымдау үшін; рефлексия кезеңінде –оқушылардың оқығандарын қорытындылауда.

Мысалы, «Натурал сандар» тақырыбы бойынша студенттер натурал сандармен амалдардың негізгі қасиеттерін көрсететін кластер жасады (сурет 13).




Сурет 13 – «Натурал сандар» тақырыбы бойынша студенттер натурал сандармен амалдардың негізгі қасиеттерін көрсететін кластер

*Эвристикалық әңгімелесу* – бұл мұғалім мен оқушылардың қарым-қатынасының диалогтық түрі, оның барысында біртұтас мәселе құрамдас бөліктерге бөлініп, мұғалімнің басшылығымен бүкіл сыныптың күш-жігерімен дәйекті, кезең-кезеңімен шешіледі. Қайталау-жалпылама әңгімелесуден айырмашылығы, эвристикалық сұрақтарға жауап беру үшін оқушыларға бұрын оқыған материалды еске түсіру және айтып беру жеткіліксіз. Мұғалім эвристикалық әңгімелесуді қолдана отырып, оқушылардың ұсынылған ақпаратты талдау қабілетін ғана емес, сонымен бірге олардың түйсігін, түсінігін, шығармашылық қабілетін де есепке алады. Бұл тәсіл мектеп оқушылары проблемалық мәселені шешудің жолын өз бетінше таба алмаған кезде проблемалық баяндауды логикалық түрде жалғастырады.

Студенттерге «Бастауыш білім берудегі заманауи технологиялар: пайдасы мен тәуекелдер» тақырыбында гаджеттер мен цифрлық құралдардың оқу үдерісіне әсерін талқылау ұсынылды.

Негізгі ұғымдар: цифрлық технологиялар (интерактивті тақталар, планшеттер, онлайн ресурстар және білім беру қосымшалары), гаджеттер (смартфондар, планшеттер, ноутбуктер және олардың оқу процесіне әсері), оқу тиімділігі (технологиялар материалды меңгеру мен мотивацияны жақсартуға қаншалықты көмектеседі), когнитивті даму (цифрлық ортаның ойлауға, зейінге және есте сақтауға әсері), цифрландырудың тәуекелдері (шоғырланудың ықтимал төмендеуі, экрандарға тәуелділік, әлеуметтену мен денсаулыққа әсері).

Бүгінгі таңда цифрлық сауаттылықты дамыту және болашаққа дайындық қажет. Гаджеттер мен цифрлық құралдардың оқу үдерісіне оң әсері туралы айтуға бола ма? Дәлелдеңіздер.

Үй тапсырмасы ретінде студенттер бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттері деңгейінің өлшемдері мен көрсеткіштерін әзірлеу тапсырылды.

Кері байланыс кезеңінде «Оқытушыға хат» әдісі арқылы студенттер өздерінің сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын жазбаша түрде білдірді.

Осы практикалық сабақты өткізу барысында топтық, ұжымдық жұмыстар және әдебиетпен жұмыс болды. Білім алушылар берілген тапсырмаларды орындауда айтарлықтай қиындық көрген жоқ. 42 студент (87,5%) тапсырмаларды толық және дұрыс орындады, ал 6 студент (12,5%) кейбір тапсырмаларда қателіктер жіберді.

Сабақ кезінде студенттердің белсенділігі жоғары болды: олар тапсырмаларды орындауға ынтамен қатысып, өзара пікір алмасуға белсене араласты. Әсіресе топтық жұмыс пен бірлескен тапсырмаларды орындау барысында білім алушылардың шығармашылық белсенділігі айқын көрінді.

Сабақ соңында «Оқытушыға хат» әдісі арқылы кері байланыс жүргізілді. Бұл әдіс студенттердің сабақ туралы пікірін, алған әсерлерін және шығармашылық іс-әрекетке деген қызығушылығының артқанын айқындауға мүмкіндік берді.

Пән бойынша өткізілген әрбір сабақтан соңынды студенттермен келесі сұрақтар бойынша әңгімелесу жүргізілді:

1) Сіздің ойыңызша, сабақтар қызықты өтеді ма?
2) Сабақ сіздің ойыңыздан шығады ма, олар қандай болуы керек және қалай өтуі мүмкін?
3) Сіздің болашақ педагогикалық қызметіңіз үшін бұл сабақтың маңызы қандай?
4) Сіздің ойыңызша, осы курс аясында үй тапсырмасы қандай болуы керек?
5) Маған сабақта ... болғаны ұнайды (өз идеяларыңызды ұсыныңыз)
6) Өтініштер мен тілектер.

Іс жүзінде барлық студенттер талқылауға қатыса отырып, сабақтарда оларды не қызықтырғаны туралы пікір білдірді: сабақтың мазмұнына қызығушылық, жаңа білім алу және бұрыннан белгілі білімді жүйелеу, мәселені қоюдың жаңалығы, сабақтың қызықты тақырыптары, өзінің кәсіби дайындығында өзін көрсетуге мүмкіндік беретін кедергісіз атмосфера, т. с. с. Студенттер элективті курстың барысына жоғары баға беріп, оны жетілдіру жөнінде тілектерін білдірді.

«Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» пәнін оқыту барысында студенттердің кәсіби-шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында арнайы құрылымдалған төрт СӨЖ тапсырмасы жоспарланған (Қосымша Ғ). Әрбір өздік жұмыс студенттердің теориялық білімдерін тереңдетуге, шығармашылық ойлауын дамытуға және практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталды.

Бір СӨЖ-ның орындаулын қарастырайық. Мысалы, 3-ші СӨЖ тапсырмасы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға

арналған қысқа мерзімді сабақ жоспарын және шығармашылық жоба әзірлеу болды.

Студенттер сабақ жоспарын құрастыру барысында шығармашылық тапсырмаларды бастауыш сыныптың жас ерекшеліктеріне бейімдеді.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлығын қалыптастыруға студенттердің жобалық іс-әрекетін белсендендіру ықпал етеді. Студент үшін жоба – бұл өзінің шығармашылық әлеуетін барынша ашу, өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігінің құралы. Бұл өзін жеке немесе топта көрсетуге, өз күшін сынап көруге, білімін қолдануға, пайда әкелуге, көпшілік алдында қол жеткізген нәтижені көрсетуге мүмкіндік беретін әрекет.

Болашақ мұғалімдерге 4 сыныптың жаратылыстану пәнінен шығармашылық жобалар дайындау ұсынылды. Студенттер микро-топтарға бөлініп, олардың әрқайсысы өздері таңдаған тақырып бойынша өз жобаларын ұсынды. Студенттер әзірлеген жобалардың бірі «Жануарлар қоршаған ортаға қалай бейімделеді?» тақырыбындағы жоба сабақта толық қарастырылды.

Тапсырманың мақсаты: өз бетінше зерттеу арқылы зияткерлік және шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін жинақтау және іске асыру үшін жағдай жасау; жануарлардың бейімделу тетіктерін көрсету үшін көрнекі материалдар (схемалар, модельдер, презентациялар) дайындау.

Жобаны құру кезінде жүйелік талдау, фактілерді топтастыру, модельдеу және т. б. әдістері қолданылды.

Жоба жүзеге асыру бірнеше кезеңнен өтті: дайындық (тақырыбы мен моделін таңдау, экспозицияны құру); практикалық (ақпаратты жинау және талдау, модель құру, рәсімдеу); қорытынды (жобалық жұмысты, презентацияны және қорғауды рәсімдеу).

Жоба пәнаралық сипатқа ие болды, өйткені оны жүзеге асыру кезінде көптеген басқа пәндерден (биология, математика, информатика, география, бейнелеу өнері, технология және т. б.) білім пайдаланылды.

Осы жобаны қорғау нәтижесінде студенттер келесі қорытындылар жасады:

- жұмыс басталар алдында қойылған мақсаттар мен міндеттер жүзеге асырылды;
- жобаны іске асыру кезінде өз бетінше зерттеу жүргізу және презентация жасау арқылы зияткерлік және шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін жинақтау және жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалды;
- жобалау тобы биология бойынша теориялық материалмен танысты;
- жануарлардың бейімделу түрлері, қоршаған орта мен бейімделудің өзара байланысы, эволюциялық механизмдер, әртүрлі жануарлардың бейімделу мысалдары зерттелді; экологиялық өзгерістерге және олардың жануарларға әсеріне талдау жасалды; бейімделудің иллюстрациялары, схемалары жасалды;
- схеманы құру арқылы білімді жүйелеу және жалпылау мүмкін болды;
- жұмыс басқа салалардағы білім мен біліктерді жетілдіруге көмектесті, сонымен қатар шығармашылықтың дамуына ықпал етті.

Шығармашылық жобаны дайындау және енгізу студенттерге өз білімдерін, біліктері мен дағдыларын жүзеге асыруға, шығармашылық іс-әрекетті өз бетінше жүзеге асыруға даярлығын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Осылайша, студенттерді жобалық іс-әрекетке тарту теориялық білімді кәсіби тәжірибеге айналдыруға және жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасауға, шығармашылық әлеуеттерін іске асыруға мүмкіндік береді, білім алушыларға өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі жүзеге асыруға көмектеседі. Бұл, сайып келгенде, болашақ мұғалімдерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың операционалдық-технологиялық компонентін қалыптастырады.

Жобаларды дайындауда туындаған қиыншылықтарға талдау жасалып, оларды жеңу жолдары талқыланды. Қиындық туғызған мәселелер мен оларды шешудің студенттермен бірлесіп ұсынған тәсілдер (кесте 30):

Кесте 30 - Жоба орындауда кездеске қиындықтар мен оларды жою тәсілдері

| Қиындық туғызған мәселелер | Жою тәсілдері |
|---|---|
| Жоба көлемінің ұлғаюы. | Мақсат пен міндеттерді нақты анықтау және қол жобаға қойылатын талаптарды сақтау.<br>Сапалы жоспарлау. |
| Команданың өнімділігінің төмен болуы. | Ойын әдістерін, цифрлық құралдар мен интерактивті платформалар қолдану арқылы мотивация тудыру. |
| Нашар коммуникация, жобаға қатысушылар арасында нақты өзара әрекеттесудің болмауы. | Байланыстың ыңғайлы құралдарыны пайдалану.<br>Өзекті деректер мен құжаттарға қол жеткізу ашықтығы.<br>Қатысушылардың міндеттерін алдын-ала нақты анықтау.<br>Визуалды құралдарды пайдалану..<br>Қолайлы атмосфераны құру. |

Тапсырманы орындауда кейбір студенттерге сабақ мақсаты мен шығармашылық тапсырмалар арасындағы байланысты нақты құруда түсініспеушілік кездесті. Кездескен қиындықтарға қарамастан, студенттер тапсырмаларды сәтті орындап, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке қажетті негізгі құзыреттіліктерін дамытуға айтарлықтай ілгеріледі.

Өздік жұмыстарды орындау барысында студенттерде шығармашылық ойлау қабілеті, ғылыми және әдістемелік әдебиеттермен өздігінен жұмыс істеу білігі, педагогикалық жобалау және диагностика жүргізу дағдылары қалыптасты.

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлығын арттыру мақсатында арнайы жинақталған шығармашылық тапсырмалар ұсынылып отырды. Бұл тапсырмалар диссертациялық зерттеудің екі негізгі компонентіне – когнитивті-мазмұндық және операциялық-технологиялық бағыттарға сәйкес құрылды.

Тапсырмалар студенттерге топпен және жеке түрде орындалуға берілді. Тапсырмалардың формалары әртүрлі болды: эссе жазу, сабақ жобасын әзірлеу,

оқу-әдістемелік құралдарға сараптама жасау, диагностикалық құралдар құрастыру, креативті визуализация, авторлық тапсырмалар жасау, т.б. Орындалу мерзімі мен тапсырмаға түсініктеме алдын ала берілді.

Шығармашылық тапсырмалар мысалдары:

1. Мини-эссе жазу.

Мақсаты: Кәсіби-шығармашылық іс-әрекеттің мәнін түсіну.

Тапсырма: «Мұғалім – шығармашыл тұлға» тақырыбында 250-300 сөзден тұратын мини-эссе жазыңыз. Эсседе кәсіби шығармашылық іс-әрекеттің теориялық негіздерін сипаттаңыз.

2. Педагогикалық квест-сценарий құрастыру.

Мақсаты: Шығармашылық тапсырмаларды ұйымдастыру тетіктерін меңгеру.

Тапсырма: Бастауыш сынып оқушыларына арналған тақырыптық квест-сабақ (ойын-сабақ) сценарийін әзірлеңіз. Мысалы: «Қызықты грамматика әлемі» немесе «Сандар патшалығына саяхат».

3. Әдістемелік құралға сараптама жасау.

Мақсаты: Әдістемелік құралдың мазмұнын талдау арқылы дамытушы әлеуетін анықтау.

Тапсырма: Қазіргі қолданылып жүрген бір оқу-әдістемелік құралды (мысалы, 3-сыныптың оқулығы) таңдап, оның мазмұны оқушы шығармашылығын дамытуға қаншалықты ықпал ететінін талдаңыз (рефлексиялық эссе).

4. Интерактивті тапсырмалар пакетін әзірлеу.

Мақсаты: Операционалдық-технологиялық компонентті дамыту.

Тапсырма: «Туған өлке» немесе «Менің отбасым» тақырыптарына интерактивті тапсырмалар пакетін (3 тапсырма) PowerPoint немесе Genially платформасында жасаңыз.

5. Визуалды мазмұнды сабақ материалын дайындау.

Мақсаты: Ақпараттық құралдарды қолдана білу.

Тапсырма: 4-сыныптың жаратылыстану пәні бойынша «Су айналымы» тақырыбына арналған визуалды материал (инфографика, постер) жасап, оны қолдану әдістемесін сипаттаңыз.

Студенттер тапсырмаларды орындау барысында:

- шығармашылықпен жұмыс жасауға қызығушылық танытты;
- дидактикалық материалдарды талдауда белсенділік артты;
- өздігінен идея ойлап тауып, оны педагогикалық тұрғыдан негіздеуге ұмтылды;
- топтық жұмыстар барысында бірін-бірі қолдау, идея алмасу секілді кәсіби-коммуникативтік дағдылары дамыды.

Тапсырмалар орындау барысында кейбір студенттер үшін келесі қиындықтар кездесті: шығармашылық әрекетті жоспарлау мен ұйымдастырудың нақты алгоритмін түсінуде қиындықтар; бағалау құралдарын нақтылау мен оқушы жетістіктерін әділ өлшеуде тәжірибенің жетіспеушілігі; уақытты тиімді басқару дағдысының әлсіздігі.

Аталған қиындықтарды жою үшін қосымша нұсқаулықтар, үлгілік материалдар және бірлескен пікірталас сессиялары ұйымдастырылды. Бұл студенттердің сенімділігін арттырып, шығармашылық әрекетке белсенділігін күшейтті.

Нәтижесінде, біз білім беру технологиялары мен интербелсенді әдістерді қолдану болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық деңгейін арттырады деген қорытындыға келдік.

Пән бойынша қорытынды бақылау (емтихан) компьютерлік тест түрінде өткізілді, нәтижесі келесі п. 3.3 беріледі.

«Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» элективті пәнін енгізу нәтижесінде мынадай қорытындылар алдық:

1. курстың мақсатына қол жеткізілді: болашақ мұғалімдер кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық деңгейі арттырылды;
2. студенттер болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетінде қажетті шығармашылық іс-әрекеттің мәні туралы білім жүйесін меңгерді;
3. оқу үдерісінің құрылымын шығармашылық үдеріс ретінде оқыды;
4. бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудың жас ерекшеліктерімен танысты;
5. тұлғалық шығармашылықтың мәнін айқындады;
6. бақылау-диагностикалық құралдарды әзірлеу білігі мен дағдыларын меңгерді;
7. шығармашылық қабілеттерді дамыту әдістері мен тәсілдерін меңгерді;
8. шығармашылық қабілеттерді дамытудың педагогикалық технологияларын және оларды шығармашылықпен пайдалану тәсілдерін меңгерді;
9. кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру бойынша алған білімдерін тәжірибеде қолдану мүмкіндіктерін іске асырылды.

### 3.3 Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау моделінің тиімділігін тексеру үшін эксперименттік зерттеудің бақылау-бағалау кезеңі ұйымдастырылды, оның барысында эксперименттік және бақылау топтары студенттерінің даярлығы бойынша барлық компоненттердің деңгейлері мен көрсеткіштерінің динамикасы бақыланды, алынған эмпирикалық деректер салыстырылды.

Эксперименттік топта анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттерді жүргізу нәтижесінде алынған деректер бақылау топтарының деректерімен салыстырылды, оқыту уақыты мен мерзімдері сақталды. Бақылау тобында оқыту дәстүрлі түрде, ал эксперименттік топта – біз ұсынған әдістемені ескере отырып жүзеге асырылғанын атап өтеміз

Бақылау экспериментіне анықтаушы кезеңіндегі «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының (бакалавриат) студенттері қатысты. Олардың тұлғалық шығармашылығын диагностикалау Е.Е. Туниктің «Жеке тұлғаның шығармашылығын диагностикалау» әдістемесі

арқылы анықталды, яғни шығармашылық тұлғаның  төрт (қызығушылық, қиял, күрделілікке бейімділік, тәуекелге бейімділік) ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Қалыптастырушы кезеңнен (2023-2024 оқу жылы, 2024-2025 оқу жылының 1-ші жартыжылдығы) кейінгі бақылау және эксперименттік топтардағы студенттерінің тұлғалық шығармашылығының даму деңгейлерінің пайыздық көрсеткіштерін төмендегі 30 - кестеде келтірілген (кесте 31).

Кесте 31 – Студенттердің тұлғалық шығармашылығын даму деңгейлерінің диагностикалау нәтижелері (бақылау және эксперименттік топтар)

| Көрсеткіштері | Бақылау тобы (102 студент) | | | Эксперименттік топ (109 студент) | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Жоғары | Орташа | Төмен | Жоғары | Орташа | Төмен |
| Қызығушылық | 36% | 34% | 30% | 78% | 15% | 7% |
| Қиял | 34% | 36% | 30% | 74% | 18% | 8% |
| Күрделілікке бейімділік | 31% | 39% | 30% | 72% | 20% | 8% |
| Тәуекелге бейімділік (ТЕБ) | 30% | 40% | 30% | 81,25% | 14% | 4,75% |

Алынған нәтижелерді талдау бақылау және эксперименттік топтардағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің тұлғалық шығармашылығының дамуында айтарлықтай айырмашылықтардың бар екенін көрсетті.

Бақылау тобында шығармашылық қасиеттердің жоғары деңгейі біршама артқанымен (орта есеппен 30–36% аралығында), орташа және төмен деңгейлердің үлесі айтарлықтай сақталған (орташа деңгей 34–40%, төмен деңгей 30% шамасында). Бұл нәтиже бақылау тобының шығармашылық қасиеттерінің дамуы табиғи түрде жүргенін және арнайы педагогикалық ықпалдың болмағанын айғақтайды.

Ал, эксперименттік топта шығармашылық тұлғаның ерекшеліктерінің деңгейі барлық көрсеткіштер бойынша айтарлықтай артқан (жоғары деңгей орта есеппен 72–81,25% аралығында; орташа деңгейдегі - 14–20% аралығында), ал төмен деңгей көрсеткіші 4,75–8% деңгейіне дейін төмендеген. Әсіресе, тәуекелге бейімділік (81,25%) және қызығушылық (78%) көрсеткіштері ерекше жоғарылағаны байқалады.

Бұл деректер эксперименттік топта шығармашылық әлеуетті дамытуға бағытталған арнайы ұйымдастырылған жұмыстардың — арнайы пәндерді енгізу, мақсатты дәрістер, практикалық сабақтар мен шығармашылық тапсырмалар кешенінің — болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлығын арттыруда тиімді болғанын нақты дәлелдейді. Ал енді екі топ зерттелушілерінің шығармашылық параметрлері бойынша эксперимент соңына қарай қалай өзгергенін қарастырайық (32, 33 - кестелер).

Кесте 32 – Бақылау тобы студенттерінің тұлғалық шығармашылығын диагностикалау бойынша бастапқы және кейінгі нәтижелерін салыстыру кестесі

| Көрсеткіштері | Қалыптастырушы экспериментіне дейін | Қалыптастырушы экспериментінен кейін |
|---|---|---|
| Қызығушылық (жоғары деңгей) | 34,3% | 36% |
| Қиял (жоғары деңгей) | 32,3% | 34% |
| Күрделілікке бейімділік | 29,4% | 31% |
| Тәуекелге бейімділік | 28% | 30% |

Е.Е.Туник әзірлеген «Жеке тұлғаның шығармашылығын диагностикалау» әдістемесі негізінде бақылау топ зерттелушілерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелері салыстырылып талданды. Студенттердің қызығушылық көрсеткіші қалыптастырушы экспериментке дейін 34,3% болса, эксперименттен кейін 36%-ға дейін өсті. Бұл студенттердің шығармашылыққа деген қызығушылығының белгілі бір деңгейде артқанын көрсетеді. Қиял деңгейі 32,3%-дан 34%-ға өсті. Бұл өзгеріс студенттердің бейнелі, шығармашыл ойлау қабілеттерінің баяу, бірақ тұрақты дамуын аңғартады. Күрделілікке бейімділік көрсеткіші бастапқыда 29,4% болса, эксперименттен кейін 31%-ға жетті. Бұл студенттердің қиын тапсырмалар мен стандарттан тыс жағдайларға бейімделу қабілеттерінің біршама жетілгенін білдіреді. Тәуекелге бейімділік көрсеткіші 28%-дан 30%-ға дейін артты. Бұл болашақ мұғалімдердің жаңа тәсілдерді қолдануға деген дайындықтарының шамалы ғана өскенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, бақылау топ студенттерінің тұлғалық шығармашылығында байқалған өзгерістер айтарлықтай емес және шамамен 1,5–2% көлемінде ғана өсімді көрсетті. Бұл бақылау тобына арнайы педагогикалық ықпал жасалмағанын және шығармашылық қасиеттердің табиғи қалыптасу үдерісі нәтижесінде ғана дамығанын көрсетеді (сурет 14).




Сурет 14 - Бақылау тобы студенттерінің тұлғалық шығармашылығын диагностикалау бойынша бастапқы және кейінгі нәтижелерін салыстыру диаграммасы

Ал эксперименттік топ студенттерінің қалыптастырушы экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштерін (кесте 33) талдайық.

Кесте 33 - Эксперименттік топ студенттерінің тұлғалық шығармашылығын диагностикалау бойынша бастапқы және кейінгі нәтижелерін салыстыру кестесі

| Көрсеткіштер | Қалыптастырушы экспериментіне дейін | Қалыптастырушы экспериментінен кейін |
|---|---|---|
| Қызығушылық | 33% | 78% |
| Қиял | 31,2% | 74% |
| Күрделілікке бейімділік | 29,4% | 72% |
| Тәуекелге бейімділік | 27,9% | 81,25% |

Е.Е.Туник әзірлеген «Жеке тұлғаның шығармашылығын диагностикалау» әдістемесі негізінде эксперименттік топтың студенттерінің экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелері салыстырылып талданды.Талдау нәтижесінде шығармашылық қасиеттердің барлық көрсеткіштері бойынша айтарлықтай оң динамика байқалды:Қызығушылық көрсеткіші бойынша: экспериментке дейін 33% студент жоғары деңгей көрсетсе, эксперименттен кейін бұл көрсеткіш 78%-ға дейін артты. Бұл студенттердің жаңа білімге, шығармашылық ізденіске деген мотивациясының едәуір күшейгенін көрсетеді. Қиял деңгейі бойынша: бастапқыда 31,2% болған көрсеткіш эксперименттен кейін 74%-ға жетті. Бұл болашақ мұғалімдердің бейнелі ойлау, шығармашылық қиял мүмкіндіктерінің айтарлықтай дамығанын айғақтайды.Күрделілікке бейімділік бойынша: бастапқы 29,4%-дан 72%-ға дейін өсті. Бұл студенттердің күрделі жағдайлар

мен стандартты емес мәселелерді шешуге икемділік деңгейінің жоғарылағанын көрсетеді.Тәуекелге бейімділік көрсеткіші бойынша: бастапқы 27,9% деңгейінен 81,25%-ға дейін ұлғайды. Бұл болашақ мұғалімдердің кәсіби әрекеттерде жаңа тәсілдерді батыл қолдануға, жаңашыл шешімдер қабылдауға дайындық деңгейінің айтарлықтай өскенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, эксперименттік топта шығармашылық қасиеттердің барлық негізгі бағыттары бойынша жоғары деңгейге өту айқын байқалады. Мұндай нәтижелер арнайы ұйымдастырылған педагогикалық іс-әрекеттің, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке бағытталған пәндердің, шығармашылық тапсырмалар мен белсенді оқыту әдістерінің тиімді қолданылуының нәтижесі екенін көрсетеді.

Е.Е.Туниктің «Жеке тұлғаның шығармашылығын диагностикалау» әдістемесі бойынша эксперимент топ зерттелушілерінің 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылында экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері төмендегі диаграммада көрнекі түрде бейнеленген (сурет 15).




Сурет 15 - Эксперименттік топ студенттерінің тұлғалық шығармашылығын диагностикалау бойынша бастапқы және кейінгі нәтижелерін салыстыру диаграммасы

Қалыптастыру экспериментінен кейінгі кезеңде А.А.Реан және В.А.Якунин, Н.Ц.Бадмаевтардың модификациялау әдістемесін пайдалануды жөн санадық. Себебі, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлануының мазмұны біз ұсынған бірнеше оқу мотивтерінен тұратындығы негізге алынады (кесте 34).

Кесте 34 – Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі бойынша талдау көрсеткіштері

| Мотивтер түрі | Топтар | |
|---|---|---|
| | Бақылау тобы | Эксперименттік топ |
| Кәсіби іс-әрекетке даярлығы | 12,5 | 22,5 |
| Кәсібилікке ұмтылыс жасауы | 13 | 13 |
| Шығармашылық өсу | 11,5 | 14,5 |
| Оқуға деген мотивация | 20,5 | 25,5 |
| Біліктілігін арттыру | 19 | 21 |
| Әлеуметтік | 23,5 | 3,5 |
| | 100 % | 100 % |

34-кестеде көрсетілгеніндей, қалыптастыру экспериментінен кейінгі кезеңде алынған нәтижелерде ЭТ-тағы респонденттердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке деген ұмтылысы (22,5%), оқуға мотивтері (25,5%) жоғары деңгейді көрсетсе, сондай-ақ бұл ретте нәтиже көрсетіп отырғанындай әлеуметтік мотивтері төмен деңгейді (3,5%) беріп отыр.

Кесте 35 – Эксперименттен кейінгі мотивациялық-тұлғалық компонентінің нәтижесі

| Деңгейлер | Топтар | |
|---|---|---|
| | Бақылау тобы | Эксперименттік топ |
| жоғары | 34% | 78% |
| орташа | 24% | 18% |
| төмен | 42% | 4% |

«Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» пәнін оқығаннан кейін болашақ мұғалімдердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық деңгейін анықтау мақсатында және модельдің когнитивті-мазмұндық, операционалдық-технологиялық компонентін тексеру үшін анықтаушы кезеңдегі тапсымаларға ұқсас, бірақ біршама өзгертілген, күрделенген жазбаша диагностикалық тапсырмалар берілді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық деңгейін анықтау мақсатында ұсынылған жазбаша диагностикалық жұмысы Б.Блум таксономиясы деңгейлеріне сәйкес дайындалды (кесте 36).

Кесте 36 – Жазбаша тапсырмалары мен дескрипторлары

| Блум таксономиясы деңгейлері | Тапсырманың мазмұны | Дескрипторлар | Балл саны |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Білу (ақпаратты есте сақтау) | «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымына анықтама беріңіз. Мұғалімнің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті қандай тұжырымдар мен тәсілдерге негізделеді? Осы мәселені зерттеген ғалымдардың қандай еңбектерін білесіз? Оларды атаңыз. | - Кәсіби-шығармашылық іс-әрекет ұғымының мән-мағынасын біледі.<br>- Мұғалімнің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің теориялық негіздерін біледі.<br>- Ғалымдардың еңбектерін біледі<br>- Еңбектер мысалдарын келтіреді. | 1<br>1<br>1<br>1 |
| Түсіну (мәліметтерді түсіндіру) | Бастауыш сыныптарға арналған оқу-әдістемелік құралдардың дамытушы әлеуеті бар ма? Түсіндіріңіз және мысал келтіріңіз. | - Дамытушы әлеует не екенін түсінеді.<br>- Оқу-әдістемелік құралдар мазмұнының дамытушы әлеуетін анықтай алады.<br>- Оны түсіндіре алады.<br>- Оқу-әдістемелік құралдар мазмұнының дамытушы әлеуетін нақты мысалдарда көрсетеді.<br>- Мысалдарды салыстыра алады. | 1<br>1<br>1<br>1<br>1 |
| Қолдану | Сабақта бір оқушы шығармашылық тапсырма орындауда қиналады. Сіздің әрекеттеріңіз? | - Оқушының қиыншылығының себебін біледі.<br>- Қиыншылықты жеңу жолын ойластыра алады.<br>- Жағдаятты шешу жоспарын құрастыра алады.<br>- Оқушымен дұрыс қарым-қатынас орната алады.<br>- Оқушыға өз ойын түсіндіре алады.<br>- Жоспарды жүзеге асыра алады.<br>- Өз әрекеттерін түсіндіре алады. | 1<br>1<br>1<br>1<br>1<br>1<br>1 |
| Талдау | Оқушының шығармашылық қабілетін анықтауға арналған 3 диагностикалық тапсырма таңдаңыз немесе құрастырыңыз. Неге осындай тапсырмалар алдыңыз, түсіндіріңіз. | - Алдына қойылған міндетті түсініп, сәйкес тапсырмалар таңдай/құрастыра алады.<br>- Тапсырмалардың айырмашылығын көрсете алады.<br>- Тапсырмалардың мазмұнын талдайды.<br>- Тапсырмаларды | 1<br>1<br>1<br>1 |

36 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| | | таңдау/құрастыру себептерін түсіндіре алады.<br>- Бағалау өлшемдерін ұсынады. | <br>1 |
| Бағалау | Топтағы студенттің құрастырған тапсырмалары немесе жоспарының тиімділігін бағалаңыз. Бағалау өлшемдерін жазыңыз. | - Құрастырылған тапсырмалар немесе жоспардың мәнін түсінеді.<br>- Құрастырылған тапсырмалар/жоспардың дидактикалық әсерін біледі.<br>- Тапсырмалар/жоспардың кемшіліктері мен артықшылықтарын көрсете алады.<br>- Құрастырылған тапсырмалар/жоспарды бағалау өлшемдерін анықтай алады.<br>- Өз нұсқаларын ұсынады | 1<br>1<br>1<br>1<br>1 |
| Жасау | Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту жұмысының жоспарын құрыңыз. Мақсат-міндеттерін, әдістерін көрсетіңіз. | -Жоспар құру алгоритмін біледі.<br>- Жоспардың құрылымын жасайды.<br>- Мақсат, міндеттерді көрсетеді.<br>- Әдістерді мақсат-міндеттеріге сәйкестендіреді. | 1<br>1<br>1<br>1 |

Жазбаша диагностикалық бақылау жұмысын орындау барысында эксперименттік топ студенттері кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті, мұғалімнің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің теориялық негіздерін жайлы білімі жоғары, тапсырмалардың мазмұнын түсініп, оларды орындай алды. Олар бастауыш сыныптарға арналған оқу-әдістемелік құралдардың дамытушы әлеуетін түсініп қана қоймай, «қолдану» деңгейіндегі тапсырма бойынша жоспар құрып, оны жүзеге асыра алды; төртінші «талдау» деңгейі бойынша диагностикалық тапсырмалар құрастыра алды. Бесінші тапсырмада оқушының шығармашылық қабілетін дамыту жұмысының жоспарын құрып, мақсат-міндеттері мен әдістерін дәлелді көрсеткен студенттер (35,7%) бар. Студенттерге едәуір қиын болатын тапсырмалардың бірі болып табылатын «бағалау» деңгейінің тапсырмасының өзін дұрыс орындаған студенттер басым.

Бақылау тобының студенттері «білу», «түсіну» әрекеттерінің тапсырмаларын эксперименттік топ студенттерімен шамамен бірдей деңгейде орындаған. Ал «қолдану» деңгейінде тапсырманы орындаудың ретін білгенімен, оқушымен дұрыс қарым-қатынас орнату тәсілдерін білмеді, соған байланысты жоспарды жүзеге асыра алмады. «Талдау» деңгейінде 1 немесе 2 тапсырма ғана дұрыс құрастырылды. «Жинақтау» және «бағалау» деңгейінің

тапсырмаларын үстірт орындаған, жоспарлары толық емес, бағалау өлшемдерін дұрыс анықтай алмаған. Тиімділікті накты, дәлелді көрсете алмаған (кесте 37).

Кесте 37 – Эксперименттен кейінгі кезеңдегі когнитивті-мазмұндық компонент бойынша алынған нәтижелер

| Деңгейлер | Тексеру экспериментінің нәтижесі | |
|---|---|---|
| | Бақылау тобы | Эксперименттік топ |
| жоғары | 32% | 71% |
| орташа | 41% | 25% |
| төмен | 27% | 4% |

Жоғарыда берілген кесетедегі мәліметтер бойынша бақылау кезеңі бойынша алынған нәтижелер бойынша төменде 16 суретте ұсынып отырмыз.




Сурет 16 – Эксперименттен кейінгі кезеңдегі білім алушылардың деңгейлері бойынша алынған нәтижелерінің диаграммасы

Қалыптастыру экспериментінде біз ұсынған әдістеме, «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» тақырыбындағы элективті курсының бағдарламасына сәйкес дәріс және семинар сабақтары ұйымдастырылып, БОӨЖ және БӨЖ бойынша түзілген академиялық тапсырмаларды орындауда білім алушылардың кәсіби-шығармашылық іс-рекетке даярлық динамикасының өзгеріске түскенін аңғаруға болады, өйткені мұндағы эксперименттік топтағы білім алушылар деңгейлерінің (66%) 2 есеге көтерілгенін байқап отырмыз. Демек, біз ұсынған әдістеменің тиімділігі жоғары деген ұйғарымға келеміз.

Бақылау эксперименті кезінде біз, Т. Элерстың «Табысқа жетуге қажеттілік» әдістемесін қайта қолдануды жөн көрдік. Біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыруға және

нәтиже алу үшін әртүрлі тапсырмаларды орындауға деген қажеттілік деңгейін анықтадық.

Т.Элерс әдісі арқылы кәсіби табысқа жету мотивациясын зерттеу деректері 37-кестеде, диаграммада (сурет 17) берілген.

Кесте 38 – Табысқа жетуге қажеттілік деңгейін анықтау нәтижелері

| Топтар | Төмен | Орташа | Жоғары |
|---|---|---|---|
| Бақылау тобы | 48% | 25% | 27% |
| Эксперименттік топ | 6% | 13% | 81% |




Сурет 17 – Студенттерді табысқа жетуге қажеттілік деңгейлері бойынша бөлінуі

Кесте мен диаграммадан бақылау тобы студенттерінің деңгейлері едәуір төмен екендігін байқауға болады. Эксперименттік топтың табысқа жетуге қажеттілігі «жоғары» және «өте жоғары» деген көрсеткіштер эксперименттің алдыңғы кезеңіне қарағанда жоғарылағанын білдіреді. Яғни табысқа, іс-әрекет нәтижелеріне деген қажеттіліктің басым болуы байқалады. Эксперименттік топтағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдері кәсіби іс-әрекеттегі жетістіктерге, өз жұмысын мақсатты талдауға дайын. Бұдан эксперименттік топтағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетінде табысқа жетуге, шыдамдылықпен оң нәтиже алуға, жұмысын қорыту мен талдау арқылы мақсатты түрде табысқа жетуге даяр екенін байқауға болады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мазмұндық-құрылымдық моделінің рефлексиялық-бағалаушылық компонентін тексеру үшін біз А.В. Карповтың «Рефлексивтіліктің даму деңгейін диагностикалау» әдістемесін қолдандық.Мәліметтерді талдау рефлексивтілік деңгейінің көрсеткіші қалыптастырушы кезеңнен кейін біршама өзгергенін көрсетті, нәтижелері 39-кестеде.

Кесте 39 – Студенттердің рефлексивтілік деңгейін анықтау әдістемесінің нәтижелері

| Топтар | төмен | орташа | жоғары |
|---|---|---|---|
| Бақылау тобы | 28% | 33% | 39 % |
| Эксперименттік топ | 2% | 12% | 86% |

38-кестеден эксперименттік топтағы студенттердің төменгі деңгейі азайып, жоғары деңгейдің нәтижесі жоғарылағанын көруге болады. Сондықтан, студенттердің орташа деңгейі бірдей дерлік болғанымен, эксперименттік топтың студенттері өздерінің және басқалардың іс-әрекеттерін дұрыс талдап, жұмыстарын жалпылап, алдағы іс-әрекеттерін болжап, қателерін түзеп, бағыт-бағдар жасай алатынын көрсетті.

Эксприметтік топта жоғары деңгейге студенттердің 58% қол жеткізді, ал төменгі деңгейді көрсеткен студенттер саны айтарлықтай азайды (12%). Бұл студенттердің өз күштері мен мүмкіндіктерін барабар бағалай алатынын көрсетеді, өз іс-әрекеттері үшін жауапты бол,; алынған нәтижелерге не әкелгенін түсіну, әрекеттерді орындау кезінде олар алдын ала ойластырылған жоспарды басшылыққа алатынын, өзінің және басқалардың әрекеттерін талдай алатыны байқалды.

Бақылау тобы студенттерінің жауаптарын талдау бастапқы деңгейімен айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін көрсетеді: студенттер өз әрекеттерін талдай алады, бірақ басқалардың әрекеттерін талдауда қиыншылықтар сезінеді немесе олардың нәтижелерін болжай алмайды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс соңында эксперименттік топ студенттерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға даярлығының көрсеткіштері артты.

Төменде келтіріліп отырған 40-кестедегі мәліметтерде екі топтағы сыналушы болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің даму деңгейлерін сипаттайтын барлық көрсеткіштерінде мәнді айырмашылықтардың бар екендігін көреміз.

Кесте 40 – Бақылау экспериментінің қорытынды нәтижелері

| Компоненттер | Эксперименттік топ | | | Бақылау тобы | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | деңгейлер | | | | | |
| | жоғары | орта | төмен | жоғары | орта | төмен |
| Мотивациялық-тұлғалық | 78 % | 18 % | 4 % | 34% | 24% | 42% |
| Когнитивті-мазмұндық | 71% | 25% | 4% | 32% | 41% | 27% |
| Операционалдық-технологиялық | 81% | 13% | 6% | 27% | 25% | 48% |
| Рефлексиялық-бағалаушылық | 86% | 12% | 2% | 39% | 33% | 28% |

Кестеден көріп отырғандай, бақылау тобында арнайы жұмыс жүргізілмегендіктен, өзгерістердің болмағандығын байқатса, ал тәжірибелік-эксперимент жүрген топтағы алынған нәтижелер болашақ бастауыш сынып

мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға барлық компоненттер бойынша даяр болу деңгейлерінің артқандығын байқатты.

Эксперименттің бақылау кезеңінде студенттердің мотивациялық-тұлғалық, когнитивті-мазмұндық, операционалдық-технологиялық және рефлексиялық-бағалаушылық компоненттері бойынша даярлық деңгейлері қайта өлшенді. Нәтижелерді талдау барысында эксперименттің басындағы және соңындағы көрсеткіштердің арасындағы айырмашылықтардың статистикалық тұрғыдан мәнділігін анықтау үшін хи-квадрат ($\chi^2$) критерийі қолданылды.

Бұл үшін эксперименттік топтың анықтаушы кезеңінде алынған нәтижелері мен қалыптастырушы кезең аяқталғаннан кейін таңдап алынған өлшемдер бойынша жүргізілген диагностикалаудың қорытынды деректері пайдаланылды. Эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдері бойынша қорытынды нәтижелері 41 кесте мен 20 суретте берілді.

Кесте 41 – Эксперименттің бастапқы және соңғы кезеңдері бойынша қорытынды нәтижелері (эксперименттік топ)

| Компоненттер | Эксперименттің бастапқы нәтижелері | | | Эксперименттің соңғы нәтижелер | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | деңгейлер | | | | | |
| | жоғары | орта | төмен | жоғары | орта | төмен |
| Мотивациялық-тұлғалық | 16 % | 37 % | 47 % | 78 % | 18 % | 4 % |
| Когнитивті-мазмұндық | 13% | 17% | 70% | 71% | 25% | 4% |
| Операционалдық-технологиялық | 59% | 28% | 13% | 81% | 13% | 6% |
| Рефлексиялық-бағалаушылық | 23% | 31% | 46% | 86% | 12% | 2% |

Соңғы мәліметтің 18 суретте төмендегідей:




Сурет 18 – Эксперименттің басы мен соңындағы қорытынды нәтижелері

Зерттеуде хи-квадрат ($\chi^2$) критерийін қолдану барысында келесі нөлдік және балама гипотезалар қойылды:

Нөлдік гипотеза ($H_0$): Эксперименттік топтағы студенттердің мотивациялық-тұлғалық, когнитивті-мазмұндық, операционалдық-технологиялық және рефлексиялық-бағалаушылық компоненттері бойынша бастапқы және соңғы кезеңдердегі даярлық деңгейлері арасында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық жоқ. Яғни, өзгерістер кездейсоқ сипатқа ие.

Балама гипотеза ($H_1$): Эксперименттік топтағы студенттердің аталған компоненттері бойынша бастапқы және соңғы кезеңдердегі даярлық деңгейлері арасында статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық бар. Бұл айырмашылық қалыптастырушы кезеңде енгізілген арнай әдістеменің тиімділігінен туындайды.

Хи-квадрат критерийі келесі формуласы арқылы есептелді:

$$\chi^2 = \sum \frac{(O_i - E_i)^2}{E_i} \qquad (2)$$

мұндағы:

$O_i$ – тәжірибеде алынған (эмпирикалық) жиіліктер;

$E_i$ – күтілетін жиіліктер (нөлдік гипотеза орындалған жағдайда).

Бұл формула бойынша $\chi^2$ мәні бақылау және күтілетін жиіліктердің айырмасын олардың математикалық күтілетін шамасына қатынастырып есептеледі. Егер алынған $\chi^2$ мәні статистикалық кестедегі критикалық мәннен

асып түссе немесе p-мәні 0,05-тен аз болса, онда топтар арасындағы айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан маңызды екені анықталады. Эксперименттік топ бойынша алынған нәтижелер төмендегі 42 кестеде көрсетілген.

Кесте 42 – Эксперименттік топ бойынша алынған нәтижелер

| Компонент | $\chi^2$ мәні | df | p-мәні | Қорытынды |
|---|---|---|---|---|
| Мотивациялық-тұлғалық | 92.161 | 2 | <0.001 | Айырмашылық өте маңызды |
| Когнитивті-мазмұндық | 109.804 | 2 | <0.001 | Айырмашылық өте маңызды |
| Операционалдық-технологиялық | 12.545 | 2 | 0.0019 | Айырмашылық маңызды |
| Рефлексиялық-бағалаушылық | 93.699 | 2 | <0.001 | Айырмашылық өте маңызды |

Хи-квадрат ($\chi^2$) критерийі бойынша алынған нәтижелер барлық компоненттер үшін $p < 0,01$ екенін көрсетті. Бұл нөлдік гипотезаны ($H_0$) қабылдамауға және балама гипотезаны ($H_1$) қабылдауға толық негіз береді.

Мотивациялық-тұлғалық, когнитивті-мазмұндық және рефлексиялық-бағалаушылық компоненттерде айырмашылықтар өте жоғары деңгейде маңызды ($p < 0.001$). Операционалдық-технологиялық компонент бойынша айырмашылық маңызды ($p = 0.0019$). Яғни жүргізілген статистикалық талдау нәтижелері барлық компоненттер бойынша $p < 0,01$ екенін көрсетті. Бұл эксперименттік топтағы студенттердің даярлық деңгейлері бастапқы және соңғы кезеңдерде елеулі өзгерістерге ұшырағанын дәлелдейді.

Мотивациялық-тұлғалық компонент бойынша бастапқыда студенттердің басым бөлігі төмен деңгейде (47%) болса, эксперимент соңында олардың 78%-ы жоғары деңгейге жетті. Бұл арнай әдістеменің студенттердің кәсіби мотивациясын күшейтіп, оқу-танымдық іс-әрекетке оң көзқарасын арттырғанын көрсетеді.Когнитивті-мазмұндық компонент бойынша бастапқы кезеңде 70% студент төмен деңгейде болған, ал қорытындыда олардың тек 4%-ы ғана төмен деңгейде қалып, басым бөлігі (71%) жоғары деңгейге көтерілді. Бұл нәтижелер студенттердің теориялық білімдерін меңгеру сапасының айтарлықтай артқанын дәлелдейді.Операционалдық-технологиялық компонент бойынша да оң динамика байқалады. Эксперимент басында 59% студент төмен деңгейде болса, соңында олардың үлесі 6%-ға дейін төмендеп, 81% студент жоғары деңгейге жеткен. Бұл олардың кәсіби-операционалдық дағдыларының дамығанын айқындайды.

Рефлексиялық-бағалаушылық компонент бойынша бастапқыда студенттердің 46%-ы төмен деңгейде болды, ал соңғы кезеңде олардың басым бөлігі (86%) жоғары деңгейге көтеріліп, тек 2%-ы ғана төмен деңгейде қалды. Бұл студенттердің өзін-өзі талдау, бағалау және кәсіби рефлексия дағдыларының жоғары деңгейде қалыптасқанын дәлелдейді.

Қорыта келе, жүргізілген хи-квадрат талдауының нәтижелері эксперименттік топта қолданылған арнай әдістеменің тиімділігін толық дәлелдеді. Барлық компоненттер бойынша анықталған айырмашылықтар

статистикалық тұрғыдан өте сенімді ($p < 0,01$) болып шықты. Бұл эксперименттің құрылымдық-мазмұндық моделі студенттердің кәсіби даярлығын жетілдіруде оң әсерін тигізгенін ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Пән бойынша қорытынды бақылау (емтихан) компьютерлік тест түрінде өткізілді.

Тест үлгілері:

1. Шығармашылық дегеніміз не?

а) пайда болған міндеттерді әлдеқашан белгілі болған тәсілдермен шешу үшін талап етілетіндердің тысына шығатын жоғары формадағы ойлау

б) тек адамға ғана тән дамудың ең жоғары, ерекше формасы

в) ассоциативті элементтерді міндетке жауап беретін жаңа комбинацияларға қайта құру

г) өзін-өзі көрсетудің барлық түрлеріне әкелетін әмбебап адамдық функция

д) ғылыммен айналысу

2. Адамның тұлғалық шығармашылығын анықтауда қандапй диагностикалық әдістемені қолдануға болады

а) Е.Туниктің «Жеке тұлғаның шығармашылығын диагностикалау»

б) Т.Элерстің тұлғаның жетістікке жетудегі мотивациясын диагностикалау әдістемес

в) Г.Айзенктің темпераментті анықтау тесті

г) В.Якуниннің «Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалауға арналған әдістемесі»

д) А.Карповтың рефлексивтіліктің даму деңгейін диагностикалау әдістемесі

3. Шығармашыл тұлғаның ең маңызды мотивациялық факторы?

а) өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылыс

б) мақсатқа жету

в) өнімді жасауға бағытталған интеллектуалдық

г) интеллектуалдық әрекетті қарастыруды дамыту

д) Рационализаторлық ұмтылыс

4. Шығармашылық жобалар мен жобалау жұмыстарының түрлері?

а) Зерттеу жобалары

б) Рөлдік

в) Шығармашылық

г) Кіріспе

д) индикативті (ақпараттық)

5. Мұғалімнің іс-әрекетін шығармашылыққа айналдырудың негізгі шарттары:

а) өзінің шығармашылық даралығын сезіну, мұғалімнің шығармашылығы

б) өзінің педагогикалық қызметінің мәнін, мәні мен міндеттерін, оның мақсаттарын білу

в) тәрбиеленушіні педагогикалық үдерісте тұлға ретінде қабылдау (тәрбиенің объектісі мен субъектісі ретінде);

г) педагогикалық үдерісте өзін жасаушы ретінде сезінуі

Емтиханға 106 студент қатысты, 3 студент объективті себептермен қатысқан жоқ. Емтихан нәтижелері жүргізілген дәріс және практикалық сабақтар барысында студенттер кәсіби-шығармашылық іс-әрекет және оны жүзеге асыру жайлы білімдерінің артқанын көрсетті (кесте 43).

Емтихан нәтижелері «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» пәні бойынша студенттердің үлгерімі 100%, ал білім сапасы 85,5% болды, яғни жасалған әдістемелік жүйенің тиімді болғанын байқаймыз.

Кесте 43 - Емтихан нәтижелері

| Топ | Студенттердің жалпы саны | Қорытынды | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | өте жақсы | жақсы | қанағат-лық | қанағат-сыз | емтиханға қатыспады | үлгерім (%) | білім сапасы (%) |
| БОПжӘқ 211 | 14 | 8 | 5 | 1 | - | | 100 | 92,9 |
| БОПжӘқ 221 | 8 | 2 | 6 | - | - | | 100 | 100 |
| БПҚ211 | 19 | 5 | 13 | 1 | - | | 100 | 94,7 |
| БПҚ212 | 19 | 2 | 15 | 2 | - | | 100 | 89,5 |
| БПҚк221 | 19 | 2 | 10 | 4 | - | 3 | 100 | 63,2 |
| БПҚк222 | 15 | 2 | 8 | 5 | - | | 100 | 86.7 |
| БПП211 | 15 | 5 | 8 | 2 | - | | 100 | 66.7 |
| | 109 | 26 | 65 | 15 | - | | 100 | 85,8 |

Сонымен, тәжірибиелік-эксперименттік зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе, *егер* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мән-мағынасы нақтыланып, оның әдістемелік жүйесі жасалса, әзірленген әдістеменің құрылымдық-мазмұндық моделі жүзеге асырылып, тәжірибеге ендірілсе, *онда* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың тиімділігі артады, *өйткені* кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға бағытталған оқу-әдістемелік кешен болашақ педагогтердің шығармашылық іс-әрекетін жетілдіруге ықпал етеді деген болжамымыз дәлелденді.

# ҚОРЫТЫНДЫ

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы барысында қойылған ғылыми болжам расталды, алға қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізілді, бірнеше теориялық және қолданбалы маңызды нәтижелер алынды.

Жүргізілген теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік зерттеу нәтижелері негізінде төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды. «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымының мәні мен құрылымы ашылды. Яғни бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті - мақсаты бастауыш білім беру үдерісінжетілдіруге бағытталған объективті жаңалық пен қоғамдық маңыздылыққа ие рухани және материалдық объектілерді жасау болатын, сананың кең өрісімен, өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан көрсету мүмкіндіктерімен, басқару және өзін-өзі басқару қабілеттерімен, көлемді ақпаратты тез өңдеумен анықталатын, өзін-өзі жетілдіруге әкелетін мұғалімнің іс-әрекетінің бір түрі. Ал, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау, біздің түсінігімізше, бұл оларда тұлғалық шығармашылықты дамытуға және бастауыш білім сапасын арттыруға ықпал ететін педагогикалық жаңалықтар мен сәтті тәжірибелерді, заманауи технологияларды іздеумен және жүзеге асырумен байланысты білім мен дағдылардың барлық кешенін қалыптастырудың мақсатты үдеріс.

2. «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша жоғары кәсіби білім берудегі және қазіргі бастауыш сыныптарда оқу-тәрбие үдерісінің тәжірибесі арасындағы анықталған қарама-қайшылықтардан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мүмкіндіктерін айқындадық: бастауыштың теориялық негіздерінен жоғары білімінің болуы; педагогикалық іс-әрекеттегі шығармашылықтың жалпы теориялық негіздерін білуі; мектепте шығармашылық үдерісті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың заманауи әдістемелері мен технологияларын игеруі; кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жоспарлауды, жүзеге асыруды, бағалауды білу және тәжірибеде қолдана алу мүмкіндігі.

3. Мотивациялық-тұлғалық, когнитивті-мазмұндық, операционалды-технологиялық, рефлексиялық-бағалаушылық компоненттерді қамтитын болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың жүйесі жасалды, оқу құралы мен оқу-әдістемелік кешен дайындалып, тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізілді.

Алынған нәтижелер неізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауды жетілдіру бойынша ұсыныстар тұжырымдадық:

- жоғары оқу орны оқытушысының өзінің де тұлғалық шығармашылығын дамыту бойынша жұмыстар ұйымдастыру;

- психологиялық-педагогикалық, әдістемелік пәндердің мазмұнын жаңарту (шығармашылық ойлау, креативті педагогика мәселелерін қарастыру, тұлғалық шығармашылықты дамытуға бағытталған жаттығулар, т.с.с. енгізу);

- пәнаралық курстар әзірлеп, білім беру бағдарламаларына енгізу;

- студенттердің шығармашылық бастамаларын қолдайтын шеберхана сабақтарын, тренингтер мен шығармашылық лабораторияларды ұйымдастыру.

Зерттеу мәселесі күрделі, көпқырлы болғандықтан, оның барлық аспектілерін толық шешу мүмкін болмады. Алдағы уақытта зерттеуді бастауыш мектептің әртүрлі пәндерін оқытуда кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру ерекшеліктері тұрғысынан, сондай-ақ студенттердің педагогикалық практикадағы шығармашылық әлеуетін дамытуға арналған нақты әдістемелер мен технологияларды жетілдіру бағытында жалғастыру қажет деп ойлаймыз.

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ


1 Республикалық педагогтер съезі 2023 жылғы 05 қазан Президент Қ.Тоқаев сөзі. – 2023, қазан

2 Қазақстан Республикасы. Білім туралы: Қазақстан Республикасының Заңы №319-ІІІ, 2007 жылғы 27 шілде https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319 18.01.2024.

3 Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы, №248 қаулысы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248 11.04.2024.

4 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттары: №31 бұйрық, 2025 жылғы 24 ақпан https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25HP000031 13.05.2024.

5 Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің, №249 қаулысы, 2023 жылғы 28 наурыз https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249 17.06.2024.

6 Кант И. Философ, наследие // Соч.: в 6 т. - М.: Мысль, 1966. - Т. 5. - 564 с.

7 Бердяев Н.А. Предсмертные мысли Фауста // Лит.газета. - 1989. - №12. - С. 15.

8 Хайдеггер М. Өнер туындысының қайнары // Уақыт және болмыс. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – Б. 203–240.

9 Батищев Г.С. Человек - творчество - культура. – М.: Политиздат, 1981. – 288 с.

10 Бурдье П. Правила искусства: Генезис и структура литературного поля. – М.: Новое литературное обозрение, 2001. – 576 с.

11 Маслоу А. Мотивация и личность. – СПб.: Питер, 2008. – 352 с.

12 Красило Т.А. Социально-психологические аспекты развития творческих способностей человека в процессе образования // Психолого-педагогические исследования. - 2013. – Т. 5, №2. - С. 265–276.

13 Аитов Н.А. Шығармашылық психологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 256 б.

14 Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды: в 2 т. – М.: Педагогика, 1980. - Т. 1. - 232 с; Т. 2. - 287 с.

15 Гилфорд Дж. П. Психология творчества. – М.: Академия, 2002. – 384 с.

16 Осборн А.Ф. Применение воображения: Развитие креативности. – М.: Прогресс, 1970. – 348 с.

17 Торранс Э.П. Развитие творчества у детей. – М.: Просвещение, 1979. – 208 с.

18 Богоявленская Н.М. Психология творчества и личности. – М.: Академический проект, 2004. – 224 с.

19 Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. - М.: Директ-Медиа, 2014. - 274 с.

20 Пономарев Я.А. Психология творчества. – М.: Педагогика, 1976. - 280 с.

21 Талызина Н.Ф. Психология творчества. – М.: Академия, 1994. – 368 с.

22 Якиманская И.С. Психология творчества: Теория и практика. – М.: Издательство Московского университета, 2003. – 368 с.

23 Бабанский Ю.К. Оптимизация педагогического процесса. - М.: Педагогика, 1982. - 192 с.

24 Беспалько В.П. Основы теории педагогических систем. - Воронеж: ВГУ, 1977. - 304 с.

25 Гершунский Б.С. Образовательно-педагогическая прогностика: теория, методология, практика. - М.: Флинта, 2003. – 768 с.

26 Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. - М.: Педагогика, 1985. – 95 с.

27 Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы.– Алматы: Қарасай баспасы, 2013. - 384 б.

28 Kudaibergeneva K., Orakova A., Sibagatova G. Formation of the key professional-pedagogical competencies of the teacher in modern conditions // Opción. - 2019. - Vol. 34, №87(2). - P. 120-134.

29 Қоянбаев Ж.Б., Бейсенова Г.И., Нестерова Л.Н. Болашақ мұғалімдерді шығармашылыққа баулу. - Алматы: Ғылым, 2014. - 198 б.

30 Хмель Н.Д. Педагогика высшей школы. - Алматы: Ғылым, 1998. - 320 б.

31 Хан Н.Н. Инновационные подходы в становлении новой парадигмы конкурентоспособного высшего педагогического образования // Педагогическое образование и наука. – 2018. – №4. – С. 7–14.

32 Сарыбеков М.Н., Сыдыкназаров М.К. Словарь науки. Общенаучные термины и определения, науковедческие понятия и категории: учебное пособие. - Алматы: Триум «Т», 2015. – 504 с.

33 Досанова М.М. Методологические основы формирования педагогической компетентности будущих специалистов в условиях высшей школы // Вестник науки. – 2021. – №4. – С. 112–118.

34 Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. - М.: Высш.шк., 1990. – 119 с.

35 Пискунов А.И. История педагогики. – М.: Гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 2001. – 512 с.

36 Сабыров Т. Болашақ мұғалімдерді дидактикалық дайындығын жетілдіру. – Алматы, 1999. – 122 б.

37 Ахатаева У.Б. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуға даярлау: филос. док. (PhD). ... дис. – Алматы, 2021. – 135 б.

38 Стамбекова Ж.Қ. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында болашақ бастауыш сынып педагогтерін инновациялық әрекетке даярлау: филос. док. (PhD). ... дис. – Алматы: Абай атын. ҚазҰПУ, 2022. – 158 б.

39 Асадуллин Р.М., Рындак В.Г., Александрова Е.А., Асадуллин Р.М. Методология педагогики. – М.: Инфра-М, 2024. – 296 с.

40 Сластёнин В.А. Педагогическая деятельность как творческий процесс // Пед. образ, и наука. – 2005. - №1. - С. 25–34.

41 Қоянбаев Р.М. Білім беру және оқыту теориясы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 87 б.

42 Нұрахметов Н.Н. Мұғалімнің кәсіби дамуы – үздіксіз білім беру жүйесінің өзегі // Білім берудегі инновациялар. – 2004. - №2. – Б. 12–18.

43 Тұрғынбаева Б.А. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. - Алматы: Рауан, 2011. - 200 б.

44 Загвязинский В.И. Педагогическое творчество учителя. - М.: Просвещение, 2002. - 253 с.

45 Кан-Калик В.А. Педагогическая деятельность как творческий процесс. - М.: НИИ высшего образования, 1977. - 64 с.

46 Кулюткин Ю.Н. Мышление учителя: личностные механизмы и понятийный аппарат. – Л.: Педагогика, 1990. – 192 с.

47 Левчук З.С. Формирование готовности к профессиональному творчеству у студентов педвуза: автореф. ... канд. пед. наук. - Минск, 1992. - 19 с.

48 Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. - М.: Педагогика, 1990. - 140 с.

49 Андреев В.И. Педагогика творческого саморазвития. – Казань: Изд-во Казанского университета, 1996. – 566 с.

50 Абишев Н.А. Управление творческой деятельностью педагогического коллектива средней общеобразовательной школы: дис. ... канд. пед. наук. – Минск, 1992. – 187 с.

51 Айтмамбетова Б.Р., Ашекова Г.А., Досанова М.М. Оқытудың шығармашылық әдістері. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 224 б.

52 Жаманбаева Қ.Ә. Әдебиет сабағында әдеби-көркем шығармашылыққа бағыт-бағдар беру әдістемесі (6–7 класс): пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1994. – 145 б.

53 Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. - Алматы: Полиграфия – сервис К0, 2012. – 316 б.

54 Джанбубекова М.З. Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері. - Алматы, 2010. – 287 с.

55 Мошқалов А.Қ. Студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану негізінде өзін-өзі шығармашылықпен дамытуы: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы: ҚазҰПУ, 2013. – 138 б.

56 Баймуханбетов Б.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің лидерлік сапасын қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014. – 135 б.

57 Кдырбаева А.А. Современные педагогические технологии обучения начального образования: учеб. пособие. – Алматы: ЛЕМ, 2016. – 134 с.

58 Ибрагимқызы Ш. Ғылыми зерттеу іс-әрекеті арқылы болашақ мамандардың педагогикалық шығармашылығын қалыптастыру: филос. док. (PhD) ... дис. – Астана: Л.Н. Гумилев атын. Еуразия ұлттық университеті, 2016. – 228 б.

59 Амирова А.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен практикасы: пед. ғыл. док. ... автореф.: 13.00.01. – Алматы, 2009. - 52 б.

60 Сарсекеева Ж.Е. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту ерекшеліктері // Ғылыми журнал. – 2023. – №4. – Б. 45–50.

61 Cristóvão A.M., Candeias A.A., Verdasca J.L. Development of Socio-Emotional and Creative Skills in Primary Education: Teachers' Perceptions About the Gulbenkian XXI School Learning Communities Project // Frontiers in Education. - 2020. - Vol. 4, №160. - P. 1–14.

62 Абильдина С.К., Медиева С.Х., Асилбаева Р.Б., Аналбекова К.Т. Роль творчества в применении педагогического дизайна будущими педагогами // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. - 2023. - №1(77). - С. 71–85.

63 Михайлова А.Ю. Диагностика интеллектуально-творческого потенциала младших школьников // Вестник Череповецкого государственного университета. – 2021. – №2(101). – С. 183-192.

64 Кравчук П.Ф. Творческий потенциал как интегральное качество личности // В кн.: Становление человека в творчестве. – М., 1994. – 258 с.

65 Maulana M., Sujana A., Isrokatun I., Nugraha D., Rachmatin D. Readiness and Competence of New Teachers for Career as Professional Teachers in Primary Schools // European Journal of Educational Research. - 2020. - Vol. 9, №2. - P. 655–673.

66 Newton D.P. Moods and creative thinking: A framework for teaching // Thinking Skills and Creativity. - 2013. - Vol. 8. - P. 34–44.

67 Mullet D.R., Willerson A., Lamb K.N., Kettler T. Examining teacher perceptions of creativity: A systematic review of the literature // Thinking Skills and Creativity. - 2016. - Vol. 21. - P. 9–30.

68 Усова С.Н. Формирование готовности к профессиональной творческой самореализации будущего учителя начальных классов: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. - Казань, 2002. - 188 с.

69 Строкова Е.К. Организационно-педагогические условия творческой деятельности будущего учителя начальных классов в педагогическом колледже: дис. ... канд.пед.наук: 13.00.08. - Елецк, 2007. - 211 с.

70 Рахманова Д.З. Педагогическая практика как системообразующий компонент профессиональной подготовки будущих учителей начальных классов // Вестник Таджикского государственного университета права, бизнеса и политики. Серия гуманитарных наук. - 2013. - №1. - С. 114–122.

71 Рукавишникова Е.Л. Подготовка учителя начальных классов к обеспечению творческой самореализации сельского школьника в процессе

кружковой работы: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. - Красноярск, 2004. - 215 с.

72 Henriksen D., Richardson C., Mehta R. Design thinking: A creative approach to educational problems of practice // Thinking Skills and Creativity. - 2017. - Vol. 26. - P. 140–153.

73 Bereczki E.O., Karpati A. Teachers' beliefs about creativity and its nurture: A systematic review of the recent research literature // Educational Research Review. - 2018. – Vol. 23. – P. 25-56.

74 Каратаева Т.О. Подготовка будущего учителя к развитию интеллектуально-творческого потенциала младшего школьника: дис. ... док. филос. (PhD). - Алматы, 2023. – 140 с.

75 Загвязинский В.И. Исследовательская деятельность педагога. - М.: Academia, 2010. - 174 с.

76 Поташник М.М. Педагогическое творчество: проблемы развития и опыт. - Киев: Радянська школа, 1988. - 187 с.

77 Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы, №348 бұйрығына 2-қосымша.

78 История и философия образования: учебно-методический комплекс. – Оренбург: ООО «Агентство «ПРЕССА», 2008. - 101 с.

79 Бергсон А. Творческая эволюция / пер. с фр. В. В. Бибихина. – М.: Канон-пресс-Ц; Кучково поле, 1998. – 352 с.

80 Александрова Л.А. Генезис понятия творчества в истории философии // Вестник Чувашского университета. - 2007. - №4. - С. 110–115.

81 Дункер К. Психология продуктивного (творческого) мышления /Психология мышления. - М.: Прогресс, 1965. - С. 86-234.

82 Выготский Л.С. Психология искусства. - Ростов-на-Дону: Феникс, 1998. - 480 с.

83 Векслер Д. Wechsler Intelligence Scale for Children (WISC). – New York: Psychological Corporation, 1949. – 229 p.

84 Айзенк Г.Дж. Узнай свой собственный коэффициент интеллекта. - Кострома, 1993. - 168 с.

85 Рубинштейн С.Д. Принципы творческой самодеятельности // Вопросы психологии. - 1986. - №4. - С. 104-107.

86 Дружинин В.Н. Психология общих способностей. – Изд. 3-е. - СПб.: Питер, 2007. - 368 с.

87 Крутецкий В.А. Основы педагогической психологии. - М.: Просвещение, 1972. – 255 с.

88 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – Изд. 2-е. - М.: Политиздат, 1977. - 304 с.

89 Лурия А.Р. Язык и сознание / под ред. Е.Д. Хомской. – М.: Изд-во МГУ, 1979. - 320 с.

90 Теплов Б.М. Способности и одаренность // В кн.: Психология. - М.: Наука, 1961. - С. 9–20.

91 Рахимов А.З. Творческое мышление: психол. теория и технология творч. развития. – Уфа: Творчество, 2005. – 224 с.

92 Жарықбаев Қ.Б. Әдеп және жантану. – Алматы, 1996. – 160 б.

93 Веретенникова Л.К. Стратегия и концепция формирования творческого потенциала и развития креативности обучающихся в инновационной среде. – М.: МПГУ, 2019. – 98 с.

94 Путилин В.Д. Развитие технического творчества учащихся IX–X классов в процессе трудового обучения: автореф. … канд. пед. наук. – М.: АПН СССР, 1971. – 24 с.

95 Скамницкая Г.П. Исследовательская культура педагога как условие творческой деятельности // Педагогика и психология образования. – 2012. – №3. – С. 45–52.

96 Тряпицына А.П. Стратегия и концепция формирования творческого потенциала и развития креативности обучающихся в инновационной среде. – СПб.: МПГУ, 2019. – 98 с.

97 Шамова Т.И. Избранное. – М.: Центральное изд-во, 2004. – 320 с.

98 Бұзаубақова К.Ж., Қашқынбаева З.Қ. Педагогика: оқу құралы. - Тараз: Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, 2016. - 379 б.

99 Пономарев Я.А. Фазы творческого процесса. Исследование проблем психологии творчества. - М.: Наука, 1983. - С. 3–26.

100 Матюшкии А.М. Основные направления исследования мышления и творчества // Психологический журнал. - 1984. - Т. 5, №1. - С. 9–17.

101 Кленовая Н.В. Развитие творческих способностей старшеклассников при обучении их иностранному языку: коммуникативный подход. - Магнитогорск: Изд-во Магнитогор. гос. ун-та, 2010. - 70 с.

102 Иноземцев В.Л. Понятие творчества в современной экономической теории // Полис. Политические исследования. - 1992. - №1. - С. 178.

103 Педагогический словарь: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / под ред. В.И. Загвязинского, А.Ф. Закировой. - М.: Академия, 2008. - 352 с.

104 Русской С.П. Подготовка учителей начальных классов к профессионально-творческой деятельности в трудовом воспитании школьников: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. - Чебоксары, 2000. - 221 с.

105 Энциклопедия профессионального образования // В 3 т. – М.: Российская академия образования, 1998. - 566 с.

106 Маркова А.К. Психология труда учителя: книга для учителя. - М.: Просвещение, 1993. - 192 с.

107 Нечаев Н.Н. Профессия и профессионализм: к задачам психологии профессионального творчества // Вестник Московского университета. Психология. - 2016. - Серия 14, №4. - С. 3-15.

108 Контекстное обучение: теория и практика: межвузовский сборник научных трудов / ред. А.А. Вербицкий, Т.Д. Дубовицкая. - М.: Альфа, 2004. - 144 с.

109 Хачатурова К.Р., Александрова Н.В. Критерии и показатели профессиональной творческой активности педагогов // Человек и образование. - 2023. - №4(77). - С. 95-102.

110 Кормилицына К.А. Профессиональное творчество учителя как фактор результативности педагогической деятельности: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. – Спб., 2002. - 233 с.

111 Асеева А., Гвоздева А.В. Сущность понятия профессионально-творческого мышления // International jornal of Professional Science. - 2022. - №11(1). - С. 5-13.

112 Философский энциклопедический словарь / ред.-сост. Е.Ф. Губский и др. – М.: ИНФРА-М, 2009. – 569 с.

113 Қазақ совет энциклопедиясы / бас ред. М.Қ. Қаратаев; Қазақ ССР Ғылым академиясы. Ұлттық кітапхана қоры. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясы баспасы, 1978. – Т. 12. – 624 б.

114 Педагогикалық энциклопедия / бас ред. М.Қ.Қозыбаев; Қазақ КСР Ғылым академиясы. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясы баспасы, 1985. – 624 б.

115 Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. – М.: Педагогика, 1981. – 186 с.

116 Дышлевый П.С., Яценко Л.В. Регуляция творческой деятельности (философско-методологические проблемы). – Воронеж: Издательство ВГУ, 1986. - 32 с.

117 Лук А.Н. Психология творчества. – М., 1978. - 256 с.

118 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика: университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. - 2-басылымы. – Алматы, 2000. - 384 с.

119 Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. – Алматы, 2007. - 236 б.

120 Бейсенова Г.И. Студенттердің шығармашылық іс-әрекетін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы қалыптастыру. - Астана, 2009. - 136 б.

121. Калошина И.П. Психология творческой деятельности: учебное пособие для студентов вузов. – Изд. 3-е., доп. - М.: ЮНИТИ, 2008. - 671 с.

122 Коменский Я.А. Ұлы дидактика / ауд. чех тілінен. – Алматы: Мектеп, 1974. – 320 б.

123 Песталоцци И.Г. Қалай Гертруда өз балаларын үйретеді / чех тілінен ауд. – Алматы: Мектеп, 1974. – 320 б.

124 Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения / под ред. А.И. Пискунова. - М.: Педагогика, 1974. - Т. 1-2. - 584 с.

125 Узакбаева С., Садыкова А. Служение родному народу. - Алматы, 2009. - 235 с.

126 Алексеев Н.Г., Юдин Э.Г. О психологических методах изучения творчества. Проблемы научного творчества в современной психологии. - М.: Наука, 1971. - С. 151-203.

127 Альтшуллер Г.С. Творчество как точная наука: Теория решения изобретательных задач. - М.: Советское радио, 1979. - 172 с.

128 Раченко И.П. НОТ учителя. - М.: Просвещение, 1989. - 238 с.

129 Булатова О.С. Педагогический артистизм: учебное пособие для студентов педагогических вузов. – М.: Академия, 2001. – 192 с.

130 Краевский В.В. Соотношение педагогической науки и педагогической практики. - М.: Знание, 1977. - 180 с.

131 Борисенков В.П. Вызовы современной эпохи и приоритетные задачи педагогической науки // Педагогика. – 2004. – №1. – С. 3–10.

132 Морозов А.В., Чернилевский Д.В. Креативная педагогика и психология: учебное пособие. - М.: Академический Проект, 2004. - 560 с.

133 Мусабекова Г.Т., Молдабекова Н.С. Профессиональное творчество в педагогической профессии педагога // Гуманитарные науки. – Астана, 2022. – №2(90). – С. 86–90.

134 Каптеров П.Ф. Избранные педагогические сочинения. - М.: Педагогика, 1982. - 704 с.

135 Змиевская Е. Развитие креативности: ключевая потребность для педагога и ученика // Федеративная академия дополнительного образования https://fado-dpo.ru/articles/pedagogika-stati/razvitie-kreativnosti-klyuchevaya-potrebnost-dlya-pedagoga-i-uchenika/ 18.06.2024.

136 Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной щколе. - М.: Издательская фирма Сентябрь, 1996. - 95 с.

137 Коджаспирова Г.М. Культура профессионального самообразования педагога / под ред. Ю.М. Забродина. - М.: АО ЦИТП, 1994. - 344 с.

138 Львова Ю.Л. Творческая лаборатория учителя. - М.: Просвещение, 1992. – 136 с.

139 Remedios González J.M., Calero Fernández N. La búsqueda de soluciones creativas desde la práctica laboral en la carrera Educación Preescolar // Revista de Investigación, Formación y Desarrollo. - 2021. - Vol. 9, №1. - P. 29–45.

140 Torres Águila M.O., Veitía Arrieta I.J., González García A. Una alternativa pedagógica para lograr el desarrollo de la creatividad en los discentes de quinto grado a través de la asignatura Matemática // Digital del Instituto Latinoamericano de la Comunicación Educativa. – México: ILCE, 1997 https://revista.ilce.edu.mx/index.php/desarrollo-humano/372-los-retos-del-maestro-creativo-en-el-contexto-actual 16.05.2024.

141 Zhurat Y., Doroshenko T., Shaposhnikova I., Paguta T., Bader S., Sushchenko T. Essential Characteristics of a Primary School Teacher as a Subject of Creative Pedagogical Activity // Revista Românească pentru Educaţie Multidimensională. – 2021. – Vol. 8, №3. – P. 319–332.

142 Амирова А.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін көркемдік-эстетикалық іс-әрекет арқылы дамыту // Педагогика ғылымдары. - Алматы, 2012. - №1. – Б. 145.

143 Тұрғынбаева Б.А. Оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларының шағармашылық қабілеттерін дамыту: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1998. - 148 б.

144 Ыбыраимжанов К.Т., Фейзулдаева С.А. и др. Развитие творческих способностей будущих учителей начальных классов через исследовательские компетенции // Вестник Dulaty University. – 2024. - №1. – С. 173-179.

145 Сердюк Л.В. О педагогическом творчестве в структуре деятельности учителя начальных классов // Вестник ЧГПУ. Педагогика и психология. - 2007. - №9. - С. 152-161.

146 Архангельский С.И. Теоретические основы научной организации учебного процесса. - М.: Знание, 1975. - С. 10.

147 Бондаренко Е.Н. Профессиональная подготовка учителей в современных системах педагогического образования в странах мира // Вестник Московского университета. Педагогическое образование. – 2008. – Серия 20, №3. - С. 50-63.

148 Громкова М.Т. Педагогика высшей школы: учеб. пособие для студентов педагогических вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2017. – 447 с.

149 Бейсенбаева А.А. Проблемы интеграции науки и практики в аспекте повышения качества педагогического образования будущих учителей. Качество педагогического образования: проблемы и перспективы развития // Материалы Международной научно-практической конференции. – Алматы, 2004. – С. 437-442.

150 Ұзақбаева С.А. Педагогическая практика в профессиональной подготовке будущего учителя. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 128 с.

151 Фейзулдаева С.А. Жоғары оқу орнында пәнаралық сабақтастықты жүзеге асыру арқылы бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби даярлау: филос. док. (PhD). ... дис. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2019. – 157 б.

152 OECD Skills Outlook 2019: Thriving in a Digital World https://www.oecd.org/education/oecd-skills-outlook-e11c1c2d-en.htm 19.04.2024.

153 Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. - Алматы, 2024. https://www.kaznpu.kz/docs/docs/%D0%9A%D0% %B5.pdf

154 Сорокопуд Ю.В., Амчиславская Е.Ю., Ярославцева А.В. Soft Skills («мягкие навыки») и их роль в подготовке современных специалистов // Мир науки, культуры, образования. - 2021. - №1(86). - С. 194–196.

155 Павленко С.А., Келеман Л.А., Прохорова И.С. Формирование Soft Skills («гибких навыков») в процессе преподавания гуманитарных дисциплин на основе современных педагогических технологий // Мир науки, культуры, образования. - 2021. - №3(88). - С. 87–90.

156 Қазақстан Республикасының Заңы «Педагог мәртебесі туралы» // Әділет. – 2019, желтоқсан - 27. – №293-VI ҚРЗ. 2020 жылғы 1 қаңтар https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293 18.06.2024.

157 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрнінің 2022 жылғы 20 шілдедегі, №2 бұйрығына 1-қосымша.

158 Пряжников Н.С., Пряжникова Е.Ю. Психология труда и человеческого достоинства: учеб. пособие. - М., 2005. – 163 с.

159 Поляков А.С. Новые условия деятельности учителя начальных классов // Теория и практика общественного развития. - 2013. - №2. - С. 77-83.

160 Пискунова Е.В. Профессиональная деятельность современного учителя: новые контексты // Специфика педагогического образования в регионах России. - 2010. - №1. - С. 66-67.

161 Қоянбаев Р.М., Ыбыраимжанов Қ.Т. Орта білім беру жүйесінде мұғалімдер даярлаудың көкейтесті мәселелері // Абай ат. ҚазҰПУ. Хабаршы. – Алматы, 2006. - №2(11). – Б. 13-15.

162 Кертаева К.М. Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың теориялық және әдіснамалық негіздері // Stud.kz https://stud.kz/referat/show/50827 24.07.2025.

163 Абросимова Г.В. Теория и практика дидактико-методической подготовки будущих учителей к педагогическому творчеству: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. – Алматы, 1996. – 120 с.

164 Абдуллина Л.Н. Управление развитием готовности к педагогическому творчеству учителей средней общеобразовательной школы: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01. - Магнитогорск, 2005. – 180 с.

165 Дадобоева М.А. Педагогические условия подготовки будущих учителей к творческой деятельности в школе: дис. ... док. пед. наук: 13.00.01. - Душанбе, 2010. – 130 с.

166 Жиенбаева С.Н. Бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырудың ғылыми негіздері: пед. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2009. – 44 б.

167 Құрақбаева А.Ж. Мұғалімнің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары // Педагогика және психология. – 2015. – №2. – Б. 45–49.

168 Тасова А.Б. Формирование коммуникативной креативности будущих учителей начальных классов: дис. ... док. филос. (PhD): 6D010300. – Туркестан: Халықаралық қазақ-түрік университеті им. Х.А. Ясави, 2018. – 150 с.

169 Новиков А.М., Новиков Д.А. Методология научного исследования. - М.: Либроком, 2010. – 280 с.

170 Сериков В.В. Личностный подход в образовании: концепция и технологии. - Волгоград: Волгогр. гос. пед. ун-т, «Перемена», 1994. - 150 с.

171 Құсайынов А.Қ. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. - Алматы, 2013. - 196 б.

172 Исакова Г.О. ЖОО білім алушыларының кәсіби құзіреттілігін жүйелілік тұғыр негізінде қалыптастыру. – Нұр-Сұлтан, 2021. - 148 б.

173 Эльконин Д.Б., Давыдов В.В. Вопросы психологии учебной деятельности младших школьников. – М.: Просвещение, 1962. - 200 с.

174 Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании: авторская версия. – М.:

Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2004. – 40 с.

175 Хуторской А.В. Компетентностный подход в обучении: научно-методическое пособие. – М.: Эйдос; Институт образования человека, 2013. – 73 с.

176 Ибрагимов Г.И. Компетентностный подход в профессиональном образовании // Образовательные технологии и общество. - 2007. - №3. - С. 361-365

177 Пахтусова, Н.А. Формирование профессиональной творческой компетенции будущих педагогов профессионального обучения в условиях вуза: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08. - Челябинск, 2011. - 214 с.

178 Oxford Advanced Learner,s Dictionary. – Oxford: OUP Press, 2001. - 1952 p.

179 Мартишина Н.В. Креативность: образовательные технологии развития // Психолого-педагогический поиск. - 2016. - №3(39). - С. 36-48.

180 Яковенко Т.В. Теоретические основы формирования креативной компетентности будущих педагогов профессионального обучения. – Луганск: ГОУ ВО ЛНР «ЛГПУ»; Книта, 2021. – 184 с.

181 Bowkett S. Jumpstart! Creativity. - London; New York: Routledge Taylor and Francis Group, 2007. - 156 p.

182 Maley A. Overview: Creativity - the what, the why and the how. Creativity in the English language classroom / edited by Maley A. and Pechey N. – London: British Council, 2015. - P. 6-13.

183 Гревцева Г.Я., Котлярова И.О., Сериков Г.Н., Фахрутдинова А.В., Циулина М.В. Методологические подходы к подготовке студентов к профессиональной инновационной деятельности // Вестник Томского государственного университета. - 2021. - №462. - С. 181-191.

184 Галицких Е.О. Интегративный подход к профессиональному становлению учителя на этапе вузовской подготовки // Вестник ВГПУ. - 1999. - №2. - С. 34-38.

185 Ермакова Л.А. Интегративный подход к обучению: прошлое и настоящее // Современная педагогика. – 2016. – №7. – С. 28-37.

186 Исаев И.Ф. Теоретические основы формирования профессионально-педагогической культуры преподавателя высшей школы: дис. … док. пед. наук. – М., 1993. – 469 с.

187 Мудрик А.В. Социальная педагогика: учебник для вузов. – Изд. 9-е., перераб. и доп. – М.: Академия, 2014. – 320 с.

188 Подымова Л.С. Инновации и творчество в процессе социализации. Актуальные каналы социализации личности: от теории к технологиям / под ред. В.П. Сергеевой. – М.: АПК и ППРО, 2013. – С. 63–70.

189 Митина Л.М. Учитель как личность и профессионал (психологические проблемы). - М., 1994. - 215 с.

190 Никольская О.Л. Психолого-педагогический анализ готовности студентов и учителей начальных классов к профессионально-творческой деятельности // Вестник ТГПУ. Серия Педагогика. - 2005. – №2(46). - С. 97-102.

191 Виленский М.Я., Образцов П.И., Уман А.И. Технология профессионально-ориентированного обучения в высшей школе: учебное пособие / под ред. В. А. Сластенина. – Изд. 3-е., испр. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2024. - 258 с.

192 Муравьева Г.Е. Проектирование образовательного процесса в школе: автореф. ... док. пед. наук. - Ярославль, 2003. – 37 с.

193 Қараев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі: мәні және қолданылуы. - Алматы: Арман-ПВ, 2018. - 480 б.

194 Білім берудегі педагогикалық технологиялар: оқу-әдістемелік құралы. 2-басылым / құраст. Н.С. Әлқожаева, Ұ.Б. Төлешова. – Алматы: Дарын баспасы, 2023. – 122 б.

195 Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 162 б.

196 Гусева А.С., Козлов В.В. Прикладные психотехнологии в профессиональной деятельности. - М.: РАГС, 1996. – 94 с.

197 Семаков М.П. Актёрская психотехника в подготовке педагогов: определяющие положения // Шк. технол. - 2007. - №2. - С. 138-146.

198 Жұмабаева А.М. Білім берудегі ақпараттық технологиялар: оқу құралы. – Алматы, 2011. - 112 б.

199 Матрос Д.Ш. Ақпараттық технология – кез келген оқыту әдістемесінің негізі ретінде. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқытуда қолданудың тиімділігі. – ЕҰУ, 2023 http: bulprengpe.enu.kz 24.07.2025.

200 Касаткина Н.Э., Градусова Т.К., Жукова Т.А., Кагакина Е.А., Колупаева О.М., Солодова Г.Г., Тимонина И.В. Современные образовательные технологии в учебном процессе вуза: методическое пособие / отв. ред. Н.Э. Касаткина. – Кемерово: ГОУ «КРИРПО», 2011. – 237 с.

201 Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. - М.: Высшая школа, 1991. – 208 с.

202 Борисова Е.М. және т.б. Орта білім беру ұйымдарының педагогикалық процесіне жобалық тұғырды енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 120 б.

203 Тоистева О.С. Системно-деятельностный подход к профессиональной подготовке социально-педагогических кадров в вузе: дис. … док. пед.наук: 13.00.08. – Екатеринбург, 2015. – 368 с.

204 Тигров В.В., Тигров В.П. Проектная деятельность учащихся в условиях творческой технологической среды // Педагогика. - 2013. - №10. - С. 43-48.

205 Посталюк Н.Ю. Творческий стиль деятельности: педагогический аспект. - Казань: Издательство Казанского университета, 1989. - 204 с.

206 Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика: учебное пособие. - СПб.: Питер, 2008. – 304 с.

207 Белозерцев Е.П., Гонеев А.Д., Пашков А.Г. и др. Педагогика профессионального образования: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Академия, 2008. - 368 с.

208 Бесмельдинова Д.З., Сатынская А.К. Психолого-педагогические условия профессионального развития учителя на этапе модернизации системы образования // Вестник Инновационного Евразийского университета. - 2016. - №1. - С. 70-74.

209 Анохин П.К. Идеи и факты в разработке теории функциональных систем // Психологический журнал. – 1984. – Т. 5, №2. – С. 107–118.

210 Воронина Ю.В. Цифровая грамотность педагога: анализ содержания понятия и структура // Вестник Оренбургского государственного педагогического университета. - 2019. - №4(32). – С. 232-245.

211 Анисимов О.С. Методологическая культура педагогической деятельности и мышления. – М.: Экономика, 1991. – 416 с.

212 Жолтаева Г.Н., Ахметсапа А.Е. Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті: оқу құралы. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2024. – 196 б.

# ҚОСЫМША А

## Студенттер мен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған авторлық сауалнама

***Еңбек өтілі*** __________ ***Жасы*** ___________
***Білімі*** ______________

1.«Шығармашылық» және «креативтілік» ұғымдарын қалай түсінесіз?
2. Шығармашылық іс-әрекет дегенді қалай түсінесіз?
3. Шығармашылық іс-әрекеттің қандай түрлерін білесіз?
4. Мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті дегенді қалай түсінесіз?
5. Сіз өзіңізді шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға дайын деп санайсыз ба?
6. Мектепте шығармашылық іс-әрекетті жасауға дайындығыңызды қалай бағалайсыз?
7. Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруда кандай ресурстар, білім беру технологияларын пайдалануға болады?
8. Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге тиімді асыру үшін не қажет?
9. Сіз өзіңізді болашақ педагогикалық қызметіңізде шығармашылық іс-әрекетке дайынмын деп есептейсіз бе?
10. Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға өзіңіздің дайындығыңызды қалай бағалайсыз?
11. Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру кезінде қандай қиындықтарға тап боласыз?
12. Шығармашылық іс-әрекетті сәтті жүзеге асыру үшін сізге қандай көмек қажет?
13. Шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру мәселелері бойынша арнайы білім алу қажеттілігі бар ма?
14. Студенттерді болашақ мұғалімдерді шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға дайындау бойынша сіздің пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңыз

**Сауалнамаға қатысқаныңызға алғысымызды білдіреміз!**

# ҚОСЫМША Ә

## Е.Е.Туник әзірлеген «Жеке тұлғаның шығармашылығын диагностикалау» әдістемесі

**Нұсқаулық.** Бұл әдіс өзіңізді қаншалықты шығармашыл адам екеніңізді анықтауға мүмкіндік береді. Төменде берілген сипаттамалардан басқаларға қарағанда өзіңізге лайықтысын табасыз.«Негізінен шынайы» бағанаға «Х» белгісін белгілеу керек. Өзіңізге кейбірі сай келетін сөйлемге«Жартылай шынайы» бағанаға «Х» белгісін белгілеу керек. Бір шешімге келе алмасаңыз «Х» белгісін талаптар бағанына «Мен шеше алмаймын» деп белгілеңіз. Әрбір ұсынысқа көп ойланбастан жауап беруге тырысыңыз. Бұл жерде дұрыс немесе дұрыс емес жауаптар жоқ. Сөйлемді оқу арқылы, ойыңызға бірінші келген жауапты белгілеңіз. Бұл тапсырманың уақыт шектеуі жоқ, сонда да тезірек жауап беруге тырысыңыз. Әр сөйлемге жауап беру барысында өзіңіздің шынайы сезіміңіз арқылы жауап беріңіз. Өзіңізге лайықты бағанға «Х» белгісін белгілеңіз. Әрбір сұраққа бір ғана жауаптан.

**Сауалнама**

1. Мен дұрыс жауапты білмесем де, оны табуға тырысамын
2. Бір зат жайлы толық мәлімет алу үшін оны мұқият және егжей-тегжейлі қарағанды ұнатамын
3. Әдетте білмеген нәрсемді сұраймын
4. Жұмысты алдын-ала жоспарлаған ұнамайды
5. Бір ойынды ойнамас бұрын, ол ойынды жеңетініме сенімді болуым керек
6. Бір жұмысты істеуім керек болса, оны елестеткенді ұнатамын
7. Егер бір іс қолымнан келмесе, қолымнан келгенше сол жұмыспен айналысамын
8. Басқалар таныс емес ойынды таңдамаймын
9. Жаңа тәсілдер іздегенше, бәрін бұрынғыдай істеймін
10. Мәселенің анық-қанығына жеткенді ұнатамын
11. Жаңа іспен айналысқанды жақсы көремін
12. Жаңа достар тапқанды ұнатамын
13. Өзіммен ешқашан болмаған жағдайды ойлағанды ұнатамын
14. Мен әдетте, атақты, әнші, суретші, ақын болу жайлы армандауға уақытымды аямаймын
15. Кейбір ойлардың арқасында бүкіл дүниені ұмытып кетемін
16. Маған Жерде жұмыс істегенге қарағанда, космос станциясында жұмыс атқарған ұнар еді
17. Ары қарай не боларын білмеген кезде, мазам кете бастайды
18. Мен ерекшелікті ұнатамын
19. Бұрын болған жағдай туралы әңгімелейтін телевизиялық бағдарламаларды ұнатамын
20. Маған бұрын болған жағдайды баяндайтын телевизиялық бағдарламалар ұнайды
21. Достарымның ортасында өзімнің идеяларым жайлы әңгімелескен ұнайды
22. Қателескен жағдайда өз-өзімді ұстаймын
23. Мен өскенде ешкім істемеген істі істегім келеді
24. Барлық істі әдеттегідей істейтін адамдармен дос боламын
25. Ережелер мен қағидалар маған ұнамайды
26. Дұрыс жауабы жоқ мәселелерді шешкенді ұнатамын
27. Мен практикадан өткізгім келетін іс көп
28. Егер де мен дұрыс жауап тапсам, соны соңына дейін ұстанамын, басқа жауап іздеуге тырыспаймын
29. Топ алдында сөйлегенді ұнатпаймын

30. Теледидар қарап отырғанда немесе кітап отырсам, өзімді басты кейіпкер ретінде сезінемін
31. 200 жыл бұрын адамдар қалай өмір сүргенін елестетіп, ойлағанды жақсы көремін
32. Достарымның шешімге келе алмайтыны ұнамайды
33. Ескі чемодандар мен қораптарды ақтарғанды ұнатамын
34. Менің ата-анам мен жетекшілерім ешнәрсені өзгертпесе екен деп ойлаймын
35. Мен өз сезімдеріме сенемін
36. Алдын-ала болжам жасап, өз ойымның дұрыстығын тексерген ұнайды
37. Алдын-ала ойластыратын, ойындар мен басқатырулар ұнайды
38. Маған механикалық заттар ұнайды, ішінде не бар екенін және қалай жұмыс істейтінін көргім келеді
39. Менің жақын достарыма ақымақ ойлар ұнамайды
40. Практикалық тұрғыдан қолдана алмаса да, жаңа заттар ойлап тапқан ұнайды
41. Әр зат өз орнында тұрғаны ұнайды
42. Болашақта пайда болатын сұрақтарға жауап тапқым келеді
43. Жаңа істен не шығатынын көргім келеді
44. Өзіме ұнайтын ойындарды ұту үшін емес, рахаттану үшін ойнаған ұнайды
45. Ешкімнің ойына келмеген ойларды ойлаған ұнайды
46. Суретте маған белгүсгз таныс емес адам бейнеленген болса, сол жайлы білуге асығамын
47. Кітаптар мен журналдарда не бар екенін білу үшін ғана парақтағанды ұнатамын
48. Көптеген сұрақтарға бір ғана жауап бар деп ойлаймын
49. Басқа адамдардың ойына келмейтін сұрақтарды қойған ұнайды
50. Сабақта да, үйде де менің айналысатын қызықты шаруаларым көп

Жауап парағы

Фамилиясы, аты-жөні Күні « » __________ 20__ ж.

Жынысы Жасы

Оқу немесе жұмыс орны

Кесте Ә 1

| № | Иә | Жартылай келісемін | Жоқ | Білмеймін | № | Иә | Жартылай келісемін | Жоқ | Білмеймін |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | 8 | | | | |
| 2 | | | | | 9 | | | | |
| 3 | | | | | 10.. | | | | |

Сауалнама мәліметтерін бағалауда тұлғаның шығармашылықпен тығыз арақатынасын көрсететін төрт фактор қолданылады. Оған енеді: Құмарлық (Қ), Қиялдау (қ), Қиындық (қ) және қауіп-қатерге бейімділік (Б). Әрбір фактор бойынша төрт өңделмеген көрсеткіштерді, сонымен бірге көрсеткіштердің жалпы қосындысын аламыз.

Мәліметтерді өңдеу барысында шаблон қолданылады, оны тест жауаптарының парағына салуға, немесе зерттелінушілердің жауаптарын кәдімгі формада кілтпен салыстыруға болады.

*Кілт*

Тәуекелге бейімділік – қатерге бейімділік (жауаптары 2 балл бағаланады)

а) оң жауаптар: 1, 21, 25, 35, 43, 44;

б) теріс жауаптар: 5, 8, 22, 32, 34;

в) «мүмкін» формасындағы сұрақтардың барлық жауаптары 1 баллмен есептелінеді

г) сұрақтарға «білмеймін» деген жауаптардың барлығы 1 баллмен бағаланады және жалпы қосындысынан алып тасталынады.

Қызығушылық (жауаптары 2 балл бағаланады)

а) оң жауаптар: 2, 3, 11, 12, 19, 27, 33, 37, 38, 47, 49;

б) теріс жауаптар : 28;

в) «мүмкін» формасындағы барлық жауаптары +1 баллмен, ал «білмеймін» -1 балл есептелінеді.

Күрделілікке бейімділік (жауаптары 2 балл бағаланады)

а) оң жауаптар: 7, 15, 18, 26, 42, 50;

б) теріс жауаптар : 4, 9, 10, 17, 24, 41, 48;

в) «мүмкін» формасындағы барлық жауаптары +1 баллмен, ал «білмеймін» -1 балл есептелінеді.

Қиял(жауаптары 2 балл бағаланады)

а) оң жауаптар: 13, 16, 23, 30, 31, 40, 45, 46;

б) теріс жауаптар: 14, 20, 39;

в) «мүмкін» формасындағы барлық жауаптары +1 баллмен, ал «білмеймін» -1 балл есептелінеді.

## ҚОСЫМША Б

## Студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесі (А. А. Реан және В.А.Якунин, Н.Ц.Бадмаев модификациясы)

***Құрметті респондент!***

***Студенттің аты-жөні*________________________ *Тобы* ____________**

***ЖОО* _____________________________*Мамандығы*__________________**

***Төменде келтірілген сұрақтар мен жауаптар нұсқаларын мұқият оқып шығуыңызды өтінеміз (ешқайсысын жіберіп алмаңыз!)***

Сауалнама 23 мотивті сипаттаудан тұрады, олардың әрқайсысының субъективті маңыздылығын 5 балдық шкала бойынша бағалау ұсынылады **(1 балл мотивін ең төменгі маңыздылығына сәйкес келеді, 5 балл – ең жоғарғы)**.

1. Оқимын, себебі маған таңдаған мамандық ұнайды: 1 2 3 4 5

2. Болашақ кәсіби іс-әрекеттің табыстылығын қамтамасыз ету үшін 1 2 3 4 5

3. Маман болғым келеді 1 2 3 4 5

4. Болашақ кәсіби іс-әрекет саласына қатысты өзекті сұрақтарға жауап беру үшін
1 2 3 4 5

5. Мен таңдаған мамандыққа икемділік пен қабілеттіліктерімді толық қолданғым келеді
1 2 3 4 5

6. Достарымнан қалмау үшін 1 2 3 4 5

7. Адамдармен жұмыс істеу үшін терең және жан-жақты білім алу қажет 1 2 3 4 5

8. Өйткені үздік студенттер қатарында болғым келеді 1 2 3 4 5

9. Өйткені алған білім маған барлық қажетті нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді
1 2 3 4 5

10. Өйткені, болашақта материалдық қамтамасыз етілу деңгейім оқу жетістіктеріме байланысты
1 2 3 4 5

11. Табысты оқу, емтихандарды "4" және "5» тапсыру 1 2 3 4 5

12. Нақты оқу сұрақтарына жауап беру үшін келесі курстарда оқуды сәтті жалғастыру
1 2 3 4 5

13. Терең және берік білім алу үшін 1 2 3 4 5

14. Өйткені болашақта мамандық бойынша ғылыми іс-әркетпен айналысамын деп ойлаймын
1 2 3 4 5

15. Кезекті сабақтарға әрдайым дайын болу 1 2 3 4 5

16. Кез келген білім болашақ мамандыққа керек болады
1 2 3 4 5

17. Өйткені қоғамға көбірек пайда әкелгім келеді
1 2 3 4 5

18. Жоғары білікті маман болу
1 2 3 4 5

19. Жаңалықты білу үшін, шығармашылық іс-әркетпен айналысу
1 2 3 4 5

20. Қоғамның даму, адамдардың тіршілік әрекеті мәселелеріне жауап беру үшін
1 2 3 4 5

21. Өйткені білім маған сенімділік береді
1 2 3 4 5

22. Өйткені менің болашақ қызметім оқудағы табысыма байланысты
1 2 3 4 5

23. Ата-анам, мектеп алдында борышымды өтеу үшін оқимын
1 2 3 4 5

***Ынтымақтастық үшін алғыс айтамыз!***

# ҚОСЫМША В

## Т.Элерстің «Табысқа жетуге қажеттілік» әдістемесі

**Нұсқаулық:** Сізге 41 сұрақ беріледі, оның әр қайсысына "**ИЯ**" немесе "**ЖОҚ**" деп жауап беріңіз

**Жауап парағы**

Аты-жөні Күні «____»_______20____ж.

Жынысы Жасы

Оқу немесе жұмыс орны

Кесте В 1

| № | САУАЛНАМА | ИӘ | ЖОҚ |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Егер екі нұсқаның біреуін таңдауға мүмкіндік болса, оны кейінге қалдырмай, тезірек таңдау жасаған дұрыс | | |
| 2 | Егер тапсырманы 100 %-ға орындай алмайтынымды сезсем, кішкене ашуланамын | | |
| 3 | Мен жан тәніммен беріле жұмысқа кірісемін | | |
| 4 | Егерде мәселе туындайтын болсағ ең соңғы болып шешімді мен қабылдаймын | | |
| 5 | Егер екі күн бойы істерге ісім болмаса, тынымсыздана бастаймын. | | |
| 6 | Кейбір күндері менің табысым орташадан төмен | | |
| 7 | Басқаларға қарағанда өзіме көбірек талапшылмын | | |
| 8 | Мен басқаларға қарағанда тілекшілмін | | |
| 9 | Қиын жұмыстан бас тартқан жағдайда, сол істен табысты болар ма едім деп өзімді кінәлаймын | | |
| 10 | Жұмыс барысында кішігірім демалысқа мұқтажбын | | |
| 11 | Ынталану- менің ерекшелігім емес | | |
| 12 | Менің жұмысымдағы табысым әр кезде бірдей бола бермейді | | |
| 13 | Қазіргі жұмысыма қарағанда мені басқа жұмыс қызықтырады | | |
| 14 | Мені мақтауға қарағанда, кінәлау көбірек ынталандырады | | |
| 15 | Әріптестерім мені іскер адам деп ойлайтындарын білемін | | |
| 16 | Қиындықты жеңу менің шешімдерімнің қаталырақ болуына жәрдемдеседі | | |
| 17 | Менің намысыма тию оңай | | |
| 18 | Менің іске шабытым болмаса, ол байқалады | | |
| 19 | Жұмысты атқарар кезде басқалардың көмегін күтпеймін | | |
| 20 | Кейде бүгінгі істі ертеңге қалдырамын | | |
| 21 | Тек қана өзің сену керек | | |
| 22 | Өмірде кей нәрселер ақшадан маңыздырақ | | |
| 23 | Егер маған маңызды іс тапсырылса, мен содан басқаны ойламаймын | | |
| 24 | Басқаларға қарағанда намысшыл емеспін | | |
| 25 | Еңбек демалысымның аяқталуына аз қалғанда жұмысқа шығатынымды ойлап қуанамын | | |
| 26 | Басқаларға қарағанда жұмысты жақсы әрі білікті дәрежеде орындай аламын | | |

В 1 – кестенің  жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 27 | Жұмысты бар ынтасымен жасайтын адаммен тіл табысуым оңай | | |
| 28 | Мен жұмыссыз отырсам өз-өзімді ыңғайсыз сезінемін | | |
| 29 | Жауапкершілікті басқаларға қарағанда мен көбірек мойныма аламын | | |
| 30 | Егер шешімді мен қабылдауым керек болса, оны жақсырақ қабылдауға тырысамын | | |
| 31 | Кейде мені достарым жалқау деп ойлайды | | |
| 32 | Менің табысым әріптестеріме байланысты | | |
| 33 | Басшының еркіне қарсы шығу мағынасыз | | |
| 34 | Қандай жұмыс орындайтыныңды кейде білмейсің | | |
| 35 | Егер қолымнан ешнәрсе келмесе шыдамсыз боламын | | |
| 36 | Өз жетістігіме көп көңіл аудармаймын | | |
| 37 | Егер мен басқалармен бірлесіп іс атқарсам, менің жұмысмның нәтижесі жақсырақ болады | | |
| 38 | Бастаған ісімнің көбісін соңына дейін апарамын | | |
| 39 | Жұмысы аз адамдарға қызығамын | | |
| 40 | Басшылық пен мансапқа ұмытлатындарға қызықпаймын | | |
| 41 | Егер мен дұрыс жолда екенімді түсінсем, өзімнің дұрыстығымды дәлелдеу үшін бәріне барамын | | |

**Т. Элерс сауалнамасының кілті**

Мағына бойынша есептеу. "Иә" жауабына 1 ұпайдан қосып отырыңыз: 2– 5, 7–10, 14–17, 21, 22, 25–30, 32, 37, 41 және "жоқ" —келесі: 6, 13, 18, 20, 24, 31,

36, 38 және 39. 1, 11, 12, 19, 23, 33–35 және 40 сұрақтарының жауабына қосылмайды.Барлық ұпайлар саны қосылады.

Табысқа жетуге деген қажеттілік интерпретациясы (Элерс тестінің нормасы): Ұпайлар саны жоғары болған сайын, табысқа деген мотивация жоғары болады.

1 ұпайдан 10 ұпайға дейін — табысқа деген мотивацияның төмендігі; 11 ұпайдан 16 ұпайға дейін — табысқа деген мотивация деңгейі орташа; 17 ұпайдан 20 ұпайға дейін — табысқа деген мотивация деңгейінің аса жоғарылығы; 21 ұпайдан жоғары — табысқа деген мотивацияның тым жоғарылығы.

# ҚОСЫМША Г

## А.В. Карповтың «Рефлексивтіліктің даму деңгейін диагностикалау» әдістемесі

Әдістеменің мәтіні:

1. Жақсы кітап оқып болған соң, сол жайлы көп ойлаймын, біреумен талдағым келеді.
2. Егер маған тұтқиылдан сұрақ қойса, ойыма не келсе, бірден соны айта саламын.
3. Біреумен телефонмен сөйлесу үшін мен алдын-ала не айтатынымды ойша жоспарлап аламын.
4. Қандай да бір қателік жасап алсам, сол жайлы ойлап, сол ойдан көпке дейін арыла алмай жүремін.
5. Мен бір нәрсе жайлы ойласам не өзге біреумен әңгімелесіп тұрғанда, осы әңгіменің не ойдың қайдан басталғанын еске түсіргенім маған қызық.
6. Қиын тапсырмаға кіріспес бұрын мен алдында туындайтын қиындық жайлы ойламауға тырысамын.
7. Мен үшін ең бастысы – өз әрекетімнің соңғы нәтижесі, ал детальдары маңызды емес.
8. Біреудің маған неліктен риза емес екендігін түсіне алмайтын кездерім болады.
9. Көп жағдайда мен өзімді біреудің орнына қойып көремін.
10. Алда жасалатын жұмыстың орындалу барысын тәптіштеп көз алдыма елестету маңызды.
11. Егер мен алдын-ала жоспар құрып алмасам, онда маңызды хатты жаза алмас едім.
12. Мен өзімнің сәтсіздіктерім жайлы ойланудан әрекет етуге ұмтыламын.
13. Басқа зат сатып алу жайлы пікірімді тез өзгерте аламын.
14. Бір нәрсені ойластырған кезде әр ұсақ мезеттерін, түрлі нұсқаларын қарастыра отырып, іштей ой елегінен өткіземін.
15. Өз болашағым мені көп мазалайды.
16. Көптеген жағдайларда (жағдаяттарда) басқа алғаш келген ойды басшылыққа алып, тез әрекет ету қажет.
17. Кейде мен ойға келмейтін шешімдер қабылдаймын.
18. Біреумен әңгімелесіп болған соң да, өзімнің көзқарасымды қорғау мақсатында қандай да бір жаңа деректерді қайта-қайта келтіре отырып, ойша талқылау жүргізуді жалғастырып отырамын.
19. Қандай да бір кикілжің туа қалса, кімнің кінәлі екендігін ойлау барысында алдымен кінәні өзімнен іздеймін.
20. Әрқашан мен бәрін ойластырып, салмақтап барып қана қандай да бір шешім қабылдаймын.
21. Мені қоршаған адамдар менен қандай мінез-құлықты күтетінін алдын-ала болжай алмай, кейде кикілжің туындайды.
22. Өзге адаммен әңгімелесердің алдында мен онымен ойша сұқбат құрамын.
23. Менің сөздерім мен істерім өзге адамға қалай әсер ететіні мені аса қызықтырмайды.
24. Өзге біреуге ескерту айтпас бұрын оны ренжітіп алмас үшін қандай сөздермен қалай айту керектігін міндетті түрде ойластырамын.
25. Қандай да бір қиын мәселелерді шешу үшін басқа істермен айналысып жатсам да, сол мәселе жайлы үнемі ойлап жүремін.
26. Егер біреумен ренжісіп қалсем, ешқашан өзімді кінәлі санамаймын.
27. Айтқандарым үшін өте сирек өкінемін.

Нәтижелерін өңдеу:

Жоғарыда келтірілген 27 тұжырымның 15-сі тура (сұрақтардың нөмірлері: 1, 3, 4, 5, 9, 10, 11, 14, 15, 19, 20, 22, 24, 25), ал қалған 12-сі – кері тұжырымдар. Зерттелушілердің жауаптарына сәйкес тура тұжырымдар сандары қосылады. Барлық пункттерді төрт топқа бөлуге болады:

1) іс-әрекеттің ретроспективтік рефлексиясы (тұжырымдардың нөмірлері: 1, 4, 5, 12, 17, 18, 25, 27);

2) нақ осы кездегі іс-әрекеттің рефлексиясы (тұжырымдар: 2, 5, 13, 14, 16, 17, 18, 26);

3) болашақ іс-әрекетті қарастыру (3, 6, 7, 10, 11, 14, 15, 20);

4) қарым-қатынас жасау және өзгелермен өзара әрекеттесу рефлексиясы (тұжырымдар: 8, 9, 19, 21, 22, 23, 24, 26).

Алған «шикі» балдар стенаға айналдырылады:

Кесте Г 1

| Стеналар | 0 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| «Шикі» балдар | 80 және одан кем | 81-100 | 101-107 | 108-113 | 114-122 | 123-130 | 131-139 | 140-147 | 148-156 | 157-171 | 172 және одан жоғары |

Тест бойынша жоғары нәтижелер (7 стенадан артық) көпшілік жағдайда өз әрекетіне және біреудің ісіне талдау жасай алатын, өз әрекетінің бұрынғы, қазіргі және болашақтағы себептері мен салдарларын анықтай алатын адамға тән. Ол өз әрекетін бүге-шігесіне дейін ойластырып, ол өзгені жақсы түсінеді, оның өрнына өзін қоя алады, оның әрекетін алдын-ала айта алады.

Тест бойынша төмен нәтижелер (4 стенадан кем) өз әрекетіне және біреудің ісіне онша талдау жасай алмайтын, өз әрекетінің бұрынғы, қазіргі және болашақтағы себептері мен салдарларын анықтай алмайтын адамға тән. Ол өз әрекетін жіте ойластыра қоймайды, ол мүмкін болатын зардаптар жайлы болжай алмайды. Ондай сыналушы өзін біреудің орнына қойып, оның әрекетін алдын-ала болжай алмайды.

# ҚОСЫМША Ғ

## 6В01301- Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі БББ
## Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті пәнінің (КП/ЖООК)

ZHETYSU UNIVERSITY

## ПӘН СИЛЛАБУСЫ

**Пән туралы ақпарат**

Пәннің атауы Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті

Кредит саны 5/150 сағат (45 аудит. (лекция – 30 с., практикалық сабақ – 15 с.), ОБӨЖ – 30 с., БӨЖ – 75 с.)

Курс, семестр_______2к (4 ж), 4 сем_________________

Білім бағдарламасының атауы және шифры_6В01301- Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі

**Пәннің қысқаша сипаттамасы**

Курс бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дайындығының сапалы деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған, бастауыш сынып оқушыларын табысты оқыту және дамыту үшін қажетті психологиялық-педагогикалық даярлық базасын ашады. Пәннің бағдарламалық мазмұны бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің психологиялық педагогикалық аспектілерін, мұғалімнің инициативті және өнімді іс әрекетінің негізін, оқушылардың психикалық және шығармашылық дамуының әдістемелік әдістері мен тәсілдерін меңгертуді қамтиды.

*Пәннің мақсаты* шығармашылық үдеріс туралы жүйелі білімді қалыптастыру, психологиялық-педагогикалық біліктер мен дағдыларды, ұжымды ұйымдастыруға және басқаруға шығармашылық тәсілдер қолдану білім, біліктерін қалыптастыру, сондай-ақ кәсіби іс-әрекетте шығармашылық мүмкіндіктерді пайдалану және дамыту тәсілдерін меңгерту..

Пререквизиттері: Педагогика

Постреквизиттері: Педагогикалық іс-тәжірибе

**Оқыту нәтижелері**

Курсты оқығаннан кейін студент:

1. педагогикалық іс-әрекеттегі шығармашылықтың жалпы теориялық негіздерін, шығармашылық іс-әрекетті жоспарлау және ұйымдастыру ерекшеліктерін білу;
2. тұлғаның шығармашылық қабілеті мен креативтілігін дамыту және диагностикалау әдістерін білу;
3.бастауыш білім берудің және бастауыш сынып оқушыларымен шығармашылық жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктерін білу;
4. бастауыш мектептің білім беру бағдарламаларының дамытушы әлеуетін анықтай және іске асыра білу, шығармашылық жұмыстың мақсатын, құралдарын, әдістері мен мазмұнын іріктеу үшін оқу әдістемелік материалдарды талдай білу;
5. білім беру үдерісі жағдайында мотивациялық, диагностикалық, түзету, коммуникативтік және әдістемелік іс-әрекетті орындай білу;
6. өзінің шығармашылық іс-әрекетін жоспарлай, жүзеге асыра және бағалай білу;
7. шығармашылық ортаны құрудың әдістері мен тәсілдерін меңгеру;
8. бастауыш мектеп жасындағы балаларды оқыту және тәрбиелеу процесін шығармашылықпен құру технологияларын меңгеру.

**Оқытудың әдістері:** түсіндірме-иллюстрациялық, проблемалық, эвристикалық.

Кесте Ғ 1 - Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

| Апта /күні | Тақырып атауы (дәріс, практикалық сабақ, СӨЖ) | Сағат саны |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1 | Дәріс 1. Шығармашылықтың табиғаты | 2 |
| | Практикалық сабақ<br>1. ) Шығармашылық мәдени, антропологиялық және әлеуметтік құбылыс ретінде.<br>2) Шығармашылық теориялары.<br>3) Шығармашылықтың дамуына әлеуметтік факторлардың әсері. | 1 |
| | ОБӨЖ<br>1) Шығармашылық ұғымы.<br>2) Танымдық үдерістегі шығармашылық заңдары. | 2 |
| 2 | Дәріс 2. Шығармашылықтың психологиялық негіздері | 2 |
| | Практикалық сабақ 2.<br>1) Психологиядағы шығармашылық мәселесі.<br>2) Танымдық процестер мен шығармашылық.<br>3) Әр түрлі дәуірлердегі шығармашылыққа деген көзқарас. | 1 |
| | ОБӨЖ<br>1) Шығармашылық психологиясы пәнаралық өзара әрекеттесу саласы ретінде.<br>2) Тұқым қуалаушылық және қоршаған орта.<br>3) Я. А. Пономаревтың шығармашылық тұжырымдамасы. | 2 |
| 3 | Дәріс 3. Шығармашылық іс-әрекет. | 2 |
| | Практикалық сабақ 3.<br>1) Шығармашылық іс-әрекет адамның жеке басының даму процесі ретінде.<br>2) Шығармашылық мамандықтар.<br>3) Ойындар мен шығармашылық тапсырмалар шығармашылық іс-әрекетті дамыту тәсілі ретінде. | 1 |
| | ОБӨЖ<br>1 Шығармашылық іс-әрекеттегі психикалық процестердің ерекшеліктері<br>2) ЖОО-ның қазіргі білім беру кеңістігіндегі студенттердің шығармашылық іс-әрекеті. | 2 |
| 4 | Дәріс 4. Әр түрлі іс-әрекет түрлеріндегі шығармашылық | 2 |
| | Практикалық сабақ 5.<br>1) Ғылыми-зерттеу іс-әрекеті<br>2) Педагогикалық іс-әрекет<br>3) Басқару іс-әрекеті<br>4) Жобалау іс-әрекеті. | 1 |
| | ОБӨЖ<br>1) Адамның іс-әрекеті процесінде тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктері.<br>2) Шығармашылық жобалар мен жұмыстардың түрлері мен типтері. | 2 |
| | 1 БӨЖ<br>1. Қазіргі мұғалімнің іс-әрекетінде шығармашылықты дамыту мәселелері бойынша әдебиеттер (15 кем емес) каталогын жасау.<br>2. Шығармашылық психологиясы мәселелері бойынша 5 мақалаға аннотация жазу. | |

Ғ 1 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| 5 | Дәріс 5. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіндегі шығармашылық | 2 |
| | Практикалық сабақ 5.<br>1) Қазіргі педагог іс-әрекетіндегі шығармашылық.<br>2) Педагогикалық шығармашылық деңгейлері. | 1 |
| | ОБӨЖ (<br>1) Мұғалім - шығармашылықпен өзін-өзі дамытатын тұлға.<br>2)Педагогикалық шығармашылықтың заңдары мен принциптері: мұғалімдердің шығармашылық процестерін басқару. | 2 |
| 6 | Дәріс 8 «Бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық шығармашылығы | 2 |
| | Практикалық сабақ 6<br>1) Педагогикалық шығармашылық бастауыш сынып мұғалімі тұлғасының жетекші сипаттамасы ретінде.<br>2) Бастауыш сынып мұғалімін шығармашылық педагогикалық іс-әрекетке дайындау.<br>3) Бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық педагогикалық іс-әрекетке дайындығының критериалды сипаттамасы. | 1 |
| | ОБӨЖ<br>1) Бастауыш сынып мұғалімінің негізгі қасиеттері.<br>2) Бастауыш сыныптардағы мұғалім үшін педагогикалық шығармашылықтың маңыздылығы | 2 |
| 7 | Дәріс 7 Креативтілік шығармашылыққа жеке қабілет ретінде. | 2 |
| | Практикалық сабақ 7<br>1) Креативтіліктің мәні мен табиғаты.<br>2) Креативтілікті дамыту проблемасына негізгі көзқарастар | 1 |
| | ОБӨЖ<br>1) Болашақ маманның креативтілігін дамытудағы оқу-кәсіптік іс-әрекеттің әлеуеті.<br>2) Педагогикалық шығармашылық контексте жеке тұлғаның креативтілігін дамыту. | 2 |
| | 2-БӨЖ<br>1. «Креативтілік шығармашылық тұлғаның негізгі сипаттамасы ретінде» тақырыбында реферат дайындау.<br>2. Креативтілікті дамытуға арналған жаттығулар каталогын жасау. | |
| 8 | Дәріс 8 "Креативті құзыреттілік" және "шығармашылық әлеует" | 2 |
| | Практикалық сабақ 8<br>1) Креативтілік ұғымы.<br>2) Тұлғаның шығармашылық әлеуетінің құрылымы<br>3) Шығармашыл тұлғаның қасиеттері. | 1 |
| | ОБӨЖ<br>1) Шығармашылық және интеллект.<br>2) Қазіргі маманның жеке тұлғасы. | 2 |
| 9 | Дәріс 9. Педагогтің шығармашылық әлеуетін дамыту | 2 |
| | Практикалық сабақ 9<br>1) Тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытудың мәні мен факторлары<br>2) Тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту әдістері<br>3) Жаттығулар шығармашылық әлеуетті дамыту құралы ретінде. | 1 |

Ғ 1 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | ОБӨЖ<br>1) Қабілеттер мен дарындылықтың генезисі.<br>2) Дарынды балалармен жұмыс істеу формалары мен әдістері. | 2 |
| 10 | Дәріс 10. Кәсіби-шығармашылық іс-әрекет және педагог тұлғасы. | 2 |
| | Практикалық сабақ 10.<br>1) Мұғалімнің шығармашылық тұлғасын қалыптастыру проблемасын ғылыми-теориялық талдау<br>2) Педагогикалық шығармашылықтың отандық тәжірибесі. | 1 |
| | ОБӨЖ (2 с.)<br>1) Педагогикалық шығармашылық мұғалімнің шығармашылық тұлғасының жетекші сипаттамасы ретінде.<br>2) Ауыл мектебіндегі мұғалімнің педагогикалық шығармашылығы.<br>3) Шағын жинақты мектеп жағдайында педагогикалық шығармашылықты дамыту. | 2 |
| 11 | Дәріс 11 Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары | 2 |
| | Практикалық сабақ 11.<br>1) Оқу іс-әрекеті процесінде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістемесі<br>2) Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттері дамуының критерийлері, көрсеткіштері және деңгейлері. | 1 |
| | ОБӨЖ<br>1) Шығармашылыққа қабілет мәселесі.<br>2) Шығармашылық қабілеттер проблемасына негізгі көзқарастар. | 2 |
| | 3-БӨЖ<br>1) Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейтін қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу(сынып, пән, сабақ тақырыбы студент қалауы бойынша).<br>2) бастауыш сыныптардаң бір пәні бойынша (пән студенттің таңдауы бойынша) шығармашылық жоба әзірлеу. | |
| 12 | Дәріс 12. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру. | 2 |
| | Практикалық сабақ 12.<br>1) Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру принциптері.<br>2) Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін дамытудың педагогикалық шарттарын іске асыру.<br>3) Бастауыш мектеп тәжірибесінде шығармашылықты дамытудағы ойын технологиясы. | 1 |
| | ОБӨЖ<br>1) Ұжымдық шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру технологиясы.<br>2) жобалау технологиясы-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту тәсілі. | 2 |
| 13 | Дәріс 13.<br>Оқу процесінде бастауыш сынып оқушыларының креативтілік қабілеттерін дамыту. | 2 |

Ғ 1 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | Практикалық сабақтар 13.<br>1) Бастауыш сыны оқушыларының шығармашылық қабілеттерінің жас ерекшеліктері.<br>2) Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудың әдіс-тәсілдері. | 1 |
| | ОБӨЖ<br>1) Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетіндегі шығармашылық қабілеттерін дамыту процесінің тиімділігін арттыру бойынша әдістемелік ұсыныстар<br>2) Жоба конкурстары.<br>3) Шығармашылық жобалар. | 2 |
| 14 | Дәріс 14.<br>Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту мониторингі. | 2 |
| | Практикалық сабақтар 14<br>1) Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін даму деңгейін диагностикалау.<br>2) Мониторинг білім беру сапасын бағалаудың негізгі элементі ретінде.<br>3) Талантты және дарынды оқушыларды анықтау және қолдау | 1 |
| | ОБӨЖ<br>1) Білім беру жүйесіндегі мониторинг: негізгі ұғымдар, проблемалар, мүмкіндіктер.<br>2) Әр түрлі тапсырмаларды орындау кезінде оқушылардың шығармашылық әлеуетінің дамуын мониторингілеу. | 2 |
| | 4-БӨЖ<br>1. Балалардың шығармашылығы процесінде педагогикалық мониторинг пен диагностика жүргізу бойынша қажетті әдебиеттерді зерделеу және әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.<br>2. "Шығармашылыққа бейімділік" әдістемесі бойынша оқушылардың шығармашылыққа бейімділігі қаншалықты дамығанын анықтау (мектеп, сынып студенттің таңдауы бойынша) | |
| 15 | Дәріс 15. Мұғалімнің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін диагностикалау және сараптау. | 2 |
| | Практикалық сабақтар 15.<br>1) Мұғалімнің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін сараптау критерийлері мен көрсеткіштері.<br>2) Мұғалімнің кәсіби шығармашылығы мен педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелілігінің өзара байланысын талдау. | 1 |
| | ОБӨЖ<br>1) Мұғалімнің кәсіби шығармашылығының педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелілігіне әсері.<br>2) Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін диагностикалау.<br>3) Педагогикалық іс-әрекеттің кәсіби сараптамасы білім беру сапасын арттыру тетігі ретінд | 2 |

## ҚОСЫМША Д

## «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу құралы

«І. ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ

ЖОЛТАЕВА Г.Н., АХМЕТСАПА А.Е.

**БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІ**

*Оқу құралы*

Талдықорған, 2024

**ӘОЖ 373.3**
**ҚБЖ 74.202.4**
**А94**

*Баспаға І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған (25.04.2024 ж. №9 хаттама)*

**Пікір жазғандар:**
**Рецензенттер:**
**Стамбекова А.С.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
**Жексембаева Ж.Р.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, оқытушы-дәріскер, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

А94 **Жолтаева Г.Н., Ахметсапа А.Е.**
**Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті:** оқу құралы / Жолтаева Г.Н., Ахметсапа А.Е. – Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2024. – 195 бет
**ISBN 978-601-216-934-8**

Оқу құралында бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік аспектілері баяндалған.

Басылым 6В01301 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқылатын «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» пәнін әдістемелік қамтамасыз етуге арналған. Құралда өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар, бақылау-бағалау материалдары, глоссарий, библиографиялық тізім ұсынылған.

Оқу құралын жоғары оқу орындарының оқытушылары, білім алушылары, бастауыш сынып мұғалімдері, жалпы білім беру саласындағы мамандар да пайдалануына болады.

**ӘОЖ 373.3**
**ҚБЖ 74.202.4**

ISBN 978-601-216-934-8

© Жолтаева Г.Н., 2024
© Ахметсапа А.Е., 2024
© Имиджділік саясат орталығы, 2024

## ҚОСЫМША Е

### Шығармашылық тапсырмалар жинағы






рецензенттер:

# ҚОСЫМША Ж

## Акт

БЕКІТЕМІН
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
Педагогика және психология
факультетінің деканы
_______________ Г.А.Абаева
«___» __________ _____ жыл

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу туралы

**АКТ**

«Іліяс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ 8D01301 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының докоранты А.Е. Ахметсапа ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті базасында сынақтан өткізді

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» атты докторлық (PhD) диссертациясының тәжірибелік-эксперимент жұмысын (анықтау және бақылау эксперименті) Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «6В01303 - Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологияларымен» білім беру бағдарламасының студенттерімен жүргізілгенін растаймын.

Бастауыш білім беру
кафедрасының меңгерушісі А.Е.Жұмабаева

**І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ**

Бекітемін
«Ілияс Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті» КЕ АҚ
Басқарма Төрағасы – Ректоры
з.ғ.д., профессор
__________ Е.Бурибаев
«_02_» ___07___ 2025 ж.

**Ғылыми әзірлемені**
**БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ АКТ**

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің келесі құрамдағы комиссиясы: төрағасы: Б.Р.Таубаев – Басқарма мүшесі -Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Г.Т.Кыдырбаева – академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, Р.О.Асылова – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы м.а., Педагогика және психология факультетінің деканы Е.С. Хаймулданов, Педагогика және психология факультетінің академиялық комитетінің төрағасы, оқыту және тәрбиелеу кафедрасының меңгерушісі Г.С. Майлыбаева, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында Педагогика және психология факультетінің 6В01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының студенттеріне тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер жүргізілгені туралы осы актіні құрды. Зерттеуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау бойынша тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жүргізілген.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері докторант Ахметсапа Айгүл Есенкелдықызының 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға ұсынылған «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті » тақырыбындағы диссертациялық жұмыс түрінде білім беру процесіне енгізілді.

Енгізуден алынған педагогикалық-психологиялық әсер келесі мүмкіндіктерді береді:

- Педагогикалық іс-әрекеттегі шығармашылықтың жалпы теориялық негіздерін біледі;

- Мектепте шығармашылық процесті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың заманауи әдістемелері мен технологияларын игереді;

- Кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жоспарлауды, жүзеге асыруды, бағалауды білу және тәжірибеде қолдана алуына ықпал етеді.

6В01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын студенттердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға даярлығына арналған әдістемелік ұсыныстар әзірленіп, оларды оқу процесінде қолдану мүмкіндігі жасалды. Экспериментік-зерттеу

нәтижелері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау әдістемесін жетілдіруге ықпал етеді.

Комиссия мүшелері:

| | | |
|---|---|---|
| Басқарма мүшесі-АМЖ проректор | ____________ | Б. Таубаев |
| Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры | ____________ | Г. Кыдырбаева |
| ЖжЖООКББОӘБ басшысы м.а. | ____________ | Р. Асылова |
| Факультет деканы | ____________ | Е. Хаймулданов |
| Академиялық комитет төрағасы | ____________ | А. Галиева |
| Кафедра меңгерушісі | ____________ | Г. Майлыбаева |

**ЕНГІЗУ НЫСАНЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ**

**Докторлық диссертацияда ұсынылған ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері**
**«Бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау»**

1. Енгізілген нысанның қысқаша сипаттамасы, оны оқу процесінде қолданудың мақсаты мен мәні

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері негізінде 6В01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының студенттеріне арналған «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» пәні аясында 5 академиялық кредит көлемінде оқу бағдарламасы әзірленді. Пән бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дайындығының сапалы деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған, бастауыш сынып оқушыларын оқыту және дамыту үшін қажетті психологиялық-педагогикалық даярлық базасын ашады. Пәннің бағдарламалық мазмұны бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің психологиялық-педагогикалық аспектілерін, мұғалімнің инициативті және өнімді іс-әрекетін оқушылардың психикалық және шығармашылық дамуының әдістемелік әдістері мен тәсілдерін меңгертуді қамтиды.

2. Құрастырушылардың аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы.

Ахметсапа Айгүл Есенкелдықызы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасының (2021-2024 оқу жылдары) докторанты.

3. Енгізу нысанын білім беру үрдісінде пайдаланатын оқытушылардың аты-жөні.

1. Майлыбаева Гулмира Сабыровна
2. Баймухамбетова Куралай Мыктыбековна
3. Альменбетова Карлығаш Жапсарбаевна

4. Енгізу нысанын білім беру үрдісінде пайдаланудың басталуы.

02.09.2022 ж.

5. Енгізу нысанын білім беру үрдісінде пайдаланушы білімгерлер саны.

Студенттер – 109 адам.

6. Нысанды енгізуге ұсынған факультет отырысы хаттамасының нөмері мен күні. № 10 « 28» мамыр 2025 ж

7. Тіркеу номері 66 « 01 » 07 2025 ж.

| | | |
|---|---|---|
| Кафедра меңгерушісі | [signature] | Г.С. Майлыбаева |
| Құрастырушылар | ________________ | А.Е. Ахметсапа |

**І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ**

Бекітемін
«Ілияс Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті» КЕ АҚ
Басқарма Төрағасы – Ректоры
з.ғ.д., профессор
__________ Е.Бурибаев
«__» 07 2025 ж.

**Оқу-әдістемелік**
**БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ АКТ**

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің келесі құрамдағы комиссиясы: төрағасы: Б.Р.Таубаев – Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Г.Т.Кыдырбаева – академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры, Р.О.Асылова – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы м.а., Педагогика және психология факультетінің деканы Е.С. Хаймулданов, Педагогика және психология факультетінің академиялық комитетінің төрағасы, оқыту және тәрбиелеу кафедрасының меңгерушісі Г.С. Майлыбаева, авторлар п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Г.Н. Жолтаева мен «8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторант А.Е. Ахметсапа 6В01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі БББ бойынша бакалавриаттың 2 және 3 курсына арнап бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті пәнінен 195 бет көлеміндегі, «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылык іс-әрекеті» оқу құралы түрінде, 2024-2025 оқу жылында білім беру үрдісіне енгізгені туралы актісін құрды.

Енгізуден алынған педагогикалық әсер келесі мүмкіндіктерді береді: бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы білім беру сапасын жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Комиссия мүшелері:

| | | |
|---|---|---|
| Басқарма мүшесі-АМЖ проректор | __________ | Б. Таубаев |
| Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры | __________ | Г. Кыдырбаева |
| ЖжЖООКББОӘБ басшысы м.а. | __________ | Р. Асылова |
| Факультет деканы | __________ | Е. Хаймулданов |
| Академиялық комитет төрағасы | __________ | А. Галиева |
| Кафедра меңгерушісі | __________ | Г. Майлыбаева |

**ЕНГІЗУ НЫСАНЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ**
**«Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті»**
**Оқу құралы**

1. Енгізілген нысанның қысқаша сипаттамасы, оны оқу процесінде қолданудың мақсаты мен мәні

Оқу құралында бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік аспектілері: шығармашылық, кәсіби-шығармашылық іс-әрекет ұғымдарының мән-мағынасы, шығармашылықтың психологиялық негіздері, әр түрлі іс-әрекет түрлеріндегі шығармашылық, мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіндегі шығармашылық, атап айтқанда, бастауыш сынып мұғалімінің педагогикалық шығармашылығы, оны диагностикалау және сараптау, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарының әдістемелік тәсілдері баяндалған.

Оқу құралын 6В01301 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқылатын «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» пәнін әдістемелік қамтамасыз етуге арналған. Оқу құралын жоғары оқу орындарының оқытушылары, білім алушылары, бастауыш сынып мұғалімдері, жалпы білім беру саласындағы мамандар да пайдалануына болады.

2. Құрастырушылардың аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы.

Жолтаева Гульнар Нурболатовна – п.ғ.к., қауымд. профессор (доцент)
Ахметсапа Айгүл Есенкелдықызы - «8D01301 – Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторанты.

3. Енгізу нысанын білім беру үрдісінде пайдаланатын оқытушылардың аты-жөні.
1. Майлыбаева Гулмира Сабыровна
2. Баймухамбетова Куралай Мыктыбековна
3. Альменбетова Карлығаш Жапсарбаевна
4. Енгізу нысанын білім беру үрдісінде пайдаланудың басталуы.
02.09.2024 ж.
5. Енгізу нысанын білім беру үрдісінде пайдаланушы білімгерлер саны.
Студенттер – 109 адам.
6. Нысанды енгізуге ұсынған факультет отырысы хаттамасының нөмері мен күні. № 10 « 28» мамыр 2025 ж
7. Тіркеу номері 47 «01» шілде 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі ______________ Г.С. Майлыбаева

Құрастырушылар ______________ Г.Н. Жолтаева
______________ А.Е. Ахметсапа.